С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

ӘӨЖ 37 (043.3) Қолжазба құқығында

**АХМЕДЖАНОВ АСАД БИСЕНГАЗЫЕВИЧ**

# Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
педагигика ғылымдарының
докторы, профессор Жуматаева Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші
педагигика ғылымдарының
докторы, доцент Башаркина Е.А.
(Могилев)

Қазақстан Республикасы
Павлодар, 2019

МАЗМҰНЫ


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**........................................ 3
**АНЫҚТАМАЛАР**........................................ 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**........................................ 6
**КІРІСПЕ**........................................ 7
**1 БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ УӘЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**........................................ 16
1.1 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін халықтық дәстүр негізінде құрудын теориялық негізі........................................ 16
1.2 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруға билер сотының тигізер рөлі....... 36
1.3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың әдіснамалық негізі.... 59
**2 БІЛІМ МАЗМҰНЫН БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ҚҰРУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**........................................ 77
2.1 Білім мазмұнын болашақ заңгерлердің халықтық дәстүрлер негізінде құруының амалдары........................................ 77
2.2 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастырудың моделі........................................ 97
2.3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастыру әдістемесі........................................ 109
**3 БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ УӘЖІН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**........................................ 122
3.1 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүрлер негізі ретінде қалыптастырудың технологиялары................. 122
3.2 «Заң психологиясының негізі» тақырыбындағы пәннің бағдарламасы. 132
3.3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастыруды эксперименттік тәжірибеден өткізу........................................ 151
**ҚОРЫТЫНДЫ**........................................ 161
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**........................................ 163
**ҚОСЫМША А** – «Заң психологиясының негізі» оқу үдерісіне енгізу туралы акт 176

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III бекітілген (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. – Алматы, 2008.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан Халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы (17 қаңтар, 2014 ж).

Назарбаев Н.Ә. Жолдауы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2017, сәуір – 12.

Нұрсұлтан Назарбаевтың. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. – 2018, қараша – 21.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Амал (тәсіл)** – способ – бір істі атқарудың тиімді жолын іздестіргендегі адамның іс-әрекеті.

**Методология** (от греч. Methodos – путь исследования или познания, lodos – понятие, учение) – системе принципов и способов организации и построения теоретической и практической деятельности, а также учение об этой системе.

**Әдіснама** (грек. *Methodos* – зерттеу жолы, теория және *logos* – ілім) – әдістер туралы ілім, әдістер теориясы, зерттеліп отырған объекті жөніндегі мәліметтерді және жаңалықтарды бірізге келтіру тәсілдерінің жүйесі

**Гносеология** – грек сөзі: - білім, ілім – *таным теориясы* – сын және таным теориясын зерттеумен шұғылданатын философиялық пән.

**Ғылым** – 1) білім негіздері, әсіресе ғылыми әдісті жүйелі түрде қолдану нәтижесінде алынған негіздер; 2) негізгі принциптер мен жалпы заңдылықтарды қорытып шығаруға жұмылдырылған зерттеулер не пәндер саласы; 3) табиғи құбылыстарды зерттеуге арналған әдістер мен амалдардың ғылыми принциптерге негізделген жүйесі.

**Ғылым** – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білім қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы.

**Ерекшелік** – жалпылық, жекелік сияқты философиялық ұғымдарға қатысты категория.

**Интерактив** – лат. сөзі: интер – ішкі, актив - әрекет – біртұтас педагогикалық жүйенің күрделі құрылымы.

**Когнитивтік** – лат. сөзі: білім, түсінік, көзқарас – айналаны қошаған кеңістіктің таныс бейнесі.

**Когнитив** (лат. Codnitio – білім, таным) – айналаны қоршаған кеңістіктің таныс бейнесі.

**Концепция** – **тұжырымдама, тұжырым** (латын сөзі: қабылдау, өзін тандау) – көзқарастар жүйесі, белгілі бір құбылысқа деген көзқарас.

**Құзыреттілік** – теориялық білімін өзінің кәсіби әрекетінде, мәселелерде шешуде, өзінің жеке өмірінде тиімді, сапалы қолдана алу қабілеті.

**Модуль** – лат. сөзі: өлшем – белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы немесе материалдық түрде жасалған шартты үлгісі.

**Модель** – лат. сөзі: өлшем, шама – қандай да бір аса маңызды коэффициенттің немесе шаманың атауы. Құрылыстағы және сәулет өнеріндегі шартты бірлік.

**Өнер** – 1) бір істі ұқсатып жасаушылық, шеберлік; 2) өмір шындығын көркем образдар арқылы бейнелейтін қоғамдық сана мен адам іс-әрекетінің өзіне тән ерекшеліктерімен дараланатын формасы.

**Психология** (греч. Hsuche – жан, lodos - ілім) – тіршілік қарекетінің ерекше нысаны ретінде психиканың даму және функция атқару заңдылықтары туралы ғылым.

**Педагогика** (греч. paidos – бала, ado –тәрбиелеуші, жетектеуші ) –жеке адамды тәрбиелеп қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие, білім беру туралы ғылым саласы.

**Прагматизм** – лат. сөзі: іс-әрекет – қазіргі заманғы философиядағы суъективті-идеалистік бағыт.

**Стандарт** – Стандарттау обьектісіне мөлшерлерді, ережелерді, талаптарды белгілейтін және кәделі ұйым бекіткен стандарттау жөніндегі мөлшерлік-техникалық құжат. Еліміздегі стандарттар төмендегідей категорияларда бөлінеді: мемлекеттік /ГОСТ/, республикалық /РСТ/, салалық /ОСТ/ және кәсіпорындық /СТТ/.

**Трансформация** – лат. сөзі: кейпі өзгеру – негізгі ереже әрекет нәтижесінде үстірт құрылымының ішкі құрылымынан туындау процесі.

**Ұлт** – адамның тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этностық қауымының жоғары түрі.

**Ұлттық мүдде** – ұлттық мүдденің қалыптастыруда қоғамдағы әлеуметтік субъектілер іс-әрекетінің, өмір сүру бағдарының негізгі, ішкі пайымы.

**Ұлттық сана** – ұлттық сананы қалыптастыру әлеуметтік тіршілік иесі ретіндегі адамның рухани белсенділігінің ең жоғары деңгейі.

**Ұлттық бірлік** – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымдағы маңызды этникалық ұғым.

**Интеллектуалды әлеует** (латын сөзі: ителлект-таным, ұғыну, аңдау, потенциал-әлеулет, күш қуат, физикалық шама) – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетті сипаттайтын шама, өріс.

**Ұлттық құндылық** – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым.

**Тұлға** – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адал болмысының қайталанбас, ерекше әдіс, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | | |
|---|---|---|
| БТ | – | бақылау тобы |
| ЭТ | – | эксперимент тобы |
| ЖОО | – | жоғары оқу орны |
| ПМУ | – | С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті |
| ҚР | – | Қазақстан Республикасы |
| ОПҚ | – | оқытушы-профессорлар құрамы |
| СӨЖ | – | студенттердің өздік жұмысы |
| СОӨЖ | – | студенттердің оқытушының жетекшілігімен өздік жұмысы |
| ОЖТМРЖ | – | оқытудың жаңа технологиясының модульдік-рейтингі жүйесі |
| ИОЖ | – | интелектуалды оқу жүйесі |
| АҚШ | – | Америка құрама штаты |
| БЗ | – | болашақ заңгерлер |

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың мәселелері көкейкесті екендігі сөзсіз. Соңғы зерттеушілердің нысанында «кәсіби құзырет», «әлеует», «интеллектуалды әлеует», «әлеуметтік хал-ахуал», сияқты ұғымдардың мәнділігі мен оның қолданылуындағы маңыздары жайлы бірталай еңбектер жарық көрді. Бірақ аталған ұғымдар болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүр негізінде қарастыру зерттеушілердің өте сирек зерделейтін нысаны деуге дәлелдер бар. Болашақ заңгер өзінің меңгеруіне тиіс мамандығына сай ұлттық болмысымызды сақтай отырып, қылмысты істі әділ шешуіне ықылас танытып, оған ерекше қажеттілік тұрғыда пайым жасаса, аталған көкейкесті мәселелердің шешілуіне мүмкіндік туар еді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жыл басындағы жолдауында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы арқылы Қазақстанның үшінші жаңғыруының басталғандығын айтты.

20 ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? «Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» – деген білім алуға қатысты [1].

Жоғарыдағы жүзеге асырылуы керек мемлекеттік тапсырыс тікелей халықтық дәстүрге негізделген қазақтың әділ сотын болашақ заңгерлерге білім меңгерту арқылы олардың рухани жаңғыруларына мүмкіндік беріледі.

Егер болашақ заңгерлерге өздерінің біліктілігін ғасырлар бойы сараланып келген халықтық дәстүр негізінде өркендетсе, олардың интеллектуалды әлеуетін келесілер де сабақтастырарына мүмкіндік туады. Болашақ заңгерлердің уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде арттырудың жүйесін басқару үдерісінде: «Білім туралы Заң» [2]. Білім мазмұны көпқырлы ұғым А.Г. Асмолов [3] «Білім беру тұлғаның өмір жолында өзін-өзі өркендеуіне, мүмкіндігін жете, нұсқалы білуіне бағытталған кең таңдау үдерісі» - деп түсіндіреді. Біздер де бұл анықтаманы негізге алып, қосарымыз – парадигманың тиімді қолданылуы арқылы болашақ маман өзіне керек IQ интеллектуалды әлеуеттің коэффициенттік деңгейінің өсуіне ынталануы. Білім мазмұны мемлекеттік құжаттар, стандарттар, оқулықтар, оқу құралдары және т.б. Бұл нысандар өз-өзінен болашақ заңгерлердің миына қона кетпейтініне талай ғалымдар еңбек сіңірді. Өткенді білмей, болашақты құру мүмкін еместігін зерттеушілер өз еңбектерінде айтып өтті. Әсіресе, генетикалық бағдарламаға сәйкес болашақ заңгерлердің кәсіби құзыреті ілгерілеу үдерісі шексіздікке бағытталуы жайлы бағдарлы тұрғыдағы білім мазмұны ең құнды

болып есептеледі. Бұл орайда, ғылыми еңбектерімен көзге түскен ғалымдар: Б.М. Бим-Бад [4], А.В. Петровский [5], К.Я. Вазина [6], И. Р. Халитова [7], В.А. Сластенин [8], В.П. Голованов [9], Н.Ю.Фоминых [10], Е. Жұматаева [11], Р.Қ. Төлеубекова [12], Н.Э. Пфейфер [13], Е.И. Бурдина [14], Н.Қ. Тоқсанбаева [15], Г.М. Кертаева [16], С.К. Каргин [17], И.Р. Халитова [18], А.А. Кудышева [19], Ш.М. Майгельдиева [20], Р.Ж. Аубакирова [21], К.С. Исинова [22], А.Ж. Аплашова [23], Е.Н. Жуманкулова [24], А.С. Магауова [25].

Бүгінгі таңда білім мазмұнын болашақ мамандардың прагматикалық іскерліктерін өркендетуде 19-20 ғғ. аралығында формалистік теориялар, (20 ғасырда кеңістік дәуірде) буржуазиялық педагогика санатына жатқан Д. Дьюи [26], Г. Кершенштейнер [27], тұжырымдары назарға алынуын дұрыс деп есептелмеуі. Оның себебі Қазақстан Республикасының білім мазмұны болашақ заңгерлердің кәсіби іскерлігіне айналмауы – осы прагматика негізінде іске ауспауы.

Жалпы бағыттағы мәселелерді шығыс, әлемдік деңгейдегі зерттеушілер өз еңбектерінде зерделеген. Мәселен, Жүсіп Баласағұн [28], Әбу Насыр әл-Фараби [29], Я.А. Коменский [30], И.Г. Песталоции [31], Ф.А. Дистерверг [32], Д.Ж. Локк [33], Н. А. Добролюбов [34], К.Д. Ушинский [35], А. Құнанбаев [36], Ж. Аймауытов [37], М. Дулатов [38] М. Жұмабаев [39] және т.б.

Аталып өткен ғалым-зерттеушілер өз замандарына сай адамның тұлғалық болмысы белгілі бір кәсіппен шұғылдануы үшін білім меңгермей, оның негізі ғылым болмай, адамның дұрыс өмір сүруі мүмкін емес деген тұжырымдар түйіндеген. Қоғамның, ғылымның және техниканың қарқынды дамуы кезеңінде оқу мен оқыту процесі өзгеріске ұшырайды деген Лотар Клинберг. Бұдан біздер қоғамға қатысты білім мазмұнын өздігінен танудың қажеттігін пайымдағанын аңғарамыз. Л. Клинбергтің [40] ойын әрі қарай дамытсақ, онда мынадай тұжырымдар шығады:

– бүгінгі таңда білім мазмұнының мәселелерін таза білім мазмұны тұрғысында шешуге болмайтыны байқалды;

– қазіргі уақытта білім мазмұнының саласы бұрынғыға қарағанда өрісі кеңейіп, мазмұны тереңдегенінің салдарынан ғылымдар арасындағы сабақтастығының негізінде қарастыру керектігін түйіндейді (2 кезең);

– оқу процесіне талдау жасаудың барысында, аңғарғанымыз, жаңа талаптарды қанағаттандыру үшін жоғары мектепте біржақты, дәстүрлі, үйреншікті оқытудан арылудың қажеттігі қарастырылады.

Л. Клинберг [40] білім мазмұны адамның оқу процесін тұтас қамтуы керек және онтогенез аспектісі ретінде ол барлық білім беру мен оқыту процесінде маңызды болып табылады деп бағамдаған. Философиялық сөздікте генезис ұғымына мынадай анықтама беріледі: (грекше – genezis) – шығу, пайда болды. Бастапқыда «Генезис» термині ежелгі грек мифологиясында, кейіннен философияда (Фалес, Гераклит, Кант, Гегель және т.б.) қарастырылған. Сонымен, жалпы философияда көбінесе ескінің негізінде жаңаның алғышарттарының пайда болуы. Осы сапаның соқыр сезімге ұласып, саңылау сезімдеріне, білім мен ғылымға үлкен кедергі екеніне ерекше мән береді.

Әдіснаманың негізі – психология және педагогика ілімінің қажетсіну уәжінің талапқа сай құру.

Кәсіби бағдарға бағытталған білім меңгеруді өркендетудің салалары мен салааралық тұрғыда зерттеген ғалымдарды атап өткен орынды.

Қай сала болмасын оны меңгеруде кез-келген тұлға коммуникативтік фунциональды құзыретті меңгеру лингвистикаға тәуелді дегенді басымдықта деп есептеген. Бұның ғылыми-функциональдық жүйесін арнайы зерттеген В.П. Даниленко [41].

Болашақ мамандардың тұлғалық болмысының кәсіби-мамандық меңгеруіне көмек беретін зерттеу еңбектерін жазған психологтар: Л.С. Выготский [42], С.А. Рубинштейн [43], А.Н. Леонтьев [44], Ж.И. Намазбаева [45], С.М. Джақупов [46], А.Ж. Аплашова т.б.

Педагогика саласында болашақ мамандардың кәсіби құзыретіне байланысты жоғары білім меңгеру модельдерін жүйелеу жөнінде тұғырлы зерттеу жүргізген ғалымдар: М.Н. Скаткин [47], Ю.К. Бабанский [48], В.П. Беспалько [49].

Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін арттыру үдерісінде тілге шешен болу мәселесі, ойға, пайымға, тұжырым жасап, шешім қабылдауға айрықша көмек беретін лексикалық қор, функциональді сауаттылық деген мәселелерді зерттеген ғалымдар И.В. Анурова [50], П.Р. Атутов [51], Б.С. Гершунский [52], Э.М. Калицкий [53], С.А. Крупник [54], П.С. Лернер [55], А.М. Новиков [56], А.С. Тангян [57].

Талданып отырған еңбектердің және бұл мәселе төңірегінде зерттеу жұмыстарының құндылығы мен пайдасы туралы айта отырып, болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде құрылуына, олардың ұлттық болмысты сақтай отырып, шешім қабылдау үдерістеріне тіл мен ойлау шеберлігін тұтас қарастырып, жоғары оқу орнындағы білім алуды толық-тұжырымдық жүйесін қамтамасыз етуіне аталған ғылыми-ұстанымдар жеткіліксіз.

Бұған қосар тағы бір кедергі – зерттеушілердің зерттеу нысанына айналмаған білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде қарастырылмауының нәтижесінде болашақ заңгерлердің рухани жаңғыруына ізгілікті ұстанымдардың нұсқалы үлгілерінің замануи мүддесіне сай ұсынылмауы. Нәтижесінде, біздер зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында төмендегідей қайшылықтарды анықтадық:

1) қоғам сұранымына сай болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр арқылы қалыптастырудың ғылыми түрде негізделуінің жеткіліксіздігі;

2) болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың қажеттілігі мен оны жоғары оқу орнында толықтай дерлік жүзеге асыру бағдарламасының болмауы;

3) болашақ заңгерлердің уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастыру мүмкіндіктерінің қазіргі жағдайы мен ұлттық құндылықтарының үйлесімде пайдаланылмауы арасындағы сәйкессіздіктің кездесуі.

Жоғарыдағы қайшылықтардың шешімін табу мақсатында біздер төмендегідей тақырыпты таңдадық: «Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер».

**Зерттеу мақсаты**: болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруды теориялық тұрғыдан негіздеп, оның тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

**Зерттеудің ғылыми болжамы**: егер, болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр арқылы қалыптастыру мәселесі ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделсе; жоғары оқу орнында жүзеге асырылу бағдарламасы жасалса және білім мазмұны халықтық дәстүр негізінде іске асырылуы қазіргі жағдай мен ұлттық құндылықтар сәйкестілігінде дайындалса, онда болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжі жоғары деңгейге көтеріледі; өйткені білім мазмұны халықтық дәстүр негізінде қалыптастырудың мазмұны жоғары оқу орнының мүмкіндіктеріне үйлестіріліп құрылады.

**Зерттеудің нысаны:** жоғары оқу орнының оқу үдерісі.

**Зерттеудің пәні**:болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер негізінде қалыптастыру.

**Зерттеудің міндеттері:**

1 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыда анықтау.

2 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың қажеттілігін айқындау мен оны іске асырудың мәнін ашу.

3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастырудың жағдайы мен ұлттық рухани құндылықтарының үйлесімде құрылуын ашу.

4 «Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың» моделін жасау.

5 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер ретінде қалыптастырудың амалдарын саралау.

6 «Заңгерлердің психологиялық негіздері» тақырыбына құрылған пәнді оқу үдерісіне енгізу.

7 «Заңгерлердің психологиялық негіздері» тақырыбына құрылған пәнді, және модельдің тиімділігін эксперименттік - тәжірибеден өткізу.

**Зерттеудің жетекші идеясы** жоғары оқу орындарында болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер негізі ретінде қалыптастырудың әдіснамасын негіздеу және оны әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайында бәсекеге қабілетті маман мәртебесінде тиімді педагогикалық әрекетке бағдарлайды.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін** білім беру жүйесінің философиялық, психологиялық ғылыми-әдістемелік негіздері, қазіргі білім берудің инновациялық технологиялары, проблемалары; Д.Б. Эльконин [58], мен В.В. Давыдовтың [59] дамыта оқыту технологиясы. Инновацияны жоспарлау мен инновациялық үдерісті басқару мәселелері – шетелдік ғалымдар К.Р. Роджерс [60], А. Кинг, Б. Шнайдер [61], Д.С. Андерсон [62] және т.б. ғылыми еңбектер; Ресейлік зерттеушілер Ш.А. Амонашвилидің [63], ізгілікті –

тұлғалық технологиясы; В.Ф. Шаталовтың [64], оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы; М.А. Чошановтың [65], проблемалық модельді оқыту технологиясы; П.И. Третьяковтың [66], К.Я. Вазинаның [67], модельді оқыту технологиясы В.М. Монаховтың [68], В.П. Беспальконың [69], оқыту технологиялары кеңінен таралған; Қазақстанда Ж.А. Қараевтың [70], Ә. Жүнісбектің [71], Ш.Т. Таубаеваның [72], Қ.Қ. Қабдықайыровтың [73], М.М. Жанпейсованың [74], және Е. Жұматаеваның [75], және т.б., педагогикалық және кәсіби қажетсіну уәжін арттыру мәселелері А.Е. Әбілқасымова [76], Б. Баймұханов [77], Т.С. Сабыров [78], М.Ж. Жадрина [79], С.А. Жолдасбекова [80], А. Нұғысова [81], Д. Рахымбек [82], Қ.Ж. Қарақұлов [83], 1 педагогика, 2 психология, жеке тұлғалық (онтология), (Н.Д. Хмель [84], А.А. Бейсенбаева [85], С.Т. Каргин [86], Е. Жұматаева [87], К.С. Успанов [88], және т.б.); мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін, шығармашылық ізденісін қалыптастыру (Ш.Т. Таубаева [89], Б.А. Тұрғынбаева [90], Е.И. Бурдина [91] және т.б.); әдіснамалық және ғылыми педагогикалық негіздерін жасауда жоғары білім беру үдерісін зерттеудегі жүйелілік, таным теориясының іс-әрекет тұрғысынан қараудың жалпы ғылыми тұжырымдары мен ұстанымдары құрылды.

**Зерттеудің көздері:** Зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектер, мемлекеттік ресми құжаттар: Қазақстан Республикасының «Білім туңралы Заңы», Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің инновациялық технологиялары, кредиттік технологиямен оқу, тәрбиенің біртұтас үдерісін іске асыру.

**Зерттеудің әдістері** зерттеу жұмысының теориялық негізін анықтау, талдау, жинақтау, құжаттарды зерттеуде силлогизммен ой қорыту, жалқылау, жалпылау, аналогын табу, герменевтикалық, пролемалы-зерттеушілік, креативтік сауалнамалар, диагностикалау (Регуш, Турбовской), тесті, түзілімге салу, математикалық өңдеу әдістері қолданылды.

**Зерттеудің кезеңдері:**

Бірінші кезеңде (2016-2017) зерттеу жұмысы бойынша әдебиеттерге талдау жасалды. Зерттеудің ғылыми аппараты құрылды. Зерттеудің бұрынғы және қазіргі жағдайы қарастырылып зерделенді. Болашақ заңгерлердің білім мазмұны, болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнын халықтық дәстүр тұрғысында құрылуының ғылыми-педагогикалық негізі жасалды. Аталған мәселені шешудің амалдары, моделі, оқу пәні тәжірибеге енгізілді.

Екінші кезеңде (2017-2018) осы мәселенің шетелде іске асырылуы зерделенді.

**Зерттеудің тиімдігі** тексерілді, пәннің тиімділігі тәжіриебеден өтті,; оның таратылуы қарастырылды.

Үшінші кезеңде (2018-2019) модельдің, пәннің тиімділігі эксперименттен өткізіліп, алынған нәтижелер қорытылып, диссертацияны жабдықтау аяқталды.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні:** жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнының халықтық

дәстүр негізі ретінде қалыптастыру пәні арқылы іске асыруылуының бағдарламасы құрылып, практикаға енгізілді. Сыннан, тәжірибеден өткізудің креативтік сұрақтары, тестілер, диагностакалау жұмыстары өткізіліп, тиімді тұстары тұжырымдалды.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы**: нәтижелерін болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер негізі ретінде қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінде, сондай-ақ, мамандардың біліктілігін арттыру индикаторында қолдануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын жаңалықтар:**

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлердің ғылыми-теориялық негіздері;

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлердің тигізер рөлі;

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың қажеттілігі мен оны жоғары оқу орнында жүзеге асыру мақсатында тұңғыш рет пәннің «Заң психологиясының негіздері» тақырыбында мәтіні мен бағдарламасы;

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың» моделі;

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың әдіснамалық негізі;

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүрлер негізі ретінде қалыптастырудың технологиялары;

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастыруды эксперименттік тәжірибеден өткізу.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар**:

– болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер ғылыми-педагогикалық тұрғысында зерделенді;

– болашақ заңгерлердің – бүгінгі заман мүддесін іске асыру үдерісінде қазақ халқының ежелгі сараланған халықтық дәстүрін білім мазмұны арқылы олардың уәжін қалыптастыруына тірек көзі екендігі нұсқалы тұрғыда меңгерілді.

Қағиданың доминаты – әрбір өтілетін білім мазмұнына парадигмамен қарау арқылы ғылымилығы анықталды. Халықтық дәстүрді саралау үдерісінде эмпирикалық, алгоритмдік, стохастикалық парадигмамен конструктивті – локальді тұрғыда ойлау – парасаттау – пайымдау – бағамдау – тұжырымдау – түйіндеу секілді интеллектуалды әлеуетті ұдайы геометриялық прогрессияға сәйкес ілгерілету траекториясы құрылды. Бұлардың бастапқы қағидасы – тарихилық, хронологиялық, хронотоптық рет-тәртіптерді сақтай отырып, сабақтастық қағиданы ұстану. Халықтық дәстүрлер білім мазмұнының нысанына айналғанда, болашақ заңгерлер құқық бұзушының ұлттық кодын, оның өздеріне тән дәстүрлерін әділет жолымен ескеруді ой және сөз шеберлігімен жеткізудегі коммуникативті-психологиялық заңдылықтарды тиімді қолданды.

Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжінің қажеттілігі мен оны іске асыруда жоғарыдағы құрылған теориялық негіздер мен қағидалардан басқа мынандай

құрылымдық құрамдар алынды: болашақ заңгерлердің білім мен ғылым меңгерудегі кәсіби қажеттілігін, мотивациясын педагогикалық тұрғыда қолайлы жағдай туғызып ұйымдастырулуы. Тәжірибелі – эксперимент жұмысының қорытындысы, оған дәйектеме жасайтын модель мен «Заң психологиясының негіздері» тақырыбында пән құрылды. Кәсіби уәжді халықтық дәстүрлер негізінде қалыптастырудың амалдарын саралауға бұрынғы жалпы зерттеген еңбектердегі тұжырымдар түзілді. «Түзілім», «таксономия» ұғымын білдіреді. Халықтық сотты жүргізуші билердің істі болған қылмыскерлердің мәселелерін шешу үдерісінде тіл өнерін поэтикалық шеберлікпен, түзілім ретінде құрғанына болашақ заңгерлер мән беруі, оған дұрыс сараптама жасауды меңгеруі, нормативті-құқықтық базаны іске асыруы, білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құруы, тұлғалы – бағдарлық онтологиялық, ұлттық сипат, кодқа сәйкестендірілді.

«Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың» моделі білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құруды іске асыруда модульдеуі. Модельді құрудың құрылымдық-құралы: ұйымдастырушылық, психологиялық, педагогикалық жағдай тұғызылуы, оқыту мақсаты, міндеттері, мазмұны, түрлері, әдіс-тәсілдері, технологиялары, оқыту құралдары, тапсырмалар, бақылау нәтижелері.

Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұнын қалыптастыруда халықтық салт-дәстүрде ретроқағиданың тиімді қолдануы. Білім мазмұнын салт-дәстүрдің құқыққа қатыстысын саралау, сараптау қағидалармен қарастыру. Бүгінгі құқыққа салт-дәстүрді негізге алу іскерлігін ұштауы. Қылмысты іске дұрыс құрудағы ақиқатты ізгілікті және әділетті болу қағидасын ұстануы. Бірінші рет болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде қалыптастырудың оқу пәні жүйесі ғылымилық, жаңашылдық, сабақтастық, тұтастық, жүйелік және т.б қағидалар жиыны ұсынылды.

**Зерттеу базасы**. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Инновациялық Еуразия университеті, Беларусия елінің Кулешов атындағы «Могилевтік мемлекеттік университеті».

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі.** Теориялық, әдіснамалық және әдістемелік тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мәні мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен; әдістер кешенін тиімді пайдаланумен, зерттеу жұмысының жоспарлы кезеңділігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіштер нәтижелерінің қорытындылануымен, олардың жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне ендірілуімен дәлелденді.

**Жарық көрген ғылыми еңбектер:** Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны 9 мақалада, оның ішінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған 4 ғылыми басылымы, 1 Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналында, халықаралық конференция мен тезистерінде, оның ішінде, 4 шетелдік конференция материалдары мен тезистерінде жарияланды:

– Ахмеджанов А.Б. Мукашева К., Маликова Г. Этномәдениеттің білім мазмұнына ықпалы және оның мотивациялық қуатың ғылыми негізі // Materials of the III International Scientific-Practical Conference «Quality management: search and solutions» November 27-29, 2017, Kuala Lumpur, Malaysia. 212-216 б.;

– Ахмеджанов А.Б Халықтық дәстүрлердің адам құқығын қорғауға ықпалы. Вестник ПГУ № 4, 2017. - 77-83 б.

– Ахмеджанов А.Б. Роль народных традиции как основа формирования профессиональной мотивации будующих юристов. // Материалы международной научно-практической конференции «IX Торайгыровские чтения» 4 том, 298-302 стр., 2017;

– Albina Zhenisovna Anesova, Assad Bisengazievich Akhmejanov, Rymshash Kameshovna Toleubekova and Engilika Zhumataeva Theoretical and Methodological Enhancement of Managerial Activity in the Teachers' Professional Motivation Formation of Future Specialists Jornal of Intellectual Disability-Diagnosis and Treatment, 2018, 6, 89-95;

– Ахмеджанов А.Б Халықтық педагогика дәстүрі- студенттердің болашақ кәсіби құзыретін арттыратын амал. // Materials of the III International Scientific-Practical Conference «Integration of scientific community to the global challenges of our time» February 26-28, 2018 (Kyoto, Japan). С. 216-223

– Ахмеджанов А.Б. Тәуке ханның «Жеті жарғасын» болашақ юристердің білім мазмұны арқылы меңгеруінің мәні // Вестник ПГУ имени С. Торайгырова. Серия педагогическая. 2019. – № 2. – С. 93-103;

– Ахмеджанов А.Б., Жұматаева Е., Болашақ юристердің құзыретін халықтық дәстүр негізі ретінде өркендету // Вестник ПГУ имени С. Торайгырова. Серия педагогическая. 2019. – № 1. – С. 36-46;

– Ахмеджанов А. Б., Жұматаева Е. Болашақ юристердің білім мазмұны арқылы халық дәстүріне негіздеу. // Materials of the IV International Scientific-Practical Conference «Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time» February 13-15, 2019 Sapporo (Japan) Volume II.13.34. С.180-186;

– Ахмеджанов А. Б., Жұматаева Е., Имангаликова И.Б. Тәуке ханның «Жеті жарғасын» болашақ юристердің білім мазмұны арқылы меңгеруінің мәні // Қазақстанның ғылымы мен өмірі наука и жизнь Казахстана science and life of Kazakhstan. Халықаралық ғылыми журнал.Международный научный журнал International science journal № 6/2 2019, С. 126 -131.

**Диссертация құрылымы:** зерттеу жұмысы кіріспедеп, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыбының көкейкестігі, зерттелімнің деңгейі, бірқатар ғалым-зерттеушілердің еңбектерін талдау-жинақтау, феноменін айқындау барысында қайшылықтардың құрылуы баяндалған.

**«Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың білім мазмұныңдағы халықтық дәстүрлердің психологиялық-педагогикалық негізі»** атты бірінші бөлімде зерттеу проблемасының психологиялық-педагогикалық негіздері айқындалады, оларға мазмұндық сараптама беріледі.

Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүр ретінде қалыптасуы қарастырылады. Зерттеу проблемасының әдіснамалық тұғырлары айқындалып, баяндалады.

**«Білім мазмұнын болашақ заңгерлердің халықтық дәстүрлер негізінде құруының психологиялық-педагогикалық жүйесі»** халықтық дәстүрге негізделген қазақтың байырғы билер сотының бүгінгі күнге қажетті тұжырымдары негізге алынып, оның болашаққа тигізер пайдасы сараланды.

**«Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүрлер негізі ретінде қалыптастыру»** негізге алынған теориялық тұжырымдары, амалдары, моделі, өткізуге тиісті білім мазмұны және тағы басқалар эксперименттік тәжірибеден өткізілді.

# 1 БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ УӘЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

## 1.1 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін халықтық дәстүр негізінде құрудын теориялық негізі

Жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттыру мәселесі толыққанды зерттелмегені байқалды. Әрбір индивидтің өз-өзінің қызметін құзығушылық екпінмен атқаруы, кәсіби уәжін меңгеруі кемсін, сол себепті олардың, қуат көздері белсенділік танытпай отыр. Жалпылай алғанда қажетсіну уәж әрбір индивидтің еңбек өнімін сапалы болуына түрткі жасап, белгілі бір қолдан келер іс-әрекетте итерме жасауға бағдарлайды. Қажетсіну уәж тұлғаның ішкі жандүниесінің қалпын, психологиялық бір нәрсеге зәрушілігін және өз-өзінен қолайсыздық сезімін тудырады. Соңында өзінің сезіміне, ойлау жүйесіне, іс-әрекетіне әсер етеді.

Қажетсіну уәждің күрделілігі, көпқырлылығы әр тарапты тұрғыда зерттелу нысанының мәнін, оның зерделену тәсілін анықтауға мүмкіндік береді. Ғылыми ортада әдіснамалық жағдайдың мәнін айта отырып, оны іске асыруды анықтайтын уәждемелік ортаны зерттеу мәселесін шешу қуат көздерінің тұстатықта келетін мазмұндық – мәнділік бағыттарын табу екені байқалды. Қуат берерлік нысананы зерделейтін сұрақтар индивидтің қарым-қатынас жүйесіне, оның өзара мәніне, маңызына, қызығушылық дүниетанымына, тұжырымдық тұғырына, тұлғалық болмысына және серпінді тәртібіне, қызметтегі бағдарына байланысты туындайды. Аталып отырған мәселелікті қарастырған бірталай шетел ғалымдары бар.

С.Л. Рубинштейн [92] өзінің ғылыми еңбектерінде уәждің тууына арнайы зәрушілік ықпал етуіне мән берген.

Сол секілді А.Н. Леонтьев [93] тұжырымдарында тұлғаның атқарар қызметіне орай қиындыққа тап болып, оны шешуге қатысты өзінің қызығушылық сезімін ояту арқылы қажетсіну уәжі артпақ деген пікір айтады.

Қажетсіну уәждің пайда болуын ғылыми тұрғыда 1938 жылы В. Murray [94] анықтаған. Психология нысанына жататын қажетсіну уәждің жіктемесін зерттеуші төмендегі түзіліммен зерделеген:

1 Қажетсіну уәждің физиологиялық түрде пайда болуы бірінші және қайталаныммен іске асырылуы екінші.

2 Қажеттілікке қанағаттануы, нысанының қызығушылық деңгейі – бір жағынан оңтайлылығы, екінші жағынан – терістігі.

3 Қызметте, іс-әрекетте туындаған мәселеліктің - қажеттіліктің немесе көмекке қатысының болмауы.

4 Сана қажеттілігінің деңгейі – зәрушілікке саналылығы - санасыздығы.

Көрсетіліп отырған осы түзілім негізінде зерттеуші 37 қажеттіліктің типін тауып әрбір адамда оның түрлері бірдей болғанымен, мінез-құлықта ол әртүрлі сипатта келетініне дәлелдер келтірген. Әртүрлі сипатта болуын 1) табиғи (тамаққа, сұйық затқа және т.б.), 2) әлеуметтік (танымалдық, көпшіліктен бедел

алған), мазмұннан туындайтын қажетсіну уәжі – заттық, заттық емес, жіктемеге бөлінуі.

Зәрушілік, қызығушылық туғызып қажетсіну уәждememен психолоиялық негіз (сапалы тұрғыда санасыз толқу, бейімдеу) құрып, іс-әрекетте өзін мәжбүрлеу және одан жағымды сезімге бөлену секілді қалыпқа түсуіне қажеттілік адамның еңсесін көтеріп, әуелеті жоғарлайды. Егер одан «рахат» сезім ала алмаса, тұлға торығып, дағдарысқа түседі деген пікрлерді зерттеуші басымдықта көрсетеді.

А.Н. Леонтьев өз еңбегінде қажетсіну уәж әртарапты болғанымен, зәрушілігін индивид араларында біркелі түрде атқарылатыны зерделенген. Мұнымен бірге, зерттеуші қажетсіну уәждің төмендегідей негізгі типтерін анықтаған:

– қажетсіну  уәж-өзінің парызы деп есептелетін ішкі санасының көрінісі; бұл сол индивидке қанағат сезімін тудырады;

– қажетсіну уәж – қанағат сезімін тудырушы құрал;

– қажетсіну уәж ынтасын туғызушы нысан;

– қажетсіну уәж – мақсат туғызып тұлға үшін ерекше мәнділік әкелетін нысан;

– қажетсіну уәж – тәртіпті реттеуші нысан;

– қажетсіну уәж – кешенді факторлардың жіктемесі.

Міне, А.Н. Леонтьевтің [95] психология іліміндегі қажетсіну уәждің типологисы жоғары түзіліммен жіктелген.

Л.С. Выготский [96] қажетсіну уәждемелік орта тудыру жайлы ғылыми тұжырымжар ұсынып, оның сапалық мәнін, көпқырлылығын, неғұрлым тұлғада әртүрлі қажетсіну уәж болса, оның ортасы айқындала түсуін анықтаған.

Қажетсіну уәждеменің ортасын тудырған тұлға өзіне бағыттылық, құндылыққа бағдарлылық, құраушылық, басқаларға қарсылық, еріктілік, қоғамдық- психологиялық мінездеме жасау және т.б.

Сапалық көрсеткіштерді Л.С. Выготский өз еңбегінде ерекше атап өткен.

Мұнымен бірге зерттеуші төмендегідей қажетсіну уәждің манызды деген тұстарына тоқталған:

1) тұлғаның қызметін ұйымдастыруда қажетсіну уәж құрылымының атқарар рөлі зор екендігі;

2) еңбекке қажетсіну уәждің болуы;

3) кәсіби мазмұндық жұмысқа қызығушылық;

4) әміршіл (жоғары қызмет алу);

5) идеялық (ұжымның табыстылығына үлес қосу);

6) қожалық (тәуелсіздігін алу);

7) шығармашыл (жаңалық іздеу);

8) ұжымдық (шығыс мәдениетін жаңғыртушы);

9) люмпендердің теңестіруге акцент жасауы.

Қажетсіну уәж тұлғаның болмысын бекітіп, өзін-өзі басқару қызметін ұйымдастырады деген Л.С. Выгодскийдің түйіні бүгінгі ғылымға да пайдалы.

Қажетсіну уәждің иерархиялық деңгейлерін құрылымдық тұрғыда зерттеген ғалым В.Г. Асеев, В.Г. Асеевтің [97] тұжырымдары жоғарыдағы

зерттеушілердің ұстанымдарынан мүлдем басқаша. Зерттеуші қажетсіну уәж жүйесін екіге бөліп көрсетеді:

1) тұтастық- үдерістілік және дискреттік сипаттағы;
2) екі модальді, яғни жағымды, жағымсыз.

Зерттеуші осы екі түрлі қажетсіну уәж ортасының құрылымы марғаулыққа, дағдарысқа түспей, статистикалық, қалыптастырушылық, модификациялау секілді өмірсүйгіштік үдерістерге түсетініне айрықша талдау жасаған. Б.И. Додонов [98] қажетсіну уәждің төрт құрылымды құрам-бөліктерін зерделеген:

– өзінің атқарған жұмысынан ләззат алуы;
– қорытындыға тікелей тұлғалық болмыстың маңыздылығын түсіну;
– қызметіне қарай қажетсіну уәжге берілетін мадақтамалар;
– адамға міндеттеу арқылы мәжбүр ету, күш көрсету.

Бұл төрт құрылымды құрам-бөліктерінің ішінде жағымды және жағымсыз қажетсіну уәждемелердің болатынын байқаймыз. Дж. Аткинсонның (J.W. Atkinson) [99] «қажетсіну уәждің бөліктік қағидамен жетістікке жетуі» оқыту іс-әрекетінде құрам-бөліктерінің салыстырылмалы тұрғыда жүзеге асырылуы (сурет 1) қарастырылған .




Сурет 1 – Дж. Аткинсонның (J.W. Atkinson) «Қажетсіну уәждің бөліктік қағидамен жетістікке жетуі»

Қажетсіну уәж қуат кешенін қозғалысқа түсіріп, тұғырлы орындаушылықпен бірге бірбеткейлік дәрежеде алға қойған мақсатты өз бағытына сәйкес орындау дегенді алдыңғы ғалымдар өз еңбектерінде атап өткен. Мұнымен бірге зерттелген еңбектерде қажетсіну уәж бен соңғы жетістістікке жету арасында ешқандай байланыс жоқ, дей отырып, мамандықтың жіктемесін түсіну, жұмысқа деген қабілеттілік, құзыреттілік,

мақсат, міндетті дәл құрып, оның орындалымын алдын-ала дұрыс болжау керектігі басымдық деп есептеген. В.Г. Асеев [100] саналы қажетсіну уәжден бұрын тұлғаны заң жүзінде тағайындалған мадақтауларға қызығушылықтары артады деген тұжырымды ұсынады. Бұл тұжырымдаманы В. Врум және оның қосымша авторлары М. Портер [101], Э. Лоулер [102] бастамашылдықпен жетістікке жетуге құштарлықтың ояну себептері неліктен? – деген сауал қоя отырып, оған жауап тапқан. Олардың басының бірігуіне қол жетпес наградалардың берілуіне, өздерінің әлеуеттік құндалықтарын сынауға белбуулары тәуекелге келтіретінін дәлелдеген: біріншіден, жұмыс атқарушы алға қойған міндетті жүзеге асыруға бар күшін салады; екіншіден, жетістікті басқарушы назарға алып, көтерме, мадақтама ұсынады деген үміттің жетегінде жүруі; үшіншіден, берілетін бағаның жеңістік валенттілігіне қарай тағайындалуы. Бұл тұжырымды ілгерілету қағидасына қарай дамытқан Х. Адамс (H. Adams) [103]. Ол жетістіктің бағасын тек тұлғаның талпынысына ғана емес, еңбек өтіліміне деңгей-дәрежесіне, кәсіби құзыретіне, қоғамдық мәртебесіне және т.б. сапалық көрсеткіштеріне байланысты деп түйіндейді.

Зерттеушілер М. Портер, Э. Лоулер қажетсіну уәждің кешенді үдерістік тағылымын жасаған. Бұл авторлар А. Маслоу [104], С.А. Херуберг [105], Д. Макклелланд [106], В. Врум тұжырымдарының өзара байланысты екенін дәлелдеп, оған награда, марапат пен нәтиже арасындағы заңдылықтарды зерттеген. Нәтижесінде, Л. Портер, Э. Лоулердің бес түзілімін құрады (сурет 2):

– екпінділік;
– қабылдаушылық;
– нәтижелілік;
– ішкі және сыртқы марапаттаушылық;
– қанағаттарлық деңгейі.

.




Сурет 2 – Л. Портер, Э. Лоулер тағылымдары

В. Скинердің 1971 жылы қажетсіну уәждің тағылымын бекіте түсу тұрғысында тұжырымдар жасаған (сурет 3).

.




Сурет 3 – В. Скинердің қажетсіну уәж тағылымының беки түсуінің моделі

Қорытындысы:

Жетістікке жеткізген: қажетті уәж, көлеңкелі тұсты айналып өтуі, одан өзіне қанағат алуы, жетістіктің мүмкіндігі, жетістікке тартымдылықтың болуы. Тұлғаның табыстылыққа бағдарлауы.

Әлеуметтанушы өкілі В.А. Ядов [107] тұлғының диспозициялық тұжырымдық тәртібінің қызығушылық дәрежесін зерттеген.

«Диспозиция» ұғымын жеке тұлғаның өз мүмкіндігін ескере отырып, өзінің қолынан келер үдерісті орындайтын ұғым ретінде қарастырған, оны өз тәртібіне бағындыра алатынына дәлелдер келтірген. Нәтижесінде, диспозицияның 4 деңгейін саралаған:

– тағайынды орындалымға тұрпатпен қарау, қажетсіну уәжге биологиялық сипат беру, қарапайым, тұрмыстық жағдайы;

– әлеуметтік орындалым, күнділікті қарым-қатынастағы қажеттілікке қатысты қалыпты қарастыруы;

– базалық әлеуметтік тапсырыс, белгілі бір сфера мен еңбекке қатысты тұлғалардың қажеттілігін сипаттайын бағыты;

– тұлғаның құндылық бағдары.

Бұндай қажетсіну уәждің құрылымы өз-өзінен модификацияланады, яғни теңеседі деген қорытынды жасауға болады.

Зерттеушілердің қажетсіну уәж жайлы еңбектерге талдау барысында біздер болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде қалыптастыру үдерісіне әдіснамалық негізі деп қабылдаймыз. Жалаң «қажетсіну уәжді» алып зерделеу еңбегіміздің құрылымы толықтай талапқа жауап бермес еді. Сондықтан біздер «қажетсіну уәждің» болашақ заңгерлерге көмегі тек білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде қалыптастыру үдерісіне әдіснамалық негіз деп есептейміз. Жалаң «қажетсіну уәждің» болашақ заңгерлерге көмегі тек білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде зерделеу екеніне мән береміз. Бұл жағдайда, қажетсіну уәж инструментін айқындап алғандықтан, болашақ заңгерлердің халықтық дәстүрдің «Қанадай нысана?», «Қандай мәнділікке ие?» секілді сауалдарға жауап берудің заңды екендігін ескердік.

21-ші ғасырдың өркениетті елдерінің ұстанымына үндесетін кәсіби маман даярлау мәселесі өте көкейкесті болып отыр. Өткен ғасырдағы рухани құндылықтардың саясаттану тұрғысында сүзгіден өтіп отырғандығынан, шығыс, қазақ халқының алғы даналарының философиялық тұжырымдары ғылыми айналымның ірге тасын қалай алмады.

Бұл орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» [108] (21.11.2018 ж.) атты мақаласында қазақ халқының басынан өткерген тарихи соқтықпалы соқпақсыз жерде күнелтіп, сыртқы жауларға билеп-төстеу еркіндігін бермей, түркі жұртының түп тамырын түп нұсқасында кейінгі ұрпаққа жеткізе алмаса да, өзінің әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол жоралғы, ырым, наным, сенім секілді іс-әрекеттері арқылы там-тұмдап ең құнды тұстарын біздерге жеткізе алды. Сол там-тұмдап бірең-саран бізге ұлттық кодымызды қалауға жарарлық сілемдердің жан бітуіне, оның өз өрісінде қайта жаңғыруына, қазақ халқының ұлттық санасы мен өзіне ғана тән бейнесінің қайта түлеп оралуына Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының аталып отырған Ұлы даланың жеті қырының ғылыми негізге қозғаушы күш болуы – қазақ халқы болашағының өркениетке үлес қосуына кепілдік. Аталып отырған мақаладағы Ұлы даланың жеті қырының бесіншісінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұланғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған орта ғасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты.

Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениет ойшылдарының бірі – Әбу Насыр Әл-Фарабиді [109] дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасыларының бірі Қожа Ахмет Ясауи [110] Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан» – деп, данышпандарымыздың бүкіл әлемге қосқан рухани үлесіне басымдық береді.

Міне, біздер болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін халықтық дәстүр арқылы қалыптастыру мәселесін айқындау үдерісіне ғылыми негіз ретінде алу қажеттігінің туып отырғанына мән береміз.

Болашақ заңгерлердің міндетті түрде өтілетін білім мазмұнында бұрынғы қазақ еліне тән құқығының жүйелі дамыуы мен оның шешімдерінің әділетті тұрғыда жүзеге асырылуы әлі күнге дейін назарға ілікпей келеді. Осындай

көкейкесті мәселе білім мазмұнынан, оқулықтардан (жоғары оқу орнында), оқу құралдарынан және т.б. құжаттарда ескерілмеуі, заңнаманың рухани ұлттық құндылықтардың келесі ұрпаққа жетпеуіне себеп екені байқалды.

Адам тұлғасы рухани келбетін өркендету халықтық дәстүрдің ең сүзгіден өткен түрлерімен ілгерілегенде ғана тарихи-әлеулеттік жағдайлар қоғамды ілгеріләндіруге мүмкіндік бермек. Тұлғаның рухани келбеті халықының гауһар құндылықтарына баулуы – бүгінгі 21 ғасырыдың алға койып отырған талаптарының бірі.

21 ғасыр адамы өзін-өзі алға ілгерілету үдерісін табиғатпен үндестікте тұтас алып, ой-бағамын мөлшерсіз дамытуға ұмтылуымен қатар, рухани басымдықты ата-баба салған халықтық дәстүр негізінде саралауы көкейкесті мәселе болып отыр. Бұл жайт халықтық дәстүр негізінде қалаған болашақ заңгерлердің қайта өрлеу факторы ретінде қарастыру мүмкіндігін береді, өйткені тек рухы биік тұлғалық болмыс қана ізгілікті жолға ие болады.

Ғалым Г.Н. Волковтың [111] тұжырымында, халықтық педагогиканың өзіне тән айырмашылығы айқындалған. Біздер оны таксономияға салсақ, мынандай түзілімдер құралады:

– қоғам құруға қосқан үлесі, қоршаған ортаға дүниетанымы;

– табиғаттан өзіне қажетін алуына, одан қуат көздерін таңдауы;

– еңбекке қажеттісін бағамдауы;

– тәрбиеге қатысты халықтық дәстүрлерді саралай алуы;

– халықтық дәстүр қағидалары;

– өмірлік тағылым мен тәжірибеге негізделген рухани құндылықтарда халықтық дәстүр арқылы меңгеруі.

Көріп отырғанымыздай, халықтың сан ғасырлар бойы тырнақтап жинақтаған гауһар дәстүрлері алдында ауыздан ауызға тараса, кейін оны зерттеушілер халықтық мұра деп, өздерінің ғылыми еңбектерінің нысаны ретінде пайдаланған. Халықтық педагогиканың 7 бірдей өзіне тән айырмашылығын айқындаған Г.Н. Волковтың еңбегінің алар орны зор демекпіз.

Жалпы халықтық педагогика ғылыми-педагогикалық тұрғыда зерттеудің қажеттілігі жайлы тұжырымдар 1970-2019 жылдар арасында жан-жақты зерттелді.

Нақтылап айтсақ, В.Ф. Афанасьев [112], Ә. Табылдиев [113], А.Ш. Гашимов [114], И.Я. Ханбиков [115], А.Э. Измайлов [116] және т.б. Кеңестік дәуірде бірлі-жарым ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі деп қараудың қажеттілігі жайлы пікір айтқан: И.Т. Огородников [117], А.Б. Ахмеджанов [118], В.М. Коротов [119], С. Қалиев [120], К.Ж. Қожахметова [121].

Қазақстан елінде этнопедагогикамен кіріктіріліп зерттелген. Біздер атап отырған зерттеу нысанының қарастырылған кезеңдерін үшке бөліп көрсетуді жөн көрдік. Оны төмендегі 1-ші кестеден байқауға болады.

Кесте 1 – Халықтық педагогиканың даму кезеңдері

| Кезеңдері | Зерттеушілер |
|---|---|
| 1 кезең<br>19 ғасырдың 2 жартысы қазақтың демократ-ағартушылары,<br>этнограф-ғалымдар,<br>шет мемлекет зерттеушілері | Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, А. Янушкевич, А. Левшин, А. Алекторов, Л. Баллюзек, Д. Андре, И. Козлов, С. Юшков, И. Крафт т.б. |
| 2 кезең 20 ғасырдың алғашқы 20-30 жылдарында ғылыми арнада арнайы қарастырған қазақ халқының қайраткерлері мен ғалымдары | Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов және т.б. |
| 3 кезең 1970-2000 жылдар халықтық педагогика мен этнопедагогика іргелерінің айқындалып, қайта жаңғырығып, өмір салты мен дәстүріне оралу кезеңі | С. Садуақасұлы, Ө.С. Дөнентаев, М. Әуезов, С. Мұқанов т.б. |

Көрсетілген кестедегі халықтық педагогика кезеңдері үшке бөлініп, оның әрбір кезеңдерінің педагогикалық ғылымның халықтық дәстүрге қатыстылығы ашық айқындалмаған. Десек те, кезеңнің өзіндік қоғамға қосқан халықтық дәстүр жайлы үлес салмағын бағамдап көрген абзал. Ш. Уәлиханов [122], Ы. Алтынсарин [123], А. Құнанбаев [124] «демократ-ағартушы» мәртебесінде бағаланды. Халықтық дәстүр жайлы аталған зерттеушілердің тұжырымдаған ой-пікрлері философияның парадигмасымен берілмеді.

Мәселен, Шоқан Уәлихановтың бұрынғы заман билеріне берілген құнды тұғырлы пікірлері, ғылыми пайымдамалары халықтық дәстүр ретінде қабылданбады. Мәселен, Ресей зерттеушілері коммунистік ұстанымды ту етіп ұстаған сәттерінің өзінде К.Д. Ушинскийдің халық тәрбиесі жайлы ой-пікірлерін өздерінің кредосы іспетті әспеттеп келді. Нақтылап айтсақ, орыс халқының бала тәрбиесі сол халықтың сан ғасырлық тарихымен тығыз байланысты, тәрбиенің негізін халықтың жақсы-жаман дәстүрінен іздестіріп дегені әлі күнге дейін ескеріліп отырғанына бәріміз куәміз. Ал Шоқан Уәлихановтың ауыз әдебиеті жайлы айтқан ойлары, сот жүйесінің байырғы нұсқасын негізге алу жайлы айтқан тұжырымдары, халықтық дәстүр, салт, ырым, діни көзқарастар, оның ғылыми негізі туралы тағылымдары біздің назардан шығып қалып, әлі күнге дейін оны жаңғырту мәселесі шешілмей отырғаны тәрбиенің төмендеуіне әкелді.

Ыбырай Алтынсарин халықтық дәстүрдің оқу іс-әрекетіне тікелей қатысының бар екенін еңбегімен дәлелдеген. Халықтық дәстүр негізінде ұлттық сананы өрістетудің амалдарын білім игеруге тиімді екенін анықтағанына Смағұл Садуақасұлы жоғары баға берген. Өкінішке орай, Смағұл Садуақасұлы да қызыл саясаттың құрбаны болды.

1926 жылы 29 қазанда Ташкентте тұңғыш Жоғары педагогика институтының салтанатты ашылуына ұлт қайраткері, әдебиетші, жазушы Смағұл Садуақасұлы Ыбырай Алтынсарин жайлы былай деген: «Во второй половине 19 века жил «қазақ» некто Алтынсарин. Он первый из казахов

приобщился к русской культуре и не на страх, а на совесть служил помощником православных миссионеров. Он первый раз организатором, так называемых, русско-казахский школ, поборником русского шрифта для казахской письменности. Он был другом и правой рукой ученого миссионера Ильминского. И вот Алтынсарин перед смертью распорядился не пропускать к себе ни одного русского, даже своих друзей. Этот атеист в жизни оставил зевещание, чтобы на его похороны были приглашены 99 мулл. Да, эта была трагедия просвещенного казака, может быть теперь для нас совсем непонятная; трагедия, заключавшаяся в том, что в результате многолетней совместной работы с русскими, он все-таки, в конце концев, пришел к заключению, что миссионеры ничего хорошего не желают для казахского народа. Может быть, его не угнетенное казахское сердце в последнюю минуту не выдержал собственного преступления, и он отказался от товарищей, с которыми много лет работал вместе».

Көріп отырғанымыздай, Смағұл Садуақасұлының [125] бұндай тұжырымын кейінгі зерттеушілер өздерінің монографияларында субстанция ретінде ала алмады. Өйткені Смағұл Садуақасұлы кейінірек репрессияға ұшырады.

Ұлттық сана қоғам өзгерістеріне орай талай өзгерістерге ұшырады. Соның бір көлеңкелі тұсы Ыбырай Алтынсаринді орыс империясына еңбек етіп, православ дінін қабылдап, шіркеуге ғибадат еткен тұлға ретінде қабылдау. Мұндай ойға қонымсыз кешегі тоталитарлық жүйе деп түсінген жөн. Ғылыми еңбектерді қай тұлға бомасын зерттеуші өзінің өмір сүрген ортасының уақыты мен кеңістігіндегі түсініктермен интерпретация жасайды. Мұнымен бірге жоғарыдағыдай жаңсақ пікірдің тууына бұрынғы ғылыми еңбектердегі тұжырымдардың дұрыс талданбауы.

Осының салдарынан М. Әуезов [126], С. Мұқанов [127] және т.б. зерттеушілер Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылғы шыққан «Қазақ хрестоматиясы» ана тілінде көрген оқулығының төңірегі мен педагогтық құзыретіндегі іс-шараларының амалдарын жалпы жұртшылыққа танытуды мақсат еткен. Нәтижесінде, алғаш рет Ыбырай Алтынсаринге «ағарушы» деген ресми атақ-дәреженің бастау кезеңі де М. Әуезовтің еңбектерінен екенін байқаймыз.

Ағартушы-педагог бұл оқулықты жазуда төмендегідей мақсаттарды көздеген:

1 Бұл кітапты ана тілінде шығарудың амалы – орыс мектептеріндегі қазақ балаларына ізгілікті тәрбиені білім мазмұны арқылы дарыту.

2 Оқуды қазақша оқитын балаларға арналудың бірден-бір амалы – олардың орыс халықының кемеңгер данышпандары, жазушы-ақындары, мысалшыларының еңбектерінен өздеріне білім мазмұны арқылы өнеге-үлгі алуын қамтамасыз ету.

3 Балаларының қабылдап жатқан білімі-тәлімі негіздерін ата-ана, жалпы жұртшылық та меңгерсін деген мақсаты – үшінші амалға жатады. Оқулық революцияға дейін 4 рет қайталанып жарық көрді. «Қазақ хрестоматиясы» – қазақ мәдениетін жаңа құрылысқа, парадигмаға бейімдеудегі өзіндік тарихи

маңызын айқындап берген, оқушылырдың ойлау өрісінің шеберлікке бағдарлануын іске асыратын, бүгінгіге дейін өзінің құнын жоймаған оқулық.

Мәселен, бүгінгі парадигмамен зерделеп, «Кел балалар, оқылық!» өлеңінің бүгінгі білімденудің инновациялық технологияға жататынын жоққа шығара алмаймыз. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның жеткіншектерін оқу іс-әрекетіне ұмсындыру түр-тұрғысындағы төртінші амал- тәсілі өнеңнің ішкі мәнінде екені белгілі.

Бесінші амалға қатысты бар өлеңі – «Өнер – білім бар жұртқа» - терезесі тең, ордасы биік, шаңырағы тұғырлы, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі тілмен айтсақ, өркениетті озық елдерге теңесейік дегені бүгінгі күннің де көкейкесті мәселесі.

Ыбырай Алтынсарин еңбектері қай қоғамда болмасын қайта халқымен қауышып, бірге жасасып кемеңгер – ойшылдың асыл арман – ұстанымы мен тұжырымдарын бүгінгі нұрлы күндерге жеткізді. Тіпті Ыбырай Алтынсарин еңбектері кешегі өтіп кеткен социалистік дәуірде де жаңа өңге, мәнге ие болып, бүлдіршіндерді мектепке шақырып, олардың мотивациясын, қажетсіну уәжін арттырып келген.

Ыбырай Алтынсаринге озықтық ешкімге ұқсамас амалы алтыншы - ол өз халқының өміршең болашағына сенді, бұл болашақ Ресей мен, орыс халқымен тығыз байланыста, консолидацияда болатынына көзінің жетуі.

Жетінші амалы – орыс халқының озық, ілгерілеу ұстанымдағы мәдениетінен үлгі алуға, ер балалармен қатар қыз балалардың да білім алуларына тұңғыш рет жағдай туғызылуы.

Сегізінші амал – жасөспірімдерге икеміне қарай кәсіптік маманды беру жайлы жұмыстарды алғаш ұйымдастырушы.

Тоғызыншы амалы – оқушы-білімалушыларға арнап мектеп-интернаттар ашу қажеттілігін дәлелдеп, айтыс-тартыспен, ашқан мектебінің ісін қиыншылықпен жүзеге асыруы.

Оныншы амал – қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы.

Он бірінші амал – Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі ұдайы кездесіп отыратын қарама-қайшылық интеллектуалды әлеуеттің өрлеу динамикасы ретінде берілуі. Жалпы ұлан-байтақ кең даладағы соғыстар мен жаугершілік рухы халықты бейбітшілікке бейімдеді. Жорықтар этномәдени шеңберіндегі қорған, өзі-өзі нығайту, халық ретінде тұрақтану идеясына ұласты. Алдымен қазақ даласында бытыраңқылық, ішінара араздық пен бірігушілік идеялары алмасып отырғаны.

Осындай бірлікті үндеу Ыбырай Алтынсарин еңбегінде көшпелі мен отырықшының қарама-қайшылығымен өрнектелген.

Бұған мысал – «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ - Сейітқұл». Бұл еңбектерінде Ыбырай Алтынсарин халықтың ой-санасын жоғары өрлеу динамикамына бейімдейтін жаңалыққа қарай жолда кездесер зұлымдық пен ізгілікке қарама-қайшы құбылыстарды алған.

Ыбырай Алтынсарин ұлттық сананы ұлттық код сипатында алып, шығармаларында «жамандық пен жақсылық», «достық пен алауыздық», «сараңдық пен жомарттық», «тәкаппарлық пен қарапайымдылық», «өнер, білім

мен надандық», «әлсіздік пен әділетсіздік», «рухани байлық пен рухани жұтаңдық» сияқты қарама-қайшылық негізінде болжам жасап, табиғи қазақ елінің өз болмысының өрісінде өмір сүруіне қам жасаған. Мұның өзі Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі ғылыми негіздің түп-нұсқасы екенін байқау қиын емес.

Барлық қазақтың, шығыстың, батыс елдерінің, Америка Құрама Штатының бұрынғы және қазіргі кемеңгер дана-философтарында кездесетін үшбұрышының антропологияға қатысты екенін Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен де кездестіреміз. Ол үшбұрыш – тән (материя), жан (білім-ғылым), рух (қуат).

Бұл үштікке мысал: Бай баласы мен жарлы баласы, Мәселен, ел көшіп кетіп, ойламаған жерден жұртта ұмытып қалған екі баланың бастарынан кешірген бір тәуліктегі оқиғаны суреттеуге арналған бұл әңгімеде философиялық тұжырым бар. Ыбырай Алтынсарин «дені саудың жаны сау» деген қағиданы мүлдем жоққа шығарады. Жас шамасы бір балалардың бірі - парасатты, прагматик, ал екіншісі – қолынан түк келмейтін, күйрек, әлсіз, әлжуаз. Кешегі тоталитарлық басқару жүйесінде бұл әңгімені екі тапқа бөліп антогонистик қайшылықта талдап келдік. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бұл әңгімені парадигмамен талдасақ, әлеуеттік жағдай, олардың бай және кедей болу мәселесіне мүлдем қатысты еместігін байқау қиын емес. Асанның де естері, жады дұп-дұрыс, дені сау, биологиялық, психологиялық ауытқушылықтары жоқ, бірақ жаны әлсіз, мүгедек екенін, ал Үсеннің өз құрдасынан жанының ілгері екенін аңғару оңай. Өздігінен ми жұмысын қиындықта іске қосу дегенді білмейтін Асан тіпті жерден еңкейіп, шөп алмай өскен. Топ-тобымен кітапттарды оқымаса да әкесі мен анасының ізгілікті, еңбек, шыдамдылық, тапқырлық және т.б. тәрбие құралдарын өмірдегі ситуацияларға қатысты меңгерген Үсен өмір үйреткен рухани байлығымен рухы әлсіз, жоқтың қасы Асанды аман-есен еліне қосады.

Сөйтіп, ғасырлар бойы рим сатиригі Ювенилдің ұстанымынан ұранға, мәтелге айналған «Дені саудың жаны сау» деген қағиданы Ыбырай Алтынсарин жоққа шығарған.

Ыбырай Алтынсарин еңбектерін зерттеген, оның әдіснамалық негізін айқындап берген М. Әуезов өзінің тұжырымдарында Ыбырай Алтынсаринді А. Құнанбаевпен салыстыра отырып зерттеген.

Біздердің назарымыздан тыс қалған келесі бір амалы – қазақ мүддесі үшін және үкімет мүддесі жағынан қарағанда да қазақ даласында орыс-қазақ мектептерін тез тарату қажет-ақ деген соңғы тұжырымы. Келе-келе патша үкіметінің орыстандырушы саясатына қарсы болды.

«Қазақ хрестоматиясы» қазақ балаларына бейінеленген, лайықталған. Оған енгізілген Паульсон, Ушинский, Толстой және тағы басқалардан аударылған әңгімелер қазақ балаларының жанына дауа, интеллектісін өркендетуге қажетті нысан деп түсіндіріледі. Бұл шығармалар қазақтың табиғи тума мәдениетіне жақын, соған бейімделіп аударылған.

Бұл этнопедагогиканың негізін қалаған зерттеуші екенін айғақтайды, немересі өзінің ата жолынан таймағанын дәйектейтін бірталай деректер архивте

баршылық. Соның бір көрінісі Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «Күлсеңіз күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақытымда оларға ресми түрде молда болып та қоямын, сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді қосып айтамын» - деп жазған Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин В.А. Катаринскийге жазған хатында былай дейді: «Сізге өте қайғылы хабар білдіргім келеді. Біздің Бассонов Александр Григорьевич, сірә есінен айрылған болар деймін. Өйткені оның өз оқушылары, оқушылар мектептерінің 3 және 4 кластарында, оқушыларыдың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын оқыған.

Осының нәтижесінде, бір жағанан, ол оқушыларға өшігіп, қатал қарай бастайды да, екінші жағынан, оқушылар оқудан бас тарта бастапты. Тіпті ол шәкірттерін залым деу сияқты кесел шығаруға дейін барыпты. Бұл қылығын естіп қоймасын, нағыз бәлеге сонда қаламыз» – деп хатын аяқтайды.

1889 жылы тағы өзінің досы В.А. Катаринскийге жазған хатында: «Красноудимскідегі ауыл шаруашылық мектебінде наразылық туып отыр. Мұның басты себебі: мұсылман дәстүрін мүлде елемеу, яғни шошқа етін асып беру, оқушыларға шошқа бақтыру, орыс балаларымен ғибрат еткізу деседі. Мұның бәрі де ұнамсыз нәрсе ғой. Сондықтан әзірше іс насырға шаппай тұрғанда, сонда барып, оқушыларға түсіндіріп, наразылықты жойғым келеді» – деп хабарлайды.

Ең соңғы амалы – мектепте дін сабағының өтілуін пайдаланып, «шариятул – ислам» айдарымен оқулық жазған.

Негізінде, Ыбырай Алтынсарин осыншама қиындықты басынан кешіргені, оның 1889 жылы дүние салуына түрткі болған сияқты.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Абай Құнанбайұлының Мерейтойында «Абай туралы сөз» баяндамасында: «Абайдың аты жаңаша асқақтап халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа биікке көтерілумен келді»-деген тұжырымы күннен-күнге ажарлана түсуде.

Абай Құнанбайұлы тұжырымдарының түзілімі:

– Абай Құнанбайұлы өз заманында ғаламат тәуекелге бара алған парасат пен ерекше рух иесі;

– Абай өмір сүрген орта қазақ елінің айрықша ауыр кезеңі еді, жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге құмартқан империя Орталық Азияны көктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздеген-ді. Сондай стратетиялық мақсаттың дәл өткір өтінде тұрған ел Қазақстан болды;

– бұл орайда, ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды;

– қазақ елі өзінің дербестігінен айрылып көрші губерниялардың құрамына күштеп кіргізілді;

– ұлттық түгілі рулық-тайпалық тұтастықтан ажырап, ауызбіршіліктен атымен жұрдай болды;

– салдарынан, халқымыз тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен-өзі қорланып, өзгенің зорлығына бауыр басуға ынталандыратын әзіл саясат ерекше жүзеге асырыла бастады;

– шұрайлы жерлер, шырайлы кәсіп пен қызмет орталықтан әдейі көшіріліп әкелінгендерге ғана бұйырды.

Көріп отырғанымыздай, Абай Құнанбайұлы өмір сүрген ортаға Елбасымыздың берген философиялық бағамынан артық уәж айту қиын. Абайдың өмір сүрген ортасын, дәл осындай келбетте ешбір зиялы қауым айта алмады.

Қоғамдық сананы шығармалары арқылы құрған ғұламаның біздерге айтқан алгоритмі бойынша бірінші ақылы, әуелі мал тап, әйтпесе қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? – деген парасатты тұжырымы.

Өнер – білімді қайдан ізде? – дейді өзі 25 қара сөзінде «Жерің дәрілхарап» болып тұр, сондықтан орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі – орыста зор ... – дейді де амалың жоқ, жерің бұзылды, енді алған білім империялық саясатқа тәуелді болған соң, онымен тайталаса өмір сүруі, олардан озық бол-деуі бүгінгі монополиялық, нарықтық бәсекеге де қатысты.

Абай философиясы тек сыртқы әрекеттегі стратегиялық жағдайларға мән берумен шектелмей, ұлттық болмысты бағамдайтын төл, түп нұсқалы мұраларға терең тоқталған. Қорқыт Ата жайлы аңыздарға, Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Қазтуған, Шалкиіз, Марғасқа, Жиембет сияқты жыраулардағы туған жер, жер жанаты, әділдікпен ел билеудегі көкіректегі шер және оны «емдейтін» жігерлілік, қайсарлық Бұхар, Төле би, Қазыбек, Әйтеке билердің рухани өміршілдік секілді гауһар концепцияларынан өзіне ғибрат алуы.

Абай шығармашылығындағы рационализм, максимализмнің, соның ішінде, адамды – басты тұлға, ізгілікті – адамгершілік қасиетті басымдық деп есептейтін мұраттарымен қоғамда қайта құрушылық дүниетанымының бүгінгілер үшін де көкейкестілігінің болуы:

– батыс пен шығыс ғұламаларынан тапқан түйіні: Алланың өзі де рас, сөзі рас, Аллаға құлақ ассақ, ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес, құлқың түзелмей, құлқың арам ішкеннен тоқталмайтыны;

– халықты қайыршыға айналдырмайтын «егін егу, сауда қылу, кәсіп жасау, ғымыммен шұғылдану екендігін ұсынды;

– «Бай болу», концепциясын да тұңғыш ұсынған Абай Құнанбайұлы;

– бай болу, адал еңбекпен оған қол жеткізу адам баласының бір-бірінен ерекшелігі, олардың ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады деуі аталған «бай болу» тұжырымдамасын бекіте түсуі;

– бірлік ақылға бірлік, ал малға бірлік емес дей отырып, ғұлама бүкіләлемдік халықтар достығын орнықтырар үш сүю, бірінші – хақ жолы – Алланы сүй, екінші - хақ жолы әділетті сүй, үшінші – адамзаттық бәрін де – бауырым» – деп, геометриялық үш бұрыштың матрициясын ұсынуы;

– ұлттық болмысты қайтарар Абай Құнанбайұлының шарты - біріңді қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос деген ғибраты;

– қазақ қауымында әлеуметтік реформаны да экономикалық рефоманы да бірінші ұсынған Абай Құнанбайұлы екендігі;

– жерінен, суынан, тәуелсіздігінен билігінен айрылған қазақты құтқару амалын Абай Құнанбайұлы; оның рухани әлемінен, елдігінен, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалуына іздеуі;

– бұндай төте жолдан адастырмас темір қазық секілді жеті сипатты таба алуы;

– өзін-өзі түзетудің индикаторын Абай Құнанбайұлы күнінде бір мәрте, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен өзің есеп ал! Бұл орайда, біздер Пауло Коэльоның [128].

«Жеті рет құлап, сегізінші рет тұр» – деген өсиетнамасының сыры бала кезінде қолыңнан келмейтін қиялды ата-анаң миыңа құйып, оның болашақта сағым сияқты жеткізбейтінін сезгенде, оның үмітінің үзілуі адамның өз тағдырының жолымен жүрмеуі деп түсіндіруі. Абай даналығымен тең бұл еңбекте өзінің өмірін дұрыс құрудың бірден-бір шарты Алланы сүю:

– Аллаға сүйіспеншілік - Абайша ынта мен ыждаһат;

– «Жат қораны күзеткен қартаң шалда сана жоқ» – деуі империялық саясатқа құрдай жорғалап, елінің мүддесін сатқандарға айтқан уәжі;

– жау жоқ жерден жау іздеу;

– «Абай Құнанбайұлының несі?» – деген сауалының бүгінгіге де пайдасы зор. Нақтыласақ: кеселді кісі ер келетіні – несі? Кедей кісінің шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны несі? – дегені.

Ал екіншісі – намысқор келеді екен. Ат аталып, әруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздылыққа қарамайды екен. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді – деген заңдылығы.

Бұл жағдайда, орыстың шығыстанушы-ғалымы А.И. Левшин [129] 19 ғасырдың басында: «Кіші Орда қырғыздарының шешендері мен ақылман даналарының халқы үшін тыныш, бейбіт өмір сүрулеріне билік құру дәстүрлерінде заңдар мен сот мерейінің басымдық алуы мақсатын көздеу барысында әділ жолды таңдағаны олардың ынтымақтастықта, қауымдастықта болуларына қолайлы жағдай туғызғаны жайлы ойын түйіндеп, «Алтын ғасыр» деп атады».

Мұнымен бірге, орыс халқының зерттеушісі А.Е. Алекторов [130] 19 ғасырға дейінгі билер сотына айрықша мән беріп, оған төмендегідей түзілімдерді құрастыруды көздедік:

1) істі қарастыру кезінде би және ақсақал істі болған, дат айтқан адамға әділдікпен шешуді, оның өзіне дұрыс еместігіне көз жеткізумен үкім шығаруды парызымыз деп есептегені;

2) қазақтардың арғы аталарының мекендеген жері Еуразиялық аймақтағы кең-байтақ болуы;

3) шығыстан Батысқа қарай көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың жүздеген жылдарға созылған жолдары;

4) қазақ даласындағы бытыраңқылықтың бірте-бірте одақтасушылық мұраттарға қарай ауысуы;

5) қазақ елінің заңдарындағы бекітілген ережелері қазақи этносқа айналуы.

6) «Алтын ғасыр» Мәртебесіне ие болған қазақи қоғамның негізгі билігі «Дала заңының билігінің болуы (кесте 2).

Кесте 2 – А.Е. Алекторовтың 19 ғасырға дейінгі билер сотының мәртебелі тұсының жіктемесі

| Сот ісіндегі ескерілетін жағдайлар | Билер сотының мәртебелі тұсы |
|---|---|
| Істі қарастыру үдерісіндегі әділетті болу заңы | Қылмысты болған істі және арызданушы адамдарды бөле-жармай екі жақты мұқият тыңдаулары |
| Жер дауы кезінде (Еуразия) қазақ халқының шекара заңын білу | Шығыстан Батысқа қарай көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың жүздеген жылдар бойы өмір сүрулері |
| Шығыстан Батысқа қарай жол тарту заңы | Шығыс пен Батысты байланыстыратын Еуразия кіндігінің болуы |
| Ынтымақ пен бірлікті сақтау заңы | Жердің кең – байтақ болуынан қазақ халқының қауымдастық, бірлікте күнелтуі |
| Қазақ елінің халықтық дәстүрлі заңын ескеру | Қазақ құқында бұрыннан сараланып келген халықтың салт-дәстүрлерін заңды деп есептелуі |
| «Алтын ғасыр» заңы | Қазақи құқық негізіндегі билік құрудың заңдылығы |

Көріп отырғанымыздай, А.Е. Алекторов билер сотының әділетті шешім қабылдауды парызым деп есептейтін билердің жауапкершілігі мен оның тепе-теңдік сақтау себеп-салдарының алты жіктмесін айтып отыруының өзі қазақи билердің шынайы бет-бейнесін біздерге айқындап берген.

Л.Ф. Баллюзек [131] билер сотының әділетті жол таңдап, билердің табиғи қабілеттерінің танымал болуы арқылы беделге ие болатыны жайлы пікір айтқан. Билер қырғыз (қазақ) өміріндегі заңдылықтар мен халықтық дәстүр, салт негізіне құрылуына мән берген. Сөз өнерінің құдыретімен, шешіндікпен, мақал-мәтелдерді орнымен қолдану арқылы, арнайы кәсіби білімсіз өздерінің жеке мүмкіндіктерімен дарынды парасатымен істі дау-дамайсыз шешіп отырғанына басымдық береді.

Сот реформасы жайлы зерттеу жүргізген Ш. Уәлиханов билердің беделі Европадағы даналық қағидасын ұстанған ақындар, ғалымдар мен адвокаттар сияқты өздерінің жеке бастарының қасиеттеріне қатысты деп тұжырым жасаған.

Бұрынғы әділ билер жайлы Ә. Бөкейханов [132], А. Байтұрсыновтар [133] пікірлерін былай білдірген: Әлейхан Бөкейханов: «Шірік жіп қанша жалғанмен қаншаға жарайды?» Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс сотына қарату керек деп орыс айтады. Шариғатқа қарату керек деп қазақ молдалары айтады. Біз мұның екеуіне де қаратпаймыз» – деген. Байқап отырсақ, Ә. Бөкейханов екеуіне де қарамау, бұрынғы «Алтын заң» дәрежесінде қалуы дұрыс деп есептеген.

А. Байтұрсынов «халықтық сот» ұғымына баға береді. Бұрынғы заман билерінің қолында билік қазақ жұртының неше түрлі жан ауруын жазатын жақсы дәрісі болатын, бұл күнгі билердің қолында дәрі тұрмақ, түгел «у» болып кетті деуінде үлкен астар жатыр. Біздер бұл пікірден бұрынғы билердің әділ жолдары бұрыс жаққа ауысып кетті дегенді ұғамыз. Билер де заманға лайық өзгергені аңғарылады.

Ахмет Байтұрсынов жоғарыдағы тұжырымдарымен бірге 1822-ші жылғы жарғы шықпай тұрғанда, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Ол кезде сайланған би болмайтын, қазақ жұртына беделі анықталған би болушы еді деп, ақиқатты құбылыстың суретін көрсетіп береді. «Тура биде туыс жоқ» қағидасының сейіле бастағанына А. Байтұрсынов қарсы дат айтқан.

Орда сотын жүргізу билігі халықтың өзі таңдаған тұлғалары екеніне мән берген. Билердің ізгілікті ұстанымдары, әрбір істі болған адамдардың жағдайларын жан-жақты сараптаудан өтуін, тәжіриебесінің құнды тұстарын қызмет үдерісінде пайдаға жаратуымен ерекшеленіп отырғанына тоқталған. Би өзінің билігіне қазыларды, моллаларды, сұлтандарды қатыстырып, оған не руластары, не туыстары, не даңқты адамдардың шешімге ықпалының жоқтығын атап өткен. Бидің басымдық ұстанымы елінің тыныштығын сақтап, іріткі туғызбай арызданып бір-бірінің берекесін алмау жағына мән беру деп есептегеніне Anthony S. мән берген. Билер үкімінен кейін ол істің дауласуына жол жоқ екендігі мен шешімнің нұсқалы болатыны айрықша бөліп көрсетілген. Anthony S. [134].

И.Ф. Козлова [135] билер соты- алдымен халық соты: біріншіден, ол өзінің сот ісін халықтық құқықтық салт-дәстүрлеріне негіздеген, екіншіден, оның сайлану рәсімінде халық арасынан беделге ие болған парасаты мен шешендігі жоғары адам таңдалған деп ой – пікір айтқан.

Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін халықтық дәстүр арқылы қалыптастыру үдерісінің теориялық негізін қалауға, білім мазмұнын құруға қатысты зерттеушілердің еңбектері бірталай. Қазақ құқығының басымдық берер ерекшелігін айқындаған ғалым – С. Мұқанов.

С. Мұқанов Қазақия болмысымен қалыптасқан дәстүрлі құқықтық режимнің түбегейлі жүйе құрып, киіз туырлықты қазақ аталатын елдің мінез-құлқы айна қатесіз, өзінің өмір тарихы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінез-ғұрпы еліне тұрақтылық пен тұтастық әкелді деп баға берген. Мұнымен бірге қазақтың құқығы реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық, ізгілікті адамгершілік секілді қызметтер атқарғанына да С. Мұқанов ерекше мән береді. Бұл орайда, Ш. Уәлиханов, С. Мұқанов, билер сотының 50 жыл бойы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлкім мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, әлі күнге дейін сол түпнұсқасын сақтап кеудеді деп пікір айтқан.

И. Козловтың халықтық дәстүрді қазақ құқығына негіздеуде оған сайланатын адамның моделін біздер төмендегі суретте көрсетуді ұйғардық (сурет 4).




Сурет 4 – Халықтық дәстүрді қазақ құқығына негіздеуде оған сайланатын адамның моделі

И. Козловтың басымдық берген билер сотының ерекшелігін былай түзген:

1) өздерінің ғасырдан-ғасырға халық құндылығына айналған салт-дәстүрлерінің мүддесін қорғауы;

2) ұтылыс пен жеңілу басқа жұрттың заңына бағынуы, бұндай әрекетке тұтастай сол ру жауап береді ол -қоғамдық іс деп қаралып, халық алдында айып-пұл төленетін шешімі шығарылатынына И. Козлов мән берген. Шешімдегі түйінді іс ол екі сот ісіне қатысып, ортақ бір келісімге келгеніне айрықша тоқталып өткен. «Қарындас» мәселесіне қатысты сот ісі соңғы кездерде жиі қаралатынын И. Козлов тоқталып, оның куәгерлері жоқ болса, немесе дәлелдері толық дәйектелмесе, оның нұсқалы, әділетті шешуі мүмкін еместігін айтып өткен. И.И. Крафт [136] өзінің зерттеу еңбегінде төмендегедей тұжырымдарды саралаған:




Сурет 5 – Дала заңының мәселені шешудегі әділеттігі

Ұсыналған 5 суреттегі зерттеуші бұрынғы бидің мәртебелі тұстарын әділеттік тұрғыда анықтағаны байқалды. Нәтижесінде, ақшаға таласқан, атқа таласқан, әйелге таласқан екі жақтың дау-дамайларын әділ шешкеніне мысалдар келтіреді. Ситуацияға құрылған дауды дұрыс шешудегі амал-тәсіл, әдістерін де нұсқалы жолмен анықтаған. Бұл орайда, зерттеуші бұрынғы халық дәстүрін құқықы негіз ретінде алудаға ұтысты  ол шешімнің әділетті қабылдаумен құнды болуы.




Сурет 6 – С.В. Юшковтың еңбегіндегі қазақ құқығының халықтық дәстүрге негізделуі

Жоғарыдағы суретпен жіктеген С.В. Юшковтың [137] қазақ халқының сот жүйесін бұрынғы және ресейдің қарамағына тәуелді болу кезеңдерімен салыстыруы басқа зерттеушілерден тың пікір екені аңғарылды (сурет 6). Бұл орайда, зерттеуші кейінгі өзгерістердің қазақ халқының билер сотындағы феноменнің мүлдем жойылып, басқа сапаға ауысып кеткенін батыл айтқан бұл ежелгі қазақтың билер сотының дұрыстығына көз жеткізеді.

А. Янушкевич [138] өзінің қазақ даласындағы саяхаты жайлы жазбасында Құнанбай бидің еліне даңқы белгілі болғанына тоқталған.

Зерттеуші жай қарапайым отбасынан шыққан Құнанбай биді құдырет алдында, адамдар арасында ар-ожданы адал, ісіне мұқият қарайтын, ойы оралымды, дала ісіне кірпияздық көрсететіні, парасаты кең, тілі бай, өз елінің жақсы тұрмыс құруына қам жасайтын қамқор, дала құқығын Ресей жарғысын меңгерген білікті, әлеуеті жоғары, интеллектуалын ұдайы ілгерілетуші тұлға деп баға берген. А. Янушкевич Құнанбай аға старшын мәртебесінде болғанымен, оған «би» деген атақты орынды берілгені жайлы оңтайлы пікір айтқан.

Зерттеуші дала халқын «варвар», «тағылар, жабайылар» деген бағаны жиі естігенін айта отырып, ондай төмендету әділдік еместігін дәлелдеп, олардың қылмысты екі жақ дауын шешудегі өнерлерін жоғары деңгейге жатқызады.

Мұндай сот ісін жүргізудегі шеберлікке жетулерінде қазақтардың Демосфен мен Цицерон жайлы хабарлары болмаса да, шешімдерін екі жақ әділетті тұрғыда қабылдайтынына сөз құдыретімен күрделі мәселені нұсқалы шешіп жүрген бұл халықты қалай «варвар», «жабайы» деуге лайық па? - деп, сұрақ қойғаны бүгінгілер үшін үлкен сабақ, әлі де болсын сыртқы саяси ағымдарда, шығыс еліне ожырая қарайтындарға зерттеушінің бұл еңбегіндегі қазақ құқығына берген бағасы, талдауы - нұсқалы жауап.

А. Янушкевич бұл жазбасында мынандай уәж айтады: «Бұл халық ғасырлар бойы тек түкке алғысыз бақташы болуы керек пе? Жоқ!»

Біздердің ресей зерттеушілеріне біржақты қараған тұстарымызға осы халық соты жайлы талдаулар жасау барысында дұрыс еместігі байқалады.

А. Янушкевичтің келесі қазақ құқығы жайлы айтқан тұжырымына мән бергеніміз орынды болмақ:

1) ақиқатқа сыйымды шешім қабылдауда қазақ халқы дарынды, жасампаздық қабілетімен өркениеттен артта қала алмайды;

2) көшпелі болғанымен, бүгінгі таңда ол өзінің бүкіл әлем халықтары ортасынан құрметке бөленері айдан-анық.

Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1937) Торғай облысында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Алаш қайраткері – Абай, Шоқан, Ыбырай, ілімдерін, халқының санасы әлем деңгейіне ілесіп отыруына үлес қосқан біртуар тұлғалық болмысы ерекше жан. Халықтың кімді тыңдарын білмей жүргеніне налыған, ұрынып, жазаға тартылмау үшін олардың бірлікке талпынуларына «Аққу, Шортан, һәм Шаян» мысалын жазған. Аталған үшеуі жүк алған, оны Аққу көкке, Шаян кейін, Шортан суға жұлқиды. Бар күштерін жұмсағанмен, алға жүктерін орнынан да қозғай алмайды. «Ынтымақсыз істің оңбайтынын қиюы

қашқан, 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ елінің бәтуасыз тірлігіне күйініп жазған дидактикалық еңбегі.

«Маса» жинағына енген бұл мысалдары арқылы барынан айрылып қалған елінің тәуелсіздігіне ие болу жолдарын іздеп, «Егіннің бастары» атты мысал жазады.Егінші еккен егінін жас баласымен аралап жүргенде, егіннің бастары дәнге толып, бейне бір тағзым етіп тұрғандай әсер еткеніне автор мән береді. Бірақ баласы бір дара бидайдың көкке қарап тұрғанына таң қалады. Баласының: «Шікірейіп, бәріне төбесінен қарап тұрған бұл бидайдің несі артық? – деген сұрағына әкесінің:» Өзгесі төмен қарап бүгілгенде, ойлама кем екен деп бәрі сонан. Әкесі: «Құр сорайған бұл бидайға сұқтанба!... Бидайлар дән берген қожасына сыйынып тұр.

Басында бұл бидайдың дәні болмай, кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр», деп, адам арасында да осындай кекірейіп, тәкаппарлық жаман қасиет екенін айта отырып, тәкаппарлық данышпанның қалпы еместігін түсіндіреді. Баланың сана сөзін мысал арқылы оятуды ғана көздеп тұрмағаны белгелі. Бұл мысалдың жалпы қазаққа тәрбиелілік, біліктілік күш-қуатының мол екенін байқаймыз.

Халықының бірлікте және мінез-құлқының байырғы дәстүрлеріне сай кішіпейіл болуының өзі олардың бақыт пен құт шақыруына бірден-бір амал екенін ұғындыруды Ахмет Байтұрсынұлы мысал өлеңдерімен түсіндіргісі келген. Соның бір түрі-еліктеу. Тәкаппар мен еліктеу мінездері соқыр сезімдерге жатып, адамның санасын өркендетпейтін нысан екеніне тоқталған Өгіз айдын шалқар көлге келіп, шілдеде шөлін қандыруға беталады. Шөлі қанған өгіз көлдің жағасына шығады. Қөлдің бақаларының ішінде бір көлбақа күншіл болады. Сөйтіп, көлбақа қасындағы көршісіне мен де сондай боламын деп ісіп-кеуіп, қарнын кереді. Жолдасынан: «Толдым ба? – деп, сұрайды. Жолдасы өгізбен оған қарап тұрып: «Жоқ» – деп жауап береді. Жолдасы: «Қалпыңнан әлі тасқан жоқсың» – дейді. Бақаның күштілігі сондай, ол қарнын керіп, екінші рет мен өгіздей болдым ба? – деп сұрайды. Көршіші: «Қалпында қараң менен пормың», – деп жауап береді. Зорланып тағы да су ішкен бақаның жұқа қарны жарылып, сол жерде ол өліп қалады.

Бұл мысал арқылы әр адам өзінің әліне келетін қылық, іс-әрекет жасау керектігіне мән береді. «Әлін білмеген әлек» – нақыл сөз түйінін автор осындай құбылысқа қолданған.

Қорыта келгенде, қылмысқа ұрынудың өзі отбасы немесе жеке тұлғаға ғана тән деу жаңсақтық. Бүкіл халықтың мінді мінез-құлқы отарлау саясатында жамандыққа ұрындыруы мүмкін деп есептеген Ахмет Байтұрсынов есеңгіреп қалған елін «Маса» болып, сана-сезімдерін бұрынғы қалпына түсірмек болып, осындай мысалдар жазған.

Сабит Дөнентаевтың (1893-1933) [139] халқтық дәстүрге қатысты сіңірген еңбегі зор. «Ауырған арыстан» атты мысалындағы арыстанның тырнақтылар арасындағы мықты, соның ішінде, аю, қасқыр, жолбарыс. Бұл суггестивті құбылысқа құрылған. Сол жануарлардың ішінде патша сұлтан ауырып қалып, оның көңілін түлкіден басқасы сұрап, жанашырлық танытады. Түлкінің келмегенін көңіліне алмаса да, қасқыр: «Түлкі жоқ», – деп хабар берді. Оның келмегеніне әжертәур жамандықтар айтып, арыстанның ашуын шақырады. Бұл

хабарды естіген түлкі-екең жылмыңдап жетіп келеді. Сөйтіп, келмеген себебі ауырып қалғаны. Аурудың не екенін біліп отырған арыстан түлкінің қандай дәрімен емделгенін сұрайды. Түлкі қасқырдың артқы аяғының сіңірін тірідей суырып алып жеп едім, соған тәнім жазылды дейді. Қасқырды ізінше шақырып алған арыстан, бақыртып қасекеңнің сіңірін жұлып алады. Екеуі, қасқыр мен түлкі шығып кетеді. Шағыстырудың, сырттай зұлымдықты білдіртпей істеудің өзі де сол қасқырға зиян келтіріп, түлкінің мазағына айналады. Бұндай мысал 19-20 ғасырлардың бас кезінде өте көкейкесті болған.

Қорыта келгенде, шенеуніктерге қазақ қазақты ғайбаттап, арызданып бір-біріне жөнсіз зиян келтіріп жатты. Бұрынғы даланың «Алтын заңы», халықтық дәстүр аяқасты болып, ел ішінде бұзылыс еселене түскен ауыр кездер осы болатын. Кеңес үкіметі орнағанымен, халық арасында алауыздық, жағымпаздық, зұлымдық, алаяқтық, өмірін дырдумен өткізушілік және т.б. адам бойындағы мінді кемшіліктерді мысал арқылы әшкерлеу сол кездің бір құралы екені байқалды.

### 1.2 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұнындағы халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруға билер сотының тигізер рөлі

Бүгінгі таңда халықымыздың құқығын қорғау мәселесінде өз білімі мен нұсқалы шешім қабылдап, мемлекеттік заңдылықтарға қайшы келмеудің қамын ойлау арқылы мақсатқа жету мүмкіндігі бар екенін ескеру көзделеді. Бұл жағдайда, болашақ заңгер ұлттық кодтың негізі халықтық дәстүр деген ұстанымда болуына жоғары оқу орны қолайлы жағдай туғызуы тиіс.

Болашақ заңгердің уәжін арттыру оның өз-өзіне сенімін орнықтыра алуына қозғаушы күш болуы тұрғысында қарастырылады. Кез-келген басына іс түскен адамның тағдырын оңтайлы шешу болашақ заңгерлердің заңдарды білуімен, оның әділ тұстарын қолдауымен бағаланады.

Болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін арттыру үдерісінде білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құрудың мәні ерекше. Білім мазмұны жоғары оқу орнының стандарттары, типтік бағдарламалары, жұмыс бағдарламалары оқулық, оқу құралдары және құжаттары халықтық дәстүр негізінде құрылып, оның бүгінгі сот жүйесіне әсерінің болуын қадағалап қызмет көрсетуде мәнін арттыру ескерілсе, әрбір тұлға өзінің құқығын азаматтық деңгейде қорғауына ынталы боларына мүмкіндік береді [140].

Неліктен Ата Заңнан айрылып, істі болған адамның тағдырын халықтық дәстүр негізі ретінде қарастыру мүлдем жойылды? Бұл сұраққа жауап: 19 ғасырдың екінші жартысында патшалық Ресей Қазақстан аймағын толық қаратып алғаннан кейін басқаруды өз жүйесіне сәйкестендіріп реформалады. Реформаның бастау көзі – 1860 жылдары. Алдымен сот реформасының іске асырылуы қадағаланады. Мұның басымдығы – қазақ тұрмысында ежелден келе жатқан, өзінің тиімділігін талай ғасыр дәлелдеген билер сотын жоюға бағытталған. Осындай халық басына түскен ауыр тауқыметтің алдын алу үшін Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы туралы жазба» атты еңбегін жариялады.

Әдеттік құқық институты жайлы Б.Ә. Әлімжанов [141] ұлттық құқық жүйесін қалыптастырудың факторларына тоқталған.

«Б» ұғымының түріктен шыққан «бек», «бей» сөздерінен шыққанына түсініктеме берген. Бұл орайда, В. В. Бартольд 1913 жылы айтқан пікірін келтірген: «Би» – түрік қауымдастықтарындағы құдыретті, білімдар, байқуатты жанның дәстүрлі титулы».

Бұндай мәртебенің 19 ғасырда отаршыл империялық саясатқа дейін осылай болғанына зерттеуші дәлелдер келтірген. Би статусына өту үшін оған қойылатын талаптарға зерттеуші тоқталған: 1) әдет-ғұрып құқығы нормаларының үтір-нүктесіне дейін білу, шешендік өнерді меңгеру, әділ болу. Мұнымен бірге Қ Әлімжан аталған талаптарға толық жауап берсе де тәжірибе жүзінде оның бәрін дәлелдеп – қажеттігіне мән берген. Бір сотты өткізу арқылы үміткер тағдыры шешілетініне тоқталған.

Б.Ә. Әлімжанов, В.А. Моисеевтің [142] пікіріне сілтеме жасап, билер соты Тәуке ханнан кейін емес, оған дейін де болғандығына орынды тұжырым жасаған.

Қ. Әлімжанның еңбегінде тұңғыш рет «Орташыл қазақ қоғамында» деген ұғым қолданылып, өзіндік ресми билер сотының айрықшылығы неден болуы?- деген сұраққа жауап берілген: «Кеңестік қоғамда аталған сот жүйесіндегі биліктің ықпалы өзгеріп, солғынданып, аты да өзгеріске ұшырайды, нәтижесінде, «ақсақалдар соты» деген атау берілгеніне дәйкті дәлелдер саралаған.

Қ. Әлімжанның бұл еңбегінде әдет-ғырып құқығы жүйесіндегі әділ соттың негізгі мәні-дауласушыларды мәмлеге келтіру.

Қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша меншілік құқығына ие болу және оның тоқталу әдістері жайлы Қ.Ө. Байжанованың [143] тұжырымдарының алар орны ерекше. Зерттеуші қазақ әдет-ғұрпының меншілік құқығына ие болудың барлық әдістер жиынын екіге бөліп қарастырған: бастапқы,туынды. Нәтижесінде, меншілік құқығына ие болудың бастапқы әдістеріне жататындары былай түзілген: жаулап алу; өнімге ие болуы; затқа қайта өңдеу жолымен ие болу; біріктіру арқылы ие болу; мерзімдерге байланысты болу. Туынды меншікке қатысты әдістер: бұрынғы меншік иесінің еркіне, сот шешімдері, заң нормаларына.

Қ.Ө. Байжанованың бұл еңбегінде қазақтың әдет-ғұрып құқығы бойынша меншілік құқығына ие болу мүмкіндігі бүгінгі күнге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Біздің тақырыбымызға тікелей қатысы бар нысан – билер сотының халықтық сипаты. Бұл орайда, Бердібай Рахманқұлдың [144] билер сөзіндегі халықтық сипат ауыз әдебиетінің аңыз-әнгімелерінен тарағандығы, олардың мазмұнына өзгерістер енгізіліп, елдің рухани қазынасына айналатыны жайлы салихалы тұжырым жасалған.

Шешендік сөздердің генезисін айқындағанда, зерттеуші оның Майқы биден, Сыпыра жыраудан, Жиренше шешеннен бастап, 20 ғасырға дейін жалғасқанына дәйектеме берген. Зерттеуші Төле Әлібекұлының, Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлының, Әйтеке Байбекұлының аттары аңызға айналып, бүкіл халықтың үлгісін сомдайтын символика, семиотикасына айналғанына айрықша тоқталған. Мұнымен бірге Бердібай Рахманқұл жоғарыдағы билердің әділдігін ашатын басымдықтарына да зерттеуші философиялық тұрғыда талдау жасаған:

– қазақ бірлігін қалай күшейтуге болатынын ойлаулары, осы жолда сара ақылдысын, қайсарлылық, парасатты әрекет, артына өшпес өнеге, тағылымды дәстүр саралаған тұлғалар екендігі;

– қазақ жеріндегі ертелі-кеш өмір сүрген неше алуан билерден аталған үш бидің өзгешелігі – халық ынтымағын арттыруды өмірлік мұрат деп есептеулері екендігі;

– 1726 жылы Төле, Қазыбек, Әйтекелер Ордабасыда өткен құрылтайының ең шешуші , беделді тұжырымын айтып өткендігі;

– бұл билер өздерінің мүддесінен ел мүддесін жоғары қоюлары;

– елдік мәселелерді шешуде ауыл, ру көлемінің деңгейінде қалмай адамдырдың жеке тұлғалық болмысына, қасиетіне, кісілік деңгейіне қарауы;

– аталған үш би дау-жанжалға төрелік айтқанда ешқашан әділдік таразысынан аттамағандығы, алаштың кез-келген азаматы бұл үш бидің әділет үкімін айтатынын, олардың ел қамын ойлайтынын мойындағаны.

Бердібай Рахманқұл жоғарыдағы аталып отырған үш бидің халық санасынан өшпейтін үш ұстанымдарын саралаған. Оның біріншісі – Қаздауысты Қазыбек бидің әлі би болмай, Төле бидің атқосшысы болып барған кезінде Қалдан Церенге қазақ елін таныстыруға шешендігі ерекше екеніне мән береді: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-берекесі қашпасын деп. Жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басынан сөз асырмаған елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Сен темір болсаң, біз көмірміз,ерітелі келгенбіз, қазақ, қалмақ баласын теліткелі келгенбіз, танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға келмесең, шабысқалы келгенбіз, сен қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз, берсең, жөндеп бітіміңді айт, бермесең дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт».

Бердібай Рахманқұл бұл мәтінді тұтас ұсынуындағы мәні – ол «Қаздауысты Қазыбек би» атағын, лауазымен алмаған жасөспірімнің қалмақ шапқылышылығындағы тұтқындалған адамдарды азат етуіне халықаралық мәселені шешуіне ойы оралымды, тілі шалымды, шешімі өткір тілмен беделге ие болған тұлғалық болмысын онтологиялық тұрғыда көрсете білгенін дәлелдеген.

Үш биді неліктен басқа билерден бөліп алудағы негізгі мақсат не? – деген сұраққа олардың шешендігі әділдікпен бейбіт өмір орнықтыруды ғаламдық деңгейде деп жауап қайтаруға болатынын ескерген абзал.

Екінші ұстанымдағы Төле бидің жұрттың пікірін білу үшін сұрақтарды жұмбақпен құруы.

Қойылған сұрақтар түзілімі:

– Аттың күші қай жерінде? Бұған жұрт әр түрлі бәтуасы жоқ жауаптар береді. Жұрттың ішінен үшінші жігіт: «Аттың күші – алдында да емес, артында да емес, ортасында» – дейді. Бұл дұрыс жауапты Төле би одан әрі сабақтайды: «Аттың күші неге ортасында» – дейді.

Сонда Төле бидің сұрағына әлгі жігіт былай жауап береді: «Бас-басшы, арт-қосшы, астында төрт тіреуі бар, ортасы арқалық емес пе ? – депті. Ал осы даудың төбе биі кім болады деп Төле би тағы сұрағын жалғастырады; сонда әлгі жігіт: «Аға төреші болмайды, алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды, артында қайрылары жоқ, айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығарлық артында інісі бар, екі жағынан да қаупі зор, сол себепті әділ төрелік айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайықты» деген.

Төбе би таңдаудағы шеберлігі бүгінгі сот жүйесіндегі тестілеумен өтілетін миға шабуыл әдісі арқылы өтулеріне де ескеретін үдеріс демекпіз.

Үш бидің үш түрлі шеберлігінің тағы үшінші ұстанымы, ол- ерден ердің несі артық? Оған жауап: «Есептеген сөз артық». «Малдан малдың несі артық? Жауап: «Бір-ақ асым ет артық, көкті бу көтереді, жерді су көтереді, жүйрікті ду көтереді, ауырды нар көтереді, өлімді ер көтереді, ақылдан артық хандық жоқ, жомарттан артық нарлық жоқ, көңіл таза болмаса, тіс тазасы не керек, денің таза болмаса, тіл тазасы не керек».

Міне, осы үш бидің үш түрлі шеберлігінің бірінші – тарихи оқиғаларға қатысты кейінгі ұрпақ санасына жеткен қарымды да тартымды құбылыс. Ол

Қаздауысты Қазыбектің бала кезінде елін Қалден Церенге таныстыруы және Төле бидің бір мәселені үш бидің қайсысы шешуі керек? – деп біздің тілмен айтқанда диагностикалауы, байырғыша жұрттың берген жұмбақты шешудегі тапқырлығын ұшқырлығымен, парасаттылығын байқау мақсатында көпшілікпен өткізген полилогы. Жұршылық тарапынан бір сындарлыққа ат туралы айтқан мысалы. Осы мысалды психология ғылымында суггестивті қабылдауға мүмкіндік беретін құбылыс ретінде түсіндіреді. Аттың алдында қорғаудың жоқтығы, артында да сүйеніштің болмауы, тек ортасындағы төрт аяғы тіректі қызмет атқарып, аттың ортасының мықтылығын көзге елестетіп, Ұлы Жүз де, Кіші Жүз де билік айтпай Орта Жүздің биі бұл көкейкесті сот мәселесін шешуге тиіс дегенді жұрт арасынан жалғыз жігіт топ жарып, өзінің жұмбағын шешіп беру арқылы қай би жарлық жасау керектігін тепе-тең дәрежеде айтып беруінің өзі халыққа арқа сүйеудің дұрыстығын көрсетеді. Алдындағы халықтың сот жайлы жүргізілген зерттеу жұмыстарында ғалымдардың айтып өткен жариялылығының, ашықтығының, демократиялылығының, әділдігінің дәйектемесі осы. Бұл орайда, осындай шеберлікпен ұсынылған ұсынысты, жігіттің жұмбағын дұрыс, оңтайлы сараптаған Төле бидің хақ жолы ғаділетті (әділетті) екенін дәлелдейді. Бұл құбылыс-тұлғалық болмыс бітімін айқындайтын онтология.

Екінші шеберліктері – бүгінгі 21 ғасырға жеткен билер айтты деген жорамалмен жинақталған интеллектуалды әлеует тұғырына құрылған рухани құндылықтар, бүгінгі ғылым тілімен айтқанда, аксиология. Мәселен, «Ақ бөкенім көп жортпа, алдыңда қазулы тор бар, көк тұйғыным, көп шүйілме, алдыңда құрулы тор бар». Бұл ұстаным халқын қауіптен сақтандыру, олардың рефлексиясын бекіте түсу болып есептеледі.

Үш бидің үшінші шеберліктері – тарихтағы әрбір болған оқиғаларға танымдық тағылыммен қараушылық. Егер біздер танымдық тағылым ұғымын бүгінгі ғылыми тілмен айтсақ, гносеология шығады.

Әрбір ауызша жарияланатын нысандарды даралық түрбірінен, генезисінен зерделенсе, кейннен ол өңделіп, әр заман нақышымен көмкеріліп, алғашқы нұсқасынан соңғыға баруына қам жасайтын тағылымдық танымды түберлейтін мағына туады.Тұлғалар осы үш би екеніне мойынұсынушылық аңғарылады. Мәселен, Қаздауысты Қазыбектің қазақ елін қалмақтарға таныстыруы – бүгінгі қазақтың Ұлы Даласының Мәңгілік болуына тірек көзі.

Қорыта келгенде, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры атты «Егемен Қазақстан» газетінде 21.11. 2018 ж. мақаласында басылып шықты.

«Тарихи сананы жаңғырту».

2 бөлімінде: «Көтерілген мәселелер жан-жақты ой елегінен өткізіп, терең зерделеуді талап етеді. Сондай-ақ, біздің дүниетанымымыздың, халқымыздың өткені мен бүгінгінің және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты».

Жоғарыдағы тарихи сананы жаңғыртуға Рахманқұл Бердібай осы билер сөзінің халықтық сипатының бүгінгі рухани жаңғырудың жеті қырына да қатысы бар екенін аталған үш бидің билік құрудағы парасатты шеберліктерінің ұлттық код талабына толықтай келерлік тұстарын зерттеушінің филологиялық сыңайда жарияланған мақаласынан саралап, өзіміздің тұжырым-түйіндерімізді ұсынып отырмыз.

Ж. Дәдебаев [145] өзінің ғылыми мақаласында әдет заңының жүйесін анықтаған. Зерттеуші «қазақ халқының мемлекеттік тарихында ұғымын басқа ғалымдарда кездесе бермейтін мәнде айрықша бөліп алып, оны мәдени-әлеуметтік, саяси-құқықтық маңызының алатын орнын, мәнін, жүйесін анықтап алуды ұсынған. Әдет заңының Тәуке хан тұсында қабылданғанына тоқталып, оның жүйесі сол кезде тәртіптеліп, сот ісін жүргізуде жеті арнаға сараланғанын айқындаған. Зерттеуші «Жеті жарғы» мәртебесіне ие болған Әдет заңының жүйесінің алгоритмін ұсынған: бірінші – халық, екінші – мемлекет, үшінші – жеке адам тіршілігі, олардың барлық бағыты бойынша белгілі өлшемдері, төртінші – қағидалары, бесінші – тұғыры, алтыншы – ережелері, жетінсішісі – заңдары.

Жоғарыдағы жеті жарғының түзілімін жіктеген Ж. Дәдебаев Тәуке ханға дейін де бұл жүйенің қолданып келгеніне күмән жоқ дей отырып, Шыңғыс ханның «Ясасы», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» секілді тарихи ізі бар Әдет заңдарының болғанына дәлелдер келтірген. Зерттеуші Тәуке ханның бұл жарғысының түркі қағанатынан бері келе жатқан желі деуі де шындыққа жанасымды. Егер дейді автор тереңірек іздестірсек, кейбір өлшемдерінің көне үйсін, ғұн мемлекеттерінде, біздің заманымызға дейін де кейін де әдет, салт өлшемдері сапасында үлкен әлеуметтік қызмет атқарғанына көз жеткізетіне дәлелдер келтірді. «Жылнама», «Ханнама», секілді ертедегі қытай жазба ескерткіштерінде бұл пікірді растайтын мәліметтердің бар екенін айтып өткен. Ж. Дәдебаев Ғұн мемлекетінде жерге иеліктің тууы тарихи оқиға негізінде пайда болғанына тоқталған. Ғұн мемлекет жерін көрші елдердің бірінің иелігіне беру туралы ұсынысқа қолдау көрсеткен кеңесшілері мен уәзірлерін өлім жазасына бұйырып: «Жер – елдіктің негізі. Оны қалайша жат елге береміз?», – деп ашу шақырған.

Сөйтіп, осындай Ғұн мемлекетінен бері халық игілігіндегі жер туралы дүниетанымның орнығыуын Ж. Дәдебаев нұсқалы тұрғыда дәлелдеген. Мұнымен бірге зерттеуші «Жеті жарғының» түп тамыры тереңде жатқанына жан-жақты деректерді келтіріп, төмендегідей тұжырымдарды ұсынады:

– қазақ халқының әдет заңының бастау алған қайнар көздері тереңде жатқанын білдіретінін ескеру;

– әдет заңының негізінде халықтың тұрмыс-тіршілігіне көптеген әдеп өлшемдерін саралау;

– қазақ халқының дәстүрлі мәдениет жүйесіндегі әдеп өлшемдерінің озықтығын әдеп заңына негіздеу;

– енгізілген, заңдастырылған әдеп сол халықтың мәдениетін белгілейтін күнделікті және үйреншікті қағида – тәртіпке айналдыру;

– Абай тұсындағы, Абайдың қатысуымен жасалған «Билер ережелері», Қазақстан Республикасының қазіргі шақта қабылданып отырған заңдарының жүйесіндегі байырғы әдет заңының көрініс тапқан өлшемдері мен қағида – ережелерінің кездесетініне мән беру;

– аталып отырған байырғы әдет заңының көрініс табуы ұрпақтардың тарихи жалғастық табуларына мүмкіндік беру екенін еске сақтау;

– нарық заманында, нарықты нарық билеп кетпеуі үшін көне дәурдегі жалғасын тауып келе жатқан әдет заңының жер – су, туған жер туралы заң, баптары бүгінгіге де, болашаққа да қажетті екенін нысанада ұстау.

Ж. Дәдебаевтың бұл мақаласында герменевтикалық қағидамен жазылғанын бағамдап, тағы да басымдық берер тұстарын саралап өту орынды болмақ:

– байғырғы әдет заңында қылмысты іс жасаған қылмыскер қылмыстың салдарынан туған зардапты толығымен қалпына келтіретіні;

– бұл заңның көздеген мақсаты қылмыстыны жалаң жазалау емес, жазалай отырып, қылмысты іс арқылы орын алған зардап пен зиянды орнына келтіру. Жоғарыдағы тұжырымнан байқағанымыз, зерттеуші кісі өлтірген қазіргі қылмыскер тек түрмеге қамалады, отағасынан айрылған отбасына қолдау көрсетілмей, өтеуі қайтарылмайды деген пікір айтады.

Ж. Дәдебаевтың бұл еңбегінде әдет заңына қатысты мынандай көкейкесті мәселенің шешілмей келе жатқанына айрықша мән береді. Зерттеуші бұл орайда, сол шекара маңызды қоныс тепкен тұрғындар бірінде елдің ішкі жағына жайғасып, шекара маңында ел-жұрт жоқтың қасы деген проблеманы көтерген. Бүгінгі әдет заңы бұндай олқылықты шешуге зерттеуші ынта танытулары керек деген ұсыныс жасаған.

Қорытындысында Ж. Дәдебаев мемелекеттік, муниципалдық басқарудың нәзік жүйелерінің жұмысын реттейтін заңы бар құжаттардың әлі де болсын жоқ екеніне тоқталған.

Билер институты туралы М. Мағзумов [146] өзінің еңбегінде қоғамдық қатынастарды рейттейтін әдет-ғұрыптарының, санаға сіңген тәртіппен этикалық, рухани мәдениеттің оңтайлы жақтарын қайта жаңғыртуда қажет деп есептеген. Атадан балаға сабақтасып келген үзіліссіз желінің бұзылмай, «халық» деген мәртебеге ие болуының өзі біртұтас ұлтқа, эволюциялық дамуға,

әлеуметтік дағдарысқа ұрынбай келуіміздің басқа себебін автор бірлік пен ынтымақтастықтың үлгісі деп есептеген.

Билер алқасының дау-дамай, жанжалды ғана қарастырып қоймай, олар азаматтық, рулық, елдік мәні бар мәселелерді де қарастырғанына зерттеуші ерекше мән берген. Мұнымен бірге М. Мағзумов билердің басқаруы өмірдің, күнделікті тіршіліктің қажеттілігінен туындағанына, қазақтың ұлттық табиғатына сай келген құқық деп қарағанына біздер де басымдық береміз.

Зерттеуші билердің сол заман ағымына орай алдарына қойған кредоларды, шеберлікпен шығарылған асыл сөздер: «Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса – жең ішінде. Міне, өз-өздерін және халықты сабырлыққа шақырудың бір амалы ретінде қарастырылған. Зерттеуші қазақ елінде бірде-бір адам итжеккенге жіберілмеген, елде абақты, түрме орнатылмағанына, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде амал жоқ» – деген афоризмдердің де рөлінің болғанын баса айтқан.

М. Мағзұмов билерді беделі мен мәртебелі орнына қарай: 1) төбе би, 2) төтенше би, 3) жеке би, 4) би, 5) аға би, 6) бала би – деп жіктелгеніне мән береді. Сөйтіп, зерттеуші жоғарыдағы түзілген билер санатының өздеріне лайықты функциялары болғанына мән берген.

Зерттеуші Дінмұхаммед Ғазыұлы Сұлтанғазин [147] секілді (1867-1917), кей мәліметтерде 1918 жылдар деп көрсетіледі) заманынан озық туған тұлғаның зерттеулерінен билер сотын тиімді және ізгілік сипатына айрықша мән бергеніне тоқталған.

М. Мағзұмов Ә. Бөкейхановтың еңбектеріне де мән берген. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 21 санында жарияланған «Бас қосу турасында» деген мақаласында қазақ халқының дәстүрлі салтындағы үлкен жиынға әр рудың сөзін ұстап баратын адамның, ақсақал – бидің жұршылық арасынан сайланатын депутат қызыметімен орайлас, салыстырғанына маңыз бергеніне тоқталған.

Бұл мақаладағы ең құнды тұсы деп М. Мағзұмов орыс заңына біржолата бас ию немесе ескі шариғат шарттарын орындау – осы секілді елінің біріне жығылған үзілді- кесілді таңдаудың дәл қазіргі қазақ тұрмысына келмейтіндігін автор Әліхан Бөкейханов «Тағы да би Һәм билік» атты мақаласында айтқанына, заманға лайық екі бағыттың да тиімді рәсімдерін алған жолды жөн көреді.

М. Мағзұмов Шәкәрым Құдайбердиевтің пікірін, ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы, солардың ішінен ең құнды тұстарын сралауды, өмірге келмейтінін түзетуді, бір жоба жазуды ұсынса, нақты қолайлы жол сол болмақ деп өз ойын ашық білдіргеніне тоқталып өткен.

Аталын өткен халық ішінен суырылып шыққан тұлғалардың қарапайым ел-жұрт тәжірибесінен қазылық институты. Табиғи өз болмысымен билік, төрелік айтуы – ұлттық кодтың екінші бір қыры.

М. Мағзұмов бұл еңбегінде төмендегідей бағам жасаған:

– ұлтына адал үш кемеңгер Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің «Жеті жарғысын саралап, дастан жазған Қожаберген еңбегіндегі: Шығайдан соң орнына Тәуке қалды, Кезінде Әз Тәуке деп атақ алды. Қазыбек, Төле би, Әйтеке ақылшы боп; Дейтұғын бидің Жеті жарғы» заң шығарды - деген мемлекетіне,

еліне өлшеусіз рухани үлес қосқан үш саясаткерлердің атқарған жұмыстарына тирихи қағидамен бағалауы;

– Тәукенің 1680 жылы хан тағына отырғанда Хан кеңесіне қарақалпақ Сасық би, Мұхамед би, қырғыздан Көкім би, кіші жүздің атынан айыр тілді Әйтеке би, ұлы жүзден үйсін Төле би, орта жүзден Қаздауысты Қазыбек билердің қатысуы;

– Төле Әлібекұлы, ғылыми әдебиеттерде жазысып жүргендей, 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келіп, 1756 жылы Шыназ деген жерде, ескі Ташкентте қайтыс болды;

– «Жеті жарғы» дастанында Қожамбергеннің Төле биді Тәукемен бір дәрежеге қойып суреттеуіне М. Мағзұмов ерекше назар аудартады: Тәуке мен Төле бірігіп; Қылышты өткір қайраған, Қолын бастап қазақтың.

Қалмақты кейін айдаған – деп, екі бірдей тұлғалы болмысты халқына, кейінгі ұрпаққа танытуы – бүгінгі күнде құндылық.

Зерттеушінің бұл еңбегіндегі басымдық бере тұстары төмендегідей:

– Төле бидің ұзақ өмір сүруі; даналығымен, ақыл-парасатымен, болашақты болжағыштығымен, қазақ елінің стратегиялық қорғанысына үлес қосқан тұлға екендігі, 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығынан кейін «Елге бай құт емес, би құт!» деген ұранның авторы екендігі; Елдің Бірлік, Ынтымақ туын тұтып тұңғыш, дәріптеушісі екенігі; Төле бидің көсемдігі, атақты Батыр; Дұшпаныңа сырыңды айтпа; Түбіне жетер – деген даналық тұжырым – түйіндері.

М. Мағзұмов Қаздауысты Қазыбек жайлы тұжырымы былай болып келеді:

– Жоңғар ханының қиын-қыстау кезінде ақыл-кеңес беретін сыншыл бәйбішесі Қарабастың Қазбекті екі аяқтыға жол бермес, екі жақтыға сөз бермес адам екен деген бағасы;

– 1767 жылы Хан кеңесінде қабылданған «Жеті жарғыны» жазғандардың бірі Алшын Байбекұлы Әйтеке (1683-1767), бабасы Жалаңтөс батырдың әкери мектебінен тәлім алған Әйтеке би қазақ хандығының саяси бірлігін нығайту үшін тәуелсіздікті сақтап қалу үшін Тәуке ханға, бір сардарға бағынған, соғыс өнеріне жаттықтырылған тұрақты халық жасағын құруды ұсынады.

Өкінішке орай, уақытша болса да қазақ жүздерінің басын қосып, өзара татуластырған Тәуке хан қолындағы қарулы билікті әлдебіреуге ұстатқысы келмейді, Әйтеке бидің қолынан кеңесін аяқасты қылмауы. М. Мағзұмов Бұхар жырау жайлы берген бағасымен дәлелдейді:

– Замана данасы, қазақ мемлекетін бүкіл еуразиялық биікке көтеруге үлкен үлес қосқан Бұхар жыраудың кемеңгерлігін «Жеті жарғыны» қатысып, төбе билерден өнеге-үлгі алғанынан ұлт қамын ойлаған біріккен мемлекетінің идеологиясын құраушысы екендігі;

– Бұхар жыраудың бытырап бара жатқан жұртына жол тапқан, барар бетті нұсқалы жобалаған көрегендігінің тереңдегі.

Қорыта келгенде, М. Мағзұмовтың бұл ғылыми мақаласында халық арасынан тәлім-тәрбие алған, парасат-бағамдарын шешендік өнермен өркендетіп отырған билердің мектептері оларға бата беріп, сынақтан өткізген ұстаздарының болуына мән берілген. Нақтылап айтсақ, Қазбек би Бұқарада оқыған ғұлама ғалым Тобықты Әнет бабаның қасына баруы, айлап-жылдап

жатып, қазақтың төл-тума әдет-ғұрпын, шариғат Заңдарын үйреніп, арнайы батасын беруі.

Бұл орайда, осындай мектептен өткен Қошқарұлы Жәнібек – Төле биден, Датұлы Сырым – Малайсары биден бата алуы. Аталып отырған билер сөз құзыретін істі, қылмысты әділ шешудің құралына айналдырған тұлғалар, Елінің мақтаныштары.

Қазақтың құқықтық сот реформасы жайлы Қ. Мәмидің [148] еңбегінде негізгі маңыз берер тұсы:

– Адамгершілік нормалардың жеке адам міндеттерін белгілеуі; оның қоғам алдындағы жауапкершілігін айқындауы; адамгершілік әрекеттерге берілетін баға ар-ұят категорияларының айқындығы; әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған адамгершілік базасының болуы;

– Қазақтардың адамгершілік туралы түсініктерінің өркендеу тұсын құқықпен салыстырудың – түп тамырының ертеден алғы шекте болуы. И. Канттың тағылымымен таразылау барысында қазақтардың әдет-ғұрып құқықтық нормаларын «Этикалық заңнамалар» деуге мүмкіндіктің тууы; Этикалық заңнамалардың сыртқы бола алмауы;

– Қазақтардың билер сотының ең жарқын жағы – дауласушы тараптардың ұдайы ұятқа жүгінуі және әрбір істе кездесетін ымыраға келу шарасының мүмкіндігі И. А. Козлов [149];

– Академик С.З. Зимановтың [150] құқық нормалары о бастан-ақ жазбаша түрде болмағаны, ал олардың кейіннен жазылуы әбден мүмкін-деуінің тереңнен сыр тартуы деп түсінуге болады. - Жазбаша құқық нормалары болмағанымен, билер оны жатқа білгені жалпы тоқталып, билердің жаднамаларының жоғары деңгейде екенін анықтаған;

– С.З. Зиманов: «Қазақтардың әдет-ғұрып құқықтық нормалары мен салт-дәстүрлері үнемі белгілі бір шеңбердің ішінде келе бермеуі. Олар көп жағдайда талдау барысында шартты түрде оны көрсетпеуі»;

– И. Кант [151] тұжырымымен айтсақ: «Әділдік нақылдары бойынша, ең қатал құқық-ең ұлы әділетсіздік» бірақ құқық жолында бұл норма құқықтық талаптарға қатысты болса да, оған бірыңғай байланып қалуға болмайтыны, өйткені, әділеттілік ар сотына тәуелді, ал әрбір құқықтық мәселе азаматтық құқық негізінде шешілуі тиіс».

Қорыта келгенде, Қ. Мәми өзінің еңбегінде бірталай зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына талдау жасап, қазақты сөзден жаңылдыратын, қазақ мәртебесін меңгерген жазушы Г.К. Бельгердің [152] мына тұжырымын келтіреді: «Қазақ поэтикалық сөзбен өскен, сөз қазақтың қаны мен теріне сіңген, қазақ сөздің құнын бір кісідей біледі, орнымен айтылған сөзді бірден түсінеді, сөз астарын біледі, тура мақсатқа бағытталып үдеден шыққан сөз көпке дейін есте қалады».

Жоғарыда басқа зерттеушілерде кездеспеген ой-тұжырымдар сараланды.

Д. Мәсімханұлы [153] еңбегінде де Көне Қытай мұрағаттарынан тамтұмдап кездесетін деректер бағзы замандағы дана бабаларымыздан рухани мұра болып қалған жүйеге түскен заңның болғанын дәлелдейтініне деректеме келтірген. Сол ескерткіштерден Д. Мәсімханұлы: «Таңнама», «Ханнама» деп

аталатын тарихи құжаттарында: «Үйсін Сақ елдерінде күңнің құны бір түйе, немесе он бір-он екі кез мата; құлдың құны бір атан немесе бір ат болады екен. Ол елдің заңында бағып алған баланы құл етуге, сатып жіберуге, кепілге беруге болмайды. Әрі оны ауыстыратын зат құн емес, сүтақы деп аталады.» - деп жазылған.

Міне, осы айтылған тұжырымда Үйсін мен Сақ елдерінің қатысын тарихта кім зерттеді? – деген сауал туындайды. Бұл сауалға Д. Мәсімханұлы жауапты емес. Ғалымның келесі бір тұжырым-түйіні: «Һүндер үйсіндерге ағасы өлсе оның әйелін інісі; інісі өлсе жесіріне ағасы әмеңгерлік ететін заңдары бар еді. Бұл тұқым-жұрағатының құрып жоғалуының алдын алуды, сондай-ақ, рулық тізімді қорғауды көздеген әлеуметтік заң-жарғы еді. Һүндер табиғат құбылыстарына, ата-бабаларының аруағына табынатын. Олардың жүйелі жазуы жоқ еді. Қағаз бетіне түспеген, бейресми заңдары бартұрғын. Мәселен, қылмыс түріне қарай өлімге үкім ету, айыбы үшін мал-мүлкін алу, тәнін кесу, жазалары бар еді»-деп жазылған.

Бұл жағдайда Д. Мәсімханның бұл тұжырымды жариялауының өзі ерлік, бірақ тағы да тарихшылардың «һүн» дегені кім? Оның алты алашқа қатысы бар ма? Міне, осындай күмән тумасы үшін әртүрлі аталыммен, әртүрлі мәліметтерден шындығын ашуға келгенде, тек тарихты зерттеушілер тұғырлы дәлелдер келтіруі қажет.

Әлі күнге дейін бұл көкейкесті мәселе шешілмей келеді. Заңнама зерттеушілері ондай генезисті қопара алмайды, өйткені олардың басымдығы-заңның түркі жұртынан қазақ болып қалыптасқан уақыты мен кеңістігіндегі тұрақталып қалған халықтық дәстүр негізінде құрылған заңдардың әдет сипатындағы мәнділігін ашу.

Бұл орайда, Д. Мәсімханұлының тұжырымдары-біздің зерттеу еңбегімізде тірек-көзі. Ой-пікірімізді дәлелдеу мақсатында біздер аталған еңбектен төмендегідей түзілімдерді сараладық:

– зерттеуші Л.Н. Гумилев [154] «көне түріктер» деп аталған еңбегінде: «Түріктерде. жалпы, өте қатал, тіпті қатыгез құқ заңының өзі әйелді қолдап, қорғаған. Күйеуі бар әйелді зорлаған кісі өлім жазасына кесілген. Қыздың арына қол салған еркек дереу оған үйленуге тиіс болған. Бір қызығы әйелді зорлау ең ауыр қылмыстармен: көтеріліс жасау, опасыздықпен кісі өлтіру; тұсаулы атты ұрлаумен қатар қойылған. Ал жай ұрлық үшін зиян шеккен кісінің пайдасына алар ақысы он есе артық төленген»-деген пікірін орынды келтірген;

– зерттеуші ежелгі Түркі жұртынан қазақ ұлты қалыптасқаннан кейінгі саясаттық жарғыларға мән берген.

– саясаттық жарғыларға автор мынандай анықтама берген: «. қазақ халқының сан ғасырлар бойғы өмір сүру ерекшелігінің, тірлік мәні жөніндегі танымның заң ретінде қалыптасқан кодексі»;

– Қорқыт туралы аңыздарының қазақ халқының салттық жарғысына әсерінің болуы («Өткен іс қайтып оралмас», «Ескі мамық-боз болмас», «Өлген кісі тірілмес»).

Майқы бидің Өзбек, Қарақалпақ, Қырғыз, Түрікпен, Башқұрт, Татар халықтарының да басын қосқан, әрі оларға билік жүргізген адам екендігі. Майқы бидің шығарған жеті түрлі жарғысының жіктемесін Д. Мәсімханұлының түзуі:

– адам құны туралы. Соғыста қайтыс болғандарға құн төленбеуі. Майданда қайтыс болған ерлерге 100 бесті төлеу күшінен қалдырылуы. Кім қаншалық зақым алса, қарсы жақ соншалық төлем немесе айып төлеуі;

– жесірлер мен неке туралы. Неке бұзғандарға қырық дүре соғылуы. Некесі бұзылғандарға олармен өштігі жоқ, есі дұрыс, он екі мүшесі сау үш адам(ең кемінде) куәлік етуі;

– жер иелігі мен жер бөлісу туралы. Кім бұрын иеленіп еңбек етсе, жер соныкі болуы. Жердің шөбі, суы, қыс пен жаз айларындағы қолайлы-қолайсыздығына қарай жердің бағалануы, жер ақысын төлеуі. Ал жер шекаралары ұлы тау қыраттарымен, үлкен өзендермен, жердің өзге де көрнекті беделдерімен жұртқа таныс жерлермен белгіленуі;

– ұрлық туралы. Бұрынғы секілді, ұрлық істердің қол-аяғын шағып, жантүршігерлік азапқа салу түзім күшін жойып, ұрыға айып тағылып, еселеп төлеу және қырық дүре соғуы;

– барымта туралы. Барымтаның өтеген ісі жөн болса да, оны келісімге әкелу, жөнге салуы; Егер өтірік айтып, барымта алса, осы ұрлық-тонау ретінде шешім қабылдауы;

– дау-шарлар туралы. Әртүрлі дау-шарларды анықтауда оған билік айтқанда, кесім жасалғанда, талапкер, даугер, куәгерлерді беттестіріп, куәлік айттыруы; бұрынғыдай, өтірік айтса тілін кесетін, өтірік көрдім десе, көзін ойып алатын жайсыз үкімдерді күшінен қалдыруы;

– мал құны туралы. Майталман жорға, қара үзген бәйге аттардың құны-жүз қой;атан, нар түйелердің құны-жиырма бес қой. Тоқ қара мен атан өгіздің нарқы он қой болса, бір бесті аттың құны сегіз қой болып белгіленуі.

Д. Мәсімханұлы бұл еңбегінде Майқы бидің бұл жеті жарғысын Қасым Хан (1445-1523) кемелдендіргеніне тоқталуы. Қасым Хан, немересі Есімхан (1598-1645) заманында шамалы өзгерістермен «Есім ханның ескі жолы» деген атпен жалғасын тауып отырғанын келтірген. Есім ханның немересі Әз Тәуке ханның (1680-1718) тұсына келгенде 18 ғасырда «Күлтөбенің басында күнде жиын» арқылы «Жеті жарғы» жаңа ұстаныммен келгеніне дәйектеме жасаған М. Нәрікбаев [155] өзінің еңбегінде көп ғалымдардың «Жеті жарғыны» мемлекеттің алғаш жасалған кодексі деуіне қарсы пікір білдірген. «Жеті жарғы» Майқы биден бастау алғанына дәлел келтірген.

Басқа зерттеушілерден ерекшелігі-Ақорда ханы Жәнібек Әздің жарлығын талдап, ондағы әдет заңын бөліп көрсетуі. Мәселен, тұрақсыз неке, жат қылықтарды тыю керектігін айта келіп мұндай ерсі қылық елді бұзатынын, алаш ұранды қазақ бұқарасының болашағының бұзылатынына мән берілген.

Сөйтіп, осындай көкейкесті мәселені шешу бағытында Әз Жәнібек жарғы шығарады. Оның мазмұны төмендегідей: «Жат төсеншік жаман қылық шықса, қара сиырға теріс мінгізіліп, елден аластатылып, жұрт жаман қылықтан осылай арылсын» деген заң шығарып, жеті атаға толмай қыз алысуға болмайтыны;

жөнді-жөнсіз бетімен сүю,бір ыдыстың ернеуінен бірнеше адамның қайыра-қайыра ас ішуіне тыйым салынғаны; Өкінішке орай, М. Нәрікбаев Әз Жәнібектің жарғысы бүгінгі күнге дейін архивте сақталмаған деген пікір айтады. Келесі бір ғалымның ерекше тұжырымы кеңестік дәуірге дейін қазақ қоғамының заңдар ережесін зерттеген Өзбекұлы С. [156] өзге елдер өкілдері А.И. Левшин, S. Anthony, Л.Ф. Баллюзек, М.М. Сперанский [157] т.б. еңбектеріндегі «Жеті жарғы» туралы айтқан қарымды ой-пайымдамалары бағамдалып, өзінің тарапынан тұғырлы пікірлер айтқанына дәйекті тұжырымдар жасалған. Ауыр қылмыс жасаған адам зардап шеккен кезде мал-мүлік беріп құтыла алудың 28 түрлі құн төлеу құқығының мәлімдемесі берілген. М. Нәрікбаевтың бұл еңбегі-өткен ғасырлардағы билер сотының мазмұнын айқындауға мүмкіндік беретін нысан.

Н. Өсерұлы [158] еңбегінде Тәуке ханның үш жүзді жұмылдырып, «Халық кеңесі», «Билер кеңесі» секілді тұрақты ұйым құрып, оның келесі мәселелерді шешудегі іскерлікті ширатып отырғаны жайлы бірталай салихалы тұжырымдар жасаған. Ел бірлігін берік ұстау үдерісіне ықпал еткен билердің бірі Бұхар Жырау екеніне деректі мысал келтірілген зерттеуші мазмұны жағынан «Жеті жарғыны» үшке бөлген А.Б. Ахмеджанов [159]:

Біріншісі - қазақтың ежелгі әдет-ғұрып заңдарын зерделенгені, «Қасымханның қасқа жолы».

Екіншісі - одан соңғы өзгерістер-«Есім ханның ескі жолы».

Үшіншісі - Тәуке ханның дәуіріне сай енгізілген жаңалықтар.

«Жарғы» ұғымына зерттеуші «әділдік», «шешім» деген ұғымды білдіретініне түсініктеме берген. Зерттеушінің бұл еңбегіндегі феноменді тұсы-қазақ халқының Көк Тәңіріне табыну барысындағы санаға сіңіп кеткен ұстанымдарынан тез бас тартпауына дәлелдер келтіруі. Бұл орайда, «Қасымханның қасқа жолындағы» байырғы әдет-ғұрып үдерісіне сүйенген халықтың тума дағдысынан оңай таймағанына көңіл бөлінген. Бірақ қазақ еліне ислам дінінің ықпалы тие бастап, оған өзгерістер енгізілген жіктемемен ұсынған:

1) мүлік заңы (жер-су, мал-мүлік, қоныс);

2) қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б.);

3) әскери заң (қосын құру, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.);

4) елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайылық, сөйлеу мәнері);

5) жұртшылық заңы (шүлен тарату, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.).

Жеті Жарғының заңнамалық мазмұны төмендегі кесте 3-те ұсынылады.

Кесте 3 – Жеті Жарғының заңнамалық мазмұны

| | |
|---|---|
| Бірінші жарлығы | Тәуке ханның «бірінші жарлығын» бізге келіп жеткен бұл дерек растап отыр. Қарапайым ер адамның құны 1000 қой немесе 100 түйе, я болмаса 200 жылқы болса, сұлтан мен қожаның құны – әлбетте, олар халықтың ханы, сұлтаны, пірі – әзіреті болса ғана –7000 қой, болмаса 700 түйе немесе 1400 жылқыға тең |
| Екінші жарлығы | Л. Баллюзек пен Рязанов «Сұлтан тұқымдарының ері мен әйелдерінің құны жай адамдардан екі есе артық» дейді |
| Үшінші жарлығы | Қазақ қоғамында ат мініс көлігі болғандықтан, біреуді ат теуіп өлтіру (біздің замандағы мініс көлігі – машина секілді) жиі ұшырасқандықтан Тәуке хан бұл жарлығын қабылдауы әбден мүмкін. Қазақ мінген атты белдеуге байлайды |
| Төртінші жарлығы | Д.Я. Самоквасов пен поручик А. Аитов та бұл деректі куаттайды. Ал П.Е. Маковецкий әкесі баласын өлтіре алуға құқық беретін ертедегі әдет-ғұрып заңы қазіргі кезде мүлдем жұмсарғанын, әкесі ұлын ұрып жазалауға, үйінен қууға және жалшылыққа беруге құқылы екенін айтады |
| Бесінші жарлығы | Отбасына қатысты осы заңдарды неге қайта күшіне енгізбейміз? Ауыл болып, ел болып бұл тәртіпті мығым ұстансақ несі айып? Халықтың бәрі мұндай тәртіпті қолдар еді |
| Алтынші жарлығы | Қазақ әдет-ғұрып заңы бойынша «ақ баталы жесір» және «ақ некелі жесір» деп бөлінеді. Тәуке ханның алтыншы жарлығы «ақ баталы жесір» жайлы болса, ал А.И. Левшин «ақ некелі жесір» жайлы айтып отыр. Болса да «ақ некелі жесірдің » айыбы «ақ баталы жесірдің» айыбынан әлдеқайда ауыр. Өйткені айыпкер біреудің отбасына қол сұғып, бүкіл рудың намасына тиіп отырғаны ескеріледі |
| Жетінші жарлығы | Ұрының алдын алу, ұрып –соғу жәйттері сұраусыз болған. Қалай десек те, қазақ қоғамында ол заманда үй мүлкін ұрлау мүлдем кездеспеген. Ал мал ұрлау сирек те болсын кездесіп отырғаны хақ |

Қорыта келгенде, болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін халықтық дәстүр әдет заңының негізінде құрудың теориялық мәні бірқатар зерттеушілердің еңбектерін талдау, жинақтау, ұқсасын табу, силлогизм, түзімге салу, тұжырымдарын саралау, идеялардың өзгеріске түсудегі жіктемелік мәні және т.б. әдістермен қарастырылды.

Тағылымдық мәніне халықтық дәстүрдің озықтық тұстары, архаикалық сипаты ажыратылды. Болашақ заңгер халықтық дәстүрдің генезісін, оның тарихи жағдайларын, әрбір ханның тұсында болғанына сәйкес келетініне, келмейтініне сараптама жасалмаса, кәсіби құзыреті алға ілгерілемеуі мүмкін.

Сондықтан жоғарыда қарастырылған ғалым-зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалынып, бір-бірін қайталамайтын феноменді тұстары іріктеліп, оның тіректік тұстарына қорытынды – бағамдар берілді.

Патшалық Ресей реформасының қазақ еліне тигізген бірінші зияны – хандық билікті түбірімен жойғаннан кейін, қазақ жеріндегі билік жүйесін өз қолына шоғырландырып, қазақ халқына жат заңдарды жүзеге асыра бастайды. Мұның бастауы 1865 жылы 5 маусым ІІ Александр бұйрығымен қазақ жерлеріне зерттеушілерді жіберіп, оның табиғи ерекшеліктерін айқындау мәселесін шешу мақсатында алдын ала сараптамалық сұрақтар әзірленеді.

Ізінше қарқындылықпен жерді иелену түрлері, сот ісі, салық мәселелері және тағы басқа қарастырылады. Осындай шұғылынан әкімшілік басқару тізгініне ие болуға қам жасаған патшалық Ресей реформаларына Шоқан Уәлиханов нұсқалы тұрғыда қарсы шығады. Зерттеуші өзінің қарсылығын мынадай түзілімде тұжырыммен келтірген (сурет 7):




Сурет 7 – Шоқан Уәлиханов тың сот реформасына қарсы пікірі

Өкінішке орай, болашақ заңгерлердің біліктілігі мен кәсіби құзыреті аталып отырған еңбекті меңгеруіне жағдай туғызылмай келеді. Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазба» еңбегінде қазақ елінің саяси құқықтық, әлеуметтік-экономикалық тағылымының прагматикалық – тәжірибелік құндылығы бүгінгі сот жүйесіне де жат емес. Шоқан Уәлиханов сот реформасының маңызын айқындау мақсатында 1862 жылғы жаз айларында Орталық, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Баянауыл, Қарқаралы округтерінде болып, қазақ халқының құқықтық қарым-қатынастарын зерттеп, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер туралы мағлұмат жинап, билердің, аға сұлтандардың, байлардың пікірлерін түзіп алады. Шоқан Уәлиханов сот реформасының қаншалықты халқына тиімді екеніне, кемсін жерлерінің нұсқалы тұстарына көңіл бөлуді мақсат тұтқан. Бүгінгі барлық ғылым салаларындағыдай, алған ақпараттарының тағылымдық және қисындық, деңгейлерін, жиналған материалдарын сараптамадан өткізеді. Әрбір аймақтан алған ұсыныстарының жіктемесін төмендегідей түзілімге (кесте 4) түсірдік.

Кесте 4 – Сот реформасының жіктемесі

| Биді сайлау үшін оның мәртебелі тұстары назарға алынады | Билер істерді халық заңдары мен салт-дәстүр лерінің негізінде шешуі | Ресей соты қазақ халқының дәстүріне сәйкеспей, оны олар түсіне алмауы |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| - халық арасында беделі жоғары, мәртебесі биік болуы; | - дала заңдарының ана тілінде басылып шығуын қалауы; | - біріншіден, сауаттылықпен ұғынуы төмен болып келгені; |
| - халыққа адалдығымен белгілі болуы; | - билер өз шешімдерінде халықтың салтынан ауыт қитын болса, оған айып пұл салынуы | - екіншіден, орысша білімсіз дігі |

4-ші кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| - халық заңдары мен салттарын жақсы білетініне көз жеткізеді | - алаяқтық танытса, сотқа тартылуы | - үшіншіден, келген ереженің халық алдында шұғылынан жылдам түсіндірілмейтіні |
| - сот пен тергеуде болмағаны | - билердің шешімдері кітапқа қазақ тілінде жазылуы | - төртіншіден, орыс үкіметіне сенімсіздік танытуынан жауапкершілікті сезінбеуі Шоқан Уәлиханов бұндай сараптама жасауында өз халқын «білімсіз, ақымақ» деуі ол орыс тілін меңгере алмауы екеніне мән береді |
| жасы 25-тен асқан қазақтан сайланады | билердің шешімдері әр бидің қолында болуы | |

Бұндай сот амалдарының сараптамасын қолдау кезінде жалпы халық салғырттық танытып, оның дәлелдемесі негізсіз болып қалады. Бұған Шоқан Уәлиханов мынандай дәйектемелерді тұжырымдайды.

Ресей өкілдерінің әрбір әрекетін қазақтар арасында бостандығымызға, дәстүрлеріміз бен салт-жоралғыларымызға зорлық-зомбылық деп бағалау басымдықта болғанына зерттеуші айрықша мән берген.

Ресей өкілдеріне жандайшап, жағымпаздық танытатын қазақтардың қазақ халқы қоғамындағы мәтебесі биік, бірақ өз мүддесін империялық саясатпен қабыстырған, бірақ олардың идеясы көпшілік қазақтардың мүддесімен қастасып, қарсы келетінін айқындап саралаған.

Шоқан Уәлиханов қазақ даласында патша үкіметінің билік құралы ретінде ешбір қиындықсыз, зерттеусіз даяр тұрған реформасына жергілікті ұлт ерекшелігін ескермей жүзеге асыруға бет бұрғанына қарсы болады. Оны төмендегіден байқау қиын емес:

1) тайпалық дәрежедегі организімді қоршаған орта, ауа райы, жердің өзіне тән табиғи ерекшелігі бірінші болып зерттелуге тиіс. Оның басымдығы табиғи географиялық орта адамдарға әсерін, өмір сүру әрекетін, құбылысы мен әлеуметтік-экономикалық жағдаяттарының тұтастық қағидасына тәуелді болуына мән бергенде, аталып отырған реформалар дұрыс жүргізілер еді;

2) реформа адамдарға уайым әкелмей, олардың өмір сүру үрдісіне қуаныш әкелуімен құнды болмақ;

3) аталған талап – мүдделерге сай келер реформаны қолдау керектігін айта отырып, қазақ халқының ғасырдан ғасырға құпиясы ретінде сараланып келген әдет-ғұрпын, ой-бағам тірлігін, көшпелі елдің өзіне тән тәсілдерін ескермей, күтпеген жерден шұғылынан толып жатқан сатылы басымдығымен, олардың ішінара көпбөлшекті бағынышты құрам бөліктерінен, түрлі атаулы иерархиясы бар бюрократикалық орталықты бағындыру қиын демекпіз.

Ұлттың ұлт болып қалуы олардың алаңсыз, қамсыз, бақытты өмір сүруі деп есептеген Шоқан Уәлиханов сот реформасының қазақ еліне қаншалықты зиян тигізер тұстарын сұрыптап, алдыңғы данышпандардың тұжырымдарына бағаммен саралап, одан төмендегідей түйіндемелер құрған:

1) құқықтың әділетті және әділетсіз болуын аймақтық басқарма мен округтік бұйрықтардың іс-қағаздарынан алынған санақ және тарихи деректемелерді зерттеп, оның оңтайлы және көлеңкелі тұстарын ашқан;

2) реформа мәселелік тудырар нұсқалы ақпараттарымен, болжамдарымен түсіндіруді алдын-ала түйіндеген. Бүгінгі ұлттық кодымыздағы ғасырлар бойы онтологиялық, аксиологиялық, гносеологиялық тұрғыда қалыптасып, оның одан әрі өркендеу траекториясын билер мен шешендердің өнерлері арқылы ілгерілетудегі ұлттың табиғи болмысы, тілі, оның әдебиеті, ділі, діні, білім алуы және тағы басқа туралы пікірлері жіктемемен түзіліп, басқа халықтың ыңғайына өзгермеуін.

Шоқан Уәлиханов сол кездің өзінде көкейкесті мәселе ретінде қарастырған. Империялық саясатпен кірген заң қазақ еліне пайда бермейтініне, оның ел тұрмысының жақсаруына ықпал жасамайтыны жайлы салихалы тұжырымдарды жіктеген:

– қоғамның барлық тұлғаларының материалдық жағдайын өсірудің бірден-бір жолы – экономикалық, әлеуметтік реформалары;

– қоғам тұтас құбылыс, экономикалық сала өз-өзінен ілгері жүрмеуі;

– оның ілгерілеуіне ұйымдастыру, басқару қызметтерін халықтық мүддеге сәйкестендірудің қажеттілігін саралауы;

– экономика мен әлеуметтік саланың қатарынан ұдайы өркендеуіне білім мен ғылымның қосар үлесінің анықталуы;

– экономиканың дамуы адамдардың санасы мен қабілетіне, ақыл-ойы, бағам-парасаты, көңіл-күйі, ықыласына, біліміне, белсенділігі мен еңбегіне тәуелді болып келуі [160].

Бұл орайда, Шоқан Уәлиханов неліктен саяси реформаның алдына экономикалық және әлеуметтік реформаларды қойған? – деген заңды сұрақ туады. Оған жауап: «Сот реформасы туралы жазба» еңбегіндегі әр тұлғаның құқығы сырттай және іштей қорғалса, сол халықтың экономикасы және әл-ауқаты алға қарай ілгерілейді. Олай болса, Ш. Уәлиханов құқықты халықтың және оның көшбасыларының мүдделерін түйістіру, үйлестіру тұрғысында сот реформасы құрылуының қажеттілігін айтқаны олардың тыныштығы мен көңіл-күйлерінің жоғары болуына кепілдік береді. Мұндай мамыражай ортада өмір сүру әр тұлғаның өзіндік табыстылығына қолайлы жағдай туғызары сөзсіз. Сонда сот реформасы адами болмыстың оңтайлы бағытта қызмет атқаруына мүмкіндік жасайды.

Зерттеуші мұнымен бірге сот реформасында назарға ілікпей қалған ғылыми-қисындық қағидаларға тоқталып өткен:

– сот реформасында халықтың өзіне тән қоғамдық тарихи кезеңдері мен үдерістерінің ескерілмеуі;

– халықтың мүддесі мен материалдық мұқтажына қатысты деңгейліктерінің есепке алынбауы;

– халықтың сан ғасырлар бойы өздеріне таныс, сонымен тәрбиеленіп, өсіп-өркендеген заң сырттан телінген, ұсынылған заңнан әлдеқайда айқын екенінің дәлелденуі.

Жоғарыдағы жіктememен берілген ғылыми-қисындық қағидаларды ұсына отырып, Ш. Уәлиханов ағылшын философы, саяси және экономикалық либерализмнің теоретигі Джон Стюарт Мильдің кез-келген халықтың адамдарына жаңа құқық берместен бұрын, бұл қауым адамдарының ақыл-қабілетін, өнегелілігін, саяси сана сезімділігін ғылыми тұрғыда мұқият, жан-жақты зерттеуі қажет деп ой қорытқан. «Жоғарыдағы қоғамдағы қажеттілікке» адамдардың ақыл-ой, бағам-парасат, өнегелілігі, жоғары саяси санасы деген ұғымдарды сыйғызады.

Неліктен экономика мен әлеуметтік реформалар саяси реформалар алдында тұруы керек? – деген сауалға аузы тамаққа жарымаған адамның ақыл-ойы, өзінен жоғары деңгейдегі қоғамнан қажеттілігі мүлдем төмен адамнан нені күтуге болады? Оның жоғалтар ешбір құндылығы жоқ. Сондықтан өзінде жоқты басқалардан тартып алмақ. Тартып алу – зорлық-зомбылық, оның өзі құқық бұзушылыққа апаратын төте жол.

Құқық бұзушылықтың өзі адамның сана-сезімінің төмендігінен, оның ақыл-ой, бағам-парасат деңгейінің шектеулі болуынан заңды бұзушылыққа алып келер іс-әрекет.

Бұдан шығарар қорытынды:

– қабылданғалы отырған реформа сол халықтың ұлттық мінез-құлқына сай келуі;

– қазақтың еуропалық реформаны қабылдайтын перцептивті қабілетін ширату тек алдын ала білімді ғылыми пайымда меңгеру арқылы парасат пен жүйке жүйесін өркендету қажеттігіне мән беруі;

– қисынсыз тағылымға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп, сырттан зорлықпен жасалған реформа адам баласын шарасыздыққа, апатқа апаратынына көңіл бөлуі;

– ежелгі халықтық үлгідегі билер сотына, оның әділетті негіздегі ұлттың мәртебелі тұстарына тоқталуы;

– халықтың тұғырлы өркендеуіне қарай өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі билеуі және өзіндік соты болуы жайлы «өзіндік сот» деген ұсынысының маңызын ғылыми негізде дәлелдеуі;

– қазақ қоғамында би иерархиясына көтерілу көзбояушылық сайлаудың өткізілуіне және оның басқарушы үкімет тарапынан бекітілуіне негізделмегеніне дәйектеменің құрылуы;

– қазақ қоғамының соты заңгерлік құзырет, біліктілік, оны жеткізер жағдаятқа қатысты шешендік өнер, соттық салт-дәстүрдегі терең гносеологиялық, тағылымдық, пайымның өзара сәйкестендірілуінің жүзеге асырылуы;

– билік жасар тұлғаның атағы соттық және қорғаушылық істегі адамдардың даңқы далаға тез жайылып, олардың есімдері барлығына және әрқайсысына танымал болуы;

– дала сотының жариялылығы мен ашықтығы жалпы жұртшылыққа танылып отыруы;

– бидің билігі жұртшылыққа ұнамаған жағдайда, оны қайта сайлану құқығынан айрылуы.

Шоқан Уәлихановтың билер сотын мировой сотпен салыстыруының ескерілуі бүгінгі сот өкілдеріне тиімді екендігіне мән беруіміз қажет. Шоқан Уәлихановтың екі сотты салыстыру барысында құрған тұжырымдары:

1) билер соты әділдікке жақын деп есептеуі;

2) мировой сотты пәк, таза сот деп айтуға болмайтыны;

3) егер сот өз құлқынының қамын ойлаған адамның ырқында кетсе, алаяқтық жолмен, сот тәртібінен, юстициялық құқықтық жөн-жосығынан бейхабар адамның қолына сот билігі көшіп кетуі.

Зерттеуші билер сотын мировой соттан басқа көрші халықтардың заңдарына талдау жасап, қазақтың әділеттілігі оның азаматтық мәртебесінің жоғары екенін дәлелдейтін мысал ретінде зерделеген.

Қазақтың билер сотының заңында еуропалық жаңа кодекстердегідей шегеленіп қалған, адамды шошытарлық шаралардың жоқтығына тоқталған. Оны төмендегідей түзіліммен келтірген:

– дене жазасының жоқтығы;

– қоғамдық өмірді қабылдаудың ашық талқыға түсуі;

– болып жатқан өзгерістерді сезінетінін байқатуы;

– билер сотын жалғыз адамның шешпеуі;

– билер сотына қатысатындарға шек қойылмауы, сөз құдыретінің басым болуы, олардың ақтаушы да болып келуі;

– бидің шағым жасауға да құқығының болуы;

– қазақ билерін ресми түрде ешкім сайламауы, бекітпеуі;

– халық өзі тағайындағанда ғана билік жүргізе алуы;

– билер соты ауызша, көпшілік алдында жарияланып жүргізілуі, барлық жағдайда қорғаушылық қызметке жол берілуі.

Жоғарыдағы таксономиямен жіктелген билер сотының ізгілікті тұстарына басымдық беріп, мировой соттан әлдеқайда ұтымды тұстары сараланып, оның өзгеріссіз қалуына зерттеуші қам жасаған.

Мұнымен бірге, Ш. Уәлиханов мировой судья азаматтық істі жариялылықпен жүргізеді, ал билер соты қараған барлық іске қорғаушы-адвокатура қатыстырылатынын маңызды деп есептеген.

Шоқан Уәлихановтың осындай адам құқығын әділ қорғауға билер сотының ұтымды тұстарын саралап беруін жоғары бағалап, оны болашақ заңгерлердің білім алу нысандарына тірек, субстанция ретінде ұсынылуы әлі де болсын өз мәнінде еместігі зерттеу барысында анықталды. Мұның өзі тек өткізілетін іс-шаралар шегінде қалып қоятыны байқалды. Ұлттық кодтың дұрыс өркен жаюы әрбір қазақ елінің азаматтарын рухтандырып, олардың өз ісіне деген қызығушылық уәжін арттыруға себебін тигізер халықтық дәстүр негізін білім мазмұнына тірек етіп алуды міндеттейді.

Бұл ойымызды нақтылау мақсатында Ш. Уәлихановтың 1864 жылы билер сотының өзгеріссіз қалуына ықпал еткенін дәлелдейтін тағы бір деректеме К.К. Гутковскийге жазған хаты: «Мен билер сотын еш өзгеріссіз қалдыру керектігі туралы жазба жібердім. Менің жобам қабылданып, билер соты бұрынғыша қалатын болды» [161].

Шоқан Уәлиханов әділеттік құқық институттарын дәріптеуі халқының ұлттық психологиясына, мінез-құлқына сай келу тұрғысында түсіндіріледі. Сондықтан болашақ заңгерлердің білімін ұлттық дәстүрге негіздеп, заңның адамға керісінше, дұрыс емес жүргізілуіне жол бермеу бүгінгі сот жүйесіне де қажетті екенін көрсетеді.

Зерттеуші Ресейдің Қазақстандағы отарлық-әкімшілік басқару жүйесінде қызмет атқарған кейбір өкілдері де Шоқан Уәлихановтың тұжырымдарын қолдаған. Орынбор шекара комиссиясының төрағасы болып бірнеше жылдар қызмет атқарған атақты ғалым, шығыстанушы Санкт-Петербург университетінің профессоры В.В. Григорьев патша өкіметінің қазақ еліне енгізген сот реформасына қарсы пікір білдіреді: «Қазақтар орыс заңдарымен басқарылмайды, мұндай басқару біздерден оларды алыстатады» - деп, өз ойын анық айтқан.

Сот реформасын жүргізудің тағы бір қиындығы қазақтардың тіл білмеуі екеніне де зерттеуші ерекше мән берген.

Хандық құрылыс болғанымен, хан өзінің би-кеңесшілермен мемлекеттік ішкі және сыртқы мәселелерін талқылап, оның оңтайлы шешілуіне айырықша мән бергегіне Шоқан Уәлиханов дәлелдер келтіреді.

Қорыта келгенде, Шоқан Уәлихановтай аймақ-аймақты аралап, 100-ге жуық сүбелі де, салихалы сом тұжырым-ұсыныстарды ғылыми-зерттеу сараптамасынан өткізіп, әлемдік деңгейге атын мәшһүр етуі кемде-кем екенін мойындау өте ауыр болып отыр.

Халқының құқығын әділ жолмен қорғалуын асқақтата ұстанған Шоқан Уәлихановтың сот жүйесіне қосқан үлесін білім мазмұнына тірек ретінде алынса, болашақ заңгерлердің рухани өркендеуі толассыз болатыны сөзсіз.

Өкінішке орай, кеңестік тоталитарлық басқару жүйесінде сот жүргізушілері жергілікті халықтың тұрмыс-шаруашылық, әлеуметтік жағдайларымен санаспай ұжымдасу миллиондаған қазақ жұртының ашаршылықты басынан өткізуіне себеп болды.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан ауқымында да жаһанданудың пайдалы тұстарымен қатар зиянды тұстары заң жүзінде ескерілмей, «еліктеу» ауруына шалдығып, халықтың өз өрісінен өркен жайған табиғи рухани құндылықтары аяқ асты болып отырғанына көз жұмып қарау кездесіп келеді

Білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құрудың мәнін арттыруда Тәуке ханның сот құқығының реформасы және «Жеті жарғы» заңдарының атқарар рөлі ерекше. Тәуке ханның хандық мәртебесі 1680 жыл шамасы деп тарихшылар зерттеген. Тәуке хан – ұлт мемлекетін халықаралық деңгейге, иерархиялық дәрежеге көтеруге барынша еңбек сіңірген тұлға.

Тәуке хан ру-руға бөлініп, трайбализммен шұғылданып жатқан халықтың бірлігін сақтау мәселесін шешудің амалын қарастырған. Үш жүздің ханы болып сайланғаннан Тәуке хан елдің тұтастығын сақтау өзінің басымдық міндеті деп есептеген. Өзі өмір сүрген қазақ қоғамының ішкі және сыртқы саясатына, қазіргі тілмен айтсақ, стратегиясы мен тактикасына сараптамалық пайыммен қарап, оны оңтайлы бағытқа бағдарлауды қолға алған – дипломат мәлімгер.

Ру басшыларының таққа, дәрежеге таласып, бір-бірімен қарсыластық әрекеттерін жоюдың амалын құқықтық – сот реформасы «Жеті жарғы» заңымен іске асыруды көздеген.

Жартылай көшпелі қоғамда мал жаятын өрістің тапшылығы, шаруашылықтың басым бөлігі мал өсіру болғандықтан, өңір-өңірге табын - табын төрт түлікті шексіз ұстау қазақ еліне оңайға түспегеніне көз жеткізген

Тәуке хан өзінің заңын құру барысында бұны бірінші мәселе деп есептеген. Үш жүздің жайлауын, қыстауын, күздеулерін қазақ жерінің өзіне тән табиғи ерекшелігін зерделеп, оны әділетті тұрғыда бөліп берген. Бұл заңды үш жүздің айтулы білгір билерінің басын қосып, бәлен айларға созылған кеңестен кейін жайылымдарды географиялық мүмкіндігіне қарай тарихи пайдалану деңгейін зерттей отырып саралаған. Бұрын жерді пайдалануда мұндай еншілік бөлістің болмауы, әр жүздің өзіне тиесілі жері бөлінбеуі олардың бірлікте өмір сүрулеріне кедергі болған.

Нәтижесінде, қазақ даласында жайылымдар, қыстаулар, күздеулер нақтылы аймақтық шеңберде пайдалануға ұсынылды. Жер мәселесін реттеген Тәуке ханның бұл заңдылығының қарымы бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан халқына да пайда келтіруде. Аймақтарға жіктелген Республикаға тиесілі жерлер заң жүзінде бөлініп, бір аймақтың жерін екінші бір аймақтың зорлық көрсетіп, оны иемденуге құқығы жоқ.

Білім мазмұнына осы заңды енгізу болашақ заңгерлердің ішкі саясаттың тұғыры – республика еншісіндегі аймақтық жерлер екеніне назар аудару деп түсінген жөн. Тәуке ханның ішкі саясаттағы келесі бір еліне қосқан сүбелі үлесі – ел басқару, халық алдында өзінің ақыл-парасат, бағамымен, батырлық іс-әрекеттерімен оқшауланатын кемелді де, дарынды тұлғаларды тарту.

Қазақстанның Ұлы Дала қоғамының саяси арналары жоғарыдағы ішкі саясаттың негізінде іске асырылып, ол істің басында халық арасынан топ жарған көсем билер, елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауда ерлік танытқан батырлар бастамашыл іс-әрекетке кірісе бастайды.

Бүгінгі тарихымызды саралап қараған зерттеушілер өз еңбектерінде Тәуке хан тұсында көтерілген билердің мемлекеттік мәселелерді шешу барысында маңызды істер тындырғандарына тоқталып өткен «Билер кеңесі» ұғым енгізіліп, ол ұйым алқалы жиылыстарда көкейкесті мәселелерді талқылап, оның оңтайлы шешілуіне қам жасалғанына мән берген. Сөйтіп, бір қаралған мәселе қайта талқыға түспейтіндей дәрежеге көтерілген. «Билер кеңесі» мемлекеттік құзыретке көтеріліп, оның тұрақты түрде жұмыс істеулеріне мүмкіндік туғызылады.

Ол кезде А. Левшин «Описание киргиз-кайсацких орд и степей» өзінің еңбегінің 14 тарауында қазақ халқының құқығының негізін құрған Тәуке ханның заңдарын түзген. Барлық сақталған зерттеушілердің ішінде А. Левшин Тәукенің «Жеті жарғысының» сипатын толықтай зерделегеніне ғылыми зерттеушілердің басымы тоқталып өткен.

Тәуке ханның қосқан үлесі – бұрынғы феодалдық құрылыстағы заңдарға реформа жасауы. Бұл орайда, Тәуке хан билер мен дақты тұлғалардың арасында атағы мәшһүр болған Төле Әлімұлының да «Жеті жарғы» заңын қабылдау

барысында талқылауға қатысқаны. Тәуке хан өз мемлекетінің берік болуына, оның заңдары әділетті өтілуіне айрықша мән бергені зерттеушілердің еңбектерінен байқалады. Білім мазмұнына бұндай заңдардың болғанына талдау жасап, оның түрлеріне жіктеме беру арқылы кредитті технология талабына сай құрылуы болашақ заңгерлердің ұлттық кодты бойына дарытылуымен құнды болмақ.

Бұндай мәселені жүзеге асыруда біздер төмендегідей жіктемелерді ұсынамыз (кесте 5).

Кесте 5 – Халықтық дәстүр негізінде құрылған заңдардың жіктемесі

| Заңдар | Орындалуы |
|---|---|
| Бірінші орындағы заң | «Қанға қан, жанға жан» кек алу. |
| Екінші орындағы заң | «Ұрлық, зорлық үшін өлім жазасы». |
| Үшінші орындағы заң | «Басына қиындық туған туыстары кісіні өлтірген адамды жазалауға құқылы, қолын, аяғын құлағын және т.б. қай жеріне зақым келтірсе сол жерін кесіп алуға құқылы |
| Төртінші орындағы заң | «Сұлтан мен қажыны мерт еткен жазаланушы өлім жазасынан жұмсартылса, онда құн жеті адамның есебімен есептеледі, егер сұлтан мен қажыны сөз кеселімен кемітсе, мәртебесіне сөзбен дақ түсірсе 9 қара мал, ал ұрып – таяқтаса, 27 қара мал төлеген» |
| Бесінші орындағы заң | «Өмірді жойғаны үшін жазаланушыны өлім жазасынан жұмсартып, құн төлеуге мүмкіндік беру. Мәселен, 17 ғасырда Тәуке ханның тұсынан бастап, әрбір өмірінен айрылған ер адамның құны 1000 (бір мың), ал әйел адамның құны 500 (бес жүз) қоймен теңестірілген. Ол кезде қазақ елінде «ақша» ұғымы болмағандықтан, «құн» «малмен» есептелген. Егер дене мүшелерінен айрылса, нақтылап айтсақ, үлкен саусаққа 100 (жүз) қой және т.б. |
| Алтыншы орындағы заң | «Егер әйелі күйеуін өлтірсе, ол міндетті түрде өлім жазасына кесіледі. Оның басты себебі – отбасының көшбасысы елінің қорғаны ер адам деп есептелгендіктен, күйеуінің отбасындағы рөліне басымдық берілген, салдарынан әйелі оны бақилыққа жіберсе, ол кешірілмеген. Бұл заңнан тек аяғы ауыр, жүкті әйел ғана құтқарылады., бірақ ол қауым алдында жүзі қара, ар – ұжданы жоқ, бұзылған, жау жүрек, безбүйрек аталып, өлімнен де қор болып өтеді» |
| Жетінші орындағы заң | Егер күйеуі әйелін өлтірсе, ол өлім жазасынан құтылып, құн төлеуге мүмкіндік алады. Ата – ана өз балаларын өлтірсе, олар жазаға тартылмаған. Егер заңсыз, некелесу өмірге келген баланы анасы өлтірсе, ол өлім жазасына кесілген |

Тәуке ханның отбасына қойған заңдары өте қатал болғаны жайлы А. Левшин толықтай дерлік тоқталған. Бүгінгі таңда әйел заты ер адамның кейпіне түсіп, имиджін өзгертіп алады. Біздер өткен 17 ғасырдағы аталған заңдарды көксеп, оны қайта жаңғырту деген ойдан аулақпыз, десек те, алдыңғы толқын апаларымыз қандай қиындықтан, соқпақ жолдан өткендеріне аз да болса, маңыз беріп көрсек, бүгінгі таңда ер адамдардың табиғи болмасынан

ауытқуына себеп болу жағына көніл бөліп, оны өзінің қалпына келтіру тұстарына мән берсе, алдымыз ашық, жарқын болары хақ.

Қорыта келгенде, А. Левшин және басқа да зерттеушілер Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп неге аталады дегенде жауап таппағаны байқалады. Біздердің жіктемемен берген Тәуке ханның тұсындағы тағы да бірталай заңдарды жалпылама түзілімге салуымызға болады:

1) өзін өлімге қиғандардың мәйіті жалпы зираттан бөлек қойылады;

2) егер әйелді күйеуі салт атпен келе жатып, аяғымен теуіп ұрса, онда әйел одан кем баланы өмірге әкелсе, күйеуі жазаланады. Бала бес айға келгенге дейін, әр жыл бойы ол бір жылқы береді. Бестен тоғыз айға дейінгі бала кем туса, әрбір ай сайын күйеуі бір түйе төлейді.

Қыз баланы зорлау өлім жазасына кесіледі. Күйеуі бар әйел жүріс жасаса, оны өлім жазасына кескен.

Бөтен адам күйеуі бар әйелді ұрлап әкетсе, ол өлім жазасына кесіліп немесе құн төлейді. Қан алмастыру өлім жазасына кесіледі.«Алланы», «Құдайды» алмастыру, нақтылап айтсақ, өзі мұсылман бола тұра, басқа дінге еніп кетсе, ол жеті айыпты дәлелдейтін куәгердің алдында өлім жазасына кесіледі. Ол жаза жеті таспен атылып жүзеге асырылады. Байқап отырсақ, «Мировой сот» Шоқан Уәлихановтың реформаға сын айтып, оны билер сотының өзгеріссіз қалуымен қабылданбағаны бүгінгі өсіп келе жатқан жеткіншектердің моральдық-этикалық нормада өсуіне қозғаушы күш. Ауытқып, ұлттық тамырымыздың, кодымыздың басқа бағдарға бұрылып кетіумізбен түсіндіріледі. Қаншама жас қыздарымыз ұятты ысырып тастап, некесіз бала әкелу, бала қажет болмаса, одан әртүрлі жаман жолдармен құтылу, өлтіру, балалары әке-шешесіне қол салу, неше түрлі адамның аузы бармайтын күнәларға бату, дінді секталарға бөліп, террористік қылмыстарға бару секілді мәселелер туындап өтырғаны жан күйзелісін келтіреді.

Егер болашақ заңгерлер бұрынғы «Алтын ғасыр» қоғамының әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде құрылған Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» жай танысса, ол заңдарды қайта жаңғырта алмаса да ұлттық рухани тазаруды, ұлттық кодты сақтауымызға біраз үлес қосары сөзсіз.

Болашақ заңгерлердің дүниетанымын «Алтын ғасыр» заманындағы құқықтану тұрғысында дамытуға А. Левшин мен Шоқан Уәлихановтың еңбектерін меңгерулеріне бір топ зерттеушілер нұсқалы да салихала ғылыми жұмыстарын жариялады. «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары.

Аталған еңбектердің I томында 19 ғасырға дейін сақталған билер сотының ежелгі көне дәстүрлерін сақтап, оның әділдігі мен жариялығы қатысушылардың шығарылған шешімге дат алмауларын қамтамасыз етіп отырғаны жайлы А.Е. Алектров [162].

«Істі қарастыру кезінде би және ақсақал дауласушыларға асқан әділдік танытуды өзінің қасиетті парызы санайды. Ол екі жақтың дәлелдемелерін әбден тыңдап болған соң ғана өзінің әділ шешімін жариялаған және ол шешім міндетті түрде орындалған» – деп жазды. Міне, осы пікірдің өзінен билер

сотының әділ шешім қабылдап, екі жақтың уәж айтуларына мүмкіндік берілмейтіні, даудың ұзақ уақытқа созылмайтыны байқалады.

Осы І томда А.Е. Алекторов пен Шоқан Уәлихановтың еңбегінен билер соты жайлы тұжырымдарын байқадық. Біздер А.Е. Алектровтың пікірін жоғарыда келтіріп өттік. Ал Шоқан Уәлихановтың пікірі: «билердің беделі Европадағы ақындар, ғалымдар, адвокаттар сияқты өздерінің жеке бастарының қасиеттеріне байланысты болған» – деп, өз ойын ашық айтқан.

Академик С.З. Зиманов: [163] «Қазақ құқығының қалыптасып, жүйелі түрде дамуына алғы шарт болған үш факторды баса айтқан жөн. Олар: – қазақтар және олардың ата-бабалары мекендеген Еуразиялық континенттігі жердің байтақ кеңдігі.

Олар өзінің мәдени демократиялық, әдеттік-құқықтық дәстүрлердің өзін ала келді. Осы ұлан байтақ кең далада соғыстар мен жаугершілік рухы бейбітшілік өмірге ертерек ауысты». – деп тұжырымдаған. Бұл тұжырымнан біздер болашақ заңгерлердің білім мазмұнына «Алтын ғасыр» заңдылығын санасына сақтауына академик С.З. Зимановтың қазақ құқығының қалыптасып, оның жүйелі нұсқалы тұрғыда ұдайы өркендеп отыруына аталған алғышарттары себеп болғаны – қозғаушы күш. Білім мазмұнына А. Байтұрсыновтың пікірін келтіріп өткен жөн: «Бұрынғы әділ билердің қолында билігі қазақтың неше түрлі дертін жазатұған жақсы дәрі еді, бұл күнгі арам билердің қолында дәрі болмақ түгіл, у болып жұғып тұр. Дәрі жаман ба, дәрігер жаман ба? Дәрі жаман болса, басқа дәрі алу, дәрігер жаман болса, басқа дәрігер шақыру дұрыс емес пе?

1822-ші жылы устав шықпастан бұрын қазақ билігі ( соты) өзінде еді, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Ол кезде сайланған би жоқ, қазақтың қадірлі, халық қалаған билері билік айтушы еді. Биге екі жағы келіп жүгініп бидің әділ саналып, оны бұзамын деу болмаушы еді. Қазақтың мұндай билері, ілуде біреу болмаса, қиянат билік айтпаушы еді. Қазақтың бұрынғы тұрмысы – рәсімі өзгере бастаған соң, халық руға бөліп көбейе бастап, бытыраңқы тәртіп әр ел шаруасының ыңғайымен әр жерді мекен етіп, бұрынғы жұрт тегіс сыйлайтын тура билер азая бастады.

А. Байтұрсыновтың бұл пікірі билер сотының адамгершіліктің берік болуына, адамдардың қылмыс жасаушыларға немқұрайлы қарамаумына, билер сотының турашылдығына сенімнің беріктігі секілді көрсеткіштер айқын айшықтала дәлелденген. Қазақстанның саны көбейіп, шашырап кетуі. Қ. Сатпаев: «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары, білімі бар», Тура сөзді « әділ жарғыға» сансыз адамның батасы тимекші. «Батамен ел көгереді» дегендей, сондықтан қазақ сияқты көпшіл елде қашан да ханнан гөрі бидің қадір-қасиеті басым болады. Ханның арқа сүйеуі жарасымды бимен табылады. Бисіз хан оңбайды, хандықпен қатар қырағы билікте бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресіне атын қалдырады. Алты алашқа мәлім ескі жолды Есімхан, қасқа жолды Қасымхан, тура жолды Тәуекел хан, Жеті жарлығы Әз Тәуке, ер Абылай – бәрі де осындай хандык пен билікке қатар ие болған «қасиетті адамдар». Академик Қ.И. Сатпаевтың [164] 1927 жылы Ер Едіге атты еңбегі Мәскеуде жарияланған, кеңес үкіметінің

алғашқы жылдары осындай қазақтың билер соты жайлы өткір де ақиқатты пікір айту ғалымның өз еліне деген сүйіспеншілігін, зерттеушілік парызын танытады. Бұндай пікірді түсінген болашақ заңгер білім мазмұны арқылы өзінің патриоттық көзқарасы сот жүйесіне парадигмамен жаңашылдықпен қарауы арта түспек. Аталып отырған І томда М. Әуезовтің пікірі:

«Билер айтысының қазірде барлық түрлері жиналып болмағандықтан, екінші бұл түрдегі айтыстар ерекше көп болғадықтан, бұл күнде түгел жіктеп, бөліп қоюға болмайды. Сондықтан, қазіргі қандай түрлері кездесетінін айтамыз. Осы бетпен қарастырғанда билік айтыстары: бірінші – дау мен билікті қоса айтып, ру жігінің намысын қорғаған. Мысалы, Бұхар Жыраудың Керейге айтқаны: «Керей қайда барасың, Сырдың бойын көбелеп.

Екінші – екі биді әділ билікке таласып айтқан талас сөздері. Мысалы Ақтайлақ пен Солтанбай билігі.

Ақтайлақ: Бай қонысын сұрасаң, Батпақ сулы даласы. – деп өзінің кеудесін түртіп:. Сен төрт кісі күмән ұстатсаң, Мен тоқсан түйе құн кестім, Сөзімнің болса расы. ( Бұны Солтанбай ұнатпайды).

Үшінші, арбасын ырғалтып жұмбақ пен, тұспалмен айтысатын талас билік, - мысалы, Қараменді мен Кеңдібай билігі.

Төртінші, дау мен билік тұсында, не жамандап, не мақтап айтатын сөздер.

Қорыта келгенде, Сарыбайдың Солтанбай төреге айтқаны, жоғарыдағы академик М. О. Әуезовтің билер айтысы арқылы мәселелерді шешуі жайлы пікірі ерекше. Академик М. О. Әуезов билердің дау-дамай шешудегі жанрлық ұстанымдарына төрт түрлі жіктеме жасап, сөз құдыретімен арадағы қастастықты, кекшілдікті, жеккөрушілік секілді адамдардың бақыты мен берекесін кетірер кеселді мінез-құлықтарды айтыс өнерімен түзету шеберліктеріне тоқталған. «Алтын ғасыр» атанған қоғамдағы адам тағдырын шешудегі адалдық пен сенімнің турашылдығына, нұсқалылығына мән берген. Дәл осындай ғылыми-әдеби тұрғыда билердің рухани құндылықтарын әдеби кеністікте кездестіру қиын. Өкінішке орай, бұл ғылыми тұжырым да білім мазмұнына енгізілмеген.

### 1.3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттырудың әдіснамалық негізі

«Әдіснама» ұғынымы сөздікте былай түсіндірілген: әдіснамалық білімнің құралы төрт деңгейден тұрады: философиялық, жалпығылыми, нұсқалы-ғылыми, және технологиялық.

«Әдіснама» белгілі бір ғылыми нысананы зерттеу барысында тақырып таңдау үшін бағыттарды анықтауда бірқатар зерттеушілердің еңбектерін қоғам өзгерістеріне орай талдап, оған тұжырым – қорытынды жасау дегенді алға қоятын таным тағылымы.

Тақырыпты таңдау қиындық тудырған сәтте алдыңғы талдаудағы жетімсіз, көмескі қарастырылған мәселелерден қайшылықты сұраным өткірлігіне сәйкес зерттеушілер еңбектерін трансформациялауда саралау қызметі тақырыпты нұсқалы құруға бағдарлайды. Ғылыми жұмыстың түр-түрін орындау үдерісінде зерттеушінің таным тағылым қағидаларының, категорияларының құрылысы бірінші деңгейде философиялық пайымдар зерделеніп, оның әдіснамалық

негізін қалайды. Бір сөзбен айтқанда, зерттеуші бұл әдіснама функциясын философиялық біліктікте орындайды деп түсіндіреді А.И. Васюков.

Екінші деңгейде жалпы кейнгі ғылыми деңгейде тағылымдық тұжырымдар, былайша айтсақ, өтілетін пән (оқулық, оқу құралдар, элективті курс т.б.) екеніне зерттеуші мән берген.

Үшінші деңгейде нұсқалы-ғылыми әліснамада зерттеу үдерісіне тиімді қолданылатынын қағидалар, заңдылықтар, ережелер деген пайымдама жасаған. Нақтылағанда, бұл деңгейде қарастырылып отырған пәннің ғылым ретінде нақтылы әдіснама көкейкесті мәселелікті зерттеу еңбектерін талдау барысында айқындап, ғылыми-тағылымдық танымның арнайлы аумағын ашып, оның сауалнамалық жүйесіне жауаптарды алгоритмдік тұрғыда тауып, педагогикалық зерттеудің тұтас нұсқасын модельдей алуына зерттеуші дәлелдер келтіреді.

Төртінші деңгейде А.И. Васюков әдіснамаға тоқталып, оның технологиялық, эмпирикалық, материалдық дәйектілігін нақтылаудың процедуларын ұсынады.

А.И. Васюковтың «әдіснама» ұғынымының 4 деңгейі бұрын арнайы қарастырылмағаны байқалды. Десек те, кейінгі «технологиялық деңгейндегі» эксперимент жүргізуде ғана технологияны эмпирикалық деңгейде қарастыру жетімсіз. Өйткені «технология» сөздікте «ойлау өнері» деген ұғымды бірдірсе, ол барлық деңгейде қоладанатыны сөзсіз.

Технология – бұл ойлау өнері, шеберлік, біліктілік, әдістемелер жиынтығы, яғни гректің өнер, шебер деген сөзінен шыққан. Қазіргі таңда оқытылатын пәндердің балалардың болашағы, таңдайтын мамандығына қарай бағытталуына, яғни, мақсатты білім беру ісіне ерекше назар аударылуда. Сондай-ақ, «ойлау өнері» жеке тұлға, яғни, дарынды шығармашылық тұлға қалыптастыру, білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы болып отыр. Кәсіпке дайындау, мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселелер. Технология оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді. Технология (грек тілінен, шеберліктен, шеберліктен және грек тілінен үйренуден) қажетті нәтижеге жету үшін әдістер мен құралдар жиынтығы; Берілгенді қажетті түрге айналдыру тәсілі.Технология - кең мағынада - экономикалық ресурстардан тауарлар мен қызметтерді өндіру үшін пайдаланылуы мүмкін білім көлемі. Технология - тар мағынада - өнімдерді өңдеу, материалдарды өңдеу және дайын өнімді жинау, сапаны бақылау, басқару процесінде заттардың, энергияның, ақпараттың трансформациясы. Технология әдістерді, техниканы, жұмыс режимін, операциялардың тәртібін және рәсімдерін қамтиды, ол құралдармен, жабдықпен, пайдаланылатын материалдармен тығыз байланысты.

Мұнымен бірге, эмпирикалық, эвристикалық, проблемалы-зерттеушілік, шығармашылық, креативтілік, эзотерикалық деңгейлерді айқындау процедуларына қолдынылатынына маңыз береміз.

Әдіснама ЖОО нда педагогика ғылымында әрекеттік, функционалды сауаттылық аясында іске асырылатын негізгі қызметтермен айқындалады, түсіндірмелі-герменевтикалық бейнелеуші-суггестивтік, диагностикалық-

стохастикалық, жобалаушылық-проектілік, құрастырушылық-модельдік, түрлендірушілік-метаметодикалық қызметтер атқарады.

Біздер болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруда алдымен олардың әрбір модульдік білім меңгеруі құбылыстар мен үдерістерді зерделеуіне эмпирикалық деңгей өрісінде қарастырамыз. Сол секілді істі болған және оған арызданушының материалдарын ізденісті-эвристикалық тұрғыда зерттеу көзделеді. Үшінші оның проблемалық мәселеліктері зерделеніп, ақиқатты пайымдама құрылады.

Келесіде, болашақ заңгерлердің өзінің шығармашыл өрісімен тұжырым жасайды. Стандарттан тыс бағалау креативтік зерделеу, бұл орайда, болашақ заңгерлердің дәлелі тұғырлы, ол ешбір құжаттарда кездеспейтін пікір, бірақ оны дәлелдеу арқылы екі жақты бітімдікке келтіре алады. Эзотерикалық деңгейде бір құдыреттің бар екендігіне жүгіндіріп, екі жақтың жөнсіздігін мойындату. Біздердің бұндай пайымдамаға келуімізге классикалық философ-данышпандардың еңбектері көмекке келді [165].

Осындай тұжырымдарымызды нақтылап бекіту мақсатында біздер бірталай зерттеушілердің еңбектерін талдап өттік.

Қазіргі адами-тұлғалық болмыста ізгілікті ұстанымнан гөрі алаяқтық, «өзі егін екпеген жерден өнім алу», өз-өзіне адал болу мәселесін көкейінде ұстамау және т.б. көлеңкелі мінез-құлықтағы кәсіпке ие болған адамдарды кездестіруге көндігіп қалдық. Бұның өзі-түбінде халық болып қалуымызға үлкен кедергі. Осындай болашаққа бөгет болар үдерістің алдын алып, оны болдырмаудың амалы – жоғары оқу орнында оқу-тәрбиенің көкейкестілігін әр сала бойынша анықтап, тұлғалардың ізгілікті ұстанымда болуларына мүмкіндік туғызу – олардың қажетсіну уәжін өздігінен ұдайы арттырып отыруларына қолайлы жағдай жасаудың тағылымын құру.

Білім мазмұнын халықтық дәстүрге негіздеу теориясы қажетсіну уәжді арттырудың әдіснамасын құрайды. Бұндай маңызы жоғары мәселелерді зерттеген еңбектердегі ізгілікке тоқталу орынды.

Әлемде екінші ұстаз деген мәртебеге ие болған Әбу Насыр әл-Фараби қажетсіну уәжді интеллектісіз зерделеу мүмкін еместігіне дәләлдер келтіріп, онтологиялық, болмыстық ерекшеліктердің деңгейлерін анықтап, интеллектінің төрт түрлі құрылымын зерттеген, «Интеллекті» ұғымын қолдануда түрлі мағынаны білдіретінін ашып көрсеткен. «Интеллекті» бір жағынан «парасат» дегенді білдірсе, ал келесі жағдайда мутакаллимдердің үнемі айтысқа қатысқанда қолданатын ұғымы деп түсіндіреді. Бұл ұғымды тұңғыш зерттеген Аристотель дей отырып, философтың «Дәлелдеме», «Этика», «Жан туралы, «Метафизика» еңбектерінде жан-жақты зерттелгеніне талдау жасап, өзіндік тұжырымдар түзілілімін ұсынған. Біздер де бұл тұжырымдарды негізге алып, Әбу Насыр әл-Фарабидің «парасат» ұғымына берген төрт құбыласының маңызды тұстарын таксономияға, яғни түзілімге төмендегідей түсірдік.

1 Әлеуетті интеллект:

- дүниеде кездесетін формалардың дерексіздігі;
- материалдық емес бұл формалар әлеуетті формаларға айналып кетуі;

- өзі тәуелді субстанцияларға дерексіз формалар интеллекциясын танып білетін нысандарының болуы;

- бір затқа таңба түсірілсе, оның парқын форма арқылы танып, сол формалардың қалай пайда болғанын бағамдай алуы.

2 Актуальды интеллект:

- субстанциядан формаға айналып, ол таным арқылы дерексізге ауысып, пайымдағыш нысаналары осы парықша жүзеге асырылуының көкейкестілігі;

- бұрын оны әлеуетті ителлекті деп танылса, енді ол өзінің мәнінен айрылып, оның орнына басқа әлеуетті нысананы зерттейтін қажеттілік уәждің болуы;

- «парық» деген ұғым «мағынаны білдіреді», сөйтіп нысаналар өзара формаға бара-бар болып, зерде жетерлік шекарасының туып отыруы.

3 Әрекетшіл интеллект:

- әрекетшіл интеллектінің ешуақытта материяда болмағаны;

- формалардың бір-бірімен байланысы жоқ дерексіз ұғымның адамға қатысты, физикалық нысанаға тәуелді үдерістің тууы;

- әрекетшіл интеллект дүниеде бар нәрселердің ішінен алдыменең өркен жайған нысаналарын танитындығы, қажетсіну уәжде әрекетшіл интеллект біреу ол – жинаудың қолданылуы;

- белгілі нысаннан белгісізге қарай жүретін болғандықтан, өзіндік кемелді болмыс біздер үшін белгісіз болғандықтан, оны меңгеру, оны тану мақсатында білім жетімсіздік дәрежені көрсеткендіктен, әрекетшіл интеллектіде бұрынғы алгоритмнің жойылуы.

4 - жүре келе дарыған интеллект:

- актуалды ителлектіні пайымдалғыш нысанаға айналдыратын іс-әрекеттің тууы;

- адамның ителлектісінің үздіксіз өркендеуін қадағалайтын рефлексиялық ұстанымның пайда болуы. Бүгінгі тілмен айтқанда, ойлау өнерін арттырудың траекториясын геометриялық прогрессияға айналдыруы.

Қорыта келгенде, Әбу Насыр әл-Фарабидің қажетсіну уәждің бұл еңбегінде негізі интеллекті екеніне дәлелдер келтіріп, оның 4 құбыласын жоғарыдағыдай мәнде зерттеген. Біздер данышпанның еңбегін таксономияға түсіріп, оның бүгінгі заман талабына сай тұстарын бернеледік. Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін арттыру үдерісінде қолданылатын әдіснама негізіне «әдіснама» ұғымын анықтап алу көзделеді.

Тақырыпқа сай педагогика, психология ғылымындағы білім мазмұнын халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруға қызмет етер заңдылықтарын анықтау, зерттеушілердің еңбектеріндегі ілгерілеу траекториясын бағамдау, оның зерттеу нысанына байланысты тиімділігін сараптау және нұсқалылығын айғақтайтын қағидаларын нақтылау, функциональдық-сауаттылығын, семиотика, семантика, синтактика – секілді ішкі құрам-бөліктерінің алгоритмдік парадигмасын құру және аталған мәселелерді шешудегі әдістерді саралау.

Бұл орайда, әдіснамалық негізді қамтамасыз етудің мақсаты – тақырыпқа сәйкес келерлік нұсқалы ғылым саласындағы зерттеу қызметін негіздеу

үдерісіне пайда келтірер ғылыми білімді ұтымды пайдалану. Сол себепті әлемдегі екінші данышпаннан кейінгі алгоритмдік парадигмаға сәйкес келер философиялық тұжырымдар құзыретімен онтология, гносеологияға үлес қосқан Қожа Ахмет Иасауи екені байқалды.

Қажетсіну уәж мәселесіне Қожа Ахмет Иасауи сопылық дәстүрді ислам дінін меңгеру құралы ретінде ұстанған, түркі жұртына діндегі ғылыми түсініктерді бәйіт жанрымен таратушы Құдыретке Жан, Тән, Рух тазалығымен махаббатыңды білдіру қажеттілігіне қатысты сегіз қырлы болуды ұсынады. Пайғамбар жасынан асып, бұл фәнидің қызығына нәпсілікті арттырмау мақсатында жердің астына түсіп, бірталай еңбек жазғаны жайлы аңыз бары жаңалық емес. «Диуани хикмет» кітабында мұсылман дінінің қағида-шарттарын, парыз-қарыздарын бәйіт ұйқас өрілімін сақтай отырып, 4 құбыламен жіктейді: шариғат үйрен; тарихат үйрен; мағрифат үйрен; хақиқат үйрен.

«Онтология» ілімі-адамның болмысын зерттейтін ғылым. Соның ішінде, Қожа Ахмет Иасауи тұжырымдарының басымдығы Ізгілік әлеміне бейімделудің бір жолы ғылымға қажеттілікті арттыруына Құдыретке адал болу, махаббатпен әрбір істі тағылымдық таныммен, гносеологиялық зерттеліммен басынан аяғына жеткізу, түзу ниетке бағдарлау, өзіңнің деңгейіңді арттыруға мәжбір ету деп есептеген. Ислам дінінің ғылымын халқының қажетсіну когнитивтік түсінігіне бейімдеп берген данышпан «Рисала» трактатанда аталған 4 құбыланы терең зерттегені байқалады. Әрбір құбыланың сарын-мақамы, мәні, өмір сүрудегі түзу жолға түсуінің он-оннан талдамасы ұсынылған.

Қажетсіну уәждің басымдық мәнін адамның имандылыққа бейім болуы деп санаған. «Иман» араб ұғымында «сенім» дегенді білдіреді. Егер қажеттілігіңді ғылыми топшылау адамның біліктілік санасымен жүргізілсе, онда оның сенімі мол болмақ деген ой-пікірді де осы еңбегінде айтып өткен. Сопылықтың индикаторы адам өзінің нәпсісін барынша тыйып ұстауы екеніне де Қожа Ахмет Иасауи мән берген. Имандылығын нұсқалы құрудың сегіз қыры: тәубашылық, ғибадатшылық, махаббатшылық, сабырлық, шүкіршілік; ризашылық, заһидшілдік (анықтық).

Бұларды біздер бір нүктеге түйістіріп айтсақ, адам табиғаттың кілтін басқарып тұрған Құдіретті Алланы танып-білу үшін не істеу керек, қандай уәжіп, парыздарды орындау қажет дей отырып, сондай-ақ: адамгершілік, әділдік, адалдық, мейірім, рахым, Аллаға деген сүйіспеншілік сияқты мәселелер сөз болады. Әсіресе, Пайғамбар ұстанған ғаріптік жолына ерекше мән береді. Оның мән-жайын сараптан өткізеді.

«Ақыл кітабы» – бір жағынан философия, антропология, физика, математика, сөз құдіреті т.б. жайлы Құдырет тілінде жазылған Ата Мұра, Асыл Қазына, Рухани Азық. Дәл осы мәселелер ел тарихының беттерінде Қожа Ахмет Иасауиға дейін де, кейін де ұрпақ мүддесіне өшпестей насихатталып келеді. Міне, біздер сол тарих іздерінен ең қажетті деген Асыл мұрадан қажетімізді ала білуіміз керек дейміз. Қожа Ахмет Иасауи көшпелі қыпшақ,

оғыздардың тұрмыс-тіршілігін, көзқарас-танымын ескере отырып, сол жұрттың өз тілінде төгілте жырлайды.

Себебі, шығарманың негізгі тұжырымынан жас мерзімдері арқылы кез-келген субъектінің таным, тағылымы, гносеологиясы, сезім деңгейліктерінің өнімдік, не қалыптық, не хайуандық нышандарын пішіндеп беру сезіледі. Әр шығарманың негізгі мұраты – сопылықтың мән-жайын халық ұғымына жеткізу. Шығармадағы «көңіл бағы», «көңіл құсы», «топырақ сипаты» «күйген көбелек», «махаббат бостаны», «махаббат базары», «көзі сынық», «бостандағы бұлбұл», «ізіңе гүл өнсін», «ит нәпсіні өлтіру», «қызыл жүзін салдырар» тәрізді бейнелі сөздерді жеке-жеке бөліп-жарып талдау дұрыс емес.

«Диуани хикмет» – тұтас дүние. Оның ішкі кіші жүйелері мен бөлік-бөлшектерін «жұлып» алуға, оған жеке бағам беруге болмайды. Себебі, философиялық тұжырым мен диалектикалық тағылым-еңбектің негізгі субстанциясы.

Қарап отырсақ, жек көретін қарсыласыңның да бағының озуына қамшы салмасаң, керісінше кедергі жасасаң, өзің оңбайсың деген Ізгіліктің нышанын байқаймыз. Қажетсіну уәждің  тірегі ретінде 4 құбыла мен сегіз қырды өзінің еңбектеріне негіз деп есептеген Қожа Ахмет Иасауидің діндегі ғылыми тұжырымдары - ізгілікті жан сомдауына бірден-бір пайдалы  тұжырымдар.

Жүсіп Баласағұни [166] кейінгі ұрпақ үшін өмірлік, бақилық, классикалық тұжырым-түйінді өзінің «Құтты білік» еңбегінде жан-жақты сипаттап берген.

Қоғам өзгерісіне орай, адам танымы үнемі құбылып отырады, себебі қоғамдық құндылықтар, аксиологиялар өзгерісте болып, уақыт пен кеңістік өзінің таңбасын дүниетанымның «шымбайына» батырып жібереді.

Қожа Ахмет Иасауи ғылымында біздің зерттеу еңбегімізге қызмет етер тұсы – таным тағылымы, бүгінгі тілмен айтсақ:

1) гносеологиялық тұрғыда зерделеуі, бағамдауы;

2) ақиқаттылықтың индикаторы нақтылықты қабылдайтын танымның қағидалары (4 құбыла, 8 шарт);

3) адамның тұлғалық болмысын, онтологиясын ұдайы ізгілікті ұстанымда бағдарлауы үшін шынайылық нысандарды саралай алуы, оны іс-әрекетте тиімді қолдануының амал-тәсілдері. Сәни, ақыл ғылымын диалектикалық тұрғыдан зерделеп олардың өзіндік ерекшеліктерін аңғару, құбылыстар мен үдерістер арасындағы байланыстарды сараптуға мүмкіндік жасауға өз-өзін бейімдеу.

Болашақ заңгерлердің білім мазмұнын қажетсіну уәж арқылы меңгеруіне әдіснамалық негіз болар ғылыми тұжырымдар – Жүсіп Баласағұн еңбектері.

Ерте заманнан түркі халықтарының ішінен тараған қазақ халқының төл жазбасынан айрылып қалуы - адам санасының құлдырауы. Орта ғасырда түркі тайпалары іштей сараланып, әрі территориялық, әрі этникалық, әрі тілдік ерекшелігіне қарай халық болып қалыптасқан. Жазба дәстүрі халқымызда бұрыннан бар екенін ғалымдар зерттеп, дәлелдеді. Көркем әдебиеттің жазба үлгісі 10 ғасырда қалыптасқан. Түркі тілдеріндегі жазба көркем әдебиеттің озық үлгілерінің бірі Жүсіп Хас Хажибтың «Құтты білігі» болып саналады.

«Құтты білік» дастанында мемлекет басқару жүйесі толық әңгіме болады. Егер бүгінгі таңға дейін дастанның мәнділігі мен мәнісін түйсініп, тәлімді тек

осы кітап бағдарына сәйкес алсақ, халқымыз ешқашан тығырыққа тірелмеген болар еді. Дастанды тек хан сарайының салтын жырлайтын шығарма деп қарау дұрыс емес. Онда түркі тайпаларының салт-санасы да көрініс тапқан. Кейбір жыр деректеріне қарағанда қараханидтар мемлекетінде әділетсіздіктің орын алғаны байқалады. Елдің жағдайын жақсарту Бограханның қолында екенін Жүсіп Баласағұн ашық аңғартады.

Е. Бертельс Жүсіп Баласағұнды бұқара халыққа арқа сүйеген ақын деп бағалайды. Кісілік деңгейді Ж. Баласағұн бабамыз былай жіктейді:

Әділ (заң). Дәулет (құт, бақ). Ақыл-парасат (интеллект). Қанағат- ынсап.

Жоғарыдағы 4 құбыламен жіктелген ұғымдар қажетсіну уәждің лоқальді құрылуына, дұрыс жол табуына ғылыми негіз болмақ.

Ежелгі дәуір мәдениетінің мәнділігі тек ел басқарушы бектердің арасындағы қарым-қатынас емес, жоғары деңгейден төменгі деңгейге дейінгі (аспазшы, төменгі қызметшілер, халық сияқты кейіпкерлердің де қарым-қатынас заңдылықтары берілген) мәдени қарым-қатынас эталоны баяндалған. Мәселен, Жүсіп Баласағұн: «Ел басқарушы әкімге алдымен қандай қулық керек?» деп, жауабын «сақтық» деуі бәрімізді де ойландырады.

Сонда Әкім болу үшін сақтық бірінші, негізгі қасиет те, оған қосымша: ақыл, парасат, ниеті түзу, сөзі шырын, өнерлі, білімді, қолы ашық, пейілі кең, көзі тоқ, кек сақтамайтын асыл құлықтар.

Бұл қажеттілікті нұсқалы табуға, жолдан адаспауға, нәтижеге бастар ішкі уәждік бөліктер болып табылады.

Сол секілді дастанды оқып отырғанда «Әділ» дегеніміз не дей отырып, оның құрамы, сипаты, мәні, құбылысы деп жүйе-жүйесімен жіктейді. Әкімнің халқын дұрыс басқаруы үшін әділ болуды уәжіп еткен данышпан Жүсіп Хас Хажиб мына бір шумағын келтірейік:

Адамдықты пір тұтқан өмірі ұдай, Көзі қарақты, сөзі шын, көңілі бай.

Шындық жасын қуған ер, түкті жүрек, Атақ-даңқы күн сайын өсті үдеп.

Атқаpады ісін ақылмен, саясатпен, Саясатқа сай келер парасатпен.

Ерлік, даңқ жарасар нағыз ерге. Ессіздерді қуды елінен қаралап,

Жарамсызды ұрды қолмен күйретіп.

Қырағылықты, шыншылдықты, көңілі бай болуды, атқарған ісін әділ заңға бағындыруды, саясатты парасатқа жүгіндіруді, ессіздер мен жарамсыз - еңбек етпейтін тоғышар адамдарды – қууды меңзейді. Сонда ғана Әділет заңы салтанат құрайды дейді. Мұнан «жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат» деген халық даналығы осы ата-баба тәлімінің нәтижесі екенін түйсіну ойша шығару қиын емес. Көне дәуір жазбасында дәулеттің негізгі қасиеті төмендегідей беріледі: жомарт, жұғымды, көңілі зерек, ойлы, ұғымды, сөзі майда, бал тамған, өнер-білімді. Егер аталған қасиеттер келмей, құр дәулетті жеке қарасақ, – дейді, данышпан, – онда мынадай ғана құлықтар қалады: кезбемін (дәулет – баянсыз деген мағынада); көзім соқыр (жақсыға да, жаманға да қонамын); айтысып кетемін; құтты кісі лепірсе, тұрақсыз.

Аталған дәулеттің қасиеттеріне көлеңкелі ісім ілігіп қалмас үшін мына секілді құлықтарды меңгерген жөн дейді Хас Хажиб (сурет 8).




Сурет 8 – Жүсіп Баласағұнның еңбегіндегі ел басқару заңдылығы

Міне, бұл бүгінгі тілмен айтсақ, болашақ заңгерлердің диагностика өлшемі секілді. Мұнымен бірге ата-баба салған тәлімнің ең құндысы ақылдылық пен біліктілікті дамытуға және сыртқы ортаға көрсетуге қырсығын тигізетін қасиеттер: ашу, қызбалылық екенін ерекше меңзеген. Кімде-кімде «ашу», «кекшілдік», болса, ол өз қажетін таба алмайды.

Әділдіктің қасиеті мен нышаны бар екеніне де бағдар ретінде берген:

1) тілі, ділі бір сөзден шығу керектігі;
2) тысы-ішіне, іші-тысқа жараса келуі;
3) шыншылдығы;
4) әділдік-құт;
5) кішіпейілдік;
6) көңілі ашық, әділ ер;
7) адалдық.

Осы жолға түсіретін тек ізгілік екені баса айтылады.

1 Анадан ізгі болып туады.

2 Ессізге ерсең, ессіз болып шығасың, – деуі Жүсіптің түйсік пен ізгіліктің көзі жаратылысында, нәсілінде дегені. Сөйтіп, нәсіліне қарай адам өзіне не бақ, не сор жияды деп ұққан жөн. Құда түсу рәсіміндегі құдаласу, қыздың ата-анасының тегіне қарау секілді ізгі дәстүріміздің болашақ ұрпақ тазалығына үлкен жол салу екені Ж. Баласағұн нақтылы тұрғыда білдіріп тұр.

Қажетсіну уәжін іске асыруда білік болмай, сес болмайды дегенді түйсініп өссек, сот жүйесі де ізгілік пен әділдікке құрылар еді.

Қорыта келгенде, шығарманың негізгі түйіні даму деңгейіне қажетсіну уәж жету жолдарының өрісін данышпан Жүсіп лұғат дастаны арқылы баяндап бергенін басты нысанаға алу. Біздер, келешектің тізгінін ұстайтын жасұландар тәрбиесін отбасымен үндесе отырып, осы ата-баба салған ізгілікті тәлімнің құрылымымен болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін конструктивті мәнде құрылуына ежелгі данышпандар еңбектерін негіз деп есептейміз.

Жоғарыдағы данышпан ойшылдарымен қатар жаңа заман ғалымдарының еңбектеріне тұлғаның қалыптасуы мен дамуына қажетсіну уәждің тікелей ықпалы бар екенін анықтаған ғалымдардың еңбектері айтарлықтай роль атқарып келді.

Қажетсіну уәж ғылымы бойынша әрекет ету жоспарын құрғызған, іс бастатқызған, мақсатқа бағыттаған, талпыныс жігерін күшейткен, істі табанды жалғастырып, мақсатқа жетуге құлшындырған ішкі ықпалдылығы. Бұны суггестивті қалып деуге болады, мақсатқа деген күшті аңсар ауатын ынта, ішкі өздік кедергілер мен келіссіздіктерді жою саналы тұрғыда арылу, жігерлі қозғалыс – үштігінің бірлігінен көрінеді. Қажетсіну уәж әрекетіміздің, ниетіміздің, қалауымыздың себепті ішкі түрткісі деп атасақ қате болмайды.

Бұл сөз зат есім болғанда «Ішкі ниет» сөзіне, етістік болғанда «Қуаттану» сөзіне жақын келеді. Қуаттану арқылы ниеті шабыттанып, іске кірісуге қозғау салынған адам бір түрлі бұлқынған ішкі қозғаушы күшке ие болады, өзінің көздеген мақсатына қарай кедергілерден тайсалмай белсенді жүру жігері кеудесін кернейді. Бұл барыста ниет шамасында өзгерістер болуы мүмкін, ол кейде күшейюі, кейде әлсіреуі мүмкін. Бірақ ниет шамасының қалай болуына қарамастан, адамдар белгілі бір ниеттену тұрақтылығын сақтай алса, көңілінде сол іске деген құштарлығын өшірмей, сол мақсатқа қарай белсенді құлшынып, көздеген мақсатына жетпей тынбайтын болады. Қажетсіну уәж істің ішкі қозғаушы күші болғандықтан, егер адамның қандай ниеті барын білсең, онда оның әрекетінің ауқымы мен беталысын анық шамалай аласың.

Платонның адам рухы үш бөліктің бірлігінен құралады деген идеясында осы мотивация ұғымының мағынасы қамтылған. Нәпсі дегеніміз тамақ жеу, көбею ниеті болып, дене қажетін орындауды талап етеді. Нәпсіні адамның ақылы емес, көңілі тізгіндеп ұстауы керек.

Дегенмен, ішсем-жесем, денелік қанағаттансам дейтін ішкі талап пен таным-ақыл талабы шығыса бермейді. Ежелгі заман философиясы, әсіресе бақыт туралы ілім бақытқа деген қажеттілік соған талпындыратын қажетсіну уәж негізі деп түсіндіреді. Дегенмен, бақытқа болсын, басқаға болсын адамды шабыттандыратын түрткі күшке 20 ғасырдың 30 жылдарына дейін кез келген ғылым саласы арнаулы түрде мән берген жоқ. Оның басты себебі Кеңес үкіметінде ежелгі түркіліктен келе жатқан желі сабақтастық үзіліп қалды.

Адам санасын танудың қазіргі жаңа беталысына орай, қажетсіну уәж адамды сыртқа (әрекетке) бағыттауы, ал қажетсіну уәждің ішке (тоюға, ләззаттануға, рахаттануға, қуануға) бағыттауы. Былайша айтқанда, адам жаны сыртқы мақсатқа бағытталса мотивация, ішкі толықтауға (аштық секілді талапқа) бағытталса қажетсіну болмақ. Дегенмен, бұлай түсіндіру салыстырмалы, мәселе болып есептеледі Маслоудың қажетсіну қабаты теориясында қажетсіну мен ниет араластырылып түсіндірілген.

Мәселен, ғалым ішкі қажеттілік және сыртқы қажеттілік, ішкі қажеттілік – сыртқы орта қалай болуына қарамастан, мотивациялық талпыныс ішкі ниеттен оянады және мақсат атаулы субъективті болады деп есептейді. Онда міндеттің өзі құштарлық және шаттық туғызады деп санаған. Сыртқы себеп емес, ішкі ұнату негізгі қозғалыс түрткісі болады. Ішкі мотивацияның артықшылығы,

міндетке қарай ішкі құштарлық оянған жағдайда адамның өз артықшылықтары түгел іске қосылады және міндетті орындауға қажетті қабілет пен өнерді өздігінен үйренеді деп ой түйген. Егер әлдекім өз табысы мен нәтижесін күшейтуге өзі белсеніп, өзін өзі мақсат талабы бойынша тізгіндеп, ырықты түрде өз мақсатына белсенсе және оның өзіне сенімі айтарлықтай жоғары болса, онда оның жетістікке жету мөлшері қашанда жоғары болатынын дәлелдеген. Дегенмен, ішкі қажетсіну сыртқы мүмкіндіктерге назар аудармаса, ынталануды ғана біліп, сол ынталанудың өнімді болуына назар аудармаса, өзге табысты адамдардан шабыт алмаса, үлгі көрмесе, онда ол өз мақсаты үшін тым ұзақ жол басуы мүмкін, немесе күндердің бірі көкейінде теріс қажеттілік туып, ниетінен ақырындап, не бірден айнып қалуы мүмкін деген қорытынды жасайды.

Бұдан шығар тұжырымдар:сыртқы қажеттілік – қажетсіну уәж қажеттілікті тұрақты талпындырушы ретінде көбінесе сыртқы орта талаптарынан қозғатылады. Мұнда кіріс, мәртебе, мансап секілді сыртқы нәрселердің талабымен мақсатқа белсену туады және оның белсенуі ішкі қажеттілік ниетімен қайшыласып та жатады. Яғни, өз талпынысын соншалық сүйе қоймайды, бірақ қажеттілік үшін соған барынша талпынуға мәжбүр болады. Сыртқы мотивация жекенің сыртынан келеді. Әрекет өз табысынан рахаттану үшін емес, ақша табу, мансапқа жету, мүдде, балл алу, мәжбүрлену, жазалану секілділер сыртқы мотивацияға ілік болады. Ондағы шабыттандыру әлдебір сыртқы талаптардан тууы мүмкін. Жалданып істеу, біреуге тәуелді болу, тұрмыс жағдайының нашарлығы, қорқу, ұялу дегендер осы түрдегі мотивацияға себеп болады:

– адам еркін шабыттандырып, жігерлендіріп, белсенді етіп, үміткер етіп, қайтпас қайсар етіп сомдаған мотивация оң мотивация деп аталады. Ал, адам еркін салғырттандырып, енжар етіп, үмітсіз етіп, босбелбеу етіп, шегіншектетіп сомдаған мотивация теріс мотивация делінеді;

– қажетсіну уәж тұрақты-тұрақсыз сияқты жіктememен өлшенеді, яғни оның адам әрекетіндегі ықпалының сақталу ұзақтығы адамның ішкі ұстанымының берік-әлсіздігіне, ниеттің шын-жалғандығына, кедергілердің сипатына, ортаның жол қою дәрежесіне тәуелді екеніне мән беріледі;

– жекелік: ашығу мен шөлдеуден, тоңудан сақтану, азаптан құтылу т.б. үшін қажетті қажеттілік. Топтық: Ұрпақ өсіру, отбасылық, әулеттік, ұлттық, мемлекеттік тұрмысқа мүмкіндік қарастыру, өзі тәуелді топтың (отбасы, әулет, ұлт, мемлекет) тұрақтылығын сақтауға ынталану қатарлылар;

– мәселен, бұл жағдайда, А. Маслоудың қажеттілік уәж туралы иерархиясы бүгінгі заман талабына сәйкес келетіні тәжірибеде байқалып отыр: өзін әйгілеу қажеттілігі; құрметтелу қажеттілігі қоғамның мойындауы; әлеуметтік байланыс қажеттілігі (адамдармен қарым қатынас); адамдық қажеттілігі; тән қажеттілігі (физиологиялық талаптар).

Маслоудың қажеттілік қабат ілімі – Маслоу пирамидасы деп те аталады. АҚШ-тың еврей нәсілді ізгілік психологі Абраһим Маслоу ортаға қойған, адамның ниеттену жүйесіне арналған ең кең таралған ілімдердің бірі. Қажеттілік ілімі адамдық қасиетті түсіндіруге де, адам талпынысының нақты

мақсатын айқындауға да керек теория. Онда адам өсуінің ең басты қозғаушысы «ниет» деп түсіндіріледі. Ниет түрлі қабаттағы түрлі ерекшелікке ие қажеттіліктерден құралады. Сол қажеттілік қабаттарының жоғары-төмендік тәртіптік айырмашылығы бар және төмен қажеті қанағаттанғанда жоғары қабаты оянып отырады. Әрбір қабаттың қанағаттану дәрежесі жеке болмысының даму деңгейін белгілейді. Қажеттілік қабат ілімі бойынша адамда төменнен жоғарыға дейін 5 негізгі қажет бар, олардың әрқайсысының шабыттану мүмкіндігі бір-біріне ұқсамайды:

– тән қажет маңыздылары тамақ, су, ауа, жыныстық құштарлық, денсаулық, т.б.;

– амандық қажет негізгілері денелік амандық, тұрмыстың жайлылығы мен тұрақтылығы, қайғыдан, мәжбүрлеуден, ауырудан аулақ болу, ақша-байлық қажеті, т.б.;

– адамдармен байланыс қажеті – достық, махаббат, туыстық байланыс, т.б. қажеттерінен туған ниеттенулер;

– құрметтелу табысқа жету, атақ, орын мен мәртебе, мансап, т.б. Құрметтелу қажеті себепті, өзінің құнына деген жекелік түйсігін қанағаттандыруға, басқалардың өзін мойындауы мен құрметтеуіне қол жеткізуге ынталанады;

– өзінің ойын іске асыру қажеті ниеттенудің ең жоғары түрі, ол ақиқат, ізгілік, сұлулыққа талпынатын, адам өмірінің биік мұратына қол созатын жоғары деңгейдегі талап деуге болады [167].

Алдыңғы төрт қажет қанағаттанғанда барып ең жоғарғы осы қажет оянады және ол өзін іске асыруға, жасырын әлеуетін толық алып шығуға белсенеді.

Қажетсіну уәж және тұлғаның қажетсінуін психология ілімі төңірегінде зерттеген ғалымдар: Е.А. Башаркина [168], Е.П. Ильин [169], А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, А. Маслоу, К. Роджерс [170], Ж. Аймауытов, С. Жакупов, Ж. Намазбаева және т.б.

Ж. Аймауытов тұлғаның дамуына қажетсіну уәжді ой сандығының екі қыры-философиялық, жұлма жад тұрғысында зерттеген. «Философиялық жад» адамның тұлға ретінде меңгеруге тиіс кәсібіне қатысты заңдылықтар, ережелер, қағидалар, тұжырымдар, белгілі бір нысанның ғылыми-теориялық негізін меңгеруге зәрушілігін өз-өзіне түйсінетіндей ішкі қалып деп түсіндіреді.

Ал «жұлма жад» ол жаттап алған мәтінді жадынан суырып алып, айтып беру. Қарап отырсақ, 20 ғасырдың 20-шы жылдарында Ж. Аймауытов ағылшын тілін ғылыми тұрғыда меңгеріп, У. Джеймстің [171] «Психология» оқулығын төлтума нұсқасында оқып, оны қазақи қабылдауға бейімдеген. Қеңестік дәурдің бірінші кезеңінде осындай компьютердің «памятын» оның екі файлын және архивке сақталатын қойма сандығын тарқатып тұжырымдаған зерттеуші екенін жоғарыдан үкім жасамай-ақ, Ж. Аймауытов ағылшын, шотлан, бүкіл түркі тілдерін меңгеруі арқылы ғылыми арнаға ешуақытта тозбайтын жаңалық ашқан және бүгінгіге де феномені жоғары зерттуші екенін дәлелдеді.

Ж. Аймауытов шығармаларындағы қажетсіну уәж философиясын табудың амалдары психология ілімінің негізінде талдау – жинақтау, жалқылау – жалпылау сапасында бернеленеді.

«Перцептив» пен «апперсепсе» деген ұғымдарды енгізген, зерттеген Ж. Аймауытов екені ескеріледі. Біздер осы еңбектердің бәрін дерлік зерттеудің тірегі ретінде пайдалануды, Ізгілікті жанның құрылымын сомдауда қажетсіну уәждің тағылымын ұсынған ғылыми үлес екеніне айрықша мән береміз. Негізгі зерттеу пәні оқыту болғандықтан, тәрбиенің зерттелімін әдебиеттер тізімін ұсыну дәрежесімен шектелеміз. Бірақ, ол еңбектерге сүйеністің бар екені жұмыстың сарынынан аңғарылады.

Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі – белгілі бір мемлекеттік және бүкіләлемдік кеңістіктегі құжаттар мен ресми бұйрықтар, нұсқаулықтарды іске асырушы білім беретін шаңырақ. Соның ішінде, Қазақстан Республикасының Конституция заңдары мен қағидаларына, ел Президентінің халыққа арнаған Жолдауларына, ЮНЕСКО-ның, ОЭСР-дің халықаралық білім саясатының материалдарына негізделеді.

Рухани өндірістің аса маңызды бұл саласы қоғамның қызмет етуінің интеллектуалдық және экономикалық базасын құрайды.

Педагогикалық әдіснама жайлы бірталай ғылыми еңбектер жарияланған. Оның бастау көзі – М.А. Даниловтің [172] педагогикалық әдіснама, педагогикалық ақиқатты бейнелейтін тағылымның құрылым-жүйесі, негіздері, білімі – ғылыми тұғырлар жасаудың амал-тәсілдердің қағидалары туралы білімдер деген тұжырымы бүгінгі жоғары оқу орнының оқу үдерісіне қатысты.

В.В. Краевский [173] өзінің алдындағы зерттушілердің еңбектеріне талдау жасай отырып, әдіснамалық білімді таза білім мазмұнына байланысты алмай, білімді жасау қызмет арналары болып табылатынына мән берген. Зерттеуші бұл жағдайда, өз-өзіне мәселелік сұрақтар қойып:

1) әдіснаманы педагогикалық нысанда қалай қарастырамыз?

2) әдіснамамен айналысу нені білдіреді?

3) онымен кім шұғылданады?

4) педагогикалық зерттеу үдерісінде әдіснамалық қамтамасыз ету қалай құрылады? – дей отырып, оған ғалым жауапты төмендегідей түзіліммен береді:

– әрбір зерттеу қызметін екі түрге бөліп қарау – дескриптивті;

– ақиқат тағылымы зерделеу мен бағамдуды қалыптастыратын қызмет;

– зерттеуші жұмысын оңтайлы құруы үшін бағыт беретін нормативті қызмет;

– зерттеуші аталған түзілімдегі бірінші әдіснаманы түсінуі, алғашқы-педагогикалық әдіснаманың тағылымдық негізіне жататындар;

– тақырыпқа сай әдіснаманы анықтау;

– ғылым әдіснамасының деңгейліктер жіктемесінің жүйесі мен тезаурустық-білім жүйесінің алгоритмін табу;

– алгоритмдік бөліктер – жалпы философиялық, ғылыми – тезаустық, нақты ғылыми, зерттеу техникасы, әдістердің өнімді түрлерін саралау;

– педагогика, психология және микромазмұнды салалардағы зерттеу еңбектердің нұсқалы қызмет атқаруға мүмкіндік жасар әдіснамалық негізді қамтамасыз ету көздерін табу, пеадагогика саласындағы әдіснамалық талдаудың нысана мен пәнін дәл көрсете алу.

Түзілімде екінші нормативтік әдіснаманы былай жіктейді:

– педагогика, психологияның ғылыми танымы, гносеологиясы;
– ғылымға жататын ұғымдардың анықтамалары;
– мақсатты дұрыс қою, нысанын анықтау;
– зерттеудің типологиясын жасау;
– таным тағылымының құралдырын іріктеу;
– ғылыми дәрежесін бағалайтын зерттеу сипатын белгілеу;
– зерттеу жұмысының ақиқатты тұрғыда пайдалы тұстарын айқындау;
– рефлексия жасау, нормативтік бөлімінде тәжірибелік сынақ жасау.

Кәсіби қажетсіну уәжін ұйымдастыруда инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады .

Модификациялық инновация – бұл бұрын қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың [174] физикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық модификация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновация – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады. Осындай алгоритмдегі мәселені болашақ заңгерлер меңгеруі тиіс.

Қазір республикалық оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір болашақ заңгерді жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде қажетсіну уәжді анықтап табылған оқыту барысында нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері екенін дәлелдеп, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады деген пікір айтылады. Инновациялық үдерістерді ендіру барысында үш өзара байланысты күштер анықталды: енгізілген технологияның ерекшеліктерімен; жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен; жаңалықты енгізу жолдарымен. Шындығында әрбір болашақ заңгер жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзінің қажетін саралайды. 21 ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін көкейкесті қоғам талабы.

Сондықтан біз болашақ юристің жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға қажетті даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ заңгердердің жаңа инновациялық педагогикалық технологияларын қолдануға даярлықты қалыптастыруға қажетсіну уәжіне мына көрсеткіштері ерекше.

Кәжетсіну уәжінің өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ заңгерлерді қызықтыру, құндылық қарым-қатынас, олардың кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын

ерекше жақсы көруі, оның тәрбиесінде оқытушы-профессордың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін ұдайы көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді. Мазмұндық өлшемдеріне болашақ заңгерлердің жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қаруллануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби қажетсіну уәжін жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық білім алу технологияларға қызығушылық танытумен оқшауланады. Болашақ заңгерлердің әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық білім беру технологияларын оқып меңгеруі, үйренуі жатады. Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үдерісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Болашақ заңгерлердің өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үдерісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үдерісі, оның міндетттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Болашақ заңгерлердің біртұтас оқу-тәрбие үдерісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, болашақ заңгерлер мен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үдерісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы көзделеді. Шығармашылық қажетсіну уәж өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ заңгерлердің шығармашылық-ізденушілікті дамытуы кіреді. Болашақ заңгерлердің ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, арттыруға талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады. Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үдеріс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады.

Әрбір болашақ заңгерлердің инновациялық іс-әрекетін өркендетудің педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Қорыта келгенде, болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжінің инновациялық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

– әрбір болашақ заңгерлердің білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

– білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

– өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

– аналитикалық ойлау қабілетін өркендету.

Әрбір психологтың өздігінен зерттеу әдіс-тәсілдері бар. Л.Н. Леонтьев қажетсіну уәжді заттық және идеальды пән ретінде қарастырып, білім алушы тұлғаны қозғайтын, қызықтыратын, белгілі бір кәсіпке бағдар жасайтын іс-әрекет, соңғы нәтижеге жетектейтін үдеріс деген ой түйеді.

Сол секілді Л.Н. Леонтьев бар қажеттілікті іске асырушы құрал және механизм ретінде зерделеген.

Кәсіби педагогикалық қызметтің профессионалдық құзыретті уәжін бағамдаған бір қатар ғалымдар бар, олар: Л.Н. Захарова [175], Н.В. Кузьмина [176], Ю.Н. Кулюткина [177], А.А. Реан [178], В.А. Сластенин [179], А.И. Щербаков [180] және т.б.

Қажетсіну уәждің ішкі және сыртқы түрлері бар деп саралаған зерттеушілер: М.В. Овчинников [181], А.А. Реан. Осы тұжырымға ұқсас және тереңірек қарастырған, ішкі қажетсіну уәжін сыртқы қызметпен тікелей байланысты деп түйін жасаған ғалымдар: В.Я. Ляудис [182], А.К. Маркова [183], Л.М. Митина [184], Д.Б. Эльконин [185] және Ж. Аймауытов [186]. Біз осы соңғы тұжырымды негізге ала отырып, бұл жағдайда, қажетсіну уәж тұлғаның, болашақ заңгерлердің танымдық қызығушылығын, қажеттілігін іштей, ойша көз алдына елестету арқылы оның өз болмысына сәйкес екеніне, рухани құндылығына көз жеткізуіне мүмкіндік тұғызатын ішкі қажетсіну уәж екеніне мән береміз.

Тұлғаның іштей игілігін, ішкі әлемінің сыртқы іс-әрекетімен үйлесімде келуіне, унификациялануына, өзіне-өзінің риза болып, өз-өзін ілгерілетуіне, өз-өзінің қызмет үдерісіндегі тауқымет келтірер тұстары мен бөгеттерді болдырмауға алдын ала қам жасайтын қорғаныс қалай алады. Ой- толғам түйістіктері аталып өткен зерттеушілерді топтастырсақ, олардың бөліп қарастыруға болатын тұжырымдар – Ж. Аймауытовтың саңылау сезімдері соқыр сезімге жіктеліп, келсе, онда білімалушылардың қажетсіну уәждері өздерінің тұлғалық болмыс-тұрпаттарына сай құрылатыны жайлы өте құнды тұжырым жасаған.

Ішкі қажетсіну уәж дұрыс құрылса, сыртқы қажетсіну уәжі нәтиже береді деген пікірді К. Замфир [187] және А.А. Реан өз еңбектерінде айрықша бөліп көрсеткен. Сыртқы қажетсіну уәжі дұрыс құрылған, нәтижеге қолы жеткен кәсіби бағыттағы біліммеңгерушінің өзі де қанағат тауып, әлеуметтік

сұранымға сай әріптестері де қолдап, Абай Құнанбай тілімен айтқанда «Хауас» (Рахат) сезіміне шыққан қажетсіну уәж ол тек өзін қорғау іс-әрекетінің құралы болмақ.

Сол секілді А.А. Реан өзінің зерттеу еңбегінде өз кәсібіне өзінің риза болуы, қызметін сүйіп істеуі оның педагог ретінде қажетсіну уәжінің интегралды, ғылымаралық байланыста болып келуінде деген. Болашақ педагогтың жоғары оқу орнында оқып жүрсе де меңгеруге тиіс кәсібіне қажетсіну уәжі күннен-күнге артып отырса, онда оның ішкі қажетсіну уәжінің салмағы артып, сыртқы қажетсіну уәжінің көлеңкелі тұсы азая бастайды деуі бүгінгі ғылымға да қатысты айтылған тұжырым. Ол енді болашақ кәсібін менсінбейтін мінез танытпайды, болашақтағы педагогикалық қызметтің мазмұнын қажеттілікке айналдырып, белгілі бір ауыз толтырарлық тұшымды нәтижеге жетуге бағдар жасап, эмоциялық тұрақсыздыққа және жөнсіз дағдарысқа ұрынбау жағы қарастырылады. Міне, А.А. Реанның тұжырымындағы басымдық осы.

Келесі зерттеушілер, Р.Р. Бибрих [188], М.В. Овчинников, В.А. Сонин [189] және т.б. ғалымдар жоғары оқу орнында студенттердің оқу іс-әрекетінде болашақ кәсібіне дегені қажетсіну уәж тұдыру көкейкесті мәселе болып отырғаны жайлы ой-түйін жасаған. Аталған ғалымдардың ішінде В.А. Сонин педагогикалық кәсіпті нұсқалы тұрғыда таңдауды саналы тұрғыда түйсіну арқылы оқуға түсу керектігін ашық айтқан.

Біздер де осы тұжырымды қолдай отырып, болашақ заңгерлер даярлайтын жоғары оқу орнында қызмет атқаратын педагогтардың интеллектуалды әлеуеттерін ұдайы өркендетулеріне үлес қосар қажетсіну уәжі отбасы және мектеп қабырғасынан қаланып, оған түсіністік жасап, саналы тұрғыда салихалық қағидамен саралай отырып, оқуға түссе, онда педагогикалық қызметке сүйіспеншілікпен қарау мәселесі шешілер еді.

Студенттердің қажетсіну уәжінің оқу үдерісінде өзгеруі олардың (субъективті қасиеттерінің оқытушы-профессор құрамының назарына ілікпеуі, олардың өз-өзін басқара алмауларының себеп-салдарының анықталмауы, жоғары оқу орнындағы қызмет атқаратын педагогтардың паритетті қызмет атқаруға көніл бөлінбеуі мәселенің шешілмей жүргені деп қарастырған ғалым – М.Ф. Бакунович [190]. Осы тұжырымға дейінгі зерттеушілердің еңбектерінен біздер болашық заңгерлердің қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы өркендету сыңайында қарастырылмағаны байқалды. Десек те, біздер жалпы «студент», «тұлға», «білімалушы» ұғымдарына қатысты зерттелген еңбектерді талдау-жинақтау, феноменін айқындау секілді іс-әрекетпен ой- түйін жасау қажеттігін байқадық [191].

Кәсіби бағдар жасау іс-әрекетінде психологиялық және педагогикалық жағдайларға талдау жасау барысында Н.К. Сергеева [192] субъективтілік қалыпқа түсудің қажеттілігін айқындау әрбір білімалушының болашақ кәсіби бағдарының өзіндік өркендеуі мен оған деген зәрушілігін түйсінуіне мүмкіндік береді деп ой қорытқан.

Қазіргі зерттеушілердің ой елегінен тыс қалып отыратын Скаткин мен Крутецкийдің «сыртқы және ішкі қозғаушы күш» ұғымы осы қажетсіну уәж туралы екеніне де мән бергеніміз жөн.

Аталып отырған ішкі-сыртқы және қозғаушы күш жоғары оқу орнында білімалушылардың қажетсіну уәжі өнімді педагогикалық қызметке құлшынысын арттыруға қолайлы жағдай туғызылады деген тұжырым 20 ғасырдың 60 жылдарында ұсынылған.

Кейінгі кезде «мета» ұғымы ғылыми айналымда жиі қолданылып жүр, оның тағы бір айғағы О.С. Гребнюк [193], В.С. Ильин [194] – өз еңбектерінде қажетсіну уәжді ең күрделі мета жүйе тұрғысында зерттеген ғалымдар. Оның иерархиялық құрылым – бөліктерін қарастырған – В.К. Вилюнас [195], А.Н. Леонтьев, Т.Б. Гребнюк [196] және т.б. Иерархиялық қажетсіну уәждің бағынышты ұсақ бөліктерін анықтағандар – А.Н. Леонтьев, Л.И. Божович. Оның жартылай қажетсіну уәжінің сипатының қызметін айқындаған ғалымдар – Б.И. Додонов.

Теориялық негіздемені құрайтын кәсіби қажетсіну уәжі тұрғысында зерттегендер – А.А. Вербицкий [197], Н.В. Кузьмина және т.б. Студенттердің болашақ кәсіби қажетсіну уәжін қалыптарстыру жайлы зерттеу жүргізген – В.А. Сластенин. Әлеуметтік құндылыққа сәйкес келетін кәсіби қажетсіну уәжі жоғары оқу орында бастапқы оқу кезеңінде қалануы тиіс, атап айтқанда, бірінші және екінші курс студенттерінің білім меңгеруінің жетекші міндет атқарғанына ғалымдар айрықша мән беріп отыр. Қажетсіну уәж жайлы тұжырымдар, ой-пікірлер зерттеушілердің еңбектерінде зерделенгенмен, болашақ заңгерлердің білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құру мәселелері қарастырылмағаны аңғарылды.

Десек те, біздер болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін арттыру мәселесі жете зерттелмегенімен, оның әдіснамалық негізі қалай қалануы керек? - деген салмақты сауалға М.А. Данилов пен В.В. Краевскийдің еңбектеріндегі тұжырымдарды негізге алдық. Бұл орайда, А.М. Новиковтың тұжырымдары аталған іс-әрекеттердің айқындала түсуіне бірден-бір қозғаушы күш.

Зерттеуші әдіснаманың жалпы қызметі- ғылыми немесе проекті әзірлеу үдерісін басқару деп түсіндіреді. Біздер бұл тұжырымды негізгі нысанаға алу барысында мынандай әдіснаманың әрекеттік қызметін айқындадық:

- болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін арттырудағы онтологиялық, тұлғалық болмыс, олардың түсіністік – герменевтикалық, гносеологиялық тағылымдық танымы мен білім мазмұнын халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастырудың рухани құндылығы, аксиологиясы қалануының әдіснамалық негізі айқындалды;

- болашақ заңгерлердің білімі – ғылыми қорларын ұдайы ілгерілету траекториясын ұйымдастыруының мазмұны, амал-тәсілдері, ойлау өнерлерін дамытуға қолданалатын білімденудің технологиялары, оның заңдылықтары, қағидалары, теориялық жүйе құрайтындығы анықталды.

Әдіснама – методология (грек. methodos – зерттеу жолы, теория және logos – білім) – ғылыми таным әдісі; ғылымда қолданылатын негізгі принциптер. Психология теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен

таным амалдары арқылы психологиялық болмысты өзгеріске түсіру. Әдіснама ғылыми-танымдық іс-әрекеттің формасы мен әдістері, әдістемелер бірлігі мен байланысының теориялық негіздеулері туралы ілім. Ғылым әдіснамасы зерттеу компоненттеріне (объектігі, затқа, мақсатқа және зерттеу мәселелеріне) сипаттама береді. Әдіснама ұғымы қысқаша оймен, сөзбен түсіндіргенде теория бойынша танып нақты ғылым бойынша  тәжірибеден өтеді. В.А. Штоффтың пікірі бойынша былай анықтайды: «Әдіснама кең философиялық ұғым және эвристикалық мағынасы негізгі антологикалық принциптері, тәртіптері мен категориялары методология ғылыми шағын көлемінде гносеология бөлімі пайда болды».

Белгілі бір міндетті орындауға кіріспестен бұрын адам өзінің әрекетін жоспарлайды, мақсатына жету үшін қажетті амалдарды қарастырады. Әр әдіс ақиқатты іздеу ретін айқындайды, (егер ол дұрыс болса) күш пен уақытты үнемдеуге, мақсатқа жеткізетін тура жолды таңдап алуға мүмкіндік береді.

Қорытынды: жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің әдіснамалық ойлау қабілетін өркендетуде олардың істі бірден проектілей алуы, проектілеуде зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру тұрғылары туралы дәлелдер табуы, проектілеуге қажетті өнімді әдістерді, тәсілдерді саралауы көзделеді. Болашақ заңгерлердің білім игерудегі өздерінің жеке мүмкіндігіне орай әдіснамалық аталған 4 денгейді өздерінің кәсібіне қажетті екенін саналы тұрғыда бағамдай алуы ең құнды қадам болып есептеледі.

Болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін алға ілгерілету траекториясын қамтамасыз етуге алдымен тағылым-теориялық негізі жатады, заңдардың сол уақыт пен кеңістікке қатысты түрлері ескеріледі. Оның заңдылықтары, мұраттары, ұстанымдары, ережелері, фактілері, әдіс-тәсілдері қамтылады.

«Әдіснама» болашақ заңгерлердің негізгі бағдары болып, оның ерекшеліктері мен мазмұнын айқындауда «әдістер», «тұғырлар», «қағидалар», «заңдар», «мұраттар», «парадигмалар», «ұлттық код», «технологиялар», «инновациялар» және т.б. ұғымдар қолданылды.

Зерттеу еңбектерінде «тұғыр» ұғымы – педагогика ілімінде қолданылатын тәеілдің бір түрі. «Тұғырлы» ғылыми-педагогикалық қызметтің іс-әрекетінің белді құрам-бөлігін көрсетеді. «Әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» сол ғылыми тәсілдің барлық кезеңінде пайдаланылатынын білдіреді.

«Ұстаным» педагогикалық болмысты тоқу және қайта құру үдерісін бағдарлаушы фактілер, ұғымдар, заңдар, тағылымдыр арасындағы тұтастық байланысты қамтиды.

Ұстаным – гносеологиялық, таным тағылымының басшылыққа алынатын нысан. «Тұғыр» ұғымның: жүйелілікке, қызметтік, кешендік, аксиологиялық, траекториялық, жеке тұлғалық ж.б қолданылады. Тұғыр ғылымды қайта құру қызметінің тәсілін анықтайды.

# 2 БІЛІМ МАЗМҰНЫН БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ҚҰРУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

## 2.1 Білім мазмұнын болашақ заңгерлердің халықтық дәстүрлер негізінде құруының амалдары

Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе – білім беру жүйесі. Қазіргі таңдағы негізгі мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, ой-тұлғасы, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оқу мен тәрбие ісін біртұтас іске асыруының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу үдерісінде болашақ заңгерлердің кәсіби шеберлігін арттыру – қоғамның басты мәселесі. Болашақ заңгерлердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында ЖОО даму жоспарында желілік: қоғамдастық; инновациялық; интерактивті технологияларды пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру.

Білім беру жүйесі:

- білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз ету, соның ішінде, оқу бағдарламалары және түзету-дамыту бағдарламалары;
- болашақ заңгерлердің кәсіби ерекшеліктерін ескеру, арнайы түзету құралдар мен (техникалық) тәсілдерді пайдалану арқылы түзетушілік-педагогикалық процесті ұйымдастыру;
- толыққанды өмір сүру үшін барабар прагматикалық тұрғыда іс-әрекетті қамтамасыз ету;
- түзетушілік – педагогикалық процесті арнайы педагогтардың өткізуін талап ету, яғни арнайы психологиялық әдістерді қолдану.

Оқу пәні адамзат тәжірибесінің бөлігін бейнелейді және соған сәйкес білім, икемділік, дағдыларды калыптастарады.

Оқу пәндерінің жиыны, білім беретін оқу бағдарламасында көрсетілген мазмұны болашақ заңгерлерге берілетін білім деңгейін анықтайды. Оқытудың білім беру қызметін жүзеге асыру оқу пәндері мен бағдарламалар мазмұнының шартын білдіреді.

Болашақ заңгерлердің білім алуы, тәрбиеленуі және түзету мен дамуы үздіксіз байланысты. Бірін екіншісінен артық не кем деп қарауға болмайды. Білім беру, тәрбие, дамыту міндеттерінің бірлігі болашақ заңгерлердің қоғамдық мәнінің жан – жақты, үйлесімді қалыптасуының негізгі шарты болып табылады және қоғамға әлеуметтік бейімделуіне әсер ететін негізгі құрал.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгеруге тиісті білімнің шеберлік пен дағдылардың, мазмұны мен көлемін айқындататын құжат. Қазіргі уақытта отандық арнайы білім беруде оқу бағдарламаларын әзірлеу көкейкесті мәселенің бірі.

Болашақ заңгерлерге білім беруде әрқайсысы өз функциясын орындайтын: оқулықтар, оқу бағдарламалары, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулар, жұмыс дәптерлері, бақылау технологиялары, оқу жабдықтары, көрнекі құралдар, техникалық оқыту құралдары, оқу кинофильмдері, компьютерлік технологиялар – бәрі оқу әдістемелік кешенді құрайды.

Мұнда әдістемелік кешен болашақ заңгерлердің еңбегін ұйымдастырады және тәртіптендіреді, іс-әрекетін тиімді жоспарлауға мән береді [198].

«Білім мазмұны» ұғымы бүгінгі күнге дейін дидактика ілімінің бір амалы ретінде қарастырылады. Ақиқатты өмірдегі «білім мазмұны» қызмет үдерісінде кез-келген кәсіби бағыт ұстанған маманның есіне түсе бермейтіні сондай, кеңес дәуірінде «оқу, оқыту мазмұны» басымдықта болғанына біздер зерттеу басында байқадық. Тәлімгерлердің бірінші айтары: «тәжірибеден үйрен» ұғымы «білім мазмұнынан» ерекше беделге ие болып, оқулықтағы құнды деген біліктілік ауқымынан ауытқушылық пайда болғанына көз жеткіздік. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасында жақсы-жаман болсын оқулықтар жайлы көпшілік қауым уәж айтатын дағды өрістеп келеді. Қоғамдық пікірдің бұндай беталысы «білім мазмұнына» қатал талап қойылуының қайнар көзі демекпіз.

Өкінішке орай, бұл зерттеу нысаны, тұжырымдамасы 18 ғысырдың соңы мен 19 ғасырдың басында құрыла бастады.

Білім мазмұнының алғашқы құрылу кезеңдеріне мән берсек, дидактикалық теорияның алғашқы өкілдері ағылшын тарихшысы Дж. Мильтон екені белгілі. Келесі бір қолдаушы өкілі неміс педагогы Н.Б. Беседов. Аталған әлемдік екі ғалымның «білім мазмұнын» энциклопедиялық білім беру мағынасында қабылдап, білім меңгеруші жан-жақты, көп білім меңгеруі тиіс деген концепцияны ұсынады.

Осындай концептуалды ғылыми көзқарасты чех ғалымы Я.А. Коменский өзінің «Ұлы дидактика» еңбегінде оны одан әрі дамытады.

Аталып отырған зерттеушілердің еңбектерін кеңес дәуірінде негізге алып, білім жүйесін Я.А. Коменский еңбегіндегі ұстанымдарға бағдар жасалып құрылды. Сөйтіп, 25 пәнге жуық білім меңгеру 10 сынып, кейін 11 сынып еншісіне тиді.

Ал бүгінгі зерттеушілер ежелгі зерттеушілерді дидактиканың формалистері деп атайды, бұндай бағаға келіспеуге де болады. Себебі әрбір бұрынғы ілімнің іргетасын қалаған зерттеушілер болмаса, бүгінгі қарқынды жүріп жатқан технологияға жетпеген болар едік.

Мектеп реформаға ұшыраған сайын білім мазмұны өзгерістерге тап болып, жергілікті жердің өзіне тән ерекшеліктері ысырылып, халықаралық ықпалдың әсерімен білім беру мәселелері шешіліп отырады. «Нені оқыту керек?», «Білімалушы нені игеру керек?», «Қалай оқыту керек?» сияқты сүбелі сұрақтарды тұңғыш қойған чех педагогы – Я.А. Коменский. Кеңестік дәуірдің 20 ғасырының орта шегінде «білім мазмұны» жайлы бірқатар ғалымдардың еңбектері айтарлықтай оңтайлы тұжырымдар ұсынды. Оқулықтардағы білім мазмұнындағы теориялық мәселелерді қайта қарастыру мен әр сынып оқышыларының перцевтивті және апперцептивті қабылдау мүмкіндігіне сәйкес саралау жолдары айқындала түседі. Ол ғалымдарды жалпылама алсақ, И.Я Лернер [199], М.Н. Скаткин, В.С. Леднев [200], В.В. Краевский. Аталып отырған зерттеушілердің ішінде алдымен көкейкесті мәселелерді білім мазмұны нысанында қалай анықтау керектігін зертханалық жолмен айқындап, «білім мазмұны» дегенге жауап берген ғалым – И.Я. Лернер: «Білім мазмұны дегеніміз – оқушыға берілетін білім».

Оның нәтижесі: оқушының іскерлігін, дағды-қабілет жүйесін, шығармашылық ой-түйсігін, эмоциялық қабілетін, қарым-қатынасқа түсудегі мәдениетін шыңдайды деп түсіндірген. И.Я. Лернердің білім мазмұнына берген түсіндірмесі жалпы білім беретін мектептерге қатысты екенін ескереміз.

Бұл орайда, біздер «білім мазмұны», «оқыту мазмұнын» өзіне тәуелді етеді деген ой-пікір түйсек, «білім мазмұнының» құрылымы қаншалықты маңызды деген қорытынды жасаймыз. Оны біздер төмендегі кестеде жіктедік. Бұл түсіндірмені – жоғары оқу орнының өкілдері де қолдануына толық құқылы (кесте 6).

Кесте 6 – Білім мазмұны мен оқыту мазмұнының құрылымы

| Білім мазмұнының құрам бөліктері | Оқыту мазмұнының құрам бөлшектері |
|---|---|
| Білім мазмұнынан жалпы болмысты тану, онтологияны тану, кісілікке көңіл бөлу, терминдер, ұғымдар | Білімалушы өзіне алған білімдерін өмірде іске асырушы, негізгі ұғымдарды өзінің лексикалық қорында қолданушы |
| Білім мазмұнынан табиғаттың басымдығын тану, оның заңдылықтарын меңгеру | Табиғаттың заңдылығындағы фактілерге, заңдарға мән беруші. Білімдерін өтілетін пәндерде дұрыс іске асыру қабітетін өркендетуі |
| Білім мазмұнынан қоғам, қоғамдағы заңдылықтарға мән беру | Белгілі нысаналар арасындағы байланыс туралы ғылыми түсініктерді қарым-қатынаста пайдалануы, коммуникативтік шеберлігін шыңдаушы |
| Адамның ойлау мүмкіндігін алға ілгерілету жүйесін қамтамасыз ету, әрбір жаңа сабақ білімалушыны ілерілетуі | Өзінің әр сабақ сайын алған білімдерін сақтай отырып, оған білімнің тезаурыстық мәнде іс-әрекеттік тұрғыда құраушы |

Бүгінгі таңға дейін И.Я. Лернердің проблемалық оқыту жүйесін білім мазмұнын құруға қатысты ұсынылған кестедегідей дәлелдеуші некен-саяқ. Біздердің бұндай батыл тұжырым жасаудағы себеп – салдарымыз барлық ғалымдардың зерттеу еңбектерін топтамамен білім меңгеруді дамыта оқыту жүйесінің өнімі ретінде қабылдау деп келдік. Қарап отырсақ, И.Я. Лернердің ғылыми тұжырымдары бүгінгі 21 ғасырдың жоғары оқу орнына да субстанциялық рөль атқаратына көз жеткіздік.

Білім мазмұны мен қатар айтылатын бір ұғым бар, ол-үйрету. Міне, осы «үйрету» ұғымы үстемдік алған тұста оқытушы-профессор баяғы «әкімшіл-әміршіл» басқару қызметіне кіріседі. Бүгінгі болашақ заңгер бұндай «жүгендеп» оқытуға, ырықсыз мәжбүрлеп білім меңгертуге көнбейтіні белгілі. Олай болса, біздер болашақ заңгерлердің білім мазмұнын әзірлегенде «үйретемін» деген ойдан аулақ болып, тепе-тең, паритеттік-коммуникативтік қарым-қатынасқа түсіп, оның қызығушылығын сабақ бойында өркендету үдерісін қамтамасыз етумен шұғылдану ғана нәтижеге бағдарламақ.

Білім мазмұнына жұмыс жоспарлары т.б. құжаттар болашақ заңгерлердің білім мазмұнынан ұсынылатын халықтық дәстүр жайлы мәліметтердегі құнды дегендерін іріктеуге қатысты жоспар құру, мәнді тұстарын бөліп, іріктеуге, феноменін айқындауға, қазіргі заман талабына сай айналымға тұжырым-түйін,

қорытынды жасауға төселеді. Болашақ заңгерлердің шешім қабылдау үдерісіндегі ақыл-ой, парасат бағам іскерліктерін, меңгерудегі қажеттісін бөліп алып, эссе жазу, түсініксіз ұғымдардың баламаларын табу секілді оқу дағдыларын ширатуы көзделеді. Болашақ заңгерлердің білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде меңгеру барысында мынандай амалдары өркендей түседі: халықтық дәстүрдегі эстетикалық-этникалық дүние танымын; қоғамдағы белең алған тәртіпсіз іс-әрекетті жоюдың нұсқалы әдіс-тәсілін табудың амалдарын; істі болып тұрған адамдардың түсінігіне сәйкес қарым-қатынастың коммуникативтік жолдарын; әрбір шешілуге тиісті мәселелердің көкейкестілігін анықтап, оған тұғырлы заңдастырылған негіздеменің сұлбасының құрылуын.

Көріп отырғанамыздай, білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде саралауда ескеретін көкейкесті тағы бір мәселе болашақ заңгерлер өздігінен ұдайы білім деңгейлерін өркендетуде ізденісті- зерттеушілік дағдыларын ұштап ілгерілеу үдерісін қадағалап отыруларының мәнгілігін түсініп жүрулері. Бұл үдеріс оқу амалдары  дағдыға айналуы қарастырылады.

Стандарт туралы ұғым, ол – білім мазмұнына берілетін нұсқалы негіз. Білім мазмұны стандартқа сай жүргізілуі. Стандартта болашақ заңгерлердің меңгеруге тиіс материалдар іріктеледі. Ол – «міндетті» және «қосымша» ұғымдармен ұсынылады. Қосымша материалдарға факультатив, үйірмелер, арнаулы және элективті курстар. Бұл құжат Қазақстан Республикасындағы білім саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар құжат. Стандарттың негізгі қызметі – менеджерлік және басқару. Ол «Білім туралы Заңға» [201] үндесіп, сәйкестендіріп жасалады. Қоғамдық – гуманитарлық пәндер мазмұнына Заң, юриспруденция саласы да жатады. Бұл стандарт мазмұнын анықтау барысында дүниежүзілік ғылымаралық, метаметодика тұрғысында, жаңа технологиялардың ұтымдысын қолдану жағдайында тәжірибеден өткен түрлері ғана іріктелгені сараланады.

Болашақ заңгерлердің білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде қажетсіну уәжін қалыптастыруда олардың кәсіби құзыретін өркендету үдерісіне әлеуметтік маңызы бар біліктілікті тұрақты түрде беру үдерісі зерделенеді. Педагогикалық сөздікте [202]: білім беру мазмұны білімдердің, ғылымдардың, іскерліктердің, дағдылардың, көзқарастар мен сенімдердің жүйелеген жиынтығы және ізгілікті оқу-тәрбие жұмыстары нәтижесінде жеткен тәжірибелік дайындықпен деңгейлерін меңгеруі» деп атап көрсетіледі. Былай айтқанда, бұл анықтаманы біліктілік-бағыттылық, болмыстық кәсіби құзыретінің ұстанымдық бағдары деп түсінуіне болады. Нақтылай түссек, болашақ заңгерлердің ауыр, күрделі істі болған адамның мәселесін шешудің өзінде адамзаттық рухани байлық аксиологиялық пайым бейнесін тануына өз-өзін мәдениетті ұстануына көңіл бөлуі көзделеді. Білім меңгерісі келген болашақ заңгер білім мазмұнына айрықша мән беруі тиіс. Олай болса, ұсынылатын қосымша, таңдауға берілетін мазмұны аталған уәжге сәйкес жүргізілуі ұсынылады. Бұрынғы білім мазмұнында білім меңгерушінің тұлғалық болмысы көрінбей қалса, бүгінгі таңдағы білім мазмұны міндетті түрде онтологияллық талапқа сай қарастырылады. Бұл мәселеде ғалым

Е. Жұматаеваның «Жоғары мектеп дидактикасы» деп аталатын еңбегіндегі мынадай тұжырымдарын нысанаға аламыз. Дидактиканың негізі білім мазмұны дей отырып, зерттеушінің еңбегінен мынандай түзілімдерді ұсынамыз:

- ұлттық кодқа қатысты ерте заманнан бері зерделенген адамның ойлау, таным іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру мақсатында еңбек сіңірген данагөй, педагог-зерттеушілердің озық идеялары мен тұжырымдамаларын, ірі дәстүрлерін сақтап жоғары оқу орнының оқыту үдерісінің дамуына тірек бола алатындығы;

- өз тағдырын өзі айқындаған Қазақстанның барлық халқы әлемдік интеллектуалды әлеуеттің жаһандануына ерекше назар аударып отырғандығы;

- жоғары оқу орнының болашақ мамандарды даярлау моделі қоғамымыздың нарықтық экономикалық жағдайына сәйкесетіндігін жоғары білім меңгертудің қазіргі бағыттары: ғылым түрлеріне қарай оның философиялық, психологиялық, педагогикалық ұштастыққа келуінің үздіксіз жаңаруы; оның ғаламдық мүддеге сәйкесіп келуі; мемлекеттік жоғары білім стандартын болашақ мамандығында ұтымды негіздеуі, білімді ақпараттандыру;

- төртіншіден оған барабар жаңа оқыту технологияларын жасауы, жұмысты ұйымдастыру. формаларын, түрлерін ғылыми негізде аталған төрт бағыт жоғары оқыту процесінің қоғам өзгерісіне ілесе отырып дамуына және оқытушы мен студенттің өзін өзі субъектілі дәрежеге ынталандыра алудың амалдарын меңгеруге қозғаушы күш болатындығы. Сол себепті өз зерттеулерімізде рухани байлыққа ұмтылыстың өзі жоғары оқу орнының оқыту процесін талапқа сай құру тұрғысынан дамуына назар аударудың қажеттігі туып отыр.

Зерттеуші мұнымен бірге жоғары оқу орнының білім мазмұнын кезеңдерге жіктеген:

- 17-19 ғасырдың екінші жартысына дейінгі кезең. Бұл кезеңде оқыту процесі білім алғысы келген адамды тыңдаушы рөлінде қалыптастырады, аталған басты амалы репродуктивтік мәндегі іс-әрекет;

- білім мазмұнының тарихи-философиялық генезисінің әлемдік деңгейіне үндестікте келерлік дүниетаным;

- танымдық қызметтің ішкі компоненттері, ойлау, пайымдау, философиялық тұжырым жасаудың амалдары;

- 19 ғасырдың екінші жартысынан 20 ғасырдың 80-жылдардың аяғына дейінгі уақыт, аталған уақыт пен кеңістікте білім мен ғылым меңгеруші жоғары білімді мамандар орындаушылық іс-әрекеттің иесі ретінде қалыптасқаны;

- кеңестік дәуірдегі новатор – ұстаздардың бастамашыл идеяларының тууы.

Жоғарыдан телінген білім мазмұнының әдіснамалық талаптары білім меңгерушілердің эвристикалық амалымен жүзеге асты.

Оқыту процесі орталықтанған жүйенің басшылығымен ұйымдасып, алғашқы кезеңге қарағанда, 60-70 жылдары дамушылық бағытты жүзеге асыру мәселесі зерттеушілердің негізгі объектісіне айналған. Ал 20 ғасырдың 80-жылдарына дейінгі кезеңде Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин [203],

Л. Занков, В. Давыдов, Ш. Амоношвили, Т. Гончарова [204], Я.С. Турбовской [205], М.Н. Скаткин, И.Я. Лернер, Т. Шамова [206] Н.А. Менчинская [207], С. Л. Рубинштейн және т.б. ғалымдардың еңбектері арқылы эвристикалық деңгейді қалыптастырғандығына зерттеуші айрықша мән берген.

Қоғамның, ғылымның және техниканың қарқынды дамуы кезеңінде оқу мен оқыту процесі өзгеріске ұшырайды деген Лотар Клинберг. Бұдан оқыту үдерісі өздігінен танудың қажеттігін пайымдағанын аңғарамыз. Л. Клинбергтің ойын әрі қарай дамытсақ, онда мынадай амалдар шығады:

1) бүгінгі таңда дидактикалық мәселелерді таза дидактикалық тұрғыда шешуге, оқыту мәселелерін жекеше тұрғыда шешуге болмайтыны байқалды;

2) дидактика нысанынан гөрі отандық білім жүйесінің парадигмасын іске асыру басымдықта екені;

3) нарықтық қоғамның монополиялық инвестициялық заңдылығына сәйкес білім мазмұнын болашақ заңгерлердің жаңа көзқараспен меңгеруін қадағалауына мүмкіндік жасалуы;

4) әрбір ұлттың ұлттық құндылықтарын құқықтық білім алу барысында ескеру және бағалау қажеттігі.

Бұндай өзгерістерді Лотар Клинберг өз еңбегінде қарастырмаса да оған сілтейтін жолдарды өзіміз өрбітіп алуымыз болашақ білім берудің тиімдісін алдын – ала болжауға болатынын ескеру көзделеді. Оның басты себебі зерттеуші «Онтология» ұғымына ғылыми түсініктеме бергенде, болашақ маман барлық ғұмырын білімі-ғылыми ізденіспен өткізуі кәсіби шеберлікке жеткізеді деп тұжырым жасауында.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық және мәдени өркендеуіне жетекші роль атқарады, сондай – ақ, оны әрі қарай айқындай түседі.

Білім беру – бұл болашақ заңгерлердің, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үдерісі.

Республикада Білім және ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекет саясатын жүзеге асырады.

Білім мазмұны – болашақ заңгерлердің танымын, олардың жан-жақты өз-өзінің әлеуметтік өркендеуін, олардың ойлауын, танымдық қызығушылығы мен кәсиби іс-әрекетіне дайындығын қамтамасыз ететін білім, іс-әрекет тәсілдері, шығармашылық, іс-әрекет креативтік прагматикалық іскерлігі, әлем өзгерісіне эмоциялы құнды қатынас жүйесі.

Бұл қағидалардың орындалу үдерісін қадағалайтын болашақ заңгерлер екенін ескеру – басымдық міндет. Білім беру ісін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болады. Республикада Білім және ғылым министрлігі оның төменгі атқарушы органдары Қазақстан Үкіметінің білім беру саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асырады.

Білім беру мазмүнына әсер ететін бірнеше факторлар бар:

1) қоғамның білімді адамға қоятын әлеуметтік, кәсіби, мәдени талаптары;

2) білім беру мазмұнының ғылымилық принципті қанағаттандыруы;

3) білім беру мазмұнының болашақ заңгерлердің психологиялық мүмкіндіктері мен даму деңгейлеріне сәйкес келуі;

4) тұлғаның өзінің білім алу қажеттілігі.

Демек, білім беру мазмүны қоғамның күнделікті және перспективтік кажеттіліктерін, адамның таным тағылымының, гносеологиясының ерекшеліктерін, әлеуметтік даму тенденцияларын ескеруі қарастырылады. Білім мазмұны ғылыми білімдер, біліктер мен дағдылар, дүние-танымдық, құлықтық-эстетикалқы идеялар, әлеуметтік, танымдық және жасампаздық тәжірибе бөлшектерінен құралады.

Білім мазмұнын жоғары оқу орнында 21 ғасырдың амалдары бұрынғы 20 ғасырдан әлде қайда өзгеріске түсті, оны төмендегі түзілімнен байқау қиын емес:

– жоғары оқу орнында ғылыми-инновациялық құрамның басымдық мәнге ие болуы, әртүрлі типтегі жоғары оқу орныдарының тууы (Назарбаев университеті, ұлттық университеттер, ғылыми-инновациялық орталықтар және т.б.);

– адами капиталдың интеллектуал әлеуетіне тәуелді болуы, былайша айтсақ, біліммен, ғылыммен табысқа жету;

– бәсекеге қабілетті болу, ғылыми проектілер даярлау, технологиялық өнімдер шығару;

– мемлекеттік басқару қызметін орталықсыздандыру, дербестік мәртебеге ие болу;

– жоғары оқу орындарының білім мазмұнын автономды таңдауы, оның механизмінің түрін, құрылымын әрбір жоғары оқу орны өздерінің жасауы;

– мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының тууы;

– философия ғылымын технологиямен тұтас дүние ретінде қарастыру;

– біліктіліктен құзыретті кәсіби имиджге ие болу;

– нарықтық сұранымға қатысты қызметті бейімдеп құру;

– оқу үдерісін қарқындылықпен құру, оның алға ілгерілеу желісін траекторияға түсіру;

– ақпараттық- коммуникативтік мүмкіндікті өнімді пайдалану.

Білім мазмүнын іске асыру үдерісіндегі әдістемелік ұстанымдар:

1) қоғам, техника, адам, ойлау жайлы білімдер. Бүл білімдерді меңгеру адамның өзінде әлемнің дұрыс ғылыми бейнесін қалыптастыруына мүмкіндік жасайды;

2) функционалды іс-әрекет жолы ретінде қолдану мүмкіндігін беретін біліктер. Бұған адам тәжірибесінің негізін қүрайтын интеллектуалдық және практикалык біліктер мен дағдылар кіреді;

3) бастамашыл іс-әрекет тәжірибесі. Бүл тәжірибе білімдер мен біліктерді жаңа, стандартты емес оку ситуацияларында тігінен қолдануды кажет етеді. Белгілі тәжірибеге қатысты жаңа іс-әрекет тәсілдері қалыптасады;

4) білім тек білім, біліктер ғана емес, оларға деген өзінің қатынасы, проблеманы өздігенен табуы. Болашақ заңгерлердің меңгерген әлеуметтік тәжірибесі оның өзінің жеке тәжірибесіне, жеке әрекет тәсіліне айналады. Әлеуметтік тәжірибе мен білім беру мазмұнының компоненттері өзара

байланысты және өзара тәуелді. Білімсіз білік қалыптаспайды. Бастамашыл іс-әрекет кандай да бір білімдер мен іс-әрекет үлгілерін (біліктерді) меңгеруді кажет етеді. Бұл жүйелерді меңгеру өздігінен іс-әрекет жасауға мүмкіндік береді.

Әсіресе, функциональды іс-әрекет, функционалды сауаттылықтың негізінде құрылуы тиіс. Оған «семиотика», «семантика», «синтактика» ұғымдары жатады.

Аталған жүйе сонау грекия философтарының зерттеулерінде кездеседі.

Ресей ғалымдары да бұл мәселеге айрықша мән берген.

Аталған ұғымдарды тарқатсақ, оның біріншісі, білім мазмұнынан «семиотика» белгілер дегенді білдіреді. Бұл оқулықта модульдердегі блоктар жіктемесінде қанша белгілер бар екендігіне мән берудің маңызды екендігі. Мәселен, химия пәнінде қанша валенттілік бар, қанша микроэлемент белгілері бар, тілдерде қанша әріп, тыныс белгірері және т.б. Әр республиканың өзіне тән ресми белгілерін жалпы білімалушылар білмесе, олар сауатсыз деген баға алады. Болашақ заңгерлер үшін де ол маңызды. Сол секілді «семантика» ол әр ұғымды түсіну, тағылымын, қағидасын, мәнін, мазмұнын бұрмаламай, меңгеру дегенге саяды.

Үшіншісі «синтактика». Ол әрбір болашақ заңгерлер қылмыстыларға айтар сөйлемдерін кәсіби құзыреттілік шеңберінде айтып, екі жақты да келістіре отырып, қайта іс қарастырылмайтындай коммуникатівтік сөз, сөйлем саптасын құру дегенді білдіреді.

Болашақ заңгерлердің білім мазмұнын саралауға ілгерілету траекториясына әсер етер негізі факторлардың жүйесі:

– сот жүйесінің тарихи дамуының белгілі бір кезеңіндегі қоғамның қоятын мақсаты, қоғамның адамдарға деген қажетті орындайтын заңдылықтары;

– оқу процесінің нақты мүмкіндіктері;

– қолайлы орта орнықтырудың ұтымды мүмкіндіктері;

– білімге деген тұлғаның қажетсінуден туған уәждері.

Қойылатын қағидалары ЖОО білім беру мазмұнын іріктеудің негізін оны құрастырудың бағытын анықтайтын, оқу пәніндегі оқу материалдарының нақты мазмұнын толтыратын құрал ретінде оқыту мазмұнын іріктеу критерийлерінің жүйесін атауға болады.

Білім мазмұны екі құрам бөліктен тұрады: 1 оқу материалы, 2 оқыту мазмұнының нысаны.

Осы білім мазмұнын қабылдауда ойлау, парасаттау және оқу, оқыту мәселелерінің шешімін табу - зерттеу жұмысымыздың басымдық берер тұсы.

Б.П. Есипов [208] зерттеуінде көзқарас адамның сыртқы сезім мүшелеріне байланысты, өйткені түйсікте болмаған нәрсе, ойда болуы мүмкін емес; ғылымның ақиқаттығы мен анықтығы тек сезім арқылы дәлелденеді; түйсік дегеніміз адал жетекші және зейін: сезім мүшелерімен қабылдаған нәрсе көпке дейін берік есте сақталады. Білім тиянақтылығы - теорияның негізіне құрылады. Бұл ой-тұжырым Ж. Аймауытовпен үндеседі.

Білім мазмұнында оқыту үдерісінің әдістемелік заңдылықтары оқу нысаны арқылы жақын аумағына сәйкес келсе, онда болашақ заңгерлердің қызметін

сол үдерістен туындаған заңдылықтар негізінде ұйымдастыруға, оның теорияны танитын гносеологиялық пайымының өркен жаюына жол ашылады. Білім мазмұнының тұтас жүйесінің кіші бөліктерінің өзара байланысының рет тәртібін, алгоритмін сақтауға болады.

Теориялық модельдер ғылыми зерттеудің әдістемелік сапасында қабылданса, нәтижесі айқындалады. Бұл жағдайда, танымды теорияға негіздеуде когнитивтік қабылдаудың мәні зор.

Болашақ заңгер оқыту үдерісіне тиімді қызмет ететін әдістерге білім мазмұнына тәуелді екенін саналы тұрғыда түсінгенде, оқу үдерісінде нені басымдықта алу мәселесіне айрықша мән береді. Оқу үдерісінде білім нысанын айқындау іс-әрекетінде мақсатты локальді тұрғыда қоя алу оның нәтижесіне жетудің бірден-бір амалы. Нәтижесінің индикаторы ол білім мазмұнының құрылым-жүйесінің амалын ашу. Бұл орайда, әдіс-құралдарды таңдау, оның өнімді түрлерін ойлау өнеріне қолдану, бұның пайдалы тұстарына рефлексия жасауы.

Қабылдауға тиіс теорияны болашақ заңгерлер қалай дамытудың кіші жүйелерін, «клеточкаларын» түсінікті тілмен атау арқылы іске асады.

Болашақ заңгерлердің математикалық дүниетанымын қалыптастыруда оқытудың жаңа мазмұнының түрін айқындау жолдарын анықтау көзделеді.

Білім мазмұны нысанынан негізгі тірек боларлық қажеттілікті саралауда математикалық сараптама заңдылықтардың міндетті түрлерінің істі болған адамға қатыстысын есептеуге, кәсіби уәжін арттыруға тигізер ықпалы зор. Бұл орайда, біздер Қ. Қабдықайровтың математика пәнінен семинар-зертхана жұмыстарын өткізу, мектептен алған білімдерін жоғары оқу орнында өзінің кәсіби қажеттілігіне жарата алуы керек дегені тұжырымы бүгінгі оқыту үдерісіне де құнды. Зерттеуші сол кеңестік дәурдің өзінде матеметика есептерін механистік деңгейде шығара беру емес, оны мектеп бітіргеннен кейін кешенді, әмбебап, күрделі ғылыми-өндірістік, әлеуметтік-психологиялық біліктілік пен дағдыны, икемділік пен бейімділікті ширату мақсатында қолдану керек деген бүгінгі монополиялық кеңістікке де қажет екенін дәлелдеген.

Кеңестік дәуірде «траектория» ұғымы қолданылмаса да, оның іс-әрекетте қажеттілігі қазақ тілінде меңгеруге оқытудың мазмұнын құру үдерісінде психологтардың еңбектеріндегі заңдылықтарды жүзеге асыру мәселелері зерттелген.

Оқыту мазмұнын нұсқалы құруда оның білім мазмұнын қабылдатуға тигізер ықпалының ерекшеліктерін ескеріп, таным үдерісінің деңгейіне сәйкестендірудің маңызы айқындалған.

Мұнымен бірге сол кездің өзінде сыртқы және ішкі факторлардың білімалушыларға тигізер әсерін де ескеру оқытудың тиімділігін арттырады деп тұжырым жасаған. Бұл орайда, бұл тұжырымдар болашақ заңгерлердің оқыту мазмұнын өздігінен жұмыс орындау барысында пайдалануына тірек болмақ.

Әсіресе, «білім мен білім дағдылары және қайталаным деңгейінде қалғандар үшін мұның өзі қайшылық туғызары сөзсіз.

Болашақ заңгерлердің өзінің әріптестерінің өзінен көш ілгері озық кетуіне сараптамамен қарап, сыртқы фактордың оған оңтайлы ықпал жасағанын

түсінсе, бүгінгі оқыту үдерісіне кешегі посткеңестік білімді қабылдау тұжырымдарының пайдасын байқаймыз.

Бүгінгі таңда оқыту мазмұнына әжептәуір сүбелі өзгерістер туындады. Десек те, бірқатар еңбектер кешегі кеңес дәуірінде «пәнішілік» және «пәнаралық» байланыс мәселесіне арналды.

Бұл жағдайда, біздер аталған ұғымдардан гөрі «метаметодика» ұғымы тиімді қолданылуда екенін байқадық. Мұның өзі сол пәніне және пәнаралық байланысты ғылыми тұрғыда, яғни ғылымаралық шегінде пайдалану көкейкесті мәселе болып отырғанына мән береміз.

Бұл мәселені болашақ заңгерлердің істі болған шытырман оқиғалардың түпкі түйінін ғылыми тұрғыда парасат-пайыммен негіздеу басымдықта болуын қадағалау көзделеді. Ғылымаралақ байланыс, ол білім мазмұнын біліктілікпен ізгілікті ұстанымда іске асыру. Оның мәні мен мазмұнын анықтау. Мәселені шешудің әдіс-тәсілдерін, амалдарын, құралдарын саралау болып табылады. Кеңестік дәуірде «парадигма» ұғымы айтылмаса да, оның қолданымы зерттеушілердің еңбекттерінде байқалады. Мәселен, А.А. Бейсембаева білім мазмұнының кеңістігін үш түрлі қырмен көрсеткен. Алгоритммен алғанда, алдымен әдіснама, психологиялық және оқу еңбегі секілді қырлары анықталған.

Біздердің болашақ заңгерлердің кәсіби біліктілігін арттыру арқылы бұл үштіктің тигізер пайдасы зор. Ол – білім мазмұны, оқу пәнін танитын жаңа философиялық көзқарас бір жағынан кешегі формациядағы істі шешудің мәні солғынданып, енді халықтық дәстүрдің озық тұстарына мән беру басымдық болуы; екіншіден, істі болған және арызданушы жақтың психологиясын ескеріп, әділ шешім қабылдаудағы теориялық танымның нұсқалығы; үшіншіден, оқу еңбегінің әлеуметтік тұрғыда мәселелерді шешуге көмегін тигізетіндігі байқалды.

Оқыту мазмұнының психологияға қатыстылығын айқындауға бірталай зерттеушілердің еңбектері талданып, жеке тұлға болмысының, онтологиялық үлгілеріне трансформация жасалынған В.С. Леднев. Тұлғалық болмыстың оқу іс-әрекетіне байланысты тетіктері аңықталып, оған мынандай жіктемелері берілген:1) жеке, дербес тәжірибе ешкімде қайталанбастай, тәжірибе тұлғаның меңгерген теориясына жүгінген; 2) психика тетіктері тұлғаның орталық жүйке жүйесінің үдерісін қатысты шіміркенуі, рефлексиясы; 3) тұлғаның өзіне ғана қатысты қасиеттері.

Бірінші қырдың өзі екіге бөлінеді: танымның тағылым жайлы зерделеушілігі, 1 танымның мәселені шешудегі әрекеттердің өнімділігі, оны ілгері жылжытуға байланысты түрткілердің маңыздылығы; 2 танымдық ізденімпаздықты ұдайы ілгерілетудегі шарттар мен құралдарды анықтаудағы әдістердің тиімділігі, әдіснамалық негізді ашу үдерісіндегі қолданылатын амалдары. Көріп отырғанымздай, болашақ заңгерлердің істі зерттеу барысында тәжірибелері бүгінгі заман талабынан туындап отырған білімденудің жаңа технологияларын саралауға аталған тұжырымдарды пайдалануға мүмкіндік бар.

Оқыту мазмұнында білім мазмұнынан туындайтын қиындықтарды топтастырып, оның шешімін табу мақсатын дұрыс құра білудің өзі әдіснаманы нұсқалы құруына бірден-бір қажетті нысан. Кешегі кеңес уақыттында бұл

мәселе зерттеурдің басты нысаны екені анықталды. «Іс-әрекеттегі қиындықтарды жеңе білу шеберлігі – жеке тұлғаның ішкі білім қоймасын қажеттіліктен толықтыруы» - деп, зерттеуші В.И. Селиванов [209] тұжырым жасаған. Психология іліміндегі тұлғаның еріктілігі дегенде, ол өзінің еркін игере алып, Абай Құнанбайұлы айтқандай, мәжбүрлеп білім қабылдауға өзі-өзін бейімдей алуына мән берілген. Сөйтіп, зерттеуші «еріктілік компонент» ұғымына ғылыми негіздеме құрған. Еріктіліктің сезімге қатысты категория екеніне бірқатар дәйктеме келтірген.

Жоғары оқу орындарында семестр бойына білімалушылардың қажетсіну уәжін қалыптастыруда еріктілік компоненттің атқарар рөлін айта отырып, сабақтың дәріс-семинар – тәжірибелік және зертханалық түрлерін өз мәнінде өткізіп, олардың когнитивтік қызметтерін байқап, одан өздерінің табыстылығын есептерлік өлшемдер құруына қолайлы жағдайлар туғызылуы ұсынылған.

Еріктілік тек ынта, ықылас сияқты категориялардың бірігуімен іске асатынына да зерттеуші ерекше мән берген. Бұл орайда, В.И. Селиванов, білім мазмұнын жүйелеп алу тұрғысында оқыту мазмұны нәтижеге қол жеткізеді деп тұжырымдайды. Біздер бұл тұжырымды да негізге ала отырып «мобильдік» пен «бастамашыл» секілді психологиялық қалыпты құра білерлік оқылымдық компонентті қосуға болатынын байқадық. Кейінгі екі категория еріктік компонентінсіз іске аспайтыны түсінікті. Оқыту мазмұнына ғылыми тұрғыда өзіндік үлес қосқан ғалым – Г.И. Легенький [210]. Н.Д. Хмельдің «клеточкалары» сияқты Г.И. Легенький білім мазмұнының «молекулаларын» жіктеуге мән берген. «Молекула» ұғымы тек химия-физика пәндерінде емес, бұл ұғымды зерттеуші педагогика ғылымына келтірінді мағынада қолданып тұр. Молекулалардың үшік атомдық формуласын құрған. Біріншні атомға жататыны – тәрбиешіге, оқытушыға әсері, екінші атомы – білімалушының өмір сүруге құлшынысының мөлшері, үшінші атомы – психихалық ахуалы мен денсаулығына қатысты өзгерістері мен әсерлері.

Бұл тұжырымдарда болашақ заңгерлерге қолдануға бола ма? – деген сұрақ туўы заңды. Ол үшін оқытушы-профессор құрамы білімалушы болашақ заңгерлердің білім мазмұнын меңгерудегі алар әсерін алдымен өзі топшылауымен рефлексия жасауымен тексерілуі тиіс. Ал екінші атом – ол бүгінгі жастардың болашақ кәсібі олардың өмірге құштарлығын оятарлық рөль атқара ала ма? – дегенде жауап табуы. Үшінші атомды болашақ заңгерлердің тән-жан-рух секілді үштіктің өзара әсерлерінің оңтайлы қызмет көрсетуіне көңіл бөлуі.

Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерін түйіндей келе, мынандай мәселелерге көңіл бөлу қажеттігі аңғарылды:

- бүгінгі отандық және әлемдік жоғары оқу орындарында білімі-ғылыми нысандардың интеграциялануы білім мазмұнына үлкен талап қойып отыр, мұның өзі оқу жоспарларын бағдарламаларын, оқулықтарын осы талапқа сәйкестендірілуі;

- оқытудың ежелден бері үзіліссіз қолданып келе жатқан заңдары мен заңдылықтарының сақталуы.

Егер білім мен оқыту мазмұнында біздер бұл мәселені ескермесек, онда жұмыстың нәтижеге бағдарлануы өз мәресіне жетпей қалады. Білім мен оқыту мазмұнының қазіргі талапқа сай құрылған заңдары мен заңдылықтары төмендегідей.

Оқытушы-профессор өзінің жұмыс уақытын жоспарлау үдерісінде мақсат және оны шешудегі міндеттерді алдын-ала жобаға түсіреді. Бұл қызметтің соңғы нәтижесі ол оқыту үдерісінің заңдары мен заңдылықтары:

- педагогикалық заң – педагогикалық құбылыстардың ішкі және оның маңызы, тұғырлы бір-бірімен сабақтастығы, олардың өркендеу заңдылықтары;
- оқыту амалдары мен әдістерінің мазмұнын айқындайтын ақиқатқа сәйкес үдерістер, қарым-қатынастар, қоғамдық сұранымдар, әлеуметтік құрылыстың оған тигізер ықпалы. Жоғарыдағы оқыту заңдары мен заңдылықтарын әлеуметтік сұранымға дәлдеп қолдану көзделеді. Салдарынан оқытушы-профессор қызметі осы әлеуметтік сұранымға тәуелді;
- білім мазмұнынан ізгілікті, әділетті, ақиқатты т.б. сапаларды тұтастай қабылдау және оны білімалушы, болашақ заңгер өздігінен өркендету заңын меңгеруі;
- біліми-ғылыми тұрғыда меңгерудегі болашақ заңгерлердің оқытушы-профессор және өзінің педагогикалық басқару парадигмасын аңғару заңы;
- оқыту үдерісінің білімді біртұтас қабылдаумен, оны жеке құрам бөліктеріне ажырата алу заңдылығы. Бірлік заңы және теорияны тәжірибеде қолдану үдерісі оқыту мазмұнының міндеттерін ұсынатын заңдылық, білімалушының, болашақ заңгерлердің саналы және басқарушылық қабілеттерін ұштап, тиімді іс-әрекет жасауына мүмкіндік беретін заң. Оқыту заңдылығы – ол ақиқат пен әділдікке құрылуы, мәнділігі айқын, тұғырлы, құрам бөліктердің ішінара байланысын сақтауы, оқыту үдерісінің құрам-бөліктерін қамтамасыз ету. Жоғары оқу орнындағы оқыту мазмұнының заңдылығы білім мазмұнына тәуелді. Салдарынан әрбір оқылатын нысандарды қоғамдық талаптарға қатысты меңгерудің перцептивтік қабылдау мүмкіндігінің деңгейіне сайкес құру көзделеді. Сол себепті оқыту характерінің шарттарын сурет 9-да ұсынып отырмыз.




Сурет 9 – Жоғары оқу орнындағы оқыту мазмұнының заңдылығы

Бұл заңдылықтарды болашақ заңгерлердің білім мазмұны арқылы қажетсіну уәжін халықтық дәстүр негізінде өркендетуге қатысты қарастырсақ, төмендегідей сапалы көрсеткіштер айқындала түседі:

- оқытушы-профессор және болашақ заңгерлердің арасындағы қарым-қатынасқа тәуелділік және оқу нәтижелілігі. Бұл заңдылық болашақ заңгер неғұрлым қарқынды жұмыс істеуге бейім, когнитивтік-гносеологиялық танымы парасатты, бағамды, пайымды болса, сабақ соғұрлым сапалы болуды көздейді;

- білім мазмұнының кіші бөліктерін ірілендіру мәселесіне мән беріліп, болашақ заңгер оның қажеттілігін сезініп, өзінің ынта-мүддесімен қайталап интеллектуалды әлеует қорын берік етуге өз-өзін мәжбүрлесе, онда білімиғылыми нысанды ұмытпайтын дәрежеге жету заңдылығы туындайды. Бұл заңдылық проблемалы-зерттеушілік, шығармашылықты – креативтік іс-әрекетпен орындалады;

- білім мазмұнын оқыту мазмұнына айналдырғанда модельдеу заңдылығы пайда болады. Бұнда болашақ заңгерлердің меңгеруге тиіс кәсібінің шарттары анықталады;

- білім мазмұнындағы ұғымдарды түсінудегі герменевтикалық әдіс пен оның қандай ситуация – жағлайларда келуінің маңызды белгілері, құбылыстары, технологиялық іс-әрекеттері, мазмұнның ауқымын анықтауын қалыптастыратын заңдылық туындайды.

Жоғарыдағы құрылған болашақ заңгерлердің білім мазмұнынан оқыту мазмұнын іске асыру үдерісінде қолданылатын заңдар мен заңдылықтар бүгінгі педагогикалық тұжырымдаманың стратегиялық идеяларын қалайды:

- оқыту үдерісі білім мазмұны арқылы жеке тұлғаның дербестігін, жеке жұмыс жүргізу шеберлігін шыңдауға бағытталады, рухани құндылығын білім мен ғылымнан қуаттануын қамтамасыз етуге бағдар жасайды, жалпыазаматтық, кісілік, қызметінің пайдалы болуына ынталы, кәсіби құзыретін ілгерілетуге ықыласты сапаларды меңгеруге қолайлы жағдай туғызады;

- жеке тұлғалық болмысты қалыптастыруда когнитивтік-гносеологиялық, ізденгіштік, шығармашыл-креативтік қызметтерді игерудің шарттарын анықтау арқылы өз-өзнінің өмірге құштарлығын оятады;

- білім мазмұнын іріктейді, технологияларды меңгеріп, оған қызмет етер ұтымды әдіс-тәсілдерді, амал-жолдарды, қажетті құралдарды саралайды, мұның өзіне өте аз уақыт кетіреді.

Жоғарыда қарастырып отырған білімнің заңдары мен заңдылықтары жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерісті біртұтас құбылыс ретінде қарастырады, мұның өзі-болашақ заңгерлердің білім мазмұны арқылы қажетсіну уәжін халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруларуына бірден-бір қозғаушы күш.

Жоғары оқу орнының оқыту үдерісінің талаптары төмеденгідей болып келеді:

- біздің жағдайда пәнін, бағдарламасын ғылыми ақиқат шеңберінде құрылуы, қазіргі ғылым жағдайында сәйкес келуі, оның өмірге қажеттілігі, ал оның мазмұны жоғары оқу орнының жаңа дидактика нысанының жетістігіне негізделеуі;

- танымдық-когнитивтік және гносеологиялық тұрғыда құрылған ойлау өнерінің кез-келген жағдайларды шешуіне қатысты проблемалардың алдын-алуы және оны дәлелдейтін нысаналы дәйектемені құруы, мұның өз-өзін оқытудың өрлеу үдерісіне қатысты болуы;

- «Ойлау өнері» ұғымын «технология» дегенді аңғартатынын ескеруі, бұл орайда, болашақ заңгер өзінің парасат–пайым, түйіндеме мен тұжырым құруына ұдайы сыни бағаммен зерделеуі, білім игерудің инновациялық технологияларын іс-әрекетте саралай алуы, оны нәтижеге бағдарлауы, саралай алу, оны нәтижеге бағдарлауы, креативтік іскерліктің шыңдалуы;

- болашақ заңгерлердің компьютер сияқты миы мен жадында пайдасы жоқ білім қоймасынан арылып, ұдайы оны жаңа білім мен ғылым, пайыммен ауыстырып отыруы;

- меңгерген білімнің болашақ кәсібіне қажеттілігі ескерліп, өзінің жеке мүмкіндігіне, стохастиқалық парадигмасының өрлеу траекториясын іштей сараптауы;

- өзінің рейтінгісі мен оқытушы-профессордың қорытқан рейтінгі бағасының пайыздық көрсеткіштерінің сәйкес келуі;

- кредиттік технология талабына сәйкес болашақ заңгер өздігінен ізденісі 45 пайыз, ал оқытушы-профессормен кеңес алуы 40 пайыз, 15 пайызды оқытушы-профессордың нұсқалдық диалог негізінде өткізген дәрістері.

Болашақ заңгерлердің меңгерген теориялық білімдерін тәжіриебеде іске асыруына қызмет етер нысан – ол қағидалар. «Қағида» жалпы бір нәрсенің негізі, басталуы дегенді білдіреді. Қағидалар ол догмалық дәрежеде жүргізілмейді. Десек те, оның тарихи желісі де сақталып келеді.

Қағида – теориялық ережелердің шығу жүйесі, біртұтас білім беру үдерісінің талаптарын жобалау, оны психологиялық және педагогикалық пайымдалған ғылымның заңдылықтарына негіздеу, ол – заңдылықтар білім мазмұнынан шығады, мақсаттан мазмұн, мазмұнынан ойлау өнері, ойлау өнерінен қызмет үлгілері туындайды. Бұл заңдылық оқу үдерісінде оқытушы-профессордың паритетті, тең ынтымақтастық одақта жұмыс жүргізулеріне мүмкіндік береді.

Оқыту қағидасы педагогикалық тұжырымдарды іске асырады. Білім мазмұнының мәні, мазмұны, оқыту құрылымы, оның заңдары мен заңдылықтары, қызметтің белгелі бір мөлшері, тәжірибенің теориялық бейімдеуі. Теориядан тәжірибенің құрылысы түзіледі.

Баяғы ықылым заманнан келе жатқан оқытудың жалпы дидактикалық қағидалары әлі күнге дейін актуальды:

- ғылымилығы, түсініктілігі, білім мазмұны қабылдаушыға қарымдылығы;

- басқарушы оқытушы-профессордың нұсқауымен білім мен ғылыми негізді саналы меңгеруі;

- оқудың жүйлілігі;

- оқу үдерісіне оқытушы-профессордың нұсқауынсыз өздік жұмысқа ұласуы;

- оқу үдерісіне болашақ заңгерлердің құлшынысының күннен-күнге арта түсуі;

- болашақ заңгер ұжымдық ойлаудан гөрі жеке мүмкіндігіне сүйеніп, білімі-ғылыми дүниетанымын кәсіби құзыретін арттыруға бағдарлай алуы;

- жинақтаған интеллектуалды әлеуетін компьютердің көмегімен стохастикалық, алгоритмдік, эмпирикалық парадигмаларға жіктеуі;

- болашақ заңгер өзінің тұлғалық болмысының бейініне қарай білім мазмұнынан рухани құндылықтарды: аксиологиялық, гносеологиялық, онтологиялық, насандарды саралап, оған мағыналық мән беруі;

- болашақ заңгер кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұнын халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруына оқытушы-профессордың берген нұсқаулық-ұсыныстарын басшылыққа алып, оны интернет, оқулықтар, ғылыми еңбектер т.б. сияқты білім мен ғылым көздерінен толықтырып отыруы;

- болашақ заңгерлердің меңгерген әрбір жаңа тақырытары: модуль және оның блоктарын өздігінен рефлексиялау арқылы мәнділік деңгейін анықтауы;

- болашақ заңгерлердің меңгерген білім мен оқыту мазмұнын өмірде қолдануының жобасын құрып, өзінің келешекте қол жеткізер табыстылығын алдын-ала болжай алуы.

Алдындағы барлық қағидаларды жүзеге асыру барысында болашақ заңгерлердің оқу, ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық және әлеуметік қызметтерін кәсіби қажетсіну уәжін арттыруына тиімді қолдануы.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы қағидалар әдіснамалық бағдар ретінде болашақ заңгерлердің істі қарау мәселелерін әділ де ақиқатты жолмен шешулеріне мүмкіндік береді. Бұрынғы қағидаларда аса кездесе бермейтін ұғымдар қылмыскерлердің ісін білім мазмұнының халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруда олардың мүмкіндіктерін анықтауға стохастикалық парадигмасының тигізер пайдасы зор.

«Стохастикалық парадигма» ұғымы қылмыскер мен жапа шегушінің арасындағы даудың туу себептерін «онтология» арқылы шешеді. Алдымен, болашақ заңгер екі жақтың тұлғаларының ішкі мүмкіндіктерін диагностикалап, олардың құндылықтары, адами деңгейі, кәсіби (егер болса) көзқарасы, адамдар мен қоғамдағы қарым-қатынасқа түсудегі коммуникативтік мүмкіндіктері анықталады. Оны билер сотындағы белгісіз екі жақтың психологиялық, әлеуметтік хал-ахуалы мен жұртқа аса таныла бермейтін ішкі құпиялы мінез-қылықтары белгі беретін сұрақтар әзірлеуі «белгісіздікті» «белгілі» дәрежеге бағдарлайды. Нәтижесінде, жоғары оқу орнында алған білімі-ғылыми білімін іс-әрекетте қолдана алуына мүмкіндік туады. Болашақ заңгер «стохастика» ұғымы сөздікте «белгісіз» дегенді білдіретінін ескеріп, істі боған және жәбір көрген екі жақтың іс-әрекетін, ситуацияларын анықтамас бұрын, олардың ішкі ұстанамдары мен өмір сүру дәстүрлерінің қандай деңгейде, оның мәнділігі неде, немен өздерін қызықтыра алады, дүниетанымы қай бағытта және т.б. сауалдарға жауап табудың амалдарын саралайды. Нәтежесінде, екі жақтың мәселеге тап болғандарын анықтап, өзінің кәсіби уәжін жаңа философиялық көзқарасқа бағыттайды. Міне, осы ішкі интериоризация, ұстаным стохастикалық парадигмаға ұмтылдырады, ол бара-бара дағдыға айналады.

Стохастикалық парадигма әрбір тұлғаның мүмкіндік теориясын, оның жаңа философиялық дүниетанымының бар не жоқ екенін зерделесе,

«алгоритмдік парадигма» болашақ заңгерлердің қылмыскер мен жәбірленушінің жағдайларын анықтаудағы сұрақ қоюына оқиғалар мен үдерістердің алгоритмін шығарудағы философиялық пайымының қаншалықты әділдігі, дәйектілігін анықтаудағы істің рет-ретіне жауап беруіне мүмкіндік береді.

«Алгоритм» ұғымы рет тәртібін білдірсе, «парадигма» оған жаңа философиялық дүниетанымды құра алу шеберлігі дегенді түсіндіреді. Кәсіби сипаттың өзіндік ерекшелігіне қарай парадигмаларды бірдей сапада іс-әрекетте пайдалану қиын. Өйткені әр мамандықтың өзіне тән мәнділігі мен маңызы, қасиеті бар. Сондықтан біздер оның қолданымының мазмұнын анықтауды басымдық деп есептедік. «Алгоритмдік парадигма» тек істі жүргізудегі болған оқиғалардың характерін ретімен зерделеп, әрбір құбылысқа, үдеріске болашақ заңгерлердің философиялық тұжырымды олардың тілі мен түсініктеріне сәйкес құруы көзделеді.

Үшінші парадигма ол – «эмпирикалық». «Эмпирикалық» ұғымы кеңес қоғамына дейін де, кейін де қолданымда екенін ескереміз. Әлеуметтік – қоғамдық мәселелерді қарастыруда «эмпирикалық» тәжірибелік деген ұғымға ие болып келді. Сөздікте «эмпирикалық» құбылыстар мен үдерістердің жиынын зерттейтін әдіс ретінде қызмет етеді. Бүгінгі білім модернизация кеңістігінде оны «эмпирикалық парадигма» ұғымында қолдану нарықтық қоғамның сұранымы деуге де болады. Құбылыстар мен үдерістерді зерделеп, оған тәжірибелік көзқарасты философиялық тұрғыда негіздеу екеніне басымдық беріледі.

Аталып отырған үш парадигма кәсіби құзыреттің ғылыми-әдіснамалық негізін қалап, әділ де ақиқатты шешім қабылдауға тигізер пайдасы айтарлықтай.

Қазіргі педагогика ғылымының психологиямен интеграциялануы күннен-күнге айқындала түсуде. Осыған байланысты біздер құқық пәнінде тағы үштік жаңа ұғымдардың болашақ заңгерлердің қолдануына нұсқау беруді жөн көрдік.

Ол болашақ заңгерлердің білім мазмұнын қажетсіну уәжінің артуына пайдалану үдерісінде парадигмалармен қатар, немесе дербес қолданылатын рухани құндылықтарды байытуға мүмкіндік туғызар нысандардың бар екендігі. Жоғарыдағы ұсынылған қағидалардың ішінде келтірілген:

1) «Аксиология» ұғымы құқық мамандылығына қатысты ретроқағидамен халықтық дәстүр озығынан меңгерген рухани құндылықтар. Рухани құндылықтар тек бір халықтық дәстүр озығынан ғана қуат алмайды, одан басқа білім кеңістігінен сол қажетсінуіне қатысты дегеннің бәрінен де күш жинай алады. Дегенмен, мәселе болашақ заңгерлердің кәсібі болғандықтан, оны тек осы аумақ шегінде қолданған орынды. Аксиология халықтық дәстүрдің білім мазмұны арқылы берілуі, оны болашақ заңгерлердің қабылдауы дегенге саяды;

2) «Гносеология» бұл әрбір меңгерген білімі-ғылыми нысанға деген болашақ заңгердің тағылымдық танымын өркендету. Ол істі болғанмен жәбірленушінің қандай қиындыққа ұшырағанына қатысты тағылымдық таным ғылыми-құқытық пайыммен жүргізіледі. Осы аумақтың төңірегіндегі зерттелім гносеологиямен қорытылады;

3) «Онтология» – бұл тұлғалық болмысты айқындайтын нысан. Екі жақтың болашақ заңгер көлеңкелі күйге ұшырауындағы олардың тұлғалық бағдарлары, өздерінің ерік-жігерлерінің мөлшері, кісілік ұстанымдары, бір-біріне деген көзқарастары, қоғамдағы тұлғалық іс-әрекеттері отбасынан алған тәрбие-тәлімі, ішкі ұстанымы, сыртқы және ішкі заңдар мен заңдылықтарды ескерілуі және т.б. мәселелерді дәйекті тұрғыда қандай әлеуметтік топқа жататыны белгілі болады.

Болашақ заңгерлердің іс-әрекетін өркендету сұлбасының құрылуы, уәж әзірленуінің ажырағысыз жүйе түзілімі ретінде ұғынылатын ұстаным тұрғысынан жүзеге асатын ғылыми-технологиялық деңгейі дамуының және оның оқу-әдістемелік мүмкіндіктерін жіктеуі. Ғылыми және технологиялық білімдердің формасы болып табылатын ғылыми-әдіснамалық өрлеу процесінің зерттелуі әлі де болсын жетімсіз.

Десек те, зерттеу еңбектерін талдау негізінде біз мынандай мәселені айқындадық: бүгінгі күнге дейін жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін арттыру мәселесінің негіздері арнайы зерттелмегені байқалды. Әдіснама тұрғысында зерделеген теориялық негізін болашақ мамандарды қазіргі жоғары оқу орнының жағдайында білім беруді тұтас қалыптастыру процесінде тұлғалық қызметтік, тұлғалық-бағдарлық және онын жүйесінің тұжырымдамаларын құрастыру әлі де болсын өз мәнінде іске асырылуы ойдағыдай емес. Болашақ заңгерлердің парасатты өздігінен білім жинау процесінде тереңдей түсуі, дәрісті оқытушыдан меңгеруі, оны аудиториядан тыс уақытта 60%-ға, ішкі мүмкіндігіне қарай толықтыруы, қабылдау сипатының әдістерін біздер «перцептив», ал әрбір жеке-жеке ұғымдарды тұтас жинақтау, түйістеу процесін «апперсепсе» ретінде қарастыру жетімсіз. Нәтижесінде, бұрынғы білігі мен ғылымын толықтырып оқытудың жүйесін жасауы (тек өзіне тән), өзінің парасатты іс-әрекетін баулуы, кәсіпке қажетті білім мен ғылым қорын кез-келген қоғам өндірісіне ыңғайлану процесінде жинақтай алауы, нәтижесінде өзінің парасатты іс-әрекетін бакылаумен шектелмей, басқару іскерлігіне төселуі, барлық білімі мен ғылыми пайымын қажеттілікке сәйкес айтып, жауап беруге дағдылануына айрықша мән берілмеуі де байқалады.

Жоғары оқу орында оқыту – педагогика ғылымының категориясы. Мұнымен бірге бұл көрсеткішті дидактика үрдісі дейді. Процесс – оқыту жүйесінің өзгерісі, бәрінің басын жинақтай алғанда, ол – біртұтас іс-қимыл, нысана, әрекет, әдістемелік кешендер.

Перцевтивті әдіс әр түрлі деңгейлікте жүзеге асқандықтан, бір айналым жүйесінде тұйықталып отырады.

Аталған екі мақсаттың іштей қатыстық өлшемі-алғашқысының екіншіге тәуелді болып келуі, міне, бұл – жоғары оқу орындағы жүйені айқындаса, ал К.К. Платоновтың [211] әдістері бойынша әзірленген басты-біліктілік, адал, ізгі азамат тәрбиелеу, кірпияз, іскер, өздігінен біліктілігі мен ғылыми дүниетанымын өркендете алатын, кәсіби қасиетін өмірге жарататын субъектіні сомдау екені аңғарылды.

Зерттеуші Г. Нойнер [212]: «Адам деген философиялық мәнде қолданылса, «жеке тұлға» қоғамдық тіршіліктің сомдаған субъектісі екенін түсінгеніміз жөн дейді. Бұл жағдайда біздер төмендегідей әдістерге субстанция түзілімді сараладық:

- «организм-қоршаған орта» қатынасы адам және табиғат арасындағы қатынастар деңгейінде;

- «субъект-объект» қатынасы адам мен адамның практикалық және теориялық қызметінің объектілендірілген заттары арасындағы қатынас деңгейінде;

- «жеке тұлға-қоғам» қатынасы түрлі әлеуметтік топтар жанама қатынастарға айналдырған адам мен қоғам арасындағы қатынастар деңгейінде - деп, жіктеген.

В.С. Леднев түрлі авторлардың жеке тұлға бітімінің үлгілерін қорытындылай отырып, оның ерекше үш бөлігіне тоқталады:

- жеке тұлғаның тәжірибесі; психика тетіктері; жеке типологиялық қасиеттері. Бірінші бөлік екі топтан тұрады.

Бұдан мынадай қорытынды туады: танымдық ізденімпаздықтың сипаттамасында танымдық әрекетте жүзеге асырылатын қатынастар маңызды орын алатын болғандықтан, танымдық ізденімпаздықты қалыптастырып дамыту шарттары мен құралдарын анықтау үшін оқытушының әдіснамалық технология даярлау жүйесінде танымдық ізденімпаздықтың жұмыс істеуін арнайы карауы көзделеді.

Зерттеуші В.И. Селиванов «іс-әрекеттегі қиындықтарды жеңе білу біліктілігі – жеке тұлғаның еркінің дамуын бағалайтын негізгі өлшем», – деп қараған. Еріктілік компонент – сезімге байланысты категория. Олардың оқу-танымдық қызметінде айқынырақ көрініс табатын көрсеткіш ретінде дәрістер мен семинар-тәжірибелік сабақтарда жұмыстың ынталы жүргізілуін, жұмыстағы біртұтастық жүйелілікті (семестр бойына), танымдық қызметтің барлық түрлерін аяқтауға ұмтылушылық ұсынылады.

Бұл ұстанымның жалғасы 20 ғасырдың 90-жылдарынан 21 ғасырдың бас кезінде креативтік кезеңнің басымдық екені анықталды. Креативтік деңгейдің танылуы қызметінің жасанды шығармашылығын туғызу көрінісі емес, керісінше, әр индивидтің өзіндік бейімі мен ыңғайына қарай табиғи шығармашылық кабілетін ішкі мүмкіндіктеріне лайықтап дамытуды іске асырады деген ұстанымның пайда болуы аңғарылды.

Тәулсіздікке ие болған Қазақстан көлемінде оқытылу мәселесіне жоғары оқу орнында дамуына ерекше назар аударылып келеді. Кәсіби білімді дамыту мәселесін, оның стратегиялық келбетін ұштау тұлғалық-бағдарламалық сипатта айқындалып, білім мен ғылым жиюдың дидактикалық жүйесінің көп сатылығын зерттеген Т.С. Садықовтың еңбегі республика жұртшылығына ерекше ықпалын тигізді. Танымдық ойлау қабілетіне қатысты деген А.Е. Әбілқасымова ой-тұжырым жасап, бүгінгі және алыс болашақ субъектілерінің оқу іскерлігін ілгерілетудің негізін құрып берді.

Сонымен бірге аталған ғалымдар оқытушы мен студенттердің алатын орнын айкындады. Бұрынғы тыңдаушылық кезеңдегі оқытушы үстемдік

жүргізуші, оқу іс-әрекетін өзінің басқару құзырына бағындырса, студенттерін тыңдауға бейімдесе, ендігі 90-жылдары және жаңа ғасырда студентті тұлғалы болмыс дәрежесіне жеткізудің амалдары қарастырылды.

Сөйтіп, Т.С. Садықов пен А.Е. Әбілқасымова ықпалдастық оқыту жүйесінің қажеттілігін дәлелдеп шықты, жалпы және жоғары мектеп дидактикасының төмендегідей ерекшелігін айқындап берді:

1) жоғары оқу орнында орта мектептегі процестен кейбір ерекшеліктері бар. Оқу материалын, оқыту жүйесін беру, игерту технологиясы мен оның игерілуін тексеру тәсілін өзгерту осындай ерекшелікіердің бірі болып табылады. Жоғары оқу орнындағы дәріс, семинарлық және зертханалық-практикалық сабақтар жүйесі оқу материалының мазмұнын беруде бөлуді, дискретті процесті көздемейді. Дәріс сабақтарында студенттер білім алады, олар семинарлық және зертханалық-тәжірибелік сабақтарда әрекет тәсілдерінің технологиясын әдіснамалық негізде игереді. Бұл орайда, сабақта берілетін материалдың ауқым-тығыздығы мектептегімен салыстырғанда, әдәуір ұлғаяды. Айтарлықтай көлемдегі терең білік пен ғылым негіздерін студенттер тек оқулық бойынша ғана емес, сонымен бірге білімдердің басқа да ғылыми көздері бойынша жұмыс жүргізіп, өздігінен игереді. Оқу материалының игерілуі әрбір сабақта тексерілмейді, өйткені семестрде бірнеше өткізілетін семинар-тәжірибешілік (коллоквиумдар мен бақылау жұмыстары ғана) жоғары оқу орнындағы күнделікті бақылаудың жетекші нысандары болып табылады. Өтілген сабақтарда студент сынақ-емтихан сессиясына әзірлеу барысында өз жұмысын жүйелейді, ал оның сессиясында оқытушы сынақ пен емтихан, тестілер өткізу сапасында тексереді;

2) екінші бір ерекшелігі – оқу барысының кәсіптік бағдарға ыңғайлануы. ЖОО гуманитарлы пәндердің болашақ мұғалімдерін даярлауды кәсіптік бағдарлау барысы негізінен, тәжірибешілік жұмыстарынан мамандыққа бейімдеу машығы дамытылады;

3) үшінші ерекшелігі – «оқыту-студент» арасындағы ықпалдастық сипаттың өзгеруі. Бұл өзгерістің мәнін студенттің шәкірттен гөрі осы процестің көбірек субъектісі болып табылатын сипатында.

Жоғары оқу орнында оқудың алғашқы кезеңдерінде студент оқу-тәрбие процесінің объектісі ретінде көбірек әрекет етеді, міндеттерді игереді.

Әлемдік деңгейде Н.Д. Хмель – оқыту теориясын қалаған ғалымдардың бірі. Оқытушының оқыту теориясын жүзеге асыру процесінде қандай сипатта болуы жөнінде сындарлы да соны тұжырым жасап береді. Дерексіз ұғымды дамытудың жолын белгілеп, бір жүйенің кіші клеточкаларын ұштастыра білу іс-әрекеті дамытылуының қажеттігіне көңіл бөлген. Дерексіз ойды дамыту үшін мынандай шарттарды қолданған: зерттеу құбылысын айқындау барысында өте тереңдеп кетпеу; өркендеуінің бастапқы ақиқаттың тарихилығын сақтау; абстрактілі ұстанымның жалпы мақсатқа үндесіп келуі; оның тууы процесінде құбылыстағы дамуының және оның қозғаушы күшінің барысындағы кездесетін қайшылықтардың бірі екендігіне мән беру.

Зерттеуші ғалым А.А. Бейсенбаева білім мазмұнының кеңістігін үш қырлы бірліктің негізінде қарастырған. Олар: әдіснамалық, психологиялық, әлеуметтік

еңбек. Әсіресе, біздің зерттеуімізде тіректік ұғымына қызмет етерлік тұсы - таным ақиқаты жайлы философиялық-диалектикалық жаңа қоғамның креативтік кезеңін жүзеге асыруда еңбек сіңірген бірталай ғалымдардың еңбектеріне тоқталуы, жоғары оқу орнының білім меңгертуі 20 ғасырдың 91-жылдарынан, еліміздің тәуелсіздік алып, ғаламдық кеңістікпен интеграциялы қарым-қатынасының нәтижесі демекпіз.

Ғылым мен білімді болашақ заңгерлер тұтастай бойына дарыту үшін мемлекеттік стандарттың ұстанымын оқытудың негізгі көзі ретінде пайдалану іс-әрекеті қоғамның мүддесінен шығуды қарастырады дегенге бағдарлайды, құрылғыны (пән бойынша) жобалаудан іс-әрекетті жобалауға өту, (Білім мазмұның ауқымын хронометрі+хронотоп) белгілеу.

Оқыту үдерісінде білімнен тәрбиені саралап, біртұтас жүйе алғы шарттарын Н.Д. Хмель былай көрсетеді: «дерексіз» деген ұғым «өркендеген » ұғымның синонимі; «нақтылы» жоғары басқышқа көтерілген мәнді білдіреді; «дерексіздік» екі түрлі сапалық мәнді қамтиды:

1) білімнің нұсқалығын айқындау мақсатында оның маңызын анықтап, себептерін ашу;

2) үдерісті құбылыстардың қасиеті мен өзіндік ерекшелігінің мәнін жіктеу.

Дерексіз ойдың тууына төмендегідей шарттарды қолданған абзал: дерексіз ойдың тууы үдерісінде құбылыстағы даму және оны қозғаушы күшінің барысындағы кездесетін қайшылықтардың бірі екендігіне мән береміз.

Дерексіз ұғымды болашақ заңгерлердің танымдық қызметін өркендету процесінде туғызу үшін аталған шарттарды оқытушы жадына ұстағаны бүгінгі күннің талабы.

Жалпы білім беретін жағдайында нақтылыдан абстрактілі ұғымға ойысса, жоғары мектепте керісінше дерексіздіктен нақтылы ойлауға көшу - көкейтесті мәселе. Ол үшін Н.Д. Хмель жеке «клеточкаларды» бөліп алып, зерттеу нысанында қорланған материалдарды эмпирикалық тәсілмен ажырату арқылы біртұтастық жүйені талдай алатынына тоқталады. Эмпирикалық тәсіл-құбылыстар мен үдерістерді бөліп алып анализ жасау «элементарлы клеточкаларды» ғылыми негізге алу үдеріс зерттелімінің көптеген нәтижелеріне қол жеткізілгені деген тұжырымды көрсетеді.

Қорыта келгенде, білім мазмұны мен оқыту мазмұны дидактиканың құрам-бөліктері болып зерттелген. Кеңестік кезеңде тәжірибе ұғымы басымдыққа ие болып, білімалушыдардың өзіндік және психологиялық ерекшеліктеріне аса көңіл бөлінбей, үш деңгейлікпен бес балды жүйемен бағалау дағдыға айналған. Нәтижесінде, алған білім репродуктивті деңгей дәрежесінде қалып отырған. Мұнымен бірге, еңбектерді талдау барысында «студенттер», «білімалушылар» ұғымдары жалпылама мәнде қарастырылғандықтан, болашақ заңгерлердің білім мазмұнын халықтық дәстүрге негіздеу мәселесі зерттелмегені байқалды.

## 2.2 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастырудың моделі

«Модель» ұғымының анықтамасы әр сөздікте әртүрлі мағынада түсіндіріліп жүр. Модель деп анықталған жағдайда нысанды алмастыратын қандай да бір көмекші объкті аталған. Ұзақ уақыттар бойына «модель» түсінігі арнайы типтегі заттардың моделі, кемелер мен самолеттердің, жануарлардың модельдері ретінде қалыптасты.

Уақыт өте келе нақты нысандар жасанды сызбалардың, суреттердің, карталардың модельдік ерекшеліктері арқылы сипаттала бастады. Дерексіз модель түсінігі математикалық модельдер шеңберінен шығып, әлем туралы білімдер мен танымдардың барлығына қатысты болды. Модель түсінігінің айналасындағы кең талқылау қазіргі кезде де жалғасып отырғандығын естен шығармау қажет. Бастапқыда ақпараттық, кибернетикалық бағыттардағы ғылыми пәндер аясында, содан соң ғылымның басқа да салаларында түрлі тәсілдермен іске асырылатын модель ретінде танылды. Негізінде модель мәнін нақтылау тәсілі ретінде қарастырылады.

Модельдерді қасиеттеріне карай мынадай топтарға жіктеу:

1) қолданылу ауқымы;

2) модельде замана мүддесін ескеру;

3) білім саласына қарай жіктеу;

4) модельді көрсету амалына қарай трансформациялау.

Тәжіриебеде пайдалану ауқымына модель не үшін және қандай мақсатта қолданылады деген сұраққа жауап беру мақсатында оқу, тәжірибелік, ғылыми-техникалық, ойын, имитациялық тәрізді топтарға жіктеледі.

Оқу моделі – көрнекі оқу құралы, әр түрлі машықтандырушы, нұсқаушы программалар түрінде болуы мүмкін. Тәжірибелік модель – нысанының жобалау объектісінің кішірейтілген немесе өте майда объектілер үшін олардың үлкейтілген көшірмесі болып табылады. Бұл модельдер – нысаны құрам-бөлшектерін табу, зерттеу мақсатында қолданылады.

Ғылыми-техникалық модельдер – үдерістер мен құбылыстарды зерттеу мақсатында құрылады.

Қазіргі кезде ғылыми-практикалық зерттеулерде компьютерлік модельдеу танымның негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ол инженер мамандардың білуге тиісті жобалау, талдау, сараптау іс-әрекетінде маңызды міндет атқаратын таным құралдарының ең қуаттылыларның қатарына жатады. Компьютерлік модельдеудің мән-мағынасы, маманның нақты нысанының тәжжірибеде толық зерттеу мүмкін емес жағдайда, оны есептеу алгоритмдерінің көмегімен компьютер арқылы іске асыратын, сол нақты объектіні математикалық модельмен алмастыру екенін ескереміз.

Компьютерлік моделдеу мақсаты. Компьютерлік модельдеудің – экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық-техникалық сипатта шешім дайындап, қабылдауға пайдаланылуы мүмкін мәліметтер алу.

Модель зерделенетін нысанның қасиеттерін жоғары нұсқалылықпен ойша бейнелей алады. Нысананы сараланатын құбылыстарға, аталымдар мен үдерістерге тән қосалқы белгілерден семиотикадан айырып, ондағы жалпы,

негізгі, елеулі заңды таңбаларын табуға мүмкіндік береді. Сондықтан модельдеу танымның формасы, әдісі, әрі категориясы болып саналады.

Модель ретінде сұлбалар, сызбалар, формулалар, табиғи және жасанды тілдердегі сөйлемдер, тағы басқа қолданылды. Мұндай модельдеу түріне математикалық (компьютерлік) модельдеу жатады. Зерттеу кезінде көбіне бірін-бірі толықтыратын бірнеше модельдер қолданылуы мүмкін. Бір құбылысты зерттегенде бір-біріне қарама-қайшы келетін модельдер пайдаланып, бұл қайшылық таным дамуының аса жоғары деңгейінде шешімін табуы мүмкін, сөйтіп, күрделі модель құрайды.

Модельдеу танымның басқа да формалары мен әдістерімен (эксперимент, дерексіздендіру, гипотеза ұсыну, тағылым құру, түсініктемелеу, тағы басқа) бірлесе отырып, адам білімінің тереңдей түсінуіне қозғаушы күш.

Модельдеу, ол ғылымның жаңадан ашылған жетістігі емес. Модельдеудің тарихы мыңжылдықтармен саналады.

Модель когнитивтік таным нысанының орнын басатын және ол туралы ақпарат көзі болып табылатын жүйе. Модельдер зерттеу мақсатына қарай әр түрлі қағидамен зерделенеді. Солардың ішінен ортақтары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

- қабылдау қағидасына қарай төлтума іске асырылуын жіктеу;
- оларды құру барысында қатысу дәрежесіне қарай жіктеу қағидасын саралайды;
- перцептив үрдісінде модельдер әр түрлі функцияларды орындайды.

Олар кейбір құбылыс немесе теорияның интерпретациясын түсіндіруде құрал ретінде қызмет көрсете алады. Ғылыми зерттеулердегі үлкен мәні – модельдің ізденуші-зерттеушілік функциялары болып табылады.

Модельдеудегі басымдық – мәлімет ұсынысының бүтіндігі. Модельдеу синтетикалық бағытқа негізделеді: бүтін жүйелерді мүшелейді және олардың жұмыс жасауын зерттейді. Модельдеу – жемісті әдіс. Ол негізінде үш пайдалы мақсаттарға қызмет көрсетеді:

1) ізденісті-зерттеушілік – жаңа заңдардың табылуы, белгіленуі, жаңа теориялардың құрастырылуы және алған мәліметтердің интерпретациясын жіктеу үшін керек;

2) есептеуіш – модельдер арқылы есептеуіш мәселелердің шешімдерін шешу;

3) эксперименталды тексеру немесе басқа модельдерді операция жасау арқылы мәселенің шешімін табу.

Модель және модельдеу әдісімен түпнұсқаны зерттеу қиын, мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады. Модель мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болу керек. Мұндай ұқсастық зерттеушінің модельді зерттеу кезінде алған ақпараттарын түпнұсқаға көшіруге мүмкіндік береді, ал көшіру үшін ұқсастықтың, талдау мен жинақтау әр түрлі формалары қолданылады. Модельдің табиғаты түпнұсқаның физикалық табиғаты сияқты болу керек (түпнұсқаның толық көшірмесі болған модель болмайды). Модельдің түпнұсқадан айырмашылығы – оны зерттеу оңай, алайда, оның бойында

модельге де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттары мен өлшемдері болуы қажет. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны өркендету, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады.

Модельді жасау үшін зерттелгелі отырған психикалық құбылыс жөнінде жеткілікті білім болуы қажет. Сондықтан да модельдің дұрыстығы, толықтығы, жан-жақтылығы белгілі бір құбылыс туралы білім деңгейіне тәуелді болады. Психикалық құбылыстарды техникалық және математикалық тұрғыдан модельдеудің басталуы кибернетика және құбылыстарды ықтималды суреттеу теориясының дамуымен байланысты. Модельдеу перцептивті тұрғыда, түйсік, ес және басқа да психикалық үдерістерді зерттеу үшін пайдаланылады. Бұл әдіс сонымен қатар педагогикалық психологияда да, оның ішінде, білім беру процестерін зерттеуде кеңінен қолданылады.

К.Н. Дурай-Новакова [213] болашақ мұғалім әзірлеу бағытында жүзеге асырылған жұмыстарды барлық қырларының аспектілері бойынша топтастыра келіп, оларды негізгі екі топқа бөледі: Оның алғашқысына ерекше ұзақ немесе қысқа мерзімдік жағдайға байланысты айқындалатын даярлаудың психологиялық қалпының әдіснамасы жинақталса, екіншісіне мамандыққа әзірлеудің алуан түрлі іс-әрекет түріне жасалған зерттеулері енеді.

Біз болашақ заңгерлердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде модель ұымының мәнін анықтауды жөн көрдік.

Педагогикалық сөздікте «Модель (лат. Modulus – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) – деп анықтама берілген». Педагогикалық әдебиеттерде модель ұғымына шетел және Қазақстан ғалымдары А.И. Бочкин [214], А.М. Новиков, Г.Қ. Нұрғалиева [215], В.В. Подласый [216], А.П. Сейтешов [217], Л.А. Федотова [218], В.А. Штофф [219], И.С. Якиманская [220] және т.б. әртүрлі сипаттама берген.

Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін когнитивтік уәж, қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттер тұрғысынан талдады.

И.П. Подласый ғылыми модель – зерттеу нысанын қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе деп есептеді. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, түрін  әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деген тұжырым жасайды.

Моделдеу болашақ заңгерлер үшін педагогикалық тағылым мен нақтылы тәжірибелік іс-әрекет арасындағы бөлік болады. Қазіргі кезде шетелдік және отандық психологияда кәсіби қалыптасудың көптеген тұжырымдамалары бар. Солардың ішінен В.Т. Кудрявцев [221], Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков [222] т.б. ғалымдардың жалпыпсихологиялық және психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларының бай тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі мамандықтың, олардың ішінде болашақ ұстаз мамандығының да өкілдерінің кәсіби дамуын зерттеген.

Қазіргі кездегі психологиялық–педагогикалық зерттеулерде тұлғаға жекелеген психикалық үдерістердің жиынтығынан ғана емес, өзара байланысты сапалар мен элементтер жиынынан тұратын тұтас жүйелі–құрылымдық тұрғысынан қарау басымдық алып отыр.

Гуманитарлық салада көбіне мағыналы модель қолданылады Модельді құруда субъектінің тұлғалық болмысы туралы жаңа акпараттар талдаудың барлық әдістерін тиімді пайдалануда өзара байланыспен анықтауға ықпал етеді. Мағыналы модельдеу қызметтік белгілісі бойынша бейнелеу, саралау болып бөлінеді. Бейнелеу моделі деп кез-келген объектіні бейнелеуге яғни зерттелуші субъектіге ықпал ету қандай өзгерістерге әкелді деген сұрактарға жауап береді. Мағыналы модельді педагогикалық-теориялық білім тұжырымдамасы негізінде құруға болады.

Қазіргі заманда білім беру тәрбиелеу теориясы мынадай жалпы ғылыми және жалпы әдіснамалық қағидаларға негізделеді; ғылымилық, адамгершілік, диалектикалық теория мен жүйелілік, саналық, қол жетерлік тәжіриебелердің байланысы. Осы тәжіриебелердің тексерілген қағидаға сүйене отырып, білім мазмұнына тәрбиелеу, қарым-қатынас пен педагогикалық шеберліктің білім және басқа да зандылықтары ерекше.

Бірак, бұл заңдылықтар өздігінен ие болу жолдарын көрсетпейді және оның негізгі мінездемесі болмайды. Толық жауап алу үшін психологиялық-педагогикалық теориялар мен тәжірибелер жетістіктеріне терең талдау қажет. Шебер педагогтердің тексеру барысында пайда болған педагогикалық шеберлік теориясы мен тәжірибесін бойына сіңірген жетістіктер қатарынан манандай принциптер пайды болады.

Білім беру мәселесінің ең жоғарғы сатысында М. Данилов, М.И. Шамова. Осы психологиялық принципті тәжірибеде қолдану педагогикалық шеберліктің ең негізгі белгілері нәтижесінің жоғары болуына көмектеседі. Яғни, педагогикалық шеберлікті тиімді технологиялық білім беру ретінде қарастыруға болады.

Педагогтің индивидуалды мәдениеті – тұлға әлемі. Педагог мәдениеті өзін-өзі алғаға тарту, өзін-өзі жүзеге асыру үшін педагогикалық еңбектің мақсатына жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет өзіндік сана-сезім негізінде қаланады, іс-әрекеттің кәсіби және интеллект тәжірибесін меңгеру үдерісінде туындайды. Кәсіби мәдениет – еңбектің нәтижесі және адамзаттың жалпы мәдениетінің көрінісі.

Тұлғалық мәдениет – әлеуметтік іс-әрекеттің әр түрлі формалары арқылы әлеуметтік шараларды ережеге сәйкес өзін-өзі жүзеге асыруы, білім беру мәселесінде – педагог қызметінің мәртебесіне барабар. Педагог-кәсіпкердің әлеуметті құндылығы осы мәдениет ықпалдасу мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Мәдениет өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік-кәсіби ортада қалыптасады. Әсіресе, әлеуметтік өмірді жасайтын, білімалушының өзіндік сана-сезімін түсінуі педагогтарға байланысты.

Гуманитарлық салада көбіне мағыналы модель қолданалады. Модельді құруда объектінің тұлғалық болмысы туралы жаңа ақпараттарды талдаудың

барлық әдістерін тиімді пайдалануда өзара байлыныс пен анықтауға ықпал етеді.

Мағыналы модельдеу қызматтік белгісі бойынша бейнелеу, саралау болып бөлінеді. Бейнелеу моделі деп кез-келген объектіні бейнелеуге, яғни зерттеуші субъектіге ықпал ету қандай өзгерістерге әкелді деген сұрақтарға жауап береді. Мағыналы модельді педагогикалық, теориялық білім тұжырымдамасы негізінде құруға болады.

Жоғары оқу орнында білім берудегі модельді қалыптастырудың құрылымы мен мазмұнын анықтаудың арасында түрлі ұстаным құрылады. Соның ішінде А.И. Щербаков өзінің ғылыми-зерттеу жұмысында болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін арттыруда құрылымдық, когнитивті, операционалды-технологиялық, интерактивті, эмоционалды-құндылықты, ал Т.В. Дронова [223] студенттердің креативтігін дамытуда ынталық, мазмұндық, шығармашылық, өзін-өзі жүзеге асыру компоненттерін негізге алады. Л.Г. Пузеп [224] – креативті интеллектілік және мотивациялы құрылымда дәлелдеген.

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысымызда осы зерттеулерді басшылыққа ала отырып, болашақ заңгерлердің және өз тәжірибемізге сүйену негізінде оны мазмұнда қарастырдық, олар мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, құндылықты – бағалау M. Ford [225], D. Stipek [226].

Мотивациялық компонент. «Мотив» – философиялық сөздікте: бұл адамға белгілі бір мақсаттарға бағдарланған қызметке ықпал ететін қозғаушы күштер жиынтығы. Қажеттіліктің негізінде туа отырып, мотив оны бара-бара дәрежеге бейнелендіреді. Қажетсіну үәж ерік күшерінің әрекетін белгілеп негіздеу болып табылады. Өйткені, адам іс-әрекетінің оның өзі үшін субъективті мәні болатыны осыған байланысты болды.

Философиядағы қажеттілік пен кездейсоқтық бірінсіз-бірі өмір сүре алалмайтын диалектикалық қарама-қайшылықтар. Қажеттілік пен ішкі өзара байланысын даму үдерісінің түпкі қайшылықты белгілі бір әдісі негізінде бірен-саран оқиғалардың қайталанбауы қалыптасу ретінде диалектикалық тұрғыдан ғана ұғынуға болады. Кез-келген үдеріс бұрыннан пісіп өркендеген кейбір қайшылықтың кеңістік пен уақытының шешілуі болып табылады Қайшылық пісіп, ол қажетті түрде шешілуге тиіс.

Сонымен қажеттілік сөзсіз шешу әдісі болып табылады. Философиялық сөздікте: қажеттілік – белгілі бір жағдайларда міндетті түрде болуға тиісті, алайда мәніне ғана емес, сонымен қатар оның көріністерінің жағдайларына да тәуелді формада балатын нәрсе деп түсіндірілген.

Ал философтардың пайымдауынша, қажеттілік дегеніміз – шындықтағы үдерістердің, объектілердің одан бұрынғы бүкіл дамуының жүйесі. Жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерін зерттеу барысында біздер төмендегідей модельді ұсынамыз (сурет 10).




Сурет 10 – Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастыру моделі

Мотивация үдерісі (мотивация) адамның әрекет етуіне ынталандыру үшін негізгі ықпалдасатын адамның қажеттіліктеріне байланысты жасалады. Оның жалпы нысанда мұқтаждық – бұл көріністің барлық жиынтығы бар дараланған

сипатқа ие нәрседегі жетіспеушілік сезімі. Барлық адамдарға (негізгі қажеттіліктерге) ортақ қажеттіліктердің қажет болуды – қажеттілік. Қажетсіну уәж адамның әрекет етуіне ынталандыру үшін негізгі ықпалдасатын адамның қажеттіліктеріне байланысты жасалады. Оның жалпы нысанда мұқтаждық – бұл көріністің барлық жиынтығы бар дараланған сипатқа ие нәрседегі жетіспеушілік сезімі [227].

Қажеттілік пен кездейсоқтық диалектикасының мәні мынада: кездейсоқтық қажеттіліктің көріну формасы ретінде және оның қосымша ретінде өмір сүреді. Дамудың барысында кездейсоқтық қажеттілікке айналуы мүмкін. Креативтік іс-әрекетті алғы шарты болып табылатын қажеттілік пен кездейсоқтық диалектикасы есепке алынады.

Мотивациялық – бұл кез-келген әрекетті сапалы орындаудың кепілі. Сол есепті де болашақ заңгерлердің инновациялық ортада педагогикалық креативтігін қалыптастыру бұл компонент негізгі компоненттердің бірін құрайтыны сөзсіз. Осыған орай, ол төмендегі негізгі компоненттерді қамиды [228]:

– креативтік қабілеттерді көрсету ынтасы, ішкі мотивацияның жоғары даму деңгейі;

– креативтік қабілеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттарға субъектінің әрекет етуге дайындығы, инновациялық іс-әрекетке ену мен оның міндеттерін қабылдауды ұйғару;

– қазіргі технологиялардың мүмкіндіктерін игере отырып, өз мүмкіндігін, қабілет деңгейн анықтай отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге деген қызығушылығы;

– бүгінгі қоғамға қажетті креативтікті жете сезініп, оны меңгеруге деген ішкі қажеттілігі.

Мазмұндық копонент. Бұл компонент бүгінгі коғамда қазіргі технологиялардың көмегімен креативті әрекет жасау үшін қажетті білім мен мағлұматтарды қамтиды. Сондықтан да мазмұндық компоненттің негізгі элементтерін бұл студенттер оқылатын психологиялық-педагогикалық пәндерден алатын білімдері мен қазіргі технологиялар саласынан алған білімдері мен мағлұматтары құрайды. Өйткені, олар студентке инновациялық білім беру орта кеңістігіне еркін еніп, оған әдіс-тәсілдерін жоспарлауға, өзінің интеллектілік әлеуетінің аса тиімді формалары мен әдістерін тандай білуге, бакылауға үйретеді және бұл бағыттағы білім көлемі келесі мазмұнда болады:

– тапқырлық қабілеттерді жүзеге асыруға бағытталған, қойылған креативті мақсаттарға субъектінің әрекет етуге қатысты білімдері;

– дивергентті ойлаудың негізгі құрылымы (сонылық, икемділік) туралы білімдері;

– оқу танымдық және күнделікті тұрмыстық мәселелердің стандартты емес креативті шешудегі педагогикалық технологиялардың рөлі мен қажетсіну уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыру мүмкіндіктері туралы білімдері;

– педагогикалық креативтік жұмыс істеудегі кіріктіру әрекеттері;

– мәселе көздерін бір-бірінен ажырата алулары және оларға тән басты

қасиеттерді, белгілерді сипаттай алулары;

– инновациялық білім беру ортасындағы ассоциация еркіндігі.

Әрекеттік компонент. Әрекетті реттеу механизмдері санатына адамның өзіне дүниеге, өз-өзіне қарым-қатынасының барлық жүйесін қамтитын, мәдениет бағдары ретінде қызмет ететін көптеген әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды жатқызуға болады. Әлеуметтік-мәдени нормалар мен мінез-құлық ережелерінің, салт-дәстүрлердің бар болып, дамуы адам әрекетін реттеудің алғышарты ретінде бөлінеді (сурет 11). Аталған үш компонет құндылықты саралауға көмектеседі. Оны төмендегі (11 суреттен байқауға болады)




Сурет 11 – Болашақ заңгерлердің біліктілігін айқындау өлшемі

Кесте 7 – Жоғары оқу орнының креативтігін қалыптастырудың сипаттамасы

| Болашақ заңгерлердің қалыптастыру компоненттері | Мәселені зерттеушілер |
|---|---|
| 1 | 2 |
| - мотивациялық компонент<br>Креативтік мотивация;<br>Креативтік бағдарлық | Дж. Гильфорд, С. Медник, Г.А. Глотова,<br>Е. Торренс, Е.Е. Шестернинов,<br>С.В. Красникова |

7-ші кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Мазмұндық компонент<br>қабілеті<br>ойлау<br>еркіндігі | Л.Р. Симсон, А.А Глазачева, Б.М. Рунина, А.В. Морозов, К. Тейлор, М. Уоллах, Д. Халперн |
| компонент<br>біліктер<br>біліктер<br>біліктер<br>біліктер | Л.Д. Лебедева, Е.В. Алфеева, Т.П. Васильева, С.А. Водяха |
| Бағалау компонент<br>Креативтік көмегімен өзін-өзі анықтау, бағалау<br>Креативтік көмегімен өзін-өзі қызықтыруы | Е.Е. Щербакова, А.Н. Колпакова, Л.Г. Пузеп, Л.Г. Терехова |

Әрекеттің мақсатын, әдіс-тәсілдері мен амалдарын қатаң бағдарлайтын бірқатар қағидалар тобы бар. Олар қоғамдық өмірде қалыптасқан заттар жүйесі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастарды өзгерту жолдарын бекітуге қызмет етеді (кесте 7). Бұлар: стандарттар (жұмысты орындау кезінде мүлткісіз талап ететін, қатаң, арнайы белгіленген сапа, түр мен өлшем бөліктері); ережелер (арнайы жағдайлардағы эректтерді аңықтайтын), бөлімдер арнайы салада міндетті деп саналатын амалдар жиынтығы). Адамның танымдық қабілеттілігі негізінде оның креативтігі өрістеп, жасампаздық мәні ашылады. Білім философиясын әрекетті ғылыми-практикалық және теориялық формаларын органикалық бірлестік бірегей түсінуден басталады. Шындыққа рухани-практикалық қарауда олардың мынандай өзгеруіне қол жеткізіледі: біріншіден, аталымдардың мәнісін табу, екіншіден, оларға әлеуметтілік белгісін салып, адамның рухани әлеуетін жүзеге асырады. Жеке тұлғаның өзі басқа дүниеден қол үзген жеке күш емес, ең басты әлеуеметтік күш ретінде көрінеді. Осыған байланысты мына айтылған сөз өте орынды: адам дүниеге қоғам көзімен қарайды; немесе былай айтуға болады: адам дүниеде қоғамның күші ретінде әрекет жасайды [229].

Бұл компонент қазіргі қоғамда тиімді әрекеттенуге қажетті дағды мен бөліктерді қамтиды. Олар:

Оқу-танымдық біліктер:

- мақсат қоя біліп, оны шешудің жолдарын жете түсініп, жоспарлай білуі;
- түрлі жағдаят көздерінен қажетті шешім таба біліп, онымен жұмыс жасай білу білігі;
- қазіргі инновациялардың мүмкіндіктерін юриспруденциялық жұмыс істеуге пайдалана алу білігі;
- күнделікті қоршаған ортадағы және тұрмыстық проблемаларды креативтікпен инновациялық технологиялардың көмегімен шеше білу білігі;
- оқу әрекеттік берілген тапсырмалармен жұмыс істеуге қажетті біліктер;
- қазіргі инновациялардың орасан зор мүмкіндіктерін өз қажетіне қарай креативтікпен пайдалана алу білігі.

Ұйымдастырушылық-коммуникативтік біліктер:

- инновациялық білім беру ортасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениеті;

- инновациялық білім беру ортасында өз көзқарасын, ұстанымын қорғай алу;

- интеллекттін белсенділігін арттыруы;

- өзін-өзі ұстау мәдениеті.

Әрекеттік біліктер:

- инновациялық ортада креативтік жұмыс істеудің негізгі формалары мен біліктерін меңгеру білігі;

- интеллектін әлеуетті әмбебаб өз қажетіне қарай құрал ретінде пайдалана білуі;

- интеллектілікпен жұмыс істей білулері;

- мәліметтерді өндей білулері.

Құндылықты- бағалау

- өзінің барлық әлеуеттік мүмкіндіктерін саналы түрде аңғаруды белгілеу;

- қазіргі технологиялардың көмегімен қоршаған ортадағы деректерді танып, оларды салыстыру, талдау, қорытынды жасай алуы;

- өз әрекетін жоспарлай білуі, керекті түзету енгізе алуы;

- өз креативтік жұмысының нәтижесінде тәжірибе жинақтауы;

- қазіргі инновациялық технологиямен жұмыс жасауда өзіне деген пайымдылық, өз-өзін әділ бағалауы.

Бұл аталған креативтіктің компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланысты, соған сәйкесті бірін-бірі анықтап, толықтырып отырады. Шындығында, мұнандай тұрғыдан қарауда балашақ заңгерлердің «таяу арадағы даму аймағы» өзекті даму аймағы жоғары деңгейімен қатыстырғанда басқаша болады, өйткені оларға олардың құрбылары (дамулары жоғары) жүріп өткен даму циклдарын жүріп өтуге тура келеді. Сондықтан да студентті өзекті даму аймағынан таяу арадағы даму аймағына көшіру, меңгеру деңгейлерін қамтитын белгілі оқу әрекетінсіз дамыту мүмкін емес.

Бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі – бұл педагог-болашақ заңгерлердің креативтіктерінің өлшемдері мен деңгейлерін анықтау. Бұл проблеманы шешу, тұлғаның жалпы дамуын қамтамасыз етудің бір факторы. Тұлға адамның әлеуметтік даму үдерісінің күрделі қорытындысын және тұлғанын бұл тұрғыдан түсіну басты ұстанымды – даму танымын анықтайды. Даму козғалыстың жоғары типі ретінде көріне отырып, жалпыға бірдей және мәнгілік дамуды, ұлғаюды емес, бірқатар жасалған заңдылықтармен ерекшеленетін сапалы түрлендірулерді білдіреді.

Философиялық көзқарас тұрғысынан дамуымен және бағыттылығымен қаралатын материалдық және идеалды объектілердің заңды сандық және өзгерістері.

Зерттеу жұмысымызда жоғары білім беретін оқу орнында болашақ заңгерлердің дамуын қарастырамыз.

Тұлғаның креативтігінің қалыптасыу ретінде негізгі әрекет болып оқу үдерісі табылады. Оқу үдерісі – объектінің белгілі сыртқы факторлар мен жеке әрекет нәтижесінің ықпалымен әлеуметтік тәжірибені, білімді, меңгеруі,

пікірін, тұтастай дүниетанымымен және нәтижесінде өзінің тұлғалық тәртібін, психикалық үдерістерін, сапасын өзгертетін әрекеттің арнайы түрі.

Оқу үдерісінде ойлау мен есте сақтаудың емес, адамның эволюциясы жүреді. Бұл тұжырымдаманы қолдаушылар оқуды құрылымындағы және тәртібіндегі серпінді бірізділікті ретінде қарастырады. Бұл қағида анықталған болашақ заңгерлердің дамуы оның қылықтарына негізделген, яғни оқу мен даму бірлігіне байланысты. Білім беру деп мұнда екі жақты үдеріс түсініледі, білім беру әрекетін – болашақ заңгерлердің оқу әрекетінде қамтиды.

Педагогика үшін әдіснамалық негізі болып білім беру мен дамудың қатысы туралы Л.С. Выготскийдің берген қорытындысы алынады. «Білім беру» дамудың алдында жүре отырып, тиімді болады. Сонда ол таяу арадағы аймағында пісіп, жетілу кезеңінде жатқан тұтас бірқатар қызметтерді өмірге шақырады». Білім беру соңынан дамуды ерте отырып, өзі оның бөліктеріне сүйеніп, мұнда өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін ресурстар табады.

Бұл – өзекті және таяу аралық даму деңгейі. Л.С. Выготскийдің зерттеуінше, студенттің бүгін ынтымақтастықта істей алатынын, ертең ол істей алатын жағдайға жететіні туралы пікірі біз үшін құнды болып жатады. Білім беру жетілген қызметтерге сүйеніп қана қоймай, әлі де толық жетілмегендерге де бағытталуы қажет. Ол дамудың таяу арадағы нысанын жасақтайды, кейін өзекті даму саласына ауысады. «Білім беру мүлдем болмас еді, егер ол даму дамып жетілгендерді қолдана алмаса, егер ол өзі-өзінің көзі, жанының пайда болу көзі болмаса». Осы тұрғыда ақыл-ой дамуын Л.С. Выготский жақын аймақ мәнінде түсіндіреді. Оның пікірінше, білімалушының ақыл-ой дамуының басқа мәселесі – бұл саналы және ерікті даму мәселесі.

Креативтің басты көрсеткіші ақыл-ой дамуының нәтижесіне бағытталады.

В. Попов өзінің зерттеу жұмысында әрекет дамуы мен тұлғаның өзара байланысын бақылай келе, мынадай тұжырымға келеді: оқу үдерісінде әрекет тұлғаның дамуын келесі ретте жүреді: креативтік бастаманы қатыстыра отырып әрекетті күрделендіріп, кең түрде саралану мен дербестендіру арасында өзгерістер жүреді. Мұнда әрекет құрылымы өзгеріп, жаңа жүйе болып, тұлғаның психологиялық ұйымдастырылуы өзгереді.

Педагогикалық зерттеулерде креативтік әрекетті түсіндіру біраз алуан деңгейде – артық кеңейтілгеннен шамадан тыс шектеуге дейінгі зерттеушілер креативтік әрекет үдерісінде студенттердің өзіне жаңалық құндылығын, яғни ол зерттейтін құбылыстарының белгісіз жақтарының ықтаумен, болжам құрумен, міндетті шешудің аса жетілдірілген тәсілдерін анықталатындығын бірауыздан құптайды деген пайымдама жасаған.

Креативтік әрекеттің бөлігі – оның өзін-өзі ынталандыру сипатында, яғни «өзін жүзеге асыруға, дайындауы». Сол себепті де өзіндік ерекшелігіне қарай студенттің өзін жүзеге асыруда және тиімді дамытуда оңтайлы сала болып келеді.

Зерттеу жұмысымызда осы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, университет болашақ заңгерлердің инновациялық білім беру ортасында педагогикалық креативтігін қалыптастырудың мотивациялық, мазмұндық, әркететтік, бағалау, компоненттерінің өзара байланыстылығын ескере отырып,

осы құрылымның келесі өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік алдық (кесте 8).

Кесте 8 – Жоғары оқу орында болашақ заңгерлердің кәсіби құзыреттілігінің уәжін қалыптастыру өлшемдері мен көрсеткіштері

| Компоненттері | Өлшемдері | Көрсеткіштері |
|---|---|---|
| Мотивациялық | Креативтікті меңгеруге мотивациясының болуы (педагогикалық креа тивтік деңгейін көтеруге бағыттылығы | Креативтікті белсенділік, арнайы қабілеттерді көрсету ынтасы. Субъектінің креативтікті қабілеттерді жүзеге асыруға бағытталған мақсаттарға әрекет етуге дайындығы, креативтік бағдар |
| Мазмұндық | Педагогикалық креативтіктің теориялық-әдіснамалық негіздерін меңгеруі (креативтіктің білім, білік, дағдысы) | - креативтікті іс-әрекетті орындаудағы білімі;<br>- креативтікті іс-әрекетті орындау біліктілігі;<br>- дивергентті ойлау, кіріктіру дағдысы;<br>- креативтікке бағытталған әрекет тәсілдерін-іздеміпаздаыпен таңдау, көрнекті қиял еркіндік |
| Әрекеттік | Оқытудың әлістері мен оны жүзеге асыруды меңгеру (креативтікті жүзеге асыру жолындағы танымдық, коммуникативтік біліктері) | - түрлі жағдаят көздерінен қажетті шешімді таба біліп, онымен жұмыс істей білу біліктігі;<br>– күнделікті қоршаған ортадағы және тұрмыстық мәселелерді инновациялық технологиялардың көмегімен шеше білу біліктілігі;<br>- инновациялық ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасай білу мәдениеті;<br>- инновациялық ортада өз көзқарасын, ұстанымын қорғай алуы;<br>инновациялық ортада креативтік жұмыс істеудің негізгі формалары мен әдістерін меңгеру білігі;<br>- шығармашылық тапсырмаларды орындау да өздігінен әрекеттене білуі |
| Құндылықты бағдарлық | Өзінің және өзгенің іс-әрекетін бағалай алу қабілетінің болуы (өзінің педагогикалық креатив тігін бағалауда рефлексияға қабілкттілік) | - өзінің барлық әлеуеттік мүмкіндіктерін саналы түрде белгілеу;<br>- өз креативтігі нәтижесінде тәжірибе жинақтау; қазіргі технологиялардың көмегімен қоршаған ортадағы деректерді тани білу, оларды саластыру, талдау, қорытынды жасай алуы;<br>- қазіргі инновациялық технологиямен жұмыс жасауда өізне деген сенімділік |

Жоғарыда көрсетілген өлшемдер мен көрсеткіштердің негізінде білім беру ортасында болашақ заңгерлердің педагогикалық креативтігін қалыптастырудың келесі деңгейлері (жоғары, орта туғызу) анықталды. Жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін арттыру мәселесі толыққанды зерттелммегені байқалды. Әрбір индивидтің өз-өзінің қызметін құзығушылық екпінмен артыру, кәсіби қажетсіну уәжін меңгеруі кемсін, сол себепті оларды, қуат көздері белсенділік танытпай отыр. Жалпылай алғанда қажетсіну уәж

әрбір индивитің еңбек өнімін сапалы болуына түрткі жасап, белгілі бір қолдан келер іс-әрекет жасауға итерме жасауға бағдарлайды. Қажетсіну уәж тұлғанын ішкі жандүниесінің қалпын психологиялық бір нәрсеге зәрушілігін, және өз-өзінен қолайсыздық сезімін тудырады. Соңында өзінің сезіміне, ойлау жүйесіне, іс-әрекетіне әсер етеді.

## 2.3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастыру әдістемесі

Әдістеме ғылымының шығу тарихы – бүгінгі педагогика ілімінде сирек қарастырылатын нысан.

Алғашқы қоғамның белгілі сатысында тек ер бала мен қыз балаларға берілетін тәрбиеде айырмашылықтар кездесті. Негізінде алғашқы қоғамдық дәуірде мал бағу, егін салу, қол өнері кәсібі пайда болды.

Бүгінгі көзқараста бұл түйін құлаққа түрпідей естіледі. Адамды тек қарапайым еңбектің жемісі деп қарау – балалықтың ауруы.

Бірақ, педагогика тарихының бір кездегі бастауы осы ой екенін елемей кету мүмкін емес.

Келесі формациялар жайлы тұжырым-түйіндерге тоқталып өтсек: Рулық қоғамда тәрбие қоғамдық еңбектің бір саласына айналып, жеке адамдар шұғылданды. Қоғамдық тәрбиемен қатар отбасы тәрбиесі шықты.

Көріп отырғанымыздай, рулық қоғамда әдіс жайлы мәлімет алу қиын.

Қоғамдық формация жүйесіндегі педагогика мәселесіне келсек, мынандай пайымдарды тізбелейміз:

- солтүстік Африкада Египеттен бастап, Оңтүстік Азия, Қытайға дейінгі ертедегі Шығыс жерінде бірнеше құл иеленуші мемлекеттер пайда болып, ертедегі мәдениет дами бастады. Қытай, Индия, Египет, Кіші Азия жерінде алғашқы мектептер құрылып, онда үстем таптың балалары оқыған;
- ежелгі Шығыс мәдениеті Ежелгі Греция мен Рим мәдениетіне тікелей әсерін тигізді. Ежелгі Греция бірнеше құл иеленуші ұсақ мемлекеттен құрылды. Ішіндегі ірілері Аттика (орталығы Афина) және Лаконна (орталығы Спарта) болды;
- құлдардың көтерілісін басу үшін әскери шыңдалған құл иеленушілер даярлауға көңіл бөлінді. Құл иеленушілердің балалары 7-ден 18 жасқа дейін мемлекеттік тәрбие мекемелерінде тәрбиеленді;
- Афинада біздің жыл санауымызға дейін 5-6 ғасырларда ғылым мен мәдениет едәуір дамыды. Тарих, скульптура, математика, музыка, риторика және т.б. құл иеленушілердің балаларына жан-жақты тәрбие берілді (ақыл-ой, мораль, эстетика, дене тәрбиесі);
- Афинада жеке меншікті мектептер ашылды. Ер балалар 7-ден 13-14 жасқа дейін грамматист (оқуға, жазуға), кифарист (музыка,ән, тақпақ) мектептерінде оқыды;
- ерекше бай семьялардың балалары әрі қарай гимназияда философия, саясат, әдебиетпен танысады;
- көрнекті грек философы Платон (б.ғ.д. 427-347) тәрбиені мемлекет тарапынан ұйымдастыру керек деп есептеді.

Батыс империя бірнеше ұсақ мемлекеттерге бөлінді. Шығыс империя Византия деген атпен мың жылдай сақталды. Бүкіл Византия мәдениетінің діни сипатта болуына қарамастан, онда Ежелгі Шығыс мәдениетінің кейбір бөліктері сақталды. Шіркеу мен мектеп қатар өмір сүрді:

- Византия мәдениетін Шығыс Еуропа жеріне таратуда славяндар үлкен роль атқарды. Ол мәдениет Ежелгі Русь жеріне де тарады;

- бірнеше ғасырлар бойы Батыс Еуропа еддеріне католик шіркеуі ерекше әсер етті;

- 12-13 ғасырларда Батыс Еуропадағы мемлекеттер арасында экономикалық байланыс кеңіді.

Университеттер 12 ғасырда Италияда, Францияда, Англияда т.б. ашылды.

Жоғарыда баяндалған тұжырымнан аңғарғанымыз не? Ол – білімнің тәрбие аспектісінен бөлінгені. Білім көлемі ұлғайып, ғылыми субстанциясы кеңіп, әлемде университеттер ашыла бастады.

Бірақ, білім ішінара пәндерге жіктелген жоқ. Әдістеменің ғылым болып, жеке даралық келбетке келмегенін аңғару қиын емес.

17 ғасырда Англия экономикалық жағынан даму үстіндегі ел ретінде танылды.

Джон Локк (1632-1704) 1658 жылдан бастап, Оксфорд университетінде дәріс оқыды. Оған Бэкон мен Декарт шығармаларының үлкен әсері болды.

Ол таным қисынын зерттеп, «Адам ақылы жөніндегі тәжірибе негізі» деген философиялық еңбегінде елестетулер мен идеялардың адамның тумысынан емес, санамызға түйсік сезімі арқылы пайда болатынын дәлелдейді. Ол дуалистік мұратты көздеді. Объективтік дүние біздің санамызда елестеуі ақиқат - шындық бола алмайды деп түйін жасады. Локк мектепте білім алуға қарсы болып, отбасында аристократиялық білім меңгерудің жақтаушысы болды. Тұжырымдай келсек, Локк ойлау әрекетінің жинақтау, топшылау, деректермен дәлелдеу, қорыту, бейнелеу, нысананың тұтастығын сақтайтын кіші бөліктерін байланыстыру сияқты әдіскерлік іс-қимылдарға мән берген.

Қарап отырсақ, бүгінгі даму бағдарына қозғаушы күш боларлық педагогикалық технологиялардың негізі қаланды деп қабылдаған жөн. Олай болса, ойлану әрекеті жайлы технологиялардың тіректер төркіні әріде жатыр деп есептейміз.

Француз елінде қоғамда білім беру мәселесі 3 сословияға бөлінді: рухани; дворяндық; шаруалар.

Клод Адриан Гельвеций (1715-1771) «Адам, оның ақыл-ой қабілеттері мен тәрбиесі туралы» еңбегінде адамдар дүниеге келгенде бірден тең рухани қабілеттілікпен туады деді. Білімнен гөрі тәрбиенің басымдығын мойындады.

Француз жазушысы Жан-Жак Руссо (1712-1778) «Эмиль немесе тәрбие туралы» деген романында ақыл-ой еңбегіне ерекше көңіл бөлді.

Ол табиғаттану ғылымына арнап, алғаш рет әдістемелік оқу құралын құрастырды.

Руссо білімнің негізін баланың дербес әрекетін, зеректігін, зейінділігін, байқағыштығын дамыту деп дәлелдеді. Эмильдің сабақтарын табиғат аясында өтуді орынды деп тапты.

Әйелдер жайлы «Табиғи жағдайға» тәуелді болғандықтан, оларға білім беру қажетсіз деген тұжырымға келген.

Иоганн Генрих Песталоццидің (1746-1877) еңбектерінде оқу мен еңбекті ұйымдастыру негізгі рольде болды. «Гертруда балаларын қалай оқытады», «Аналар кітабы», «Бақылау азбукасы» т.б. еңбектерінде Песталоцций бастауыш білім берудің жаңа әдістерін ұсынды.

Жекелеген әдістер жайлы түсінік, ғылыми тұжырым – ертеден пайда болғанының дәйегі мен дәлелі.

Иоганн Гербарт (1776-1841) – Германия перзенті. «Тәрбие мақсаттарының негізіндегі жалпы педагогика» (1806), «Психологияны педагогикаға пайдалану жөніндегі хаттар» (1831) еңбектерінде тұңғыш рет педагогика ілімінің жүйесі ретінде салынды. Мұнда дүниенің шексіздігі, оның мәңгілік сападағы қасиеті, абсолюттік мазмұндардан тұратыны жайлы баяндалды. Адамның дүние танымындағы елестеу мен түсініктер алдамшы деген қорытынды жасады.

Тәрбиені білімнің негізі деп қарастыра отырып, ізгілік пен жақсылықты тәрбиенің субстанциясы ретінде алған. Оқыту саласын алдымен ізгілік пен жақсылыққа негіздейді де, құралы ретінде оқуды жекелеп көрсеткен.

Коменскийдің атын әлемге мәшһүр еткен әрине, «Ұлы Дидактика» (1632) атты еңбегі. Бұл еңбекте ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесі, жаңа мектепті ұйымдастыру мәселелері жан-жақты зерттелді.

1641-1654 жылдар аралығында ол арнайы шақырумен Англияда, Швецияда, Венгрияда болып, мектеп реформаларын әзірлеу ісіне, оқулықтар және оқыту методикасын жазумен айналысты.

«Әлемді суреттеп бейнелеу» оқулығы мен «Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары» т.б. еңбектері жарық көрді.

Оқу мен тәрбиелеу танымын ақиқаттың бір саласы - логика, оның көзі діни сапа деген бағытты ұстанды.

Табиғат – жер бетіндегі бақыттың, байлықтың көзі. Бұл көзді реттеу, иемдену үшін табиғат тілін білу керек деп түсінеді. Ол үшін білім қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Педагогикалық іс-әрекетте, үрдісте жетекшілік рөлін алғаш түбегейлі зерттеген, оған арнайы тоқталған – Ян Амос Коменский. Педагогтың «Ұлы дидактика» айдарымен жарық көрген еңбегінің негізгі мұраты білім мен тәрбиені демократиялық мүддеге бағындыра меңгерту приоритет болды. Ең бастысы мектептің мақсатын гумандық негізге құрып, ақылды, білікті, зиялы адам тәрбиелеу мәселесіне назар аударылды.

Оқулықтар мен бағдарламалар және оқу әдістерін жасап шығару ең негізгі міндет деп саналды.

«Ұлы дидактика» 4 дидактикалық сұраққа жауап береді:

1) қалай жақсы оқыту керек?

2) оқыту мен оқудың жеңілдігі неде?

3) оқыту мен оқудың негізі қандай?

4) тез оқытудың ережелері мен тәсілдері қандай?

Аталған еңбектің тарауларында оқыту ісіне қойылатын басты-басты дидактакалық талаптар баяндалды:

1) оқытуға қолайлы уақытты таңдау;

2) оқушыларды сабақ оқуға ынталандыру;

3) материалды біртіндеп күрделендіру (дәйектілік, жүйелілік);

4) анық пайда келтіретін нәрсені ғана оқыту;

5) саналы меңгерту;

6) бала табиғатын ескеріп оқыту;

7) материалды меңгерту үшін мүмкіндігінше сыртқы сезімдерді қалыптастырып оқыту;

8) сатылы оқыту;

9) оқу көрнекілігі.

Көрнекілік принципін психологиялық талаптарға байланыстырып оқыту сол кездің өнімі екені байқалды.

Қорыта айтсақ, берілген бұл оқытудың қағидалары бүгінгі таңда да өз өміршеңдігін жойған жоқ. Бұл – классикалық үлгі. Қазіргі уақыт пен кеңістікке аталған қағидалар бірнеше ғылыми еңбектің тіректік нысанасы ретінде қызмет атқарып келеді.

Мұнымен бірге Ян Амос Коменский ойлау әрекетіне қатысты мынандай құнды тұжырымдар ұсынады: дүниетаным сыртқы сезім мүшелеріне байланысты, өйткені түйсікте болмаған нәрсе, ойда болуы мүмкін емес; ғылымның ақиқаттығы мен анықтығы тек сезім арқылы дәлелденеді; түйсік дегеніміз адал жетекші және зейін: сезім мүшелерімен қабылданған нәрсе көпке дейін берік есте, білім тиянақтылығы – қисынның негізі.

Оқытудың көкейкестілігін айқындап отыратын «жақыннан алысқа», «белгіліден белгісізге», «нақтылықтан дерексіздікке», «жеңілден ауырға» секілді қағидаларды доминант ретінде жіктеп, олардың бір - бірінен ерекшеленетін белгілерін сипаттап, ережелерін құрды.

Дидактика, соның ішінде әдіснама негізін, психология іліміне бағындырып зерттеген Ян Амос Коменский десек, оның жалғастығын Адольф Дистерверг (1790-1866) еңбектерінен кездестіреміз. Ол 1835 жылы «Неміс мұғалімдерінің білімін жетілдіруге басшылық» атты үлкен еңбегінің I тарауын дидактикаға, II тарауын әдістемеге арнайды. Дистерверг өзіндік пікірі бар адам тәрбиелеуді ұйғарған. Дана педагог «Тәрбие және оқыту жөнінде Рейн беттері» атты журнал шығарған.

Оқыту үрдісінде ақыл-ой, қабілет сияқты категорияларға ерекше мән берді. Мұны жүзеге асыру үшін дидактика нысанасын құрастырды. Міне, осы бағытта Коменскийдің дидактика жайлы қағидалары мен заңдылықтарын дамытты.

Дидактика жайлы ашқан жаңалығының басымдығын былай түйіндейді: «Оқыту баланың ақыл-ойын ғана дамытып қоймайды. Оның еркін, сезімдерін, мінез-құлқын қалыптастырады. Әсіресе, ойлау әрекетін дамытуға әңгіме әдісінің рөлі зор. Оқушылар өзінің алға қарай дамып отырғанын үнемі сезініп отыратындай болсын. Оқуда оқушы табанды болуы керек».

Қорытып тұжырымдасақ, Ян Амос Коменскийдің «Ұлы дидактика» еңбегі арқылы әлемде дидактиканың бір саласы, діңгегі ретінде әдістеме нәтижеге бағдарлайтын іс-әрекет демекпіз. Педагогика тарихынан сараланған әдістеме және оған қызмет атқаратын басқа категориялар бүгінгіге де пайдалы.

Әлеуметтік қажетсіну уәж болашақ заңгерлердің белсендігіне мінездемені ұжымдық әрекеттестік қарым-қатынас үдерісінде береді және олардың өзара ықпалдастық тәсілдері анықталып, іс-әрекет нәтижесінің себеп-салдарын бағамдап, оның өрлеу динамикасының өсу қорының мониторингінен шығаруға бағдарлайды. Оның деңгейлері: ауқымы кең әлеуметтік қажетсіну уәж – жауапкершілік және міндетті дұрыс атқару; қоғамдық шектеушілік немесе ұстанымдық қажетсіну уәж – қоршаған ортаның мадақтау пікіріне ие болу, әлеуметтік қауымның қажетсіну уәжі – қоршаған ортаның өзара меңгерген әдістері.

Бұл орайда, А.К. Маркова оқу іс-әрекетінің қажетсіну уәжіне тиісті мінездемені төмендегі түзіліммен жіктейді: мазмұндық (нәтижелік, қажетсіну уәждемелік ортаның құрылымын жасау; тәуелсіздік пайымдау – бағалау; жалпылау-түйіндеу-қорыту); динамикасы (тұрақтылық, нақтылық, күш-қуатқа ие болу); бір эректтен екіншіге ауысып отыру; эмоционалдық, көркемдік; модальдік.

Біздердің болашақ заңгерлердің уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүріне негіздеуде аталған түзілімнің қосар үлесі зор. Осындай феноменді зерттеу еңбектерін талдау-саралау барысында «қажетсіну уәж» ұғымының «мақсат» және «қажеттілік» секілді терминдерге жуық мағыналас екеніне мән береміз.

Ақиқатында толығынан қолданылған қажетсіну уәж құрылымы болашақ заңгерлер санасының тұғырлылығын, ерекшелігін бекіте түседі. Басында болашақ заңгер  оқу еңбегін орындауға өз-өзін мәжбірлесе, келе-келе оған жаттығады.

Болашақ заңгерлердің жеке жұмыстары қажетсіну уәжді меңгергенде, олар оның ортасына белгілі бір ықпал жасайтыны байқалды. Бұндай ғылымның мәнін аңықтайтын тұғырдың типтері: зәрушілік, қызығушылық орта, міндеттер, себеп-салдар, еркінділік-қарқындылық, ықпал-достық, нұсқаушылық, құзығушылық. Жоғары оқу орнындағы оқуға қажетсіну уәж де жеке мүмкіндіктің типі секілді белгіленген қызмет ауқымында іске асырылады, оқу іс-әрекеті нақтылы, нұсқалы түрде ұйымдасуы көзделеді.

Оқу ісіне қажетсіну уәж типі мінездеменің бірталай жүйенің құрамдық бөліктерін іске асырады, оның қызметтегі көрінісі:

1) ұйым, білім жүйесінің тиесілі жағдайын қамтиды;

2) білім үдерісін, жүру үдерісін белгілейді;

3) болашақ заңгерлердің жеке мінездемесін анықтайды;

4) жұмыс барысында болашақ заңгерлердің оқытушы-профессорлармен ынтымақтастық қарым-қатынасына жеке мінездеме жасауына мүмкіндік береді;

5) өтілетін білім мазмұнының ерекшелігін айқындайды.

Бұл жағдайда, Е.А. Башаркина: «оқу іс-әрекетінде студенттердің иерархиялық қажетсіну уәжін байқау барысында басқарушы - сыртқы және ішкі сипатының көрініс беретінін дәлелдеген. Кей тұста кең ауқымды қоғамдық қажетсіну уәждің әлеуметтік қарым-қатынас құруына бағдарлайтынын аңықтаған. Олардың өсу қарқыны мен қатар модификациялау тәсілдерін қажетсіну уәж арқылы иерархиялық сипатқа ие болуына да мән берілген.

Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретінің алдыңғы зәрушілікке ұрындыратын қажеті мен оқу қызметіндегі мәнін, міндетін салыстырып, оның қаншамалықты пайдасы бар маңызды түстарын байқап, өзінің оңтайлы дүниетанымымен құрып, IQ валенттілігін шығара алуымен құнды болмақ.

Болашақ мамандардың бойларында қажетті құзыреттіліктерді дамыту жолдары мен амалдарын, келесідей жас ғалымдар жан-жақты зерттеп қарастырған А.К. Аманова [230], Ж.Т. Саймбетова [231], Г.Т. Абдуллина [232], Ж.А. Мендикулова [233], А.Н. Жорабекова [234], Н.В. Карамзина [235], Н.А. Тулкинбаев [236].

Сондықтан болашақ заңгерлердің қалыптастыру үдерісінің қажетсіну уәжінің туғызған ортасының өзіне ықпалы қандай екенін түсінеді. Қиындық туғызып отырған заманында ұжымды қандай көшбасылар басқарады?-деген сауал қажетсіну уәж ортасының мазмұнын құрайтын кімдер екенін анықтауға көмегін тигізеді. Егер IQ интеллектуалды әлеуеті толыққанды, кәсіби құзыретіне сәйкес келмесе, бірақ «көшбасылық» мәртебені иемденсе, міне, бұндай қажетсіну уәж ортасының пайдасы мүмкін нөльге түседі.

Бұндай ортаны болдырмаудың бір амалы оның қызметін білікті мамандар талдаудан өткізіп, иерархиялық сатыларының мәнгілігін саралау-экспертизадан өткізген абзал. Экспертизадан өткізудің бірінші қадамы – ол бұл пәннің кәсіпке қажеттілігі; оқудағы мәнділік; оқудаға аргумент; міндет; жағымды, қуанарлық, ризашылық сезім туғыздыруы; қызметке қызығушылығы. Сыртқы күшпен мәжбүрлеп, кеңестік дәуірдегі жауыр болған «оның оқуға қызығушылығы жоқ», «оның оқуға танымдық қызығушылығын тезірек дамыту керек» секілді ескертулер болашақ заңгерлердің оқуға қызығушылығын оятады деу орынсыз. Ол үшін қажетсіну уәж ортасының қызығушылық көзқарастарды саралап, бір-бірімен үндестікте келетін болашақ заңгерлерді топтастыру көзделеді.

А.К. Маркованың зерттеуінде қызығушылықты еріктілікпен, үндестікті, тиімді, үдерістік-мазмұнды, оқылымды-танымдықта ең жоғары иерархияда, қызығуға реформа жасаушы секілді жүйелерге жіктеп қажетсіну уәждеме ортасын құрудың нәтиже беретінін дәлелдеген. Жоғары оқу орынына келген болашақ заңгер кешегі мектептегідей емес, білімді сыртқы тексерушінің кенеттен азаюы, оқу үдерісінің құрылымы өз-өзінен трансформациялануы, оқуға қажеттіліктің артуы, кәсібилілік ілім мазмұнынан туындауы, жаңа қоғам өкілі «студенттік» мәртебеге ие болуы дегенді ұсынады.

Әртүрлі зерттеушілер жоғары оқу орнында қажетсіну уәж құрылысы елдегі қоғамдық-экономикалық жағдайларға тәуелді дегенге дәлелдер келтіреді. Жоғары оқу орнында қажетсіну уәж: студенттік жастар арасында болу, кәсіби мәнділіктің әлеуметтік жағдайының жоғары болуы және оны оқу әрекетімен кең ауқымды жүзеге асыру, болашақ кәсіпті құзыреттілікпен меңгеру, оның шығармашыл-креативті деңгейге бағдарлануы деп есептейді.

Оқу қызметінде қажетсіну уәжді «ішкі қажеттілігі», болашақтағы кәсіптің бағдарын меңгеруге, мақсат-міндеттерін дұрыс анықтауға, өзінің ұдайы біліктігін арттыруға ынталануына қозғау салудың маңызын түсінуіне қозғаушы күш.

А.Н. Печниковтың [237] еңбегінде негізгі оқу үдерісінде білімалушының қажетсіну уәжі «кәсіби», «өзінің жеке мүмкіндігі», «прагматикалығы», (аса басымдықта келмейді) және – танымдық деп сараланған. Десекте, бұл құрамдық-бөліктер қажетсіну уәждеменің деңгейіне, иерархиясына сәйкес трансформацияланады. Зерттеуші жоғары оқу орның бірінші курсы «кәсібилікке», «қажетсіну уәж», екінші курсқа «жеке мүмкіндігінің деңгейіне», қалған жылдарда «прагматикалық», «танымдық» деп жіктеген.

Біздер бұл жіктемелерді әр курсқа бөлмей метаметодика, ғылымаралық байланысты іске асырудың қағидасын ұстанып, оны болашақ заңгерлердің перцептивті, апперсепселі, дерексізді қабылдау мүмкіндіктеріне қарай интеграциялаудың тиімді екеніне мән береміз. Автор «прагматикалық» қажетсіну уәжді білімалушының төмендегі деңгейіне қатысты қолданылады деген түйіндемесіне келісу қиын. Себебі «прагматикалық» кәсібіне қарай тағылымдық, қисындық білім мен тезаурустық бағдарды жіті меңгеріп, оны түбінде өзінің іскерлігіне ұтымды пайдалануына қолайлы жағдай туады деген пікір ұсынамыз.

Ф.М. Рахматуллина [238] «жеке мүмкіндіктің» орына жалпы әлеуметтік қажетсіну уәждемені, жоғары оқу орнының қоғамдағы мәнділігін зерттеген. Зерттеуші оқу үдерісінде «кәсібилікті» қажетсіну уәждеменің алдыңғы құрам-бөлігі ретінде алынып келгеніне тоқталып, екінші курста «танымдық» жүзеге асырылғанына, келесі курстарда жалпы әлеуметтік құрамының жүзеге асырылуынына тоқталған. Қажетсіну уәждің «утилитарлы» прагматикалық қажетсіну уәж орта деңгейдегілерде көбірек іске асқанына көңіл бөлінген. Негізінде тоталитарлық режимдегідей, «5 балды» жүйемен қажетсіну уәждеменің 4 құрамдық бөліктерінің қолданылу мәнін айқындау нұсқалы нәтижеге қол жеткізбейді. Бұл орайда, рейтинг жүйесін білім мазмұнынан туындағанда, оны пайызға айналдырғанда ғана бағалау ақиқатқа сыйымды болмақ.

Р.С. Вайсман [239] бірінші курстан төртінші курсқа дейін қажетсіну уәжінің жетіскке жетудегі бірлестік-қауымдық «формальді-академиялық» және «жетістікке жетудің қажеттілігі» секілді нысаналарды психология факультетінің білімалушылардың деңгейлерін қорыту арқылы анықтаған.

«Әдістеме» ұғымының шығу тарихын зерделеу арқылы біздер болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастыру үдерісінде қолдануларына мүмкіндік бар екенін байқадық.

Алдыңғы ғалым-педагогтардың еңбектеріндегі әдістердің әдіснамалық негізі 20 және 21 ғасырлардада зерттелген.

Білім мазмұнын жүзеге асыруда қолданатын өнімді әдістердің алатын бүгінгі таңда да орны ерекше. Білім мазмұны әдістер – оқу үдерісінің жүрегі, қойылған мақсат және оның нәтижеге жетуін қамтамасыз етер байланыстырушы құрал. Әдістердің рөлі «мақсат – білім мазмұны – өнімді әдістер – сабақ түрлері – оқу құралдары» секілді түзілімнің жүйесін анықтаушы.

Оқыту әдістері, грек тілінде, (metodos – бір нәрсеге жол салу) – бұл ұстаз бен оқушының оқу мақсатын табыстылыққа бағыттайтын жол дегенді

аңғартады. Әдістер (дидактикалық әдістер) көпшілік жағдайда жол, мақсатқа жету, білім алу міндеттерін шешу дегенді түсіндіреді. Педагогикалық әдебиеттерде әдістер ұғымы тек оқытушы және студент іс-әрекеті тұрғысында, ал екінші кезекте оқыту әдістері туралы қабылданып келеді. Егер педагог пен оқушы бірлігіндегі жұмыс болғанда ғана оқыту әдістері пайда болмақ. Оқыту әдістері – көпқырлы, күрделі, көпсалалы білімді талап ететін нысан. Біздер оның кеңістігін кристалл арқылы модельге салсақ, ол гауһардай көпқырлы нұрын, жарығын, сәулесін шашар еді. Болашақ заңгерлердің білім мазмұнын өнімді әдістер арқылы қабылдау іс-әрекеті олардың әрбір ақиқатты тұрғыда ойлау елегінен өткізу әдісі болып табылады.

Әдістердің құрылым-жүйесінің бір құрамы амал болып табылады. Амал – бұл әдістердің бөлігі, оның бір ғана іс-әрекеті, жеке қадамды жүзеге асырушы. Оқыту әдістерінде мақсаттың, білім мазмұнының, қағидаларының, сабақ түрлерінің білім заңдылықтарының нұсқалы көрінісі байқалады. Болашақ заңгерлердің білімін меңгертуде қолданылатын әдістер білімалушылардың мүмкіндігін ескеруге бағдарлайды.

Әдіс – логикалық пайымдаудың алгоритмдік жүйесі, табысқа жетелейтін мақсаттың жүзеге асуын қамтамасыз ететін іс-әрекет. Бұл орайда, ұстаздың ыстық жүрегі ме, суық ақылы ма, әлде есепке түсер импровизациясы ма? – қайсысы басым болып келеді – деген ой мазалайды. Мұның дұрыстығы – тек теорияны толыққанды тұрғыда тәжірибеге негіздеу. Ол:

- ұстаздың білім беру мазмұнының нәтижеге жеткізер мақсаты;
- қойылған, алға ұсынылған міндеттерді шешудегі ынтымақтастық тәсілдері;
- нұсқалы оқулық материалынан алынған білім мазмұнының оқыту мазмұнына сәйкестілігі;
- оқу-тәрбие үдерісінің логикалық жүйесі (заңдылықтар, заңдар, қағидалар);
- ақпарат көздері;
- оқу-тәрбие үдерісіндегі қатысушылардың белсенділігі;
- оқыту үдерісіндегі қолданылатын құралдар.

Әдістер өздігінен, білім мазмұнынсыз, мемлекеттік стандартсыз, оқулықсыз, бағдарламасыз, күнтізбесіз, сабақ жоспарының технологиялық картасынсыз және оқыту мазмұнынсыз жүзеге аспайды, көпқырлы құбылыстың барлық ауқымын бір дефиниция арқылы қамту мүмкін емес. Дефиниция - ұғымның немесе заттың нақты белгілерін және басқадай ерекшеліктерінің мазмұнын логикалық тұрғыда нақты анықтау.

Оқыту әдістері дегенде нені нысанаға аламыз? Берілген анықтамадан дұрысын таңдаңыз, қалғанының дұрыс еместігін дәлелдеңіз:

- оқыту әдісі – білімнің алға қойған мақсатын оқытушының ойлау қызметі арқылы болашақ заңгерлердің түсінуі;
- оқыту әдісінің өзі білім мазмұнынан шығатын заңдылықтар, бұл – оқу үдерісін ұйымдастыруды анықтайтын нысан;
- оқыту әдісі логикалық категорияға жатады, ол – танымның қызметті ұйымдастыратын жол;

- оқыту әдісі – бұл оқытушы мен болашақ заңгерлердің оқыту мақсатының нәтижеге бағдарлануын тәртіптейтін нысан;

- оқыту әдісі – оқытушы мен болашақ заңгерлердің ынтымақтастығының тәсілі.

Көпқырлы білім секілді оқыту әдістері де әртүрлі. Әдістердің әрқайсысын жүйелеп топтастыруға болады. Жалпы белгілеріне байланысты әдістерді жіктей аламыз. Әдістер жіктемесі теорияның тәжірибеге сәйкес келуі тұрғысында қабылданады.

Әдістердің оқыту үдерісінде қолданылатын жіктемесі білім мазмұнының сарыны мен оның мәнділігін айқындауға қызмет етер түрлерін саралау тұрғысында түзіледі. Оқыту үдерісі оқысынан жылжымалы, диалектикалық үрдіс. Оның мәнділігін, ерекшелігін жіктемемен негіздеу сыңайында қарастырылса, онда дәстүрдегі үш білім көздері сараланады: тәжірибе; көрнекілік; сөз.

Ілгерілеу заңдылығынан кейін кітап, оқулық ұғымы қосылды. Алдыңғы білімнің 3 көзі ежелгі философтар мен педагогикалық жүйеден туындаған. Ал қазіргі кезең: қағазсыз видео және компьютер жүйесі (кесте 9).

Кесте 9 – Халықтық дәстүрдің мазмұның анықтау жіктемесі:

| Тәжірибе | Көрнекілік | Әңгіме | Кітаппен жұмыс | Видео әдіс |
|---|---|---|---|---|
| 1) зерттеу;<br>2) жаттығу;<br>3) оқу-өндірістік еңбек | 1) иллюстрация;<br>2) демонстрация;<br>3) байқау | 1) түсіндіру;<br>2) әңгімелесу;<br>3) баяндау;<br>4) талқылау;<br>5) нұсқау;<br>6) дәріс;<br>7) пікірталас;<br>8) диспут | 1) оқу;<br>2) зерделеу;<br>3) реферат жазу;<br>4) көзбен жүгіртуі;<br>5) үзінді келтіру;<br>6) мазмұндау;<br>7) жоспар құру;<br>8) конспект жазу<br>9 эссе жазу | 1) көру;<br>2) оқу;<br>3) есту электрон дық оқытушы бақылауымен жаттығу орындау;<br>4) бақылау;<br>5) интерактивтік тақта |

Әдістердің жіктемесін зерттеген ғалымдар М.А. Данилов және Б.П. Есипов. Жалпы белгілеріне қарай әдістердің жіктемесі сабақтың құрылымдық кезеңдері:

- білім меңгеру;
- қабілет пен икемділікті қалыптастыру;
- меңгерген білімді іс-әрекетте қолдану;
- шығармашылық қызмет;
- бекіту;
- біліктілікті, қабілет пен икемділікті тексеру.

И.Я. Лернер, М.Н. Скаткиндер әдістердің танымдық қызмет типі – бұл өздігінен жұмыс жүргізе алу деңгейі екеніне мән берген. Ұстаздың ұсынған схемасымен оқушының жеке өздігінен жұмыс орындай алуы. Бұл сипат болашақ заңгерлердің ойлау белсенділігімен де байланысты анықталған. Аталып өткен ойлау белсенділігін болашақ заңгерлердің де пайдалануына болады. Оның әдістер жіктемесі:

- түсіндірмелі-иллюстративті (ақпаратты-рецепті);

- репродуктивті;
- проблемалы-мазмұндық;
- эвристикалық;
- зерттеушілік.

Егер болашақ заңгерлердің танымдық қызметі оқытушының нұсқаулығымен ұйымдасса, онда ол өздігінен жеке жұмысын орындай алмайды. Осының салдарынан болашақ заңгерлердің ойлау белсенділігі төменгі деңгейде қалады. Себебі болашақ заңгерлер оқытушының жетектеуінсіз өздігінен жұмыс орындай алмайды.

Алдыңғы жіктемелер бұрынғы дәстүрдегі оқыту жүйесіндегі қолданылған әдістер. Бүгінгі ЖОО оқыту мәселесіне қатысты білім мазмұнынан білім игерудің әдістері белгілі бір технологияға құрамдық бөліктер ретінде қызмет атқарады.

Сондықтан мектептерден келген 1-ші курс болашақ заңгерлердің біліктілігін деңгейлерге топтастыру үдерісінде өнімді және өнімсіз әдістердің түрлерін ажырату іскерлігін ширату басымдық мәнде. Бұл орайда, эвристикалық, шығармашыл, креативтік деңгейліктерді өрістету мақсатында мыналарды нысанаға алған дұрыс.

Ақпараттық-рецептік әдіс төмендегідей белгілерімен ерекшеленеді:

- білім көлемі межеленіп даяр қалпында беріледі;
- оқытушы-профессор әртүрлі тәсілдермен болашақ заңгерлердің перцептивті, апперсепселі қабылдауына қатысты білім көлемін әзірлейді;
- болашақ заңгерлер қабылдау (рецепция) және білімін ұғыну, түсіну секілді іс-әрекеттерін жадына сақтауға қам жасайды.

Рецепциялы ақпарат көздерін пайдалану (сөз, сөйлем, көрнекілік және т.б.), алған білімін жүйе-жүйемен логикалық мазмұндаумен жалқылайды, жалпылайды. Оқытушы-профессор болашақ заңгерлердің өздік жұмысының қабылдау деңгейін ұйымдастырушы қызметімен басқарады.

Кез-келген болашақ заңгер жоғары деңгейі репродуктивті әдіссіз жүзеге аспайды. Бұл әдістің өзіне тән белгілері:

Болашақ заңгерлердің білім даяр түрінде беріледі;

- оқытушы-профессор білім жайлы дәріс оқиды;
- болашақ заңгерлердің аудиторияда берілген білімнің желісімен өздік жұмыс арқылы толықтырады.

Білім тексеру критерийі осы желідегі болашақ заңгерлердің қайталап беруімен бағаланады.

Көбінесе қайта-қайта қайталау арқылы меңгеріледі.

Проблеманы мазмұндау әдістің іздендіру іс-әрекетіне бағдарлап, болашақ заңгерлердің шығармашыл деңгейлігін қалыптастыруға бағдар жасайтыны ескеріледі. Болашақ заңгерлердің білім мазмұны жайлы зерттеу еңбектерін ұсақ ізденістер арқылы өздігінен зерделеп, ондағы көкейкесті мәселелердің шешілуін (ғалымдар пайымында) бағамдайды. Әрбір зерттеушінің ізденісіне мән беру іс-әрекетімен қаруланған болашақ заңгер өздігінен зерттеушілік жасауға да бейімделеді. Проблеманы мазмұндау әдістің мәні де осы.

Эвристикалық-ізденісті әдістің мәні келесі белгілер арқылы сипатталады:

- білім даяр түрінде берілмейді, ол өздігінен оқытушы-профессор ұсынған тапсырмалар мен әдебиет тізімдері арқылы білім алулары көзделеді;

- оқытушы-профессор әрбір болашақ заңгерлердің деңгейіне сәйкес орындалуға тиіс тапсырмалар жіктемесін ұсынады;

- алған білімдерімен болашақ заңгерлердің пікірталасқа түседі, семинарда, конференцияда белсенділік танытады (мақала, баяндама, бақылау жұмысы, курстық жұмыс және т.б.).

Зерттеу әдісінің мәні:

- болашақ заңгерлердің және оқытушы-профессор көкейкесті мәселені бірге одақтаса отырып талқылайды;

- болашақ заңгерлердің өздігінен білім мазмұнының мәселелік мәнін айқындап, оған жауап табу мақсатында зерттеу жұмысын жүргізеді;

- жетістікке жетуде оның әдіс-тәсілдерін, құралдарын, технологиялық картасын өзі әзірлейді;

- оқытушы-профессордың қызметі тапсырманы алдын-ала әзірлеуге мойынұсындырады;

- оқу қарқыны шапшаң және қызығу уәжі жоғары, меңгерген білімі ғылыми негізде терең, берік, шынайы.

Зерттеу әдісі стандарт ауқымында болашақ заңгерлердің шығармашыл деңгейін өрістетеді. Бұдан әрі зерттеушілік іс-әрекетті стандарт ауқымынан асырып орындаса, онда болашақ заңгер креативтік деңгейге көтеріледі. Бұдан акмеологиялық білім дәрежесіне жету дегенді аңғаруға болады.

Дидактикалық мақсат бойынша оқытудың әдістер тобы екіге бөлінеді:

1) алғашқы оқу материалын меңгеруге қызмет ететін әдістер;

2) алған, меңгерген білімдерін өркендету мақсатында қолданылатын әдістер.

Бірінші топқа жататындар: ақпараттық-даму әдісі (ауызша мазмұндау, әңгіме, кітаппен жұмыс); эвристикалық (ізденіс) бұған эвристикалық әңгіме, пікірталас, зертханалық жұмыс. Зерттеушілік әдіс.

Екінші топқа жататындар: (үлгі бойынша жұмыс, жаттығу, тезис, нұсқалы жаттығулар, эссе жазу, проект құру, тұжырымдама ұсыну және т.б.).

Әдістерді бинарлы және көпбинарлы деп жіктеу – бұрыннан келе жатқан тиімді іс-әрекет. Бұны М.И. Махмудов [240]: «Ұстаздардың әдістері», «Оқыту әдістері» деп жіктеген. Жоғары оқу орнында оқытушы-профессорлардың технология жүйесіне қолданатын әдістері және болашақ заңгерлердің оқу үдерісінде қолданылатын әдістері деп қарастырған дұрыс (кесте 10).

Кесте 10 – Болашақ заңгерлердің іс-әрекетте қолданатын әдістері

| Оқыту әдістері | Оқу әдістері |
|---|---|
| 1) ақпараттық мәлімет;<br>2) түсіндірмелі;<br>3) нұсқаулық тәжірибесі;<br>4) қозғаушы күштің сыртқы және ішкі ықпалы;<br>5) қозғалысқа түсу (ойлау әрекеті) | 1) орындаушылық;<br>2) репродуктивті;<br>3) өнімді-тәжірибелі;<br>4) кей тұстағы ізденіс;<br>5) ізденіс |

Полибинарлық әдісте бірнеше әдістердің жіктемесі келеді. Білім көздері, танымдық деңгейінің белсенділігі; оқу үдерісіндегі танымның логикалық жолы – амалдарын В.Ф. Паламарчук [241] ұсынады.

Мұнымен бірге көптеген әдістердің полибинарлы түзілімі құрылған, соның ішінде, неміс ғалымы Лотар Клинбергтің әдістерді оның түрлерімен синергетикалық сипатта зерттелген.

Кейінгі кеңес үкіметінің соңғы жылдарында академик Ю.К. Бабанский оқыту әдістерін 3 үлкен топқа бөледі:

1) ұйымдастыру әдісі және оқу-танымдық қызметті жүзеге асыру;

2) қажетсіну уәж әдісі және оқу-танымдық қызметтің қажетсіну уәжі;

3) бақылау әдісі және оқу-танымдық қызметтің тиімділігіне өздік бақылау жүргізу.

Ұйымдастыру әдістері және оқу-танымдық қызметті іске асыру (кесте 11, 12, 13).

Кесте 11 – Әдістердің өнімді түрлері

| Сөз әдісі<br>Көрнекілік<br>Тәжірибе | Жалқылау<br>Жалпылау | Репродуктивті және проблемалы-ізденісті | Өздігінен жұмыс, оқытушы-профессорлардың басқаруымен жұмыс |
|---|---|---|---|
| Білім көздерінен | Логика | Ойлау, парасаттау | Басқару |

Кесте 12 – Қажетсіну уәж әдісі және оқу-танымдық қызметтің қажетсіну уәжі

| | |
|---|---|
| Қажетсіну уәж әдісі және оқуға деген қызығушылығы | Қызықтыру әдістері және оқудағы парыз бен қарыз, жауаптылық |

Кесте 13 – Бақылау әдістері және оқу-танымдық қызметтің тиімділігін өздігінен бақылау

| | | |
|---|---|---|
| Ауызша бақылау әдістері және өздігінен бақылау | Жазбаша бақылау әдістері, өздігінен бақылау | Зертханалық және тәжірибелік бақылау және өздігінен бақылау |

Аталып өткен әдістердің бәрі дерлік кемшіліксіз емес. Тәжірибеде болашақ заңгерлердің, білімалушылардың рецептивтік, перцептивтік, апперсепселі ойлау мүмкіндігі әртүрлі болғандықтан, аталған схемаларды диагностикасыз, тұлғалардың интериоризациясынсыз қолдана алмайды.

Кейінгі жылдары ғасырлар бойы қызмет етіп келген «сөз әдісіне», «вербальді әдіс» деп айдар тағып, сынға түсірушілік байқалады.

Сондықтан кейінгі жылдары әдістердің өнімді түрі талдау, жинақтау, жалқылау, жалпылау, аналогын табу, феноменін анықтау, түзілімін құру, тұжырымдарын жіктеу, өз ойының ерекшелігін көрсету секілді іс-әрекеттер тиімді деп есептелуде. Салдарынан білімалушылардың ойлау өнерін жоғарыға көтеру тек білімденудің технологияларымен іске аспақ. «Технология» ұғымы «ойлау өнері» дегенді білдіреді. Ойлау өнерінің жүйесі алдымен білімалушының тұлғалық болмысын онтология (оның танымдық тағылымын (гносеология), адам, тұлға ретіндегі құндылығын (аксиология-адам-капитал)

зерделеу, диагностикалау іс-әрекетінде біліми-ғылыми нысаналарды ұсыну көзделеді.

Қорытындысында «формальді-академиялық» қажетсіну уәждің жетістігі жоғары балға сәйкес келсе, «жетістікке жетудің қажеттілігі» қарқындылықпен табысты болуға бағдарланған. Зерттеуші үшінші курстан төртіншіге дейін, жетістікке жетудің қажеттілігі өсе түсетініне, ал «формальді-академиялық» уәж алдыңғы «жетістікке жетудің қажеттілігімен  қатар ілгерілеп отыратынына маңыз берген.

Оқу кызметінің негізі жалпы қажетсіну уәжіне (кәсіи, танымдық, прагматикалық, әлеуметтік-қоғамдық, жеке мүмкіндік) болашақ заңгерлердің әртүрлі пәндерге деген қалыптасқан қатысты, көзқарасы орнығады. Бұндай көзқарас әртүрлі жекелеген факторлардың зерттеу еңбектерінен біздер мынандай факторларды байқадық: болашақ кәсібі даярлықтың маңызды деген пәні; білім аймағының қалыбы; ол пәннің ішкі элементін қызметтегі ұтымды тұстары; жеке мүмкіндіктеріне қарай орындалатын жұмыстардың оңай орындалмайтыны; бұл пәнді өткізуші оқытушымен қарым-қатынасы.

Егер осы тұжырымдарды болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін халықтық дәстүр негізінде өркендетуге қатысты десек, онда неғұрлым қажетсіну уәждеменің саны көп. Сапасы нұсқалы құрам-бөліктері аталып отырған қызметті анықтаса, оның соғұрлым қажетсіну уәжі күрделене түседі, яғни меңгеруге тиісті тұтас жүйесін бағамдауға әрбір индивид өз-өзін мәжбүрлеуге міндетті.

Болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін білім мазмұнының халықтық дәстүр негізінде қалыптастыруда білімденудің инновациялық технологияларының атқарар рөлі зор.

# 3 БОЛАШАҚ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ УӘЖІН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

## 3.1 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүрлер негізі ретінде қалыптастырудың технологиялары

Болашақ заңгерлердің ойлау өнерін сот шешімін қабылдау барысында қолдануы олардың өз ісіне адал болуына мүмкіндік береді. Бұл орайда, кәсіби құзыретті арттыру мақсатында қолданылатын технология, техникалық ғылым саласындағыдан әлдеқайда басқа сапада іске асырылады. Қоғамдық ғылым саласына қарайтын педагогика ілімінде технология болашақ заңгерлердің кәсібіне қарай ойлау мүкіндігін ұдайы өркендетуіне өзі ынталы болуын талап етеді.

Болашақ заңгерлер ойлау өнері арқылы ұмыт болған әз-Тәуке және т.б. әділ заңдардың халықтық дәстүр негізіне құрылған түрлерін сөз өнері арқылы күрделі мәселелерді шешуге пайдалануы көзделді [242].

Нақтылап айтсақ, технологиялардың түрлері сан-салалы. Десек те, біздің жағдайда қолданылатын түрлері: модульдік, ақпараттық, интерактивтік, кредиттік және т.б.

Модульдік және модельдеу технологиялары білімденудің инновациялық бағдарын іске асыру үрдісінде әрбір оқытушы-профессордың құзыретті маман болуын талап етеді.

Сондықтан да бүгінгі таңда әртүрлі курстар отандық және шетелдік кеңістікте ұйымдастырылып, таңдауына қарай ОПҚ ол даярлықтан өтіп, сертификатын ұдайы жаңартып отыруына бағдар жасалады.

Аталған модульдік модельдік және технологиялардың меңгерілу үрдісін бақылау сұрақтары:

– модульдік және модельдік оқыту технологияларының дидактикалық маңыздылығы неде?

– модульдік қағиданың дәстүрдегі оқыту қағидасынан қандай айырмашылығы бар?

– модульдік оқытуды қандай дидактикалық қағидалар шегінде бағдарлауға болады?

– модульдік технология қандай шарттармен ерекшеленеді?

Ескерту: Ұсынылған 4 сұрақ «мүмкіндік теориясы» талабымен беріледі. Әрбір стохастикалық парадигма шегінде берілген сұрақтың ішкі кіші жүйелері кіші құрамдардан тұрады. Осы кіші құрамдардың қосындысы рейтинг жүйесін түзеді. Ол модульдік және модельдеу технологиясында айқын аңғарылып

Сөйтіп, өзін-өзі ұдайы үзіліссіз бақылау іс-әрекетіне үйретіп, жауапкершілігі күннен-күнге ұлғая түседі.

Модульдік-рейтинг жүйесіне ыңғайлау – білімдену технологиясының негізгі талабы. Модульдік технологиясы ақпаратық технлогиямен қатар іске асырылады.

Білім мазмұнын сапалы да санатты меңгеру үшін білімдену технологиясын мәселелер шешуге бағдарлауға негіз боларлық озықтық түрлерін қолданған

тиімді: оқу үрдісін қарқындылықпен, ұтқырлықпен ұйымдастыру; болашақ заңгерлердің танымдық-когнитивтік іс-әрекетін саралау және даралау; әртүрлі ақпараттарды жүйелеп, ғылымиаралық табиғи байланысты зерделеу; бақылау нәтижелерін қорытудың ақиқатты, шынайы нысанын саралау; олардың кәсіптік-маңыздылық сапа көрсеткішін диагностикалау, қабілет, шығармашыл-креативтік бейімділігін бағалаудың көрсеткішін алдын-ала жобалау, түзету енгізуді күні бұрын зерделеу.

Білімденудің инновациялық технологиясының аталған жаңа мәселелері әр болашақ заңгерлердің өзіне-өзінің көңілінің толмауы мен өзін-өзі жоққа шығаруымен тұйықталып, оның шешілуіне көптеген қарсы әрекеттердің кездесетіні байқалып жүр.

Сөйтіп, әр болашақ заңгердің интеллектуалдық-рухани құндылықтары кәсіби құзыреттілік төңірегінде болмай отыр.

Бүгінгі оқыту кеңістігінде бұл тегеурінді мәселені компьютер мен жүйе ғана шешетіні белгілі. Компьютер жүйесін оқыту іс-әрекетінде жүзеге асыру, модульдік оқыту технологиясын программалық технологиямен кіріктіру өткізуге бүгінгі модернизация сұраныма сәйкес келетіні байқалды.

Шығармашыл-креативтік деңгейлікті бақылаудың сұрақтары:

Модульдік негізге мүмкіндік берер қандай технологияны атайсыз?

Модульдік негізде дидактикалық үдерстің атқарар қандай маңызы бар?

«Модуль», «Модульдік бағдарлама» деген ұғымдарды ашып беріңіз.

Біріншіден, компьютерлік құралдың маңыздылығын айқындай түсу әрекеті әр ғылымның макротаққырыптарының оқулық құрастыруын талапқа сай ұғына білуіне бағынады. Егер ОПҚ өзінің пәнін жіті меңгерсе, біліми-ғылыми бағыттың ірі мен ұсақ құрамдық мәнділігін ашып, оған іздендіретін немесе зерттейтін сұрақтарды бақылау және диагностикалау сапасында құра алады. Бұл интерактивтік-рейтинг жүйесін қалауға бірден-бір тірек болып есептеледі. КҚ-дың бес тармағынан бес түрлі болашақ заңгерлердің меңгеруге тиісті ғылымдарын ұғуға іс-әрекеттік алгоритм түзілімі тарайды.

Оның біріншісі – оқу іс-әрекетінің көрсеткішіне себеп боларлық дидактикалық құрал.

Екіншісі – болашақ заңгерлердің білім меңгеруге тиісті дидактикалық ойындарын тексеруге бағдарланған құрал.

Үшіншісі – ғылымның үлкен және кіші жиындарына қатысты мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған құрал.

Төртіншісі – болашақ заңгерлердің ғылым нысанындағы зерттеушілік қабілетін бағалау іс-әрекетін жинақтайтын құрал.

Бесіншісі – компьютердің ұсынған зерттеу сұрақтарына жауап беру іскерлігін, диалогын тексеру құралы. Рейтингіге салу іс-әрекеті компьютерсіз шешілмейді.

Мұның өзі Л. Выготскийдің тұжырымындағы «білімге жақын алаң» туралы іс-әрекетті толықтай жүзеге асырумен құнды демекпіз. Баспасөз, Интернет тоғынымен шексіз құйылып ұсынылатын ақпараттардан әр болашақ юрист өзіне ең қажетін сұрыптап алуы үшін компьютерлі дидактикалық құралдың іс-әрекетін ғылым меңгеруге сәтті пайдалануына тікелей қатысы бар.

Алдымен интерактивтік оқыту технологиясы ЖОО сабақтың болашақ мамандықты құзыреттілікке бағдарлауына бірден-бір нысан екені байқалды.

Жоғары мектепте сабақтың үдерістік маңызы болашақ заңгерлердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің сабақ сайын өсуіне жағдай туғызылып, білімденудің инновациялық технологияларымен іске асырылатыны аңғарылды. Факультеттерде жалпы көріністі жинақтап айтсақ, кредитті технологияның талаптары орындалып келеді.

Оның дәлелі – стандарт шегінде, типтік бағдарлама мен жұмыс бағдарламасының бір-біріне сабақтастық қағидасын жүзеге асыруды көздейді; теориялық ұғымдарды жалпы сағаттың 10 пайызында нұсқаулық ретінде береді; болашақ заңгерлердің мен ОПҚ ынтымақтастығына 25 пайыз, ал әр болашақ заңгерлердің жеке жұмысына 65 пайыз жіберілетінін ұдайы ескереді; барлық білімдену технологиясының инновациялық маңызын интерактивтік амал тұрғысында шешеді.

Жалпы интерактивті технологияның жетістіктеріне болашақ заңгерлердің когнитивті – гносеологиялық ойлау әрекетін дамытуы, болашақ заңгерлердің болашақ меңгеруге тиісті мамандығының маңыздылығын айқындайтын құндылығын, аксеологиясын аңғаруға бағдарлауы, әр пәннің аксиомаға жақын аумағын табуға бағыттауы жатады.

Интерактивтік амал әр болашақ заңгердің мамандығына қатысты парасатты іс-әрекетін өзіне-өзінің арттыра білу қабілетін ұштай түсуіне кепілдік береді.

Бір ғылым бір оқулық сапасында жинақталса, оны біздер бір модель, үлгі ретінде қабылдаймыз. Бұл үлгінің өзі бірнеше ірі және олардың кіші тақырыптарына жіктеледі. Осындай жіктемені бір-бір модульге салу, әр модульді блокқа түзу бүгінгі білімденудің инновациялық технологиясына сай іс-әрекет демекпіз.

Ал әрбір модульден кейін кредитті технология талабы бойынша зерттелім сұрақтары мен тапсырмалары ұсынылады. Егер бұны ғылым сапасына бернелесек, рейтинг сұрақтарын тізбелейтіні сөзсіз. Жоғары мектепте рейтинг сұрақтарын дұрыс құра білу болашақ заңгерлердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуларына мүмкіндік беру дегенді іске асырады.

Рейтингі жүйесіне бейімделу іскерлігін тексеру комбинациясы білім тұтастығының бірлігінде үш түрлі типпен жүзеге асырылады.

Біріншісі – пән аймағының ауқымы.

Екіншісі – компьютермен тексерудің амалдары мен ауқымы.

Үшіншісі – болашақ заңгерлердің ақыл-ой, бағамдарының деңгейі мен тәртібі.

Мұндай комбинация оқыту жүйесінде интеллектуалды әлеуетті өркендету сыңайында өзін-өзі ақтарлық дәрежеде орындалмақ. Олай болмаған жағдайда құрғақ даурықпа сөз, сөз тіркесінің жиынын құрап, болашақ заңгер мамандығына бағдарлау жұмысы атқарылмай қалады.

Болашақ заңгерлердің ішкі интериоризациясын, интеллектуалды оқу жүйесін (ИОЖ) нәтижеге бағдарлау компьютерді білім меңгерудің жаңа белесіне көтеру мақсатында қолданылады. ИОЖ болашақ заңгерлердің білімі

және ғылыми пайымын тек нәтижеге жеткізуге ғана қызмет етпей, оның барлық кезеңдеріндегі міндеттерін шешуге, ол шешілімге жетудің әдіснамасын саралауға, оған шынайы баға беруге мүмкіндіктер туғызады. Оқытудың бұл түрі екі жақты сұқбатты қамтамасыз етіп, болашақ заңгерлердің бір-бірімен байланысын іске асырып, іс-әрекеттің жоспарлы, мақсатты жүруіне қозғаушы күш болады.

Оқытудың жаңа технологиясы деп саналатын модульдік-рейтингі жүйесіне бейімдеу және оны бағалау педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастырып, әр болашақ заңгердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін оқу іс-әрекетінің жетістігіне жету мақсатында ескеріп өткізу әдеттегі сараптамадан әлдеқайда күрделі амал. Оқыту моделінің динамикалы құрылымын құрайды. Мұнда әр болашақ заңгер белгілі бір зерттеу нысанына қатысы бар ғылыми мәліметтер жинап, оған өзінше тұжырымдар береді.

Бұл мынандай құралдардан тұрады: сараптау жүйесі пән аймағының міндетін шешуге бағдарлау; модульдердегі блоктарды құрастырудағы үлгілерін сараптан өткізу; оқыту стратегиясының генераторы мен оны іске асырудың ОЖТМРЖ әрбір педагогтың қызметін үлгілейді және оны жаңа тәсілдерді оқу қызметінде қолдануына басшылық жасайды.

Бағдарламалық және ақпараттық құралдар жүйесінде оқыту міндеттерін шешуге ұтымды қолданылса, онда болашақ заңгерлердің интеллектуалды көрсеткіштері жоғары деңгейге көтеріледі. ОЖТМРЖ әр субъектінің ішкі біліктілігін оның интеллектуалды мүмкінділігін сыртқы ортаға белгілі етуге құрал ретінде жұмсалады.

Бүгінгі таңда өркениетті озық елдердің қатарына қосылудың бірден-бір қозғаушы күші ақпараттық технология екеніне әлем ғалымдары дәйекті фактілерді келтіріп жүр. Білім беру кеңістігінде оқыту мазмұнын сапалық көрсеткішке сай өзгертуге бірден-бір ұтымды нысан. Оның басымдығы: оқытудың қарқындылығы мен ұшқырлығы; оқыту үдерісінің жекешеленуі; даралық болмысты кәсіби-мазмұндық сапада дамытуы. Оқыту амалының қызметін бағалау мақсатында оның өлшемі құрылып, «кәсіптік функция» деген ұғымды іске асырады. Мұның өзі - әрбір нақтылы пәннің ғылыми сипатын айқындауға бірден-бір қажетті нысан.

Ақпараттық технологияның басты өлшемдігі ретінде мыналарды атауға болады: ақпараттық; трансформациялау; бекіту және өзін-өзі басқару; өзінің біліктілігін өзіне арттыру; интеграциялау; үйлестіру, тәрбие-тәлімді білім мазмұны арқылы өркендету.

Аталған өлшемдік параметрлері вербальді сипатта болғанымен, оқыту барысында сипаттауға ең ұтымды амал деп есептеледі. Жоғары оқу орнында әрбір ғылым ол басты бір пәнінің модульдерін тексеру сапасында ақпараттық технология ретінде тесті жүйесі тәжірибеде тиімді қолданылып келеді.

Бірақ тестінің құрылу сапасы білім мазмұнының стандарт шегіндегісімен сәйкес келе бермейтіні сараптау қорытындысында байқалды.

Егер осы кемшілікті болдырмасақ, онда ақпараттық технология меңгеруге тиісті бағдарламаны толық білуге болашақ заңгерді құлшындыра түсетіні

тәжірибе барысында аңғарылды. Оқыту-бақылаушы жүйе сипатында бірқатар талаптарды жіктеп өлшеуге болады:

- дара тұлғаның кәсіптік-мәнділік сапасын дамыту, құзыреттілікке ынталану қабілетін ұштау (жүйенің мақсаты);
- дағды, икемділік пен мамандыққа қажетті біліктілікті меңгеру (оқыту мазмұны);
- болашақ заңгерлердің пәнге қатысты тапсырма беру;
- болашақ заңгерлердің іс-әрекетін бақылауды қамтамасыз ету;
- болашақ заңгерлердің мақсатқа жету деңгейінен ақпарат алу;
- болашақ заңгерлердің қызметінің өнімділігі туралы мінездеме берерлік тапсырма құру;
- заңгерлердің қызметінің қажеттілігін айқындайтын талаптарды іске асыратын тапсырма беру;
- болашақ заңгерлердің сыртқы іс-әрекетін ұйымдастыру;
- іс-әрекеттің ішкі мүмкіндігін айқындауға қатысты мотивін табу;
- әр болашақ заңгерлердің жеке мүмкіндігін ескеру;
- болашақ заңгерлердің өз іс-әрекетін жоспарлай алу мүмкіндігін есептеу;
- өзін-өзі бақылау және өзінің нәтижесіне талдау жасау негізінде болашақ заңгерлердің оқу іс-әрекетіне түзетулер енгізуі.

ОЖТМРЖ кешенді білім мазмұнын және программалық құралдар ұсынып, оқу үрдісін автоматты дәрежеге жеткізеді. Оқыту міндеттерін біртұтас білім мазмұнын жүйелі шешіп, оның өте ұтымды, зерделі нәтижеге бағдарлауына түрткі болады. Ақпараттық технологияның басымдық тұсы адам факторына бағдарлануы деп қабылданады.

ОЖТМРЖ төмендегілерді іске қосады:

- болашақ мамандардың қызметін кәсіптік деңгейде меңгеруі оқыту мақсаты пәннің ғылыми құрылымымен, оқулық арқылы дамытылуы;
- кәсіптік деңгейдің міндетін шешуде білім мазмұнының интериоризациясын жүзеге асырудың жүйесі ретінде автоматты бейімділікке баули оқытуды бақылау модульдік-рейтинг сапасында өткізіледі;
- бақылау нәтижесін автоматты жүйеге түсіру мақсатында өлшемдік-бағдарлық тестісін қойма түрінде біліктілікті бақылау жүргізіледі.

Компьютерлік сұқбатқа түсу үшін болашақ заңгерлердің мынандай жағымды қылықтар дамытылуы көзделеді: шыдамдылық (толерантность); достық, ынтымақтастық; біріне-бірі төзімділік көрсету; шаршамау. Компьютерлік диалог әр болашақ заңгерлердің өзіндік ішкі интеллектуалды әлеуетін жасқанбай бағалануына, өзі туралы бағаны әділ-ақиқат нұсқасында беруге төселеді. Мұның өзі адамның жалған ұстанымға ұрынуынан сақтандырады. Сөйтіп, болашақ заңгерлердің өзінің тұрақты кәсіби деңгейінің құнын білетін дәрежеге жетіледі.

Оқыту үдерісі мына түзілімдегі ксіби қызметтерді іске асырады: ғылыми тілдегі нысандарды болашақ заңгерлер ингтератациядан өткізеді; проектілейді, өзін-өзі бақылау арқылы сол білімді кәсібіне бейімдейді, кері байланысқа түседі, «кешенді оқу іс-әрекетті» төмендегі сапалық көрсеткіштерге қол жеткізеді:

- бұрынғы толып жатқан «іс-қағаздарын» толтырудан гөрі білімнің қоймалы «траектория» арқылы бөле отырып, ол «рейтингімен» тексеріліп, әрбір болашақ заңгер өзінің болашақ мамандығына даярлық динамикасын есептей алады;

- әр болашақ заңгер өзінің ғылым меңгеру деңгейін тестімен тексеріп, болашақта жобада қалуы жайлы сенімі пайда болады, немесе керісінше;

- тестіден нашар өткендегі нені меңгермегені жайлы нақтылы ұсыныс-кеңес алады.

Автоматты бейімділікке оқытуды ұйымдастырудағы оқу іс-әрекетінің тапсырмаларын таңдау оқытудың автоматты курсын өткізу іс-әрекеті көбінесе есептеу техникасыз өтіледі. Мұның басты себебі барлық бақылау-рейтинг жүйесін есептеу техникасына салу оңайлыққа түспейді. Білім мазмұнының құндылығын компьютер арқылы көрсетіп, оқытудың автоматты бейімделу сипатын іске асырады. Алгоритмдік амал сонау Л. Выготскийдің заманынан бері тұлғалық болмысты дамытудың екі аймағын іске асырып келген.

Бірінші аймақ дамудың өлшемдігі – тапсырмаға сай келеді. Бұл тапсырманы болашақ заңгер өздігінен орындайды. Мұндай тапсырманы орындауда білімдену амалын қолданудың қажеті жоқ.

Екінші аймақ тапсырманың жақын алаңын меңгеру – бұнда болашақ заңгер бейімделу амалын қолданады. Білім мазмұнының жақын алаңын табу – бұл тапсырманың басымдығы. Бақылау іс-әрекетін модульдік-рейтинг бағалау тұрғысында жүргізудің талаптары: оқытуды біліммен қорландыру іс-әрекетін кәсіби бағдарлыққа бағыттап даярлау; кәсіптік даярлықты қамтамасыз етер тапсырмалардың мақсаты мен міндетін оқытудың білім мазмұнына сәйкестендіріп бейімдену; белгілі бір мамандық алу үшін меңгеруге тиісті оқу іс-әрекетінің ақиқаттығымен бақылауды педагогикалық өлшем негізінде өткізу.

Бұл ғылыми тұжырымдардың негізін қалаған Л.М. Лузина [243]. Киевтің халықаралық университетінде азаматтық авиация жүйесін зерттеу нәтижесінде дәлелдеген.

Ал біздер Қазақстан Республикасының білімдену инновациялық технологияларын зерттеу іс-әрекетін негізге ала отырып, Л.М. Лузинаның кейбір тиімді деген ілімдеріне талдау жасап, оны Отандық ғылыммен байланыстырдық. Бақылаудың бейімдену амалынсыз, оның автоматты жүйеге негізделмей, бақылау рейтингімен тексеру 90-жылдардың аяқ кезінде тәжірибеге енгізілген.

Бірақ АБЖ толық қарастырылмай, бірлі-жарым ғалымдардың жекелеген тұжырымдары ғана жарияланған еді. Ақпараттық технологияның автоматты бейімделу технологиясына негізделуі нәтижеге бағдарлайды.

Проблемалық оқытудың технологиясы қарастырылуға тиіс білім мазмұнының кереғар қайшылықты күрделі мәселесін ойлау өнері арқылы шешеді. Оқытудың қандай да болмасын табыстары оның қолданылатын амал-тәсілдеріне, әдіснамасына тікелей байланысты.

Проблемалық оқыту – білімнің көкейкестілігінің жүйесі, болашақ заңгерлердің білім меңгеру іс-әрекетіндегі шығармашылық заңдары мен білім игерудегі тәсілдері мен әдістерінің негізіне жүгінетін нысан (сурет 12).




Сурет 12 – «Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін арттыру моделі»

Болашақ заңгерлердің шығармашыл қызметінің іс-әрекетін мыналарға негіздеп өткізген жөн: жаңа жағдайларға байланысты болашақ заңгерлер жаңа білім мен қабілетті өздігінен меңгереді. Белгілі бір стандартты жағдайда жаңа мәселені анықтайды. Нысанның құрылымын жіктей алады. Таныс нысанның қызметін жаңа қырынан көреді. Шешімнің альтернативін табады. Бұрынғы таныс шешімді жаңамен қоса біледі. Бұрынғы өзіне мәлім шешімдерді нұсқалы тұрғыда құрастыра алады.

Шығармашыл қабілет нұсқалы шешімді көздейді. Ол бұрынғы таптаурын болған шешімдерден бас тартады. Кез-келген білім мазмұнының жүйесі оқытудың арнаулы технологиясын іске асырады. Оның құрылымын, табысын жобалайды, алгоритмге салады, оқу материалын өзінің ақиқатына айналдырады, педагогикалық өзара байланысқа түседі. Проблемалық оқыту технологиясы – бұл арнайы құрылған амалдар мен тәсілдердің жиыны. Мұның өзі әр болашақ заңгерлердің өздігінен қарама-қайшылыққа келіп тұрған мәселенің шешімін табуға ынталандырады.

Сөйтіп, олардың когнитивті танымдық қызметінің дамуына түрткі жасайды. Аталған таныс емес мәселенің шешіміне профессор-оқытушы құрамы арнайы үлгілерді болашақ заңгерлер назарына ұсынады. Соған бара-бар нысанды шешу тапсырмасы беріледі. Бүгінгі таңға дейін: «проблемалық оқыту инновациялық технологияға жата ма?» – деген сауал қойылып келеді. Оның жауабы сонау кеңестік дәуірлерде Лернерден бастап беріліп келе жатқанын ескерген жөн. Кеңестік дәуірде тек дәстүрлі оқыту ғана басымдықта болды деу жаңсақтық пікірге апарады. Сол кездің өзінде дамытыла оқыту мен проблемалық оқыту мәселелерінің шешімдерін тапқан талай инновациялар бар екені бүгінгі педагогика тарихынан мәлім.

Болашақ заңгерлер білуге тиісті білім мазмұнын қызыға меңгеруге ынталы болады. Аталған іс-әрекет – проблемалық оқытудың басымдықтағы мақсат-мүддесі. Проблемалық оқытудың технология сапасына өтуі – жуырда болған жаңалық.

Мәселені шешу, қарама-қайшылықты табу, көкейкестілігін дәлелдеу – педагогика ғылымының бөлінбес бір маңызды тұсы.

Бірақ барлық өтілетін сабақтарды проблемалық нысан деп айтуға болмайды. Оның негізгісі - білім мазмұнындағы мәселелердің шиеленісі мен оны шешу үдерісінде қолданылатын ең ұтымды амалдар мен тәсілдердің жиыны. Проблемалық оқытудың құрылымы төмендегі әдіснамалық амалдардан тұрады:

1) зерттеуге қатысты нысанды өзектендіру;
2) проблемалық ситуация туғызу;
3) оқу проблемасын шығару;
4) проблемалық мүмкіндіктерді түзу.

Проблема шешімін парасатты іс-әрекетпен табу (зерттеудің болжамын құру, оны дәйекті фактілермен дәлелдеу, әрбір болжамның іздерін жинақтау).

Проблемалық шешімін тексеру және оны қайталау.

«Проблемалық жағдай», «Оқу проблемасы» және «Проблемалық міндеттер» аталған технологияның негізгі қолданатын ұғымдары, тірек сөздері.

Проблемалы ситуация – тұлғаның белгілі бір оқу іс-әрекетіндегі бастан кешірген қиын сәті, оны шешудің жаңа жолдарын тауып, біліктілікті жаңарту ізденісі мен зерттеу бағытындағы жаңа тәсілдердің тууы. Проблемалық ситуация – ойлау, бағамдау іс-әрекетінің таусылмас қайнар көзі.

Бірақ бұндай түйінді сөзді барлық педагогикалық қиындық туғызған нысанды ойлау қабілетін танытады деген сыңайда қабылдамаған орынды. Әу баста болашақ заңгерлердің қарастыратын мәселесіне тиісті білім қоймасы жоқ болса, онда ешқандай проблемалы ситуацияның парасатты іс-әрекетке әсері бар деу жаңсақтыққа апарады.

Мұнан басқа, проблемалық ситуацияның тууына мыналар себеп болады:

- жаңа тәжірибе барысында болашақ заңгер өзінің бұрынғы меңгерген білім қорын пайдаланудың қажеттілігін түсінген жағдайда;

- теориялық білімді тәжірибеде қолдану мүмкіндігінің шектеулілігін түсінгенде;

- қарама-қайшылықты шешуде практикалық қабілеті жетілгенмен, теориялық біліктілігінің жетімсіздігін байқағанда;

- егер болашақ заңгер қойылған міндеттерді шешудің тәсілдерін білмегенде және оған жаңа фактімен негіздеме бере алмағанда, мұны шешуге бұрынғы білімнің кәдеге жарамағанын байыптағанда.

Оқу проблемасы – бұл проблемалық ситуация, іздену тәжірибесінің қалануы. Оқу проблемасы зерделеу, зерттеу іс-әрекетін қамтамасыз ету мақсатында қойылған сұрақтар жиыны. Шешімнің көптүрлілігі жүзеге асырылады.

Проблемалық міндет – оқу проблемасын шешуді көздейтін нысан. бұрын студенттерге таныс болмаса, проблемалық міндетке жатады. Проблемалық міндетке болашақ заңгерлердің шығармашыл ойлау мүмкіндігі төмендегілерді іске асырады:

- танымдық проблемалы шешудің нұсқаларын ұсынады және болжамын айтуға ынталандырады;

- жобалы теориялық және практикалық іс-әрекет сапасында тексереді;

- тағылымды құрастырады.

Проблемалық оқытудың әдістері оқытудың проблемасын шешуге жағдай жасайды. Оқыту мен оқу проблемасын қарастырады. Оқытудың проблемасы болашақ заңгерлердің іс-әрекетін алдын-ала қарастырылған мәселенің шешімін жүйемен табудың шарттылығын қамтамасыз ету тұрғысында ұйымдастырылады. Проблемалық оқу болашақ заңгерлердің қызметі шығармашылық бейімділікте ұйымдасуының тәсіл-амалдарына талдау жасау тұрғысында өткізіледі. Болжамды шешудің негіздері мен дәлелдері айқындалады.

Педагогикалық тәжірибеде проблемалық оқытудың үш түрлі әдістері іс-әрекет жүйесіне тірек болады: оқу материалын проблемалық деңгейде ұсыну; ізденістілік; зерттеушілік.

Оқу материалын проблемалық маңызда ұсыну әр болашақ заңгердің ғылыми түсінігін оятып, шындықтың жүзін айқындауына мүмкіндіктер туады.

Олардың ішкі қайшылығын туғызып, оған нақтылы да нұсқалы жауап табуға қолайлы жағдай жасалады.

Проблемалық оқытудың ең негізгі – оқу материалын бинарлық үдірісте жіктеп алу, оқытушы-профессордың іс-әрекеті: оқылуға тиісті материалды өзектендіру; міндеттерді жіктеу; проблемалық ситуация құру; оқу проблемасын түзу; ғылыми негізді даярлау; ішкі қайшылықты ашу; болжамды талқылау, оның шешімін дәлелдеп айтып беру; сараптау алаңын дәлелдеу; қорытындыны жіктеу және жинақтау.

Ізденістік әдісте болашақ заңгерлердің өздерінің өздік жұмыстарының жемісін оқытушы-профессордың басшылығымен іске асырады.

Технология кәсіби құзыретке ғана емес болашақ заңгерлерге жеке тұлғалық болмысына да ықпалы зор. Құзыреттілікті заман талабына сай ұйымдастыру қандай құрылымда болмақ? Бұл жұмыстың түрі басқа лабораториялардың құрылымы секілді ұйымдасады. Қазақстан Республикасының биоәлеуметтік моделінің ақиқатты бет-ажарымен танысу мүмкіндігін түлектер сабақ арқылы (лабораториялық жұмыс) танысуына қолайлы жағдай туғызуы қарастырылады. Осы мәселеге орай салыстырмалы талдау, эксперимент, жобалау, пікірталас, консенсусқа төселу, әлеуметтік және азаматтық рөлдерді ойын арқылы атқару секлді іскерлікті ұштайтын жұмыстар ұйымдастырылады. Қай мамандықты меңгерсе де түлектер әлеуметтік әртүрлі деңгейліктердің барын нақтылы көрініс, деректемелер арқылы түйсінуі көзделеді.

Қорыта келгенде, мұндай мәдени әлеуметтік матрица әлеуметтік-мәртебелі тұлғалардың деңгейліктерін шығаруға меже болып табылады. Басқа қоғамдық пәндер деп білім алған түлектерде өзінің әлеуметтік ортадан қай деңгейге қосыларын айқын шамалап, қызметін соған міндетті түрде бейімдеуге ынтаны ЖОО-ның қабырғасынан дағдыланса, әлдеқайда жас мамандардың болашағының уығы берік болары даусыз. Міне, осындай жұмыс қана әр түлектің жеке тұлғаның биоәлеумет ретінде дамуына жол ашады. Бүгінгі нарықтық экономика тауқыметіндегі қоғамда кездесетін кереғар қайшылықтан түлектер мамандыққа ие болғанда, алдында не күтіп тұрғанын проектілей алатын дәрежеге ұмтылады.

Сонда ғана түлектер маман ретінде әлеуметтік-кәсіби қозғалыс-траекториясына қатысты өзінің рөлін айқындап отыруға дағдылануға бой ұратыны сөзсіз. Халықтың салиқалы да салауатты салтанат құруының бір тізгіні – азаматтың зиялы қауым өкілі мен болашақ отанының табысы мен кемелдігіне және моральдық-адамгершілік деңгейінің жоғары үндесуіне қам жасайтын ұрпақ легі сомдалуы. Аталғандардан ойымызды тұжырымдасақ, төмендегідей қорытынды шығады [244]:

- біріншіден, біздің отандық ЖОО-ның түлектерін құзыреттілікке бағдарлаудың біліми кеңістігіне және оның тәжірибе сабақтарын өткізуде диагностикасыз, болжамсыз шетелдік үлгілерді көшіре беру дұрыс жолдан тайдыратынын ұдайы еске сақтау көзделеді;

- екіншіден, құзыреттілікті дарыту тұрғыдағы іс-әрекет гумандық-ізгілік және ілгерілеудің сан жылдардағы жиналған классикалық дәстүрлерін

түбірімен алып тастамайды, керісінше, оның өміршеңдігін рең бере түсетінін назарда ұстау қарастырылады;

- үшіншіден, бұрынғы таптаурын болған «біліктілік, икем, дағды» дәстүрдегі құзыреттілікті тұрғыда қарастыру бүгінгі талапты қанағаттандырмайтынын тәжірибе барысында зерделенеді. Оның орнына түлектердің құзыреттілігін дамытуға жағдай туғызатын әлеуметтік-қоғамдық пәндердегі мемлекеттік стандартта ұсынылған өздік жеке-дара орындайтын жұмыстардың характерін айқындау сараланады.

ЖОО-ндағы әлеуметтік-қоғамдық пәндер модернизация кеңістігінде бюджеттік нормативтерді басымдықта алмай, оның әлеуметтік өткір мәселе ретіндегі шешімін ойлау, зерделеу тұрғысындағы бағдарланым келеді. Қазақстан Республикасында білім беруді басқару механизміндегі модернизацияның сипаты қандай? Бұндай салиқалы сауалға жауап беру қиын. Дегенмен, сараптап қарасақ, әрбір білім беру ісін басқаратын тұлға модернизация мен жаңа технологияны ендіруді түрлі сыңайда қарастырмауы көзделеді. Мемлекеттің тарапынан ұсынылатын Тұжырымдамалар мен Жолдаулардың тұтас жүзеге асырылуы ұлттық ерекшеліктерді ескеру тұрғысында және оны шетел өркениетті мемлекеттердің ілгерілеу траекториясына унификациялау деп ұққан орынды.

Модернизацияны бұрынғы оң өзгерістерді дәстүрге жинақтаған жылдардағы игі істерді жаңа қоғамда өнімді қызметке тиімді қолдануда «Мәдени мұра» зерттеуінің рөлі зор екені білім кеңістігінде де кең өріс алуы қарастырылады. Ешуақытта, ешқашан ғылыми жаңалық ашқан данышпандар өздерінің еңбегінен заттық пайда тапқан жоқ. Мәселен, Әбу-Насыр әл-Фараби, Қожахмет Иассауи, Ньютон, Лейбниц, Архимед, Галилей және т.б. өз ілімдерін кейінгі ұрпақтың Құт пен Баққа, Дәулетке, Нұрға әрі заттық, әрі рухани баюы үшін қалдырды дейміз. Ал өздері одан заттық пайда тапты деу қиын.

Оқытушы туралы мәселе десек, модернизацияға үлес қосу үшін олардың білімі-ғылыми еңбегінің заман талабына ілесіп, одан озық ілімді меңгеруіне ынта танытатын сапалық көрсеткіштің басым болуы көзделді.

Болашақ заңгерлердің деңгейін модернизация талабына сай қалай межелейміз? Алған теориялық білімін тәжірибеде толығымен іске асырып, оны өмір қажеттілігіне жаратуға бейімділік ширатыла түседі.

## 3.2 «Заң психологиясының негізі» тақырыбындағы пәннің бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Психология және педагогика кафедрасы

«Заң психологиясының негіздері» тақырыбы

6D010300 – Педагогика және психология мамандығы докоранттарына арнаған

Құрастырушы авторы: С. Торайғыров атындағы университеттің «Психология және педагогика» кафедрасының докторанты А.Б. Ахмеджанов (Қосымша А).

Курстың көкейкестілігі. Қазіргі білім мен тәрбиені болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлермәселесін қарастырып оны тұтас меңгерудің бір амалы-таңдауға ұсынылатын элективті курсты құру. Болашақ заңгерлердің робот секілді ұсынылған барлық халықтарға қатысты жалпы заңдар мен құқықтарды орындай беру олардың түбінде өз кәсібіне деген қызығушылық уәжін сейілтеді. Осындай марғаулыққа салынбас үшін әрбір болашақ заңгер өзінің: «Қазір кіммін?», «Болашақта кім боламын?» - деген сауалдарға жауап табудың өзі – сот ісін халықтың сан ғасырлар бойы жинаған ғауһар дәстүрлері, билердің әділ сот ісін жүргізудегі күрделі мәселелерді, даулы арыздарды екі жаққа ақиқаттың негізінде дұрыс байлам жасап, қорытынды – шешім қабылдаудағы амал-тәсілдеріне жүгіну. Әрбір болашақ заңгер өзінің тұлғалық болмысын анықтап, аталған көкейкесті мәселені шешудің амалы-билер мектебінің басымдық тұстарын білім мазмұнына енгізіп, оның қажетсіну уәжін қамтамасыз етерлік деңгейін анықтауда ғалымдардың еңбектерін тиімді пайдалану.

Пәннің мақсаты: Жоғары оқу орнының стандарт ауқымынан жоғары болашақ заңгерлердің білімі – ғылыми ұстанымдарын бұрын-соңды таныс емес, бірақ бүгінгі Қазақстанның болашағын тұрғырлы тұрғырда құру үшін нәтижеге бағдар жасар мәселелерді шешу.

Оқыту үдерісін білім мазмұнына сәйкестендіріп қалай құру?

Нәтижеге жету мақсатында білім мазмұнының деңгейінің тереңдігін, күрделілігін қалай жүйелеу? Білім мазмұнына қойылып отырған мақсат пен оны аймақтық, республикалық негізге қалай салу? Бұл сұрақтарға түсінік хат жауап бермек.

Түсінік хат

«Заң психологиясының негізі» тақырыбына болашақ заңгерлердің сот ісін жүргізуге кәсіби қабілетін арттыруда білім мазмұны арқылы халықтық дәстүрге өздерінің қызығушылық деңгейін өркендету көзделеді. Аталып отырған көкейкесті мәселені шешуде психологиялық- педагогикалық мақсат, міндеттерін анықтап отырулары және «білім мазмұны», «білімге қажетсіну уәжі», «халықтық дәстүр», «билердің әділетті сот ісін жүргізудегі шеберліктер», «Төле бидің балалық шақтағы икемі бар болашақ билерді тәрбиелеу мектептері», «Төле бидің: өмірім – өзгенікі, өлімім өзімдікі» - деген ұстанымының кейінгі билерге де тигізген ықпалы» т.б. сияқты ұғымдарды білім мазмұнына енгізудің қажеттілігі.

Болашақ заңгерлердің сот ісін жүргізуде білім мазмұны арқылы халық дәстүріне саралау, талдау, жинақтау, вербальді емес әдіс-амалдарды қолдану, түйіндеу, аналогын саралау, жіктеу, топтастыру, түйіндеу, феноменін айқындау, қорытынды шығару, заңдылықтары мен ережелерін құру және т.б.

Бұл бағдарламаны жүзеге асырудағы құндылықтың басымдығы – ұлттық кодты билер сотының халықтық дәстүріне негіздеу Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (26.04.2017 жылы жарияланған). Қазақ халқына Жолдауының үшінші жаңғыруында: «Егер жаңғыру ұлттық – рухани жаңғыру тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін

қиыннан қиыстырып, жарыстыра алатын құдыретімен маңызды. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды»... – делінген ұстаным – курстың тірегі (Қосымша А). Болашақ заңгерлердің сот ісін болашақта жүргізер алдында өзінің кім екеніне, онтологиялық болмысына сараптамамен қарап, екі жақты дау-дамайларын әділ шешудің амал-тәсілдерін қалай меңгерем? – деген сауал қойып қажетсіну уәжін ұдайы қанағаттылық дәрежеге келтіру мүмкіндігін ойлау, оны болжау іс-әрекетіне өз-өзін әзірлеу көзделеді. Жоғарыдан бұйрық тоспай, заңдарды ұлттық код негізіне бейімдеу мүмкіндігін анықтауда эмпирикалық, эвристикалық, стохастикалық парадигмаларды, ұлттық кодтың ғылыми негізі – онтология, гносеология, аксиология екеніне үнемі талдау жасау.

Бұл пәнді өткізуде теориялық, прагматикалық, семинарлық сабақтармен қатар дәстүрдегідей емес дәрістерді өткізу көзделеді: проблемалық дәріс; көрсетілімді дәріс (схеме, матрица, диаграмма); екеуара дәріс оқу (екі оқытушының дәрісі ситуацияны талқылауға құрылуы); алдын ала әзірленген дәрістегі әдейі қателіктер жіберіп, оны болашақ заңгерлердің түзетулері; пресс – конференцияға арналған дәріс; пікірталасқа құрылған дәріс.

Міне, жұмыстың бұл түрлері жоғары оқу орнындағы білім мазмұнының болашақ заңгерлерге игерілетін тұстарын, ең бастысын, ғалым-зерттеушілердің тұжырымдарын субстанция ретінде алумен құндылығының артуы (кесте 14).

Кесте 14 – Болашақ заңгерлердің білім мазмұны арқылы сот ісін халық дәстүріне негіздеу

| Тақырыптар атауы | | Аудиторияда оқитын сабақ сандары мен түрлері | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | дәрістер | тәжірибе семинар сабақтар | зертхан алық жә не дербес сабақтар | СӨЖ | оның құра мындағы СОӨЖ |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 Модуль Б.З. кәсіби қажетсіну уәжін арттырудың амалдары | | | | | | |
| 1 Блок | Б.З. өздігінен кәсіби құзыретін ақпараттық технологиямен арттыру | 2 | 1 | - | 8 | 1 |
| 2 Блок | Б.З. кәсіби құзыретін технологиямен арттыру | 2 | 1 | - | 8 | 1 |
| 3 Блок | Б.З. кәсіби құзыретін интерактивті модульдік технологиямен арттыру | 2 | 1 | - | 8 | - |
| | Бәрі | 6 | 3 | - | 24 | 2 |
| | Бәрі | 35 сағат | | | | |
| II Модуль Б.З. Кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы арттыру | | | | | | |
| 1 Блок | Білім мазмұнының ғылы ми-теориялық негізі | 2 | 1 | - | 8 | 1 |
| 2 Блок | Білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құрудың амалдары | 2 | 1 | - | 8 | 1 |

14-ші кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 Блок | А. Левшин және Ш. Уәлихановтың «Алтын ғасыр» кеңістігіндегі билер сотының зерттелуі | 2 | 1 | - | 8 | - |
| | Бәрі | 6 | 3 | - | 24 | 2 |
| | Бәрі | 35 сағат | | | | |
| III Модуль. Билер сотының халықтық дәстүрге негізделуі және оның рухани құндылықтары | | | | | | |
| 1 Блок | Хандық дәстүрдегі билердің атқарған рөлі, оолардың дау-дамайды шешудегі әәді леттілігі, сөз өнерін оорны мен қолдануы | 1 | 1 | - | 7 | 1 |
| 2 Блок | 19 ғасырдағы халықтық дәс түрдің ығысуы, билер соты ның құндылықтарының ыдырауы | 1 | 1 | | 7 | 1 |
| | Бәрі | 2 | 2 | - | 14 | 2 |
| | Бәрі 2 кредит бәрі 90 сағат | 20 сағат | | | | |

Бірінші модульдің бірінші блогы

«Болашақ заңгерлердің өздігінен кәсіби құзыретін ақпараттық технологияларымен арттыру».

Оқыту үдерісін білім мазмұнына сәйкестендіріп қалай құру? Нәтижеге жету мақсатында білім мазмұнының деңгейінің тереңдігі мен күрделілігін қалай жүйелеу? Білім мазмұнына қойылып отырған мақсат пен оны аймақтық, республикалық негізге қалай салу?

Аталып отырған көкейкесті мәселелікті шешудің бір амалы – технологиялық тұрғыда мақсатқа жеткізер оқу үдерісі қамтамасыз ету. Бұл орайда, ең негізгі міндет диагностикадан өткен нысандардың барлық деңгейліктерінің үйлесімінде іске асыру.

Болашақ заңгерлердің ақпараттық технологияларын пайдалану кезінде математикалық пен оларды қызықтыратын модельдеу элементтерінің көмегімен ғылыми іздестірудің, ғылыми жаңалық ашудың, ғылыми зерттеудің қажетсіну мүмкіндігінің арасындағы қайшылықтарды әдіснамалық сараптамамен шешу және ақпаратты ұсынудың түрлерін саралау үдерісіндегі пәндер мен нысандардың, құбылыстардың тереңдігін айқындаудың ғылымилық қағидасы жаңа және оны жоғары деңгейде (шығармашыл-креавтивтік) жүзеге асатынына кепілдік берілуі.

Ғылыми аралық және ғылыми қағидамен ішінара сабақтастықта қарастыратын герменевтикалық-ұғынымдылық қағидасын ақпараттық технологияны іске асыру барысында тиімді пайдаланылуы.

Ғылыми аралық және ғылыми қағида әрбір болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін өркендетуге қызмет етеді. Олардың интериоризациясына сәйкес келуін қадағалауға мүмкіндік берілуі.

Бұл орайда, Ж. Аймауытовтың «Ой сандығы» формуласымен болашақ заңгерлердің ұғынымдылық қабілетін құзыреттілігін арттыруға ықпал жасайтындай дәрежеде қолданылуы.

Қорыта келгенде, болашақ заңгерлер электрондық материалдардан ақпарат жинауда оның нұсқалылығы және феномендігі ескеріледі.

1 Модульдің 2 блогы, тақырыбы «Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін білімдену технологияларымен арттыру»

«Технология» - грек сөзінен «techo» (өнер), «logos» сөз, білім, оқу деген ұғымды білдіреді. «Білім» деген ұғымына міндетті түрде «ғылым» қосылады. Олай болса, «білім туралы өнер», немесе «ойлау өнері» мағынасында қолданылу мүмкіндігі бар.

Бұл ұғым болашақ заңгерлердің ойлау өнерін әрбір өтілетін аудиториялық және өздігінен жұмыс жүргізулерінде өз-өздерін бағамдап, тексерулеріне, алға ілгерілеу траекторияларын IQ интеллектуалды әлеует тұрғысында есептеулеріне жағдай туғызуы.

Білім мен ғылым өнерін ойлау, пайымдау, тұжырымдау, түйіндеу секілді іс-әрекетпен шығармашыл-креативтік деңгейге көтерулеріне түрткі болуы. Сот жүргізу ісінде ойлау өнерінің ғылыми-әділет негізіне құрылуы оның шешілімін дұрыс бағытта өтуіне қолайлы жағдай жасалуы.

Бұл жағдайда, болашақ заңгерлердің интеллектуалды әлеуетін ақиқатқа жуық диагностикалап, келесі іс-әрекетін оқытушы-профессорлардың проектілеулеріне жол ашуы.

Арбитраж соты, экономикалық қайшылықтарға қатысты туындаған жанжал мәселелерін шешуге ойлау өнерінің атқарар рөлі зор. Болашақ заңгерлердің аталған көкейкесті мәселені білімденудің технологиясымен шешу үдерісінде физика, биология, химия және т.б. пәндерден жинақталған білімиғылыми өнерлерін қажеттілікке жұмсай алу шеберлігін танытуы. Осындай ойлау өнерін меңгерген мамандар Германия, жалпы Еуропа мемлекеттерінде патенттелген сот жұмыс істейді, бұл – модернизация талабы.

Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін білімденудің технологиясымен арттыру білім мазмұнының жүйесін түзілімге түсіру маңызды болып келеді.

«Жүйе» грек тілінде бөлшектен құралған бүтіндік, қосылыс деген мағынаны білдіреді. Болашақ заңгерлердің заңдар мен заңдылықтарды, құрылылуының бейратап-бүтіндік, кез-келген нысандарды, меңгерілуге тиіс қағидалар мен құбылыстарды жүйелеу арқылы ұғынуға мүмкіндіктің тууы.

Бірінші модульдің 3 блогының тақырыбы «Болашақ заңгерлердің құзыретін интерактивті - модульдік технологияларымен арттыру».

«Технология» ойлау өнері мағынасын білдіріп, болашақ заңгерлердің құзыретін интерактивті тұрғыда өркендету рейтингі жүйесінен бағалауды іске асырумен құнды. Бұл орайда, болашақ заңгерлердің компьютерлі дидактикалық құралды оқу үдерісінде тиімді пайдалануы. Компьютерлік ойын арқылы сот үдерісін шешу, компьютерлік міндеттерді құруы, компьютер-зерттеуші, курстық диплом жазу секілді іс-әрекеттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін бағалаумен іске асырылуы.

Нәтижесінде, болашақ заңгерлер жұмыстың мынандай түрлерін жүргізуі тиіс:

- интерактивтік – рейтинг жүйесін қалау;
- оқу, іс-әрекеттік алгоритмнен түзілім тарауы;
- оқу, іс-әрекетінің көрсеткішке себеп боларлық дидактикалық құрал;
- болашақ заңгерлердің меңгеруге тиісті дидактикалық ойындарын тексеру;
- ғылымның үлкен және кіші жиындықтарына қатысты мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған құрал;
- болашақ заңгерлердің ғылым насанындағы сотқа қатысты тұжырымдарды сараптау-бағалау, іс-әрекетін жинақтайтын құрал;
- компьютердің ұсынған зерттеу тапсырмаларына жауап беру іскерлігін, диалогын тексеру құралы.

Болашақ заңгерлердің интерактивті іскерлігін рейтінгіне салу іс-әрекеті

компьютерсіз шешілмейді. Мұның өзі Выгодскийдің тұжырымындағы «білімге жақын алаңы» туралы іс-әрекетті толықтай жүзеге асыруы. Баспасыз, интернет тоғынымен шексіз құйылып ұсынылатын ақпараттардан болашақ заңгерер өзіне ең қажетін алу, тек модульдік технологиямен нәтижеге жетпек.

Мазмұнды өзгертілім оқыту мазмұнымен саралап, бағалау, бақылау іс-әрекетінің амалдарын көпнұсқалы (деңгейліктерге жіктеп) тұрғыда жүзеге асырады. Сөйтіп, үдірісті аспект студенттердің танымдық ойлау, парасаттау, бағамдау, тұжырымдау, түйіндеу сияқты нұсқалы қызметін жекеше дамытуға мүмкіндік жасайды.

Іс-әрекеттік қағида білім мазмұнын меңгеру сипатын тексеру, бағалау, түзету мақсатында жүргізілетін жұмысты қамтамасыз етуді іске асырады.

«Паритет» – теңестік, тепе-теңдік деген ұғымды білдіреді. «Паритет» – принцип равенства и равноправия сторон.

Екінші модульдің 1-блогының тақырыбы: «Білім мазмұнының ғылыми – теориялық негізі»

Білім мазмұнының ғылыми –теориялық негізіне әрбір пәннің өндіріске, өмірге қатысты әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық жағдайларына қатысты өзгерістерді ескерудің қарқындылығы мен мобильділігі; оперативтілігі тұрғысындағы мәселелердің шешілуі. Бұл жағдайда, мынандай өзіне тән ерекшелікті бөліп көрсетуге болады: ашықтық, жоғары оқу орнының ғылыммен, өндіріспен байланысты, біліми-ғылыми деңгейдің кәсіби құзыреттілігіне сәйкестілігі, ғылыми-техникалық прогрестің жоғары білім беру мазмұнына унификациялануы.

Болон декларациясына қатысты жоғары білім беру қолға алынуы. Болон үдерісі кәсіби жоғары білім алудың кәсібилілігін әлемдік нарыққа ілесетіндей деңгейге ұмтылдыруы.

Ежелгі дәуірден бертінгі кезеңге дейін сақталған және ұмыт болған ұлттық рухани құндылықтардың, атап айтқанда, болашақ заңгерлердің, жоғары білім алу үдерістеріне ғылымның жаңалықтарымен қорландырып, әрбір жоғары оқу орны өзіне лайықты инновациялық білім беру технологиямен жұмыс нәтижесін

проектілеп, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеуге мүмкіндік жасауы. Бұл білім мазмұнына қойылатын талаптар.

Жоғары оқу орнының білім мазмұнының мақсаты: Болашақ заңгерлердің міндетті білім мен оған қоса атқарылатын білімнің программаларымен (электівті курс программасы), олардың кәсіби қажетсіну уәжін және құзыреттілігін арттыруына мүмкіндік туғызу. Бұл орайда, тек сотқа қатысты ережелер, заңдар, заңдылықтар т.б. ғана меңгерілмей, болашақ заңгерлердің біліктілігі тұлғалық жеке болмысын ізгілігіне қатысты жеке мүмкіндігін өркендетуге бағдар жасауы.

ЮНЕСКО-ның идеологиялық контексінде қазіргі болашақ заңгерге білім беру арқылы тәрбиелеу, ізгілікті істерге мойын ұсындыру қатарынан атқарылуы.

Білім мазмұнының жоғары оқу орнындағы ұстанымы: болашақ заңгерді кәсіби жоғары құзыреттілікке сәйкес даярлауы, олар өздерінің қызметінен тұлға ретінде басқа адамдардың, болашақ заңгерлер қанағат алып қоймай, мәселелерін шешерліктей шеберлік танытуына уәждік қажеттілігі; біліктік пен икемдік жоғары иерархияға бейімделуі; программаларды тек стандарт ауқымында алмай, оны қазіргі сот құрылымының талабына сәйкестендіріп, қоғамның болашақтағы сұранымына бейімдеуі.

Жоғары білім беру – білім мазмұнының басты ұстанымы. Болашақ заңгерлердің жеке мүмкіндіктері ескеріліп, әлеуметтік мобильдік және рухани ізгілікті жан тұлғасын меңгеріп, қоғам өміріне белсене қатысуына дүниетанымын ұдайы дамытуына, этногендік ( рекше endon – ішкі және genos – тууы, рухы) әлеуеті құқық арқылы бекітілуіне, әділдік пен жариялылық және жалпы бейбіт өмір сүруге ұмтылдыруы.

Болашақ заңгерлердің меңгерген біліктілігін жалпы жұртшылыққа тарату және оны зерттеушілік қызметпен өркендетуі. Болашақ заңгерлер қоғамға ұсынатын біліктілігін мәдени-әлеуметттік және экономикалық қажеттілікке сай, жалпы мемлекет тарапынан шыққан заңдар негізінде жаратылыстану, шығармашыл бейіммен, технология және қоғамтану, ғылымымен ықпал жасауы. Бұл орайда, Т.Ю. Ломакина халықтық білім мазмұнының жүйесі әлемдік глобализацияға қатысты аймақтық ақпараттық - біліми арналарды жаңа программаға енгізу мәселелерін шешуге тоқталады. Ғалым жекелеп оқыту мәселесін шешудің бір амалы тәрбиені білім мазмұнына шығару екеніне тоқталған.

Бұл орайда, болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлерді меңгеруде үш түрлі парадигманы меңгерту көзделеді. Бұл электівті курстан білім алған болашақ заңгер өзінің қажетсіну уәжін анықтап, ұдайы үзіліссіз білім арнасын толықтырып отыруына қам жасау іс-әрекеті шындала түсуі қарастырылады.

Үзіліссіз кәсіби білім алу төмендегідей ұғымдар мен құбылыстарды аңықтайды: көпдеңгейлікті (қайталаным- 6 микроуровень); эмпирикалық (6 деңгей); эвристикалық (6 деңгей); проблемалы-зерттеушілік (6 деңгей); шығармашылық (6 деңгей); креативтік (6 деңгей); эзотерикалық (6 деңгей).

Білім мазмұнының білім беру жүйесіндегі көпдеңгейлілігінің құрылымы:

- магистратура болашақ заңгерлер кәсіби-педагогикалық және зерттеушілік қызметке түседі;
- бакалавриат кәсіби білімді фундаментальді тұрғыда меңгеруі.

Нәтижесінде, білім мазмұны мемлекеттік құжаттармен және оқу-әдістемелік кешенмен бекітіледі. Бұның өзі – оқу жоспары, оқу бағдармалары, оқулықтар, оқу құралдары.

Оқу жоспары элективті курс үш модуль, сегіз блоктан, өздігінен жұмыс, оқытушы-профессормен жұмыс, бәрі – 90 сағат, 2 кредитке шақталуы. Қосымша білім жоғары оқу орнына ғылыми кеңесте талқыланып, ЖОО басшылары бекітеді.

Білім мазмұны (жалпы, политехникалық, кәсіби) ұдайы ауқымды бола бермейді. Оның басты себебі ғылымның, әлеуметтік-экономикалық, қоғамның мәдени деңгейіне және жастардың қажетсіну уәжіне сәйкес өзгеріске түсіп отыруы.

Қазіргі білім мазмұны кеңестік дәуірдегідей әкімшіл-әміршіл жүйемен басқарылмауы.

Екінші модульдің 2-ші блогының тақырыбы: «Білім мазмұнын халықтық дәстүр негізінде құрудың амалдары»

Білім мазмұнын халықтық дәстүрге негіздеу – бүгінгі заман талабы. Жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін күннен-күнге арттыруда білім мазмұнының мәні зор. Білім мазмұны білімді жүйелі меңгеру, іскерлік пен бейімділікті ширату деп түсіндіріледі. Білім мазмұнының ғылыми негізі сан ғасырлардан бері жинақталған, трансформацияланған әлеуметтік-экономикалық құндылықтарды саралау тәжірибесі мен оны заман мүддесіне сай байыта түсуге, қорландыра алуға болашақ заңгерлерді тартуы.

Білім мазмұнын ғылыми негізін құруда мыналарды еске алу көзделеді:

- пәнді нұсқалы құрып, оның болашақ заңгерлерге оқу құралы нақтылы нұсқалы болуын қадағалау, бұл олардың материалды іздеп жатпауына кепілдік беруі;
- таңдауға ұсынылатын пәндер кәсіби қажетсіну уәжіне сәйкес келуін қадағалау;
- жиналған ақпараттардың жүйелілік қағидасын сақтау;
- болашақ заңгерлердің қажетсіну уәжін ескеру.

Аталып өткен мәселелерді шешу білім мазмұнының ғылыми-педагогикалық негізін тұғырлы тұрғыда құрайды. Педагогика тарихында формальді және материалды білім теориясын құрайды. Мәселен, формальді білім теориясының негізін қалағандар: 15-17 ғғ. Локк, Песталоцции, Кант, Гербарт, бұл зерттеушілер білім көзі ретінде оқушылардың ойлауын өркендетуді ұсынған. Ойлау, бағамдау іс-әрекетін латын, грек математика пәндері деп есептеген. Міне, бүгінгі күні шығыс, қазақ елдерінің зерттеушілерінің еңбектерін кеңес дәуірінде формальді теория делінсе, бүгінгі күні оны педагогика философиясы деп қабылдануы.

Материалдық білім теориясының өнімдері: 18-20 ғғ. – Спенсор, Гексли және т.б. білім көзіне тәжірибені жатқызған. Сол себепті аталған зерттеушілер

тәжірибені, жаратылыстану негіздерін қалаған адамдарды оқуға тарту қажеттілігін ұсынған.

Білім мазмұнының өлшемдігі улитарлы өмірге жарамды және оқушылардың болашағына алған білімдері қызмет етеді деп есептеген.

Осындай тұжырымдарды қорыта келгенде, классикалық және ақиқатқа сыймды білім деген түйін шықты.

Жоғарыдағы теорияға бүгінгі күнге дейін сын айту кездеседі. Оның сыңаржақтық ұстанымын ұсынған зерттеушілер: К.Д. Ушинский, Н.А. Добролюбов, Ю.К. Бабанский, И.Ф. Харламов деп қорытудың басты себебі, білім аспектісінің жеке құрамдары абсолюттік тұрғыда қарастырылуы. Бұл жағдайда, білімді ойлаудан бөліп қарау дұрыс емес. Білім беру мақсаты: болашақ заңгерлердің тұлғалақ болмысы, ал білім - оның өсіп-өркендеу құралы. Бұл мәселенің де ЖОО-на қатысы бар. Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін ұдайы өркендетуіне түрткі жасау олардың ойлау-бағамдау, түйіндеу іс-әрекетінің сот жүйесіндегі заңдылықтарды негізге алып, халықтық дәстүр шегінде білими-ғылыми дүниетанымын меңгерту. Білім мазмұны – тұлғалардың жеке қабілетіне сай және оны ілгерілетуге қозғаушы күш.

Жоғарыдағы теориялармен бірге қазіргі педагогика іліміне прагматикалық идея білім мазмұнына қатысты қолданылуы. Бұл теорияны зерттеген американдық Джон Дьюи, У. Килпатрик: алған білімдерін іс-әрекетте пайдалану екенін алға тартады. Көбінесе білім мазмұнында мемлекеттік мәселелер, қоғамдық мүдделер қарастырылуда. Ал прагматикалық ұғым бүгінде әлемдік деңгейде қолдау табуда. Білім мазмұны педагогикалық модель әлеуметтік сұраным арқылы білім меңгеруге талпынысты ширатуы.

Білім мазмұны жайлы бүгінге дейін И.Я. Лернер, М.Н. Скаткиндердің теориялары қолданымда болып келді. Бұл жағдайда, білім мазмұнына алдыңғы ғалым- зерттеушілердің тұжырымдарын қолдану, алдыңғы толқын тұлғалардың әлеуметтік-философиялық тәжірибесін және алдағы уақыт пен кеңістікте меңгеруге тиіс мәдени-әлеуеттік мазмұнды қабылдауға ұмтылдыру. И.Я. Лернер мен М.Н. Скаткин өздерінің аталған білім мазмұнының теориясын тәжірибеден өткізеді. Онда 4 құрамдық бөліктер арнаулы тұрғыда сынақтан өтеді: табиғат жайлы білім; ойлау, іс-әрекет тәсілдері, техникасы; сыннан өткен арнаулы тәсілдерді тәжірибеде қолдану; нысана мен құралдарға құндылық ретінде қарау.

Келесі мәселе – білім мазмұнын жеке мүмкіндікке ыңғайлап жүргізу.

Жоғары оқу орнында бұл мәселелер кездеседі, іргелі ғылым негізі ретінде білім мазмұнының тарихи кезеңдерін ескеріп, халықтық дәстүрге негіздеу педагогика және құқықтану ғылымдарының интеграциясында жүзеге асыру көзделеді. Пәнді құруда сот мәселесін халықтық дәстүр негізінде өткізудің ғылыми негізін қамтамасыз етеді.

Халықтық салт-дәстүрлер ғасырлар бойы белгілі бір формацияда өмір сүрген адамдар санасында тұрақталып қалған рухани-мәдени қарым-қатынастың кейінгі ұрпаққа қалдырған мақсаттылыққа қуат берер іс-әрекеттерінің жиналған құндылығы, «құндылық», «аксиология»»» деген ұғымға ие болды. Халықтық педагогиканың бұл ғылыми негізіне жатады және оның

тәрбие құралы екенін ескеру. Салт-дәстүрдің индикаторы- ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық қағидасымен жалғасып келуін қамтамасыз етер нысан. Салтты дәстүрден ажыратудың көрсеткіштері:

1) дәстүр – халықтың қалыптасқан іс-әрекеттері мен қызмет жүйесі;

2) дәстүр – сан ғасырлар бойы белгілі бір халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты қажеттігін іске асыруына қызмет еткен амалы;

3) дәстүр – қазақ халқының үш жүзіне бірдей кең ауқымда тараған іс-әрекеттер жүйесі;

4) дәстүр – халықтың белгілі бір жағдайға байланысты туындаған мұқтажын өтеуге қатысты іс-әрекеті.

Салт – бұл өте ежелгі дәуірден бері санадан өшпей келген үдеріс. Тарихи қағидаға сүйенеді. Қоғамдық формацияның мүддесіне қарай өте сирек өзгеріске түсіп, ұрпақтан –ұрпаққа қызмет етіп келген нысан. Қазақ халқының салты бала дүниеге келгенінен бастап тәрбиелеу мәселесін шешуге бағытталған. Мұның өзін психология, педагогика, дидактика, философия, әлеметтану, мәдениет секілді метаметодика шоғырында пайдалануға болатыны зерттеушілердің бірқатар еңбектерінде дәлелденген.

Бала тәрбиесіне байланысты салттың білімнің сабақтастық қағидасы төмендегідей:

- кәсіби көзғарасты тәрбиелеуге қатысты салт;
- үйлену мен үй болуға байланысты салт;
- той және мерекеге байланысты салт;
- адамның фәниден бақилыққа өтуіне байланысты салт.

Қазақ – көне дәуірден бастау алатын күрделі де бай тарихы, сан қырлы мәдениеті, өзіндік игі ғұрып – дәстүрі бар, этнографиялық ахуалы әр қилы, пейілі өзінің байтақ даласындай кең де қонақжай халық. Қаз дауысты Қазыбек бидің сөзімен айтқанда: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт – береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм - тұзды ақтай білген елміз» - деген.

Екінші модульдің 3-ші блоғының тақырыбы: «А. Левшин және Ш. Уәлихановтың «Алтын ғасыр» кеңістігіндегі билер сотының зерттелуі».

19 ғасырында А. Левшин қазақтардың ел басқаруы, олардың ұлттық дәстүрілерінің құқық негіздерінен заң шығарлуы, сот билігін жүргізуі туралы

«Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацских орд и степей» деген еңбегінде Әз Тәуке хан тұсындағы даланың әділдікке құрылған жариялылығын «Алтын ғасыр» деп бағалауы бүгінгі күнге дейін мәнін жоймағаны.

Ел қамын, ұлттың ертеңін анық болжаған, кейінгі өмірдегі жіберілген қателіктерді болдырмауға қам жасаған дана билер хандық биліктің барлық саласына араласты. Ел басқару, әдет-ғұрып пен заң ережелерін жартылай көшпелі қоғамдағы құқық нормаларына сәйкестендіріп, оны алгоритмдеп отыруы. Мемлекетке сүйеу боларлық үш саланы билер басқарып отырған, Үш сала жіктемесі: заң шығарушылық; атқарушылық; сот билігі.

Аталған биліктің үш саласының атқарар құрылысы алдымен ауыл-аймақ, рулық, ұлыстық, хандық дәрежедегі иерахияға дейін жеткен.

Қазақ елінің арғы тегі саналатын сақ (скифтер) ғұн мемлекеттері ежелгі өркениет дәрежесіне жеткеніне қатысты материалдарды саралау көзделеді. Бұл орайда, Рим, Греция, Вавилон, Үнді, Қытай, Араб, Парсы елдерімен тығыз байланыс орнатып, мемлекеттік деңгейде құқықтық нормалар мен заң ережелерінің шығарылуы.

Жоғарыдағы жұмыстардың нәтижесі ретінде Майқы бидің «Түгел сөзі» , Әз Жәнібек ханның «Әдет ғұрыптары», Қасым ханның «Қасқа жолы», Тәуке ханның «Тура жолы», Есім ханның «Ескі жолы» секілді еңбектер өмірге келді.

Әз Тәукенің «Жеті жарғысы» мемлекет атынан қолданылатын заң дәрежесіне жетіп, кейінгі ұрпаққа үлгі – өнеге ретінде қызмет етуде. Ұлтымыздың дәстүрлі құқықтық институтының негізі ретінде билер соты қоғамдық құрылымының 20 ғасырдың басына дейін жалғастырылды. Билердің от ауызды, орақ тілді парасатқа жүгінген шешендігімен халықтың санасына оңтайлы да игілікті ықпал етуі. «Тура биде туыс жоқ», «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ», «Малым – жанымның садағасы» деген ар-ождан материалдық құндылықтардан жоғары қоюшылықты аңғару көзделеді. Билер – әділдіктің жаршысы, қара қылды қақ жарған төреші, бүгінгі тілмен айтсақ, «судья», үлгілі жол-жоралғыны ескерген заң шығарушы, өрелі сөзді өрнектеген-данышпан шешен, пәтуаға келтірген шешім түзімші тұлғалар. Билердің әскери құрылым жұмыстарына жауапты болғаны жайлы ақпараттар.

Билердің көсемі де, шешімі де біреу және одан әрі шағымдануға жатпайтын түпкілікті тұжырым болғаны. Билердің шешімдер түрлері, дау мұраты-білім, ең қатал жаза – елден алыстау, ең ауыр кесім – құн төлеу. Бұндай жазалауға тартылатын адамдар өздерінің істеген жазалауға тартылатын адамдар өздерінің істеген жазасын мойындап отырғаны.

Қазақтың билер сотын түбегейлі де, тұңғыш рет зерттеген ұлт мақтанышы, зерттеуші Шоқан Уәлиханов. Шоқан Уәлиханов еңбегінде қазақ елінің әдет-ғұрып құқығының өзіндік «көне болмысының» ішкі сыр-сипатын меңгерген, адамның табиғи болмысын, оның құқығы мен еркіндігі тұрғысында пайымдаған сыңайында ашу, оның тұлғасындағы құндылықтарды ескеруге бағамдалғанын ерекше атап өтуі. Ұлы Даланың тарихи-құқықтық мәдениетіне арналған әр кездегі ұлт жанашырларының жинаған және жариялаған еңбектерін Шоқан Уәлихановтың зерттеуі. Қазақ құқығының көне болмысын кеміткісі келгендерге қарсы пікір білдіруінің маңызы.

Зерттеушінің «Сот реформасы жайында хат»1864 жылы жариялануы. Сот реформасына қатысты Шоқан Уәлихановтың халқы жайлы пікірлері:

- облыстық басқарманың кеңесшісі Яценко сот реформасына қатысты мәселелерді саралау мақсатында өз істерін жіті білетін билер мен судьялардан пікір жинау үшін жіберілгені жайлы ақпарат;

- адамның тұрмыс қажетін өтейтін реформа ғана пайдалы, ал бұл мақсатқа қандай да болса кедергі келтіретін реформа зиян;

- Джон Стюар Мильдің қандай да болмасын қауым адамдарына жаңа право берместен бұрын бұл қауым адамдарының ақылды қабілетін, өнегелілігін және

саяси сана сезімділілігін ғылыми тұрғыда мұқият зерттеуі қажет деген тұжырымын Шоқан Уәлихановтың қолдауы;

- қоғамдық мұқтажды білгендіктен, гуманистік теорияға шамадан тыс қызғанышпен караудың салдарынан, қазіргі белгілі жағдайда мүлдем қажеті жоқ жаңа өзгерістер, реформалар туындауда.

1822 жылы Сперанский Сібір заңдарының жинағын құрастыруы, 1824 жылы бұл заңың қазақ даласына қолданылуы. Өзіндік әдет-ғырпы, ой-түрлігі бар көшпелі сауатсыз халық аты-жөні жоқ, күтпеген жерден толып жатқан сатылы басшылығы, көп бөлшекті, бағынышты тармақтары, түрлі атаулы сатысы бар бюрократтық орталыққа бағынуы. Бұл әкімшілік жүйесі осыған дейін қазақ былай тұрсын, орысқа да түсініксіздігі. (Шоқан Уәлихановтың өз ойы). Түптен келгенде, біздің халқымыз орыс қоғамының ойлайтынындай тағы, дөрекі, жабайы еместігі. Қазақ халқы – бейбітшілікті сүйгіш халықтардың бірі, олай болса, орыс патшалығы бұратана халықтардың жабайылануының қатарына жатқызады. Бұл – теріс пікір. Қазақ қоғамына дұрыс баға беру үшін комитет қазақтың қауымдық қатысына. Олардың орыс үкіметіне тікелей қатысына назар аудартуының қажеттілігі; Комитеттің қолында мұндай дәлелді пікірді тексеретін, анықтайтын тарихи және санақтың деректері де болуы; (оның нысанаға алынбауы). Санақтың дұрыс жүргізілмеуі, шалғайдағы қарапайым халық бұл мәселеден тыс қалуы.

Билердің соты, олардың съездері, – деді халық – бізде атам заманнан бар және де қазір орыс үкіметі ұсынып отырған мировой (бітістіруші) соттың алғы ісін толық қамтуы. Бұл сот-деуі жиналған қазақтар, – біздің халықтық тұрмысымыздың жағдайын қанағаттандырады – деуі, сол себепті билердің сотын ешбір өзгеріссіз қалтыру керектігінің сөз болуы.

Билер сотының өзгеріссіз қалуына кедергі жасаған шек-шекпенділер екендігі. Ежелгі халықтық үлгідей билер сотының алгоритмі, Орта жүздің Қаракесек руының 17 – ғасырдың ақырында Қазбек би, одан кейін Бекболат – Тіленші – Алшынбай. Бұған қарап би атағы мұрагерлік жолмен берілмейтінінің дәлелі – Шорман би (Қаржас руы).

Қорыта келгенде, А. Левшіннің Тәуке ханның «Жеті жарғысында» жоғары баға беріп, оның басыдығын талдап өтеді, бұл блокта Шоқан Уәлихановтың сот реформасын мировой сотпен салыстырып, айырмашылығының құрылымын 6 тармақпен беру және сот ісін жүргізудегі 9 тармағының түзілуі арқылы билер сотының бірте-бірте ұлттық кодын жоғалтуына қатысты зерттеушінің көрегендікпен берген қорыттындысы:

- А. Левшіннің еңбегінде Тәуке ханның Күл төбенің (Сырдария облысының) жеті бимен оның ішінде Төле Әлімбек болғанына тоқталып, заңның афористік мақаммен жазылғанына тоқталады. Бұл орайда, зерттеуші қырғыз халқы бұндай жанрды жақсы көретіні жайлы айтып өтеді; «жеті» санының киелі екендігіне тоқталып, сот ісін жақсы меңгерген, халықының сеніміне ие болып, сый мен құрметке беделімен жеткен билер екеніне А. Левшин айрықша мән берген;

- Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы жайында хат» еңбегінде халықының қамын ойлап төмендегідей тұжырымдар жасайды: «Бұл неғылған

қырғыз – қайсақ әдеті! Әлде қайда қырғыз – қайсақ жасаса кешіруге болар еді» – деген сөздерді өте жиі естіп те, оқып та жүрміз. Намысымызға тиетін осы тәрізді сөздерді естіп те, оқып та жүрміз» - деген ауыздан ауызға тарап, біздің де дәуірге жеткеніне Шоқан Уәлихановтың қатты налыған, оған ащы жауап берген.Халықты «жабайы», «дөрекі», «қырғыз», «қайсақ» деп атаудың» ешбір ғылыми дәйектемесі жоқтығына қарсы пікірді ашық білдіруі;

– Мұның үстіне Шоқан Уәлиханов Бату татарларының ұрпағымыз дей отырып, орыс халқымен тарихи байланысты былай қойғанда, қандас та туыспыз деуі. Шыңғыс ханның Ресейді 300 жыл билеуіне де тұспал жасап отырғанына мән береді. Қарапайым қазақтар жиын болған жерден жайлауы шалғай болғандықтан, тексеріске келеді де, іс аяқталысымен тез кетіп қалуының салдарынан санаққа ілінбей қалуының кездесуіне тоқталады. Сот реформасы халықтың сан ғасырлар бойы іріктеліп, сүзгіден өткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін ескермесе, біріңғай Ресей заңына бағынса, онда қазақ халқына бұл сот реформасының зияны тиетініне тоқталған.

III Модульдің бірінші блогының тақырыбы:

«Хандық дәстүрдегі билердің атқарған рөлі, олардың дау-дамайды шешудегі әділеттілігі, турашылдығы, сөз өнерін орнымен қолдануы»

Төле би және оның заманы жайлы ғалым Ж. Дәдебаевтың зерттеуінде тұған жылы 1663-1756, ата-тегі туралы әдебиеттерде жарияланғанына тоқталып өтеді.Төле бидің әкесі Әлібектің өзі де би болғаны жайлы деректің болуы;

Төле би Ташкентте білім құра отырып, өзі Ташкент маңындағы Сартөбе деген жерде туған. Бидің негізгі тұрағы – Шыршақ өзенінің бойында, Бозсу аралығы. Төле бидің қызына Құлеке батыр үйленіп, одан Тілеуке (Шал) туады. Қазақ-Жоңғар арасындағы ұзақ сонар соғысқа қатысы бар батырлар мен билерге, сұлтандарға тиімді кеңестерін айтып отырған. 1710-1712 жылдары елдің рухы көтеріліп, бірлігі артқан тұс Тәуке ханның жоңғарларға берген тойтарысы. 1714 жылы Тәуке ханның қайтыс болуына байланысты, хан тағына таласқан сұлтандар басшылық жасауға құлықтары соқпай, әрқайсысы өз ұлысына хан болуға талпынады.

Төле би: «Елге бай құт емес, би құт деген даналы сөзі осы кезеңде туған.

Әйгілі Абылайдың Төле бидің қолында бой жасырып, тәрбие алуының мәні осында екендігі; «Алқа көл сұлама», «Қайың сауған» деген атаулар осы жоңғар шапқыншылығы кезінде туғандығы; 1794 жылы Анна Ионовна Төле биге хат жолдауы, онда ұлы жүздің қазақтарын өз қол астына алғаны жайлы жазуы; Төле бидің қазақ халқының әдет заңына енгізген жаңа баптары: «Ұр деп айтқан жазықты емес, ұрған жазықты», мемлекеттік, бүкілхалықтық мүддеге негізделген заңдылықтардың құрылуы; сөз бастаған шешен, ел бастаған көсем екендігін дәлелдеуі; билер соты – асыл мұра, терең тарих.

Сондықтан одан нағыз халықтық демократия, халықтық биліктің айқын белгісі. Билердің ұрыларды қатты жазалайтыны, сот ісін жүргізу өзінің ана тілінде өтілуі, зинақорлықты, бұзақылықты, деспотизм мен шексіз билікке, жөнсіздікке жол берілмеуі. «Қасым ханның қасқа жолы» Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бүгінгі ұрпаққа белгілі болуына қам жасалуы; ең қиын күрделі даулардың өзін екі ауыз сөзбен тапжылтпай, әділ білім айтуы; екі жақты да

түйінді шешіммен тоқтатуы; екі жақтың ісін ақыл таразысына салып талдауы; бұлтартпайтын дәлелді сөзбен дауласушы екі жақты иландырып, айтқандарына көндіруі халықтық әдет-ғұрып құқығы жүйесінде бидің мәнді іс-әрекеті мен мәртебесін анықтайтын қағидалары мен нормаларының болуы; оның халық санасынан берік орын алып, көбінесе оның дәстүрлі менталитетінің мазмұнын құруы, олардың қысқа да нұсқалы фразеологоиядан түзілуі: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Туғанына бұрғаны – биді құдай ұрғаны», «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ».

Сот ісін жүргізуде шыншыл және әділетті болу үшін ереже-мәтелдердің негіз болуы: «Тіл жүйрік емес, шын жүйрік», «Әділсіз болса би оңбас, әйелсіз болса үй оңбас», «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік». «Елге бай құт емес, би құт» және т.б.

Дауды зерделеудегі қарапайымдылық, сот әділдігі мен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың, процеске қатысушылардың іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды ымыраға келтіруге ынталануы. Соттық шешімдердің кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының формасы мен мазмұнын құруы.

Халықтың құқығындағы жауапкершілік пен жаза түрлі аса бай, әрі көп түрлі болуы («ар құны», сүйек құны», «ер құны», «өнер құны» және т.б. 19 ғасыр аяғы мен 18 ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген атақты үш би – Төле, Қазбек, Әйтеке, қазақ халқының құқық жүйесінің негізгі қозғаушы күші, алтын діңгегі – ерекше әлеуметтік категориясы «билер» болған.

Ол – дала төсіндегі әділеттік басты жаршысы, қара қылды қақ жарған төрешісі, үлгілі жол-жоралғы түзе білген заң шығарушысы, өлең сөзді өрнектеген ақыны. Алты ғасыр бойы сақталып келген қазақтың құқықтық жүйесіндегі идеялық-құқықтық ұстанымдарда, дәстүрлі құқықтың, мәдениеттің тірі бейнесін құраған билердің сара жолдарында бірізділіктің сақталуы, қазақтың құқық жүйесінің «дала демократиясына» бағынуы. Жоңғар шапқышылығы кезінде билік құрған – Төле би, Қазбек би, Әйтеке би.

Бұл билердің қазақтың үш жүзінен шыққан үш билер: Төле би Ұлы жүз ішіндегі үйсін ішіндегі дулат. Жасынан Төле би сөзге жүйрек, ойға терең, тоғыз жасынан билік құруы, еліне 15 жасында танымал болуы. Төле би және ақсақалдар сынынан сүрінбей өтуі. Әнет бабаның сынынан өтіп, адал бата алғаны. Әнет бабаға  Төле бидің ұнаған ұстанымы: «Саяқ жүрген таяқ жейді», «Ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да алмайды.

Қазбек би – арғын руынан шыққан жері Қазақстан 17 және 18 ғасырларда халықты ауыр жағдайдан алып шығуға ат салысқан «үш заңгердің» бірі екендігі, Қазбектің Төле биден бата сұрауы, Төле бидің Қазыбекке берген сұрақтары: Шырағым, бір бала әкесінен өтіп туады, бір бала әкесіне жетіп туады, енді бірі кері кетіп туады. Сен соның қайсысың – дегендегі Қазбек бидің жауабы: «Әкеме жете туған баласы болармын» – дегенде Төле бидің бағасы:» Өзім де солай шамалап отыр едім» – деуі.

Алшын Әйтеке бидің беделі Кіші жүз аумағынан асып кеткеніне мән берілуі, Нұрата тауының маңында жерленгені. Өмірін (56 жас) Сырдария мен

Амурдария өзендерінің аралында өткізгені. Ұлықбек медресесін бітірген Әйтеке білікті болып, араб, парсы, түркі тілдерін меңгергені Бес жасынан билер мектебінен өтуі. Әйтеке бидің өмірлік ұстанымы: «Халықтың көз жасын күннің шуағы да кептіре алмайды». Әйтеке Төле бимен, Қазбек бимен бірігіп Тәуке ханға халық басына түскен тауқыметті жеңу үшін сүйеніш, ақылшы рөль атқаруы.

Қорыта келгенде, басты рухани құндылықтар қазақ халқының ежелгі елдігіміздің бастауларында, үлгіні ең әуелі дала өркениетінің баға жетпес рухани құндылығы – билер сотынан, дәстүрінен алуымыздың қажеттілігі.

Бұл ұстанымды ғалымдар, заңгерлер, ұлт зиялылар идеяларының тәуелсіздіктің бастапқы кезеңдерінде нысанаға алынуы, кейінгі жылдары оның көмескілене түсуі.

Сот ісінің халық дәстүрінен алшақ кетуінің басты салдары мемлекеттік билік негіздеріне батылдықпен енгізуге әзірліктің жетімсіздігі.

Міне, сот ісін қазақ халқының өзіне тиісті коды, оның ежелден сараланып іріктелген гауһар дәстүрлерінің бірі билер сотының 4-тік заңдылығына, оның субстанциясына негіздеу екендігі - элективті курстың басымдық мәні.

Үшінші модульдің 2

Тапсырма болашақ заңгерлердің өздігінен іздену үдерісіне ұсыналады:

1 Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретін өркендетуде ойлау өнерін билердің дау-дамай шешуіндегі шеберлікті таксономияға салыңыз, оның бүгінгі өмірге пайдалы екеніне дәлел келтіріңіз.

2 Білім мазмұнын меңгерудегі іс-әрекетіңізге ғылыми негіздеме құрыңыз және бұл мәселені зерттеген зертеушілердің еңбектеріне түйіндеме жасаңыз.

3 «Қажетсіну уәж» ұғымын орыс тілінде қолданылуына тоқталып, оның білім мазмұнын іс-әрекетте қолданылуына дәлел келтіріңіз.

Креативті сұрақтар:

1 Болашақ заңгерлердің сот шешімін әділетті шешуде халықтық дәстүрдің қандай түрлерін қолданады және заманауи сұраныма сәйкес білімденудің технологияларын қалай саралап өз қызметіне қолданады?

2 Білімденудің инновациялық және педагогикалық технологияларының ара жігін ажыратып зерттеген қандай ғалымдарды білесіз, олардың тұжырымдарының ерекшеліктерін ажыратар индикаторларды кімдер зерттеген?

3 Технологиялар мен әдістердің қандай айырмашылықтары бар және олардың қолданымдарын жіктеген ғалымдар кімдер?

4 Бүкіл білімденудің инновациялық технологияларының ішіндегі басымдық мәндегілеріне жататындары қандай, олардың феноменін айқындаған ғалымдар кімдер?

5 Білім мазмұнына қажетсіну уәжінің тигізер ықпалы қандай?

6 Модульге, блокқа жіктеуде қандай қағидалар басшылыққа алынады?

7 Ж. Аймауытовтың психологиялық зерттеу еңбегіндегі «Ой сандығының», «Жұлма жад», «Пәлсапалық жад» ұғымдарының қазіргі заман технологияларына қандай сәйкестілігі бар?

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. - СПБ, 1832. - Ч. 3. - С. 169-170.

2 Шоқан Уәлиханов. Сот реформасы туралы жазба. - Алма –Ата, 1949.

3 Алекторов А.Е. (Киргизская степная газета. 1890 № 2) ( I том, б.31)

4 Зиманов С.З. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы. Қазақтың ата Заңдары. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – Т. 2. – Б. 7-15.

5 Байтұрсынов А. Жаңа низам. - Алматы: Жеті жарғы, 1996. – Б. 64-65.

6 Сәтпаев Қ. Ер Едіге. – М., 1927.

7 Ауезов М. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева // В сб: жизнь и творчество Абая. - Алма-Ата, 1954. - С. 7-8.

8 Жанайдаров О. Степная Конституция хана Тауке // Мир закона. - 2001. - №2-3. - С. 38-39.

9 Законы хана Тауке. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней): в 5 т. – Алма-Ата. – Т. 2.

10 Дәуітов С. Төле би. - Алматы, 1993.

11 Дәдебаев Ж. Төле би // Жас алаш. – 1991, қазан – 18.

12 Нысаналин А. Төле би // Егеменді Қазақстан. – 1991, қараша – 30.

2 Модульдің үш блогын өткізу үдерісінде дәріс – 6 сағат, тәжірибе – 3 сағат, СӨЖ – 24 сағат, СОӨЖ – 2 сағат, бәрі – 35 сағатқа шақталған

Тапсырма болашақ заңгерледің өздігімен іздену үдерісіне ұсыналады:

1 Білім мазмұнын элективті курста қалай құрастырылады, неліктен элективті курс студенттердің таңдауына ұсынылады?

2 Болашақ заңгерлердің сот ісін ұлттық рухани құндылықтар негізінде құруы керек? Жалпы рухани құндылықтың жүзеге асырылуы жайлы қандай құжаттар қосар едіңіз?

3 21 ғасырдағы «кәсіби құзырет» ұғымы монополиямен байланыса ма? Кәсібиліктің жеке меншік құру өнеріне қандай ықпалын ашар едіңіз? Алған білімді табысты болуыңызға жаратудың қандай амал-тәсілдерін қолданар едіңіз?

4 Білім мазмұнына сот ісін жүргізу үдерісіндегі халықтық дәстүрді қалай енгізер едіңіз? Қандай билердің сот ісін жүргізудегі шеберлігін қолданасыз?

Креативті сұрақтар:

1 Неліктен ЮНЕСКО идеологиясында қазіргі білім беру арқылы тәрбиелеу қарастырылды? «Білім тәрбиені тұтас жүйе» ұғымын қай ғалым зерттеді? Бұл тағылымдық талап бүгінгі білім жүйесінде жүзеге асырылып келе ме? Нұсқалы сараптама жасай аласыз ба?

2 Болашақ заңгерлердің өз клиенттерінің басына түсетін қиыншылықтарын шешерлік ғылыми негіздегі көмек бар ма? (Әртүрлі ситуацияларға даяр жауап) Оны шешудегі амал-тәсілдерді қандай тұжырымдардан алар едіңіз?

3 «Сыни тұрғыда қарастыру» рефлексиясын жүргізу тек СОРОС бағдарламасында жүргізіле ме, бұл мәселені қазақ халқының данышпан-философтары зерттемеді ме? Нұсқалы тұрғыда екі модельді жіктеп, мысал келтіре аласыз ба?

4 Болашақ заңгерлердің кәсіби құзыретінің мүмкіндігін арттыруда қандай парадигмалар қолданылады? Оған сот ісін халықтық дәстүр негізінде өткізу үдерісіне қолданылатын парадигма түрлерін келтіріп, мысалымен бекітіңіз.

5 Болашақ заңгерлердің ұсынатын біліктілігін неліктен мәдени-әлеуметтік, экономикалық қажеттілікке сай, жалпы мемлекеттік тараптан шыққан заңдарға негіздейсіз? Оны заңдарға қазақтын билер сотын халықтық дәстүр негізіне қалай бейімдей аласыз?

6 Болашақ заңгерлер жекелеп оқытыла ма, әлде топпен оқытылған тиімді ме?

«Жеке оқыту» деген ұғымды зерттеген қандай ғалымдар бар? Олардың тұжырымдарының қандай құндылықтарын ашар едіңіз?

7 Қажетсіну уәжді жеке адам өз-өзіне жасай ала ма ? Кәсіби құзыретін ұдайы өздігінен арттыруына өз еркін билей ме? Бұндай психологиялық тренингті кімдер өткізеді?

8 Кеңестік дәуірдегі «формальді, материалды білім теориясының өкілдері» - деп неге жіктеген? Бұған қандай парадигмалық уәж айтар едіңіз?

9 Кеңестік дәуірде неліктен «парадигма», «ұлттық код», «рухани жаңғыру», «үштіктен құралатын философиялық дәйектеме», «прагматикалық іскерлік» секілді ұғымдар қолданылмады?

10 Кейбір білім кеңістігінде дәріс оқитын тұлғалар (жағдайыңа қарай өмір сүр) деген тағылымда түсіндіріп жүр, ал сіз Джон Дьюи, У. Килпатрик секілді «прагматизм» ұғымын арнайы зерттеген ғалымдардың тұжырымдарын герменевтикалық әдіспен айқындай аласыз ба?

11 И.Я. Лернер және М.Н. Скаткин өздерінің аталған білім мазмұнының теориясын тәжірибеден өткізгенде оның 4 құралдық бөліктерін сыннан арнайы өткізген. Бұл сынақты неліктен табиғат жайылы білім алудан бастаған?

12 Билер соты мен қазіргі соттың арасындағы айырмашылықтарды қалай анықтайсыз?

13 Неліктен А. Левшин билер сотын әділ сот деп бағалады? Әділдікке құрылған дала сотына қандай баға берді?

14 Әз Тәукенің «Жеті жарғысын» жіктеп, оның мәні қалай анықтадыңыз?

15 Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазба» еңбегіндегі халқы жайлы қандай пікірлер білдірген?

16 17-18 ғасырларды қандай төбе билер халқына қызмет етті және олардың еліне қосқан қандай рухани үлесі бар?

Әдебиеттер тізімі:

1 Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. - СПБ, 1832. - Ч. III. - С. 169-170.

2 Шоқан Уәлиханов. Сот реформасы туралы жазба. – Алма-Ата, 1949.

3 Алекторов А.Е. (Киргизская степная газета. 1890 № 2) ( I том, б.31)

4 Законы хана Тауке. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней): в 5 т. – Алма-Ата. – Т. 2.

5 Афанасьев В.Г. Научное управление обществом. - М.: Политиздат, 1968. - 207 с.

6 Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса (Методические основы). - М.: Просвещение, 1982. - С. 170-184.

7 Поташник М.М. Инновационные школы России. - М.: Новая школа, 1996.

8 Лернер И. Я. Процесс обучения и его закономерности. - М.: Знание, 1980. – 96 с.

9 Скаткин М.Н. Совершенствование процесса обучения. - М., 1984. - С. 37-38.

10 Кларин М.В. Инновационные методы в мировом образовании. РАБО. – М.: Бизнес образование, 1997. - №2 (3). - С. 46-52.

11 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М.: Народное образование, 1998. - С. 114.

12 Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. - М.: Магистр, 1997. - С. 308.

Болашақ заңгерлердің меңгерген білімдерін тестімен тексеру тапсырмасы:

1 тест

Төмендегі мәтіндерден Қазбек бидің тұжырымен табыңыздар:

а) Құлдық ұрсаң дұшпанға, Арылмайтын сорың бар.. Құлдық ұрсаң дұшпанға , Еркек болып туды деп, Төле би жауабы: «Мына сені кім айтар?»

ә) Әділдіктен кетсеңіз, Басқа билер қағынды, Би қағынса көпшілік , Қағады бастан бағыңды (жауабы Тайкелтір бидің әділетсіздік жіберген әкесі Айдоболға айтқаны.

б) – «Ә» - дегені- әділ бол,

– «К» - дегені –күншіл бол,

– «І» - деген – ілтіпатты бол,

– «М» - дегеніменмен болма, мейірман бол.

(Жауабы: Қазбектің Әнет бабаның жұмбағын шешуі).

в) Ақылы елден артылған, Ақылың болса мақтан, ынтымағы жұрттан асқан жақының болса мақтана Сенің жасың кіші ғой, Ағаның алдына шығудан сақтан. (Жауабы Бертіс бидің Қазбекке айтқаны ).

г) Бай болсан халқына пайдан тисін, батыр болып елге пайдан тимесе батыр болып жауға найзаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін. Жауабы: Әйтеке бидің Орманбекке айтқаны.

1 тестіде

Дұрыс жауап- «б»

2 тест

Төмендегі мәтіндерден Жәнібек батырдың тұжырымын табыңыз.

а) Жоқтан бар болсам, құдайдың құдыреті шығар. Айырдан нар болсам, атам үлкен болған шығар (Жауабы: Сырыс Дат);

ә) Мына тұрған біздің үй, Дәулеті жоқ ұйтқысыз. Сексен үйрек қамасаң. Біріп қармақ тұтқысыз. (Жауабы: Байдалы би);

б) Мен жаралы арыстан, Жаулассам жармай кете алман. Кекті болған жауымен, кекілеспей біте алман.

(Жауабы: Жәнібектің Тілекшіге берген жауабы);

в) Тобықтының басы еді Қараменде, Сирек туар дән ондай дара пенде,

Асыл сөзден тең бұған мың тоғанақ, Орта жүздің құты еді қара көнебе,

(Жауабы: Жидебай шешенің айтқаны);

г) Бала жақсы болса, дана бастайды, жаман болса, бықсытып, шаланы қолына ала бастайды.

(Жауабы: Қараменденің өсиет сөзі).

Дұрыс жауап- «б».

3 тест Төмендегі мәтіннен Кеңгірбай бидің тұжырымын табындар.

а) Хан алдына барғанда, хан таппады мініңді, Би алдына келгенде итке берсін күнімді (Жауабы: Досбол би);

ә) Менің атым арын, Тоным тозған шағым ғой, Тапқыр едің Көбейім; Бұлбұл еді көмейің, көріп тұрсын жәйімді,... (Жауабы: Кеңгібай).

б) Жерден ауыр дегеніміз – ақыл білім, Судан терең дегеніміз – оқу ғылым, Оттан ыстық дененіміз – адамның өмірі, Көктен биік дегеніміз – тәкаппардың көңілі. (Жауабы: Бала би қартайғанда айтқаны);

в) Жетесізден би қойсаң, Парадан көзін бір алмас. Жылқы жайлау сұра.

Бетеге шалғын даладан. Кекірелі, жантақ сорадан. (Жауабы: Ақтайлақ);

г) Төменнен келемін жоғары өрмелеп,

Үш жүздің баласында ақты мен деп,

Атан да алдым біреуден, жамбы да алдым, Мына неме кездесті ау көлденеңнен ( Жауабы: Жанақ би).

Дұрыс жауабы: «ә».

Төмендегі мәтіннен Ақтайлақ бидің тұжырымын тесті.

а) Адал болсаң, судай бол, су арамды көтереді.

Мықты болсаң, жердей бол, жер жаһанды көтереді. (Жауабы: Жанқұтты би);

ә) Аллаңа жағам десең, азанда бол;

Ағайынға жағам десең, қазанды бол,

Сөзің халқыңа қуат болсын. (Жауабы: Шабанбай би);

б ) Арзан – өтірік, қымбат – шындық,

Даусыз – кәрілік (Жауабы: Жанқұтты би).

в) Қынсыз пышақ секілді, Қылшылдаған қырық бес.Ақыл тоқтатып, Ми толған, Сені қайттым елу бес. (Жауабы: Айтайлақ);

г) Бақсы екен деп ойлап ек, Болып тартқан, ақын-Жәкем екен ғой, Өлең айтқан (Жауабы: Сарыбай).

Дұрыс жауабы «в».

Төмендегі мәтіннен Жаппас деген қарияның жалғыз баласы ер жеткен шағында қайтыс болады. Жаппас бұл қайғыға қатты күйзелді.

Қайғыдан төсек тартып жатқан Жаппасқа Тоқсан бидің айтқанын табыңыз.

а) Тағдырдың ісіне көнбейтін пасық адам сен емес,

Өткен қайтып келмейді, өшкен қайтып жанбайды (Тоқсан би);

ә) Көп ішінде сөйлеген жас балам,

Даугерің сенің дақ еді. (Байдалы би);

б) Еңбексіз мал табылмас, егінсіз нан алынбас

Алжып жүрген көкбөрі, ақсақ қойдан үміткер.

Сайда саны жоқ мал бола ма? Құмда ізі жоқ аң бола ма? (Байсерке абыз);

в) Арғымыққа міндім деп, артқы топтан адаспа,

Күнінде өзім болдым деп, кең пейілге таласпа. (Асан Қайғы);

г) Кет-бұғадай билерден, Кеңес сұрар күн қайда? (Жауабы: Доспанбет жырау).

Дұрыс жауап- «а».

Тест 4 Мәтіннен Шәлкиіз жыраудың сөзін табыңыз.

а) жоғары қарап оқ атпа, жуық түсер қасыңа...

Жақсының жақсылығы сол болар жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер (Шәлкиіз жырау);

ә) жазықсыз елді еңіретіп, жан тәңірісіп жатырсың;

а) жақсысы кеткен ауылдың, артынан жақсы шықпаса өртеніп кеткен жермен тең. (Ақтамберді жырау);

б) дәл жиырмаға келгенде, ақ сұңқар құстай түледі. (Тәтіқара ақын);

в) алыстағы дұшпаннан, аңдып жүрген дос жаман. (Үмбетай жырау).

Дұрыс жауап- «а».

Әдебиеттер тізімі:

1 Аймауытов Ж. Педагогическое руководство. – Оренбург, 1924.

2 Аймауытов Ж. Методы комплексной системы преподавания. - Кызыл-Орда, 1929.

3 Толеубекова Р.К., Жуматаева Е. Этнопедагогика: учебное пособие. - Павлодар, 2007.

4 Кунанбаев А. Слова назидания. - Алматы, 1993. - 91 с.

5 Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. - Оренбург: Типография И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1879. – Кн. 1. - 100 с.

6 Уалиханов Ш. Собрание сочинений в пяти томах. - Алма-Ата, 1961-1972.

### 3.3 Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастыруды эксперименттік тәжірибеден өткізу

Зерттеу еңбегіміздің «кәсіби уәж», білім мазмұны», «халықтық дәстүрлер» категориялары бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылып, болашақ заңгерлердің біліктілігі, дағды-икемділігі, нәтижеге барар амалдары, іс-әрекет, герменевтикалық пайымы прагматикалық тұрғыда сараланады. Перцептивті оқу біліктері уәждік, мазмұндық, іс-әрекеттік сыңайда тестілеу, анкета сұрақтарына жауап беру, өзіндік жұмыстар арқылы меңгерілетініне тәжірибемен дәлелденді. Аталып отырған уәждік компонент қажетсіну мен оны ішкі интериоризациясымен қанағаттандыру мүмкіндігі, стохастикалық парадигмасы арасындағы қайшылықты анықтау негізінде пайда болатын әрекетке ынталанушылықпен сипатталады.

Мазмұндық компонент педагогикалық-психологиялық құндылықтарды, оның заңдылықтарын білетін, болашақ заңгерлердің пәндік білім, білік, дағдыларды меңгеру дәрежесін,білімдік сапаларының, ішкі интеллектуалды қорларының, қасібилігін қалыптасу деңгейін қамтиды. Келесі, іс-әрекеттік компонентінің негізі оқу барысындағы қиындықтарды жеңуде ерік –жігерін ұшталуы арқылы іс-әрекетті жүзеге асыру болып табылады.

Сол себепті болашақ заңгерлердің даралық іс-әрекетін көрсету, креативтік жұмыс істеу, білім мен біліктігін өмірде, кездесетін қылмыс жасауыдың халықтық дәстүр негізі ретінде білім мазмұнымен шешілетінін білуі, яғни ақпараттық, коммуникативтік және өзін-өзі бағалау біліктерін меңгеруге ықыласының болуын анықтайды (кесте 15).

Кесте 15 – Оқуға перцептивті біліктері мен олардың компоненттері

| Оқу біліктері | Компоненттері | | |
|---|---|---|---|
| | Уәждік | мазмұндық | Іс-әрекеттік |
| Ақпарат тық білік | - ақпараттарды іздеу таңдап алу және таңдай білуді ұдайы қажетсінуі | - оқу материалдарын, бі лім мазмұнынан саралау:<br>- жиналған ақпараттарды тұжырымдау өзінен қорытынды айту | - ішкі интеллектуалды әлеуетін іс-әрекетіне ұтымды қолдану |
| Коммуни кативтік білік | Әлеуметтік ортада оңтайлы қарым-қаты нас құруға ұмтылуы | - топпен жеке жұмыс жүргізу;<br>- ұжымда өзінің ба сымдығын көрсете білуі | - мақсат қою;<br>- жоспарлау;<br>- талдау |
| Креатив тік білік | - болашақ заңгерлер дің мақсаты оқу білік теріне жету жолын анықтауы, нәтижеге оны бағдарлауы | - өзіндік гносеологиялық пайымы және қылмысты қарастыру бары сындағы шешендігін іс-әрекетте көрсетуі | - болашақ заңгерлердің өзіндігінен парасаттауы мен іс-әрекетінің жоғарлау траек ториясының пайымдық тұрғыда көрінуі |
| Өзін-өзі бағалау білігі | - өзіне ғана тән сана-сезімін қалып тастыруға түрткі себеп-салдардың болуы | - парасат-пайым қызме тін (феноменін ашу, тал дау-жинақтау, салысты ру, жалпылау, жалқылау, бақылау, бағалау және т.б.) жүзеге асыру | - өзіндік оқу – когнитивтік іс-әрекетінің үдерісін сауат ты тұрғыда рефлексиялау, жетістігі мен кемшілігін жіктеп, жетістігін алға ілге рілетуі, кемшілігін жою |

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді теориялық тұрғыда зерделеу мен жоғары оқу орындарындағы тәжірибелік жұмыстарымыз оқыту үдерісінде болашақ заңгерлердің өздік жұмыстары арқылы оқу біліктерін қалыптастырудың құрлымдық – мазмаұндық – үдерістік моделін жасауға негіз болды.

Модельді негізе ала отырып, жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің өздігінен орындалған жұмыстары арқылы оқу біліктерін қалыптастырудың төмен, орта жоғары деңгейлерлері анықталды.

Төменгі деңгей: болашақ заңгерлердің оқу материалдарын қайталау барысында оны ажырата, тани білу іскерліктерімен анықталады. Бастапқы кезеңде болашақ заңгерлер қажетті педагогикалық-психологиялық білім көлемімен оны алғашқы қолдану біліктерін меңгереді. Бұл орайда, уәждік компонент психологиялық пәндердегі негізгі білім элементтерін оқып-үйренуді оқуға құштарлықты құраса, мазмұндық компонентте болашақ заңгерлер алған білімдерін іс-әрекетте қосуға дайындық жасады. Іс-әрекеттік компонент болашақ заңгерлер алған білімдерін таныс емес жағдайларда пайдалануымен ұтымды.

Орта деңгей: болашақ заңгерлердің өтілген материалды тиімді пайдалануы мақсатында типтік жағдайларда белгілі алгоритіммен қорыта алады. Осы деңгейдегі болашақ заңгерлердің теориялық біліми оқу материалдарын түсіне білуіне негізделеді, ал қорытындылауға келгенде оқу материалын оқулық бойынша немесе оқытушының нұсқаулығын логикалық пайымдық жүйелеуімен шектеледі. Оқытудың осы деңгейдегі уәждік компоненті болашақ заңгерлердің негізгі педагогикалық-психологиялық білім элементтерін тануымен, меңгеруімен, ал мазмұндық жеке іс-әрекеттік компонентте алған білімдерінің бір-бірімен байланыстылығымен, талықтырылуымен бағаланады.

Жоғары деңгей: болашақ заңгерлердің бұрын меңгерген біліктерін өзіндік ізденулері іс-әрекет арқылы жаңа білім алуға жұмсайды. Бұл деңгей арқылы болашақ заңгерлер өз білімдерін өздері бағалай отырып, оны берік меңгеруге қол жеткізеді. Бұл деңгейдегі мотивтік компонент болашақ заңгерлердің білімдерінің беріктігін көрсетеді, қылмысты дұрыс шешудегі халықтық педагогиканың біліктілігін педагогикалық-психологиялық тұрғыда түсіндіреді салыстырады тағы басқа. Мазмұндық іс-әрекеттік компоненттер алған білімдерін өзін қоршаған ортада ұтымды пайдалану үдерісінде нақты, нұсқалық әркетін көрсетеді. Ол дәрежесінде болашақ заңгерлердің қоғамға жауапкершілікпен қарау, тәртіп бұзбаушылықпен қылмыс жасамаудың құндылық екенін орта түсінуіне қызмет етуіне ынталанады.

Жоғары оқу орындарында болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастыруды білім мазмұнындағы хылықтық дәстүрлердің негізі ретінде қарастырудың тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілді. Эксперименттік жұмыстар С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлкетттік университетінің базасында 2016-2019 жылдары аралығында жүргізілді, экспериментке 240 студент қатысты.

Айқындалу, қалыптастыру, бақылау кезеңдерінен тұратын тәжірибелік эксперимент зерттеу бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Айқындау эксперименттің мақсаты – жоғары оқу орнында болашақ заңгерлердің біліктілігін кәсіби уәжін білім мазмұнындағы хылықтық дәстүрлер негізінде қарастырудың мәселелерін зерттеумен шешу, ал міндетті – осы мәселенің ағымдағы жағдайын анықтау болды, оның ілгерлетудің жолдарын эксперименттік және бақылау топтары арқылы саралау, бағалау, бықылау.

Қалыптастыру экспениментінде жоғары оқу орындарында хылықтық дәстүрлердің білім мазмұнымен ұсынылатын, болашақ заңгерлердің уәжін белсенділікке бағдарлаудың моделі ұсынылған өзіндігінен орындайтын тапсырмалар жүйесі, білімденудің инновациялық технологияларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен амалдары тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілді.

Бақылау экспериментінде алынған сараптамалық мәліметтерін талдау, алынған нәтижені зерттеу болжамымен, мақсатымен, міндетімен, салыстырмалы түрде тексеру, эксперимент нәтижесін өңдеу болашақ заңгерлердің өзара қырым-қатынас ерекшеліктеріне сипаттама беру, олардың өзіндік ізденістері арқылы оқуға ынтасын арттыру деңгейдегі өзгерістерге жүйелі түрде бақылау жасау жүзеге асырылды.

Айқындау экспериментінде сауалнама беру, тестілеу өздік жұмыстар арқылы уәждік, мазмұндық іс-әрекеттік компоненттерге негізделген көрсеткіштердің деңгейі анықталды. Осы кезеңдерде сәйкес жүргізілген эксперименттік жұмыстың нәтижесін үш кестеден көруге болады.

Айқындау экспериментінде кезенді орындалған жұмыстардың көрсеткіштері 20% жоғары білім деңгейін, ал эксперименттік тобы болашақ заңгерлердің 18% құрады. Орташа деңгей бойынша 36 және 37%. Ал төменгі 44 және 45% берді. Аталып отырған көрсеткіштен бақылау және эксперименттік топтың айырмашылығы жоқтың қасы екенін дәлелдеді (кесте 16).

Кесте 16 – Айқындау экспериментінің нәтижесі

| Компон. | Көрсеткіштер | Бақылау тобы | | | | Эксперимент тобы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Уәждік | Болашақ заңгер лердің қызығу шылық қарым-қатынасы оқу біліктілігі | 120 | 25 | 44 | 51 | 120 | 23 | 42 | 55 |
| | | % | 21 | 37 | 42 | % | 19 | 35 | 46 |
| | | 120 | 24 | 40 | 56 | 120 | 24 | 41 | 55 |
| | | % | 20 | 33 | 47 | % | 20 | 34 | 46 |
| Мазмұндық | Танымдық іс-әрекетінің сипа ты болашақ заң герлердің тұл ғалық болмыс тың дамуы | 120 | 25 | 44 | 57 | 120 | 22 | 46 | 52 |
| | | % | 21 | 37 | 42 | % | 18 | 38 | 44 |
| | | 120 | 23 | 43 | 54 | 120 | 18 | 48 | 54 |
| | | % | 19 | 36 | 42 | % | 15 | 40 | 45 |
| | | 120 | 24 | 43 | 53 | 120 | 23 | 46 | 51 |
| Іс-әрекеттік | Өздігінен қоры тынды жасау, өз ісіне сыни пайыммен қарау | 120 | 23 | 46 | 51 | 120 | 21 | 43 | 56 |
| | | % | 19 | 38 | 43 | % | 17 | 36 | 47 |
| | | 120 | 24 | 43 | 53 | 120 | 22 | 44 | 54 |
| | Орта есеппен | % | 20 | 36 | 44 | % | 18 | 37 | 45 |




Сурет 13 – Аныктау экспериментінің нәтижесі диаграммада көрсетілген

Қалыптастыру экспериментіндегі болашақ заңгерлердің оқу біліктіліктерін қылыптастыру мақсатында тапсырмалар халықтық дәстүрлердің модульдерге жіктелген материалдары «Заңгерлердің психологиялық негіздері» тақырыбына

құрылған оқулық ұсынылды. Тапсырмалар арқылы аталған мәселелер сынақтан өткізілді. Мұнымен бірге өзіндік жұмыстар, сурет, мәтін ескерме икемділігі ескерілді (сурет 13).

Тәжірибелік экспериментке дейін соңғы бақылау кезеңінде технологияларды қолдану арқылы болашақ заңгерлердің уәждік компонетімен білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер жәйлі деңгейлері (уәждік, мазмұндық, іс-әрекеттік) анықталды.

Тәжірибелік экспериментке дейін эксперименттік топтардың жоғары білім деңгейін 18 % көтерсе, тәжірибелік эксперимент кейін 28% дейін өсті.

Орташа деңгейдегі болашақ заңгерлер 37%-дан, 49% ға дейін жоғарлады. Төменгі деңгей 45%-дан 23% ға дейін төмендеді. Ал бақылау топтарында айтарлықтай өзгерістер байқалмады (кесте 17).

Кесте 17 – Тәжірибелік эксперименттің нәтижесі

| Деңгейлер | Бақылау топ | | Эксперимент тобы | |
|---|---|---|---|---|
| | экспериментке дейін, % | | эксперименттен кейін, % | |
| Жоғары | 20 | 21 | 18 | 28 |
| Орта | 36 | 37 | 37 | 49 |
| Төмен | 44 | 42 | 45 | 23 |

Герцберг «Қаржылай қызықтыру, уәждемені арттыру» тұжырымында тұлғалық болмыстың өз жұмысының жоғары деңгейде орындалуына қозғаушы күш боларлық тұсын басымдықта алған. Бұл жағдайды автор ресми айлық ақыны көтергеннен кейін, немесе оның ерекше қосқан үлесінің салмағына қарай қызықтыру, марапаттау қажеттігіне айрықша мән берген. «Жетістік», «Мақұлдау мен Мадақтау», «Мансап мәртебесінің өсуі» секілді қызықтыру, уәждеу әрбір нұсқалы табыстылықпен оқшауланатын тұлға ғана ұсынылуы әділетті болмақ.

Жұмыс істеп жүрген заңгерлерден «Қажылай қызықтыру «уәждеме» көрсеткішін аңықтау үшін анкетаның сұрақтарына жауаптың балы 14 суретте ұсынылып отыр




Сурет 14 – «Қаржылай қызықтыру уәждеме» факторының көрсеткіші

Жоғары оқу орнында оқытудың қажетсіну уәжін зерттеу әдістемесін бірқатар әлемге танымал ғалымдар ғылыми еңбектерімен өз үлестерін қосып келеді.

Ұсынылған зерттеулерді саралай келе оның үш түрлі мектепке топтасатынын байқадық Бірінші мектеп – «Білім меңгеру» (Білімге тойымсыздықты оятуы, қызығушылығы үзіліссідікке бағдарлауы); «Кәсіпті игеру» (кәсіби біліктілікті ұдайы үштауға ниеттенуі, кәсіби маңызды сапаларды қалыптастыру); «Диплом алу» (Диплом алуға қатысты пәндердің әдіснамалық негіздерін сұрыптауы емтихан мен зачеттарды рейтінгі жүйесімен меңгеруге өз-өзін мәжбүрлеуі).

